Махаббаттан басталып, парасатқа ұласатын поэзияның қасиетті миссиясы мен жасампаз өрісі Светқали жырларында шырқау биікке құлаш ұрады. «Махаббат», «сүйіспеншілік» ұғымдары енді шектеулі аядан шығып, ұлы арнаға – ел мен жерге, ұлтқа, ана тіліне, ата-баба жолы мен азаматтық парызға деген махаббатқа ұласып, «Адамзаттық бәрі – бауырым» дейтін Абай айтқан деңгейге көтеріледі.

«Лирика әуелгі кезде лираның сүйемелдеуімен айтылатын ән болды. Қазіргі кезде ол – бір адамның ойы мен сезімін білдіретін қысқа өлеңнің түрі. Бұл санаттағы лирикалық поэзияның бәрі бірдей драмалық лирикаға келе бермейді» [3, 48-б.]. Алайда, «лирика осы шақтағы оқиға, айтылу уақытымен үндес келетін монолог болғандықтан ол, әсіресе модернистік поэзияда, лиризмге балама көзқарасты да білдіреді» [4, 12-б.].

Лирикалық өлең, әдетте, ішкі ғаламның эмоциональдық сезімін бейнелеп, сол шақтың күйін шерткенімен, оның тылсым астарында өткен замандарға да, тіпті келер шаққа да тән болатын өмір-тіршіліктің мәселелері жатады. Лириканың астарынан эпос пен драманың да элементтерін кездестіреміз. Поэзияның уақыт пен кеңістіктің ырқына бағынбай, оқырман ой-санасының сан қатпар қалтарыстарына сәуле түсіретін ғажайып қасиеті де осында. Ақынның шалқар көңілі мен жүйрік қиялы адам ойы жете алатын ғарыш-шалғайларды шарлап, ұшқыр ойы мен шебер тілі арқылы жүрек тебіrentетін ғажайып жыр жолдарын дүниеге әкеледі.

Ақынды қалыптастыратын орта туған жер екендігінде ешкімнің күмәні болмаса керек. Шыр етіп дүниеге келгеннен ауасын жұтып, «кіндік кесіп, кір жуған», қаз тұрып, атқа мінген атажұрттың ақын жанына әсер етпеуі мүмкін бе!? Тарихы терең, дәстүрі бай ақындар мен батырлар мекені Маңғыстауда туып-өсіп, ат жалын тартып мінгеннен туған жердің тау-тасын аралай жүріп, аңыз-шежіресі мен өлең-жырына қанығып өскен ақынның бүкіл болмысы осы мекеннің топырағынан жаратылып, бүкіл Қазақ Еліне деген ақжарма көңілі мен арынды поэзиясынан көрінеді.

Ақын «Дала» деген өлеңінде:

Баяғы бір ән, баяны күмән бұл қырлар.  
Бағыштап барын бұлбұлдар, бетін бұрды ұлдар.  
Байқағыш болсаң, баба даланың бойында  
Бітіп болмайтын бір сағыныш пен бір мұң бар.

Бөкен сағымдар боз желкеніндей өлкенің,  
Бұйра толқынды шағылдар – бітпес ертегім.  
...Бұл дала маған ұқсап барады бір түрлі...

Болмаспын, сірә, далама тартсам мен тегін! [1, 11-б.] –

деп сайын сахара, ұлы даланың бойынан байқаған мұңы мен сағынышын толғап, соның астарынан шежіре тартып, сыр іздеп, бара-бара сол даласы мен ақындық болмысының ұқсастығын аңдаған ақын бүкіл шығармашылық ғұмырын соған арнап келеді.

«Төбелер» деген өлеңінде ақын дала төсіндегі төбелерге қарап тұрып, тарихтың тереңіне ой жүгіртеді, халық батырлары Ер Досан мен Құлбарақты, Ақтан ақынды есіне алады. Осы төбелерден солардың бір дерегі шығардай телміре қарайды. Бұл – тарихи оқиғалар мен тұлғаларды ұмытпай жадында сақтап қалатын дала-төбелердің шежірешілдік-жылнамашылдық болмысын еске салып тұр:

...Қарайды тас төбемнен жымыып күн,  
Мен болсам жанарыма мұң ұйыттым:  
Астында не құпия бар екен, – деп,  
Татыққан тарғыл тасты кіл үйіктің?..  
Жатқандай астарында бір үн бұғып,  
Төбелер томсырайған сырын бүгіп.  
Ұқтырмас мәңгі, бәлкім, қояды тек  
Қиялды сан қияға ұрындырып... [1, 8-б.]

Дала – Светқали ақын поэзиясының басты концептуалдық арқауы, айнымас поэтикалық темірқазығы. Шығармаларындағы негізгі сарын ел қамы, жұрт мұңы, ата-баба жолы, тарихи жадыға негізделген елшілдік болса, солардың бәрі осы ұлы далаға деген махаббаттан бастау алып отырады. Мәңгілікпен үнсіз үйлесім тапқан қасиетті атамекеннің әрбір тауы мен тасы, белесі мен беткейі, өзені мен көлі, сол далада қарауытқан сағаналар мен қорғандар, молалар мен қорымдар, балбалдар мен құлпытастар – бәрі-бәрі тылсымына сиқырлы сыр түйіп, ішкі әлемін ашып көретін зерделі ұрпағын күтіп жатқан жұмбақ нысандар. Ақын жаны сол жұмбақты шешуге құштар. Дәйім сол даламен сырласып, қойнауына бүккен тарихи оқиғалардың сілемдерін тауып, сырын білуге талпынады («Қайран Далам, Мендегі ұқшы мұңды, Ұқ сырымды, Жаным бар тіксінулі – Сенен мейір дәметіп келгенімде, Қоя тұрсаң қайтеді сыпсыңды...»); бүгінгі жайына көз тастап, замананың жайына налиды:

...Бабатүкті боз дала, көгесем қыр,  
Можап қапты жел мүжіп көне кеңгір.  
Тапқан шақта бабамыз жаудан жазым, –  
Көзде кеткен ең соңғы елес ең бір.

Кемиек құм шығарса кемсиген үн,  
Замананың болжаймын керсигенін.  
Келген сайын қия алмай жылап кетем,  
Мен де сені бабамнан кем сүймедім... [5, 231-б.]

Ал, «Бабалар қазған үңгірде» өлеңінде ертегілер еліндегідей үңгірді аралап, сол жерден тарихтың бір белгісін табам ба деп аласұрған лирикалық кейіпкердің мазасыз кейпін көреміз:

...Мен қанағат табар едім, батыр бабам ұстаған  
Қылыш емес, табылса егер бір сынығы күректің..  
Бағы Заман – кара үңгірдей құпиясы қатталған. –  
Құпиямен тілдесуге тайсақтайды көп талғам.

Үңгірлерге үңілемін кітапхана – тауға кеп,  
Делқұлылау тарихшыдай архивті ақтарған... [1, 37-б.]

Белгілі неміс философы Ф.Ницше: «Ақынның образдары – ақыннан өзге ешкім де емес, тек бұл оның өлеңінде әртүрлі пішіндегі объективті тұрпаты ғана, сондықтан ол осынау ұлы әлемнің тұтасы ретінде «мен» деп сөйлеуге толық хақысы бар...», – дейді [6, 286-б.]. Жалпы шығармашылығында ақын кең даласын армандай шарлап, алдынан шыққан кез-келген ізден жол таппақ болып, тарихтың сілемдерінен рухани қазына іздеген жокшыдай көрінеді. «Із туралы» деген өлеңінде лирикалық кейіпкер:

...Тығылған шақта ай бұлтқа  
Тура бір жолды іздеп ем.  
Тұрмын сан тарам айрықта,  
Түсейін қайсы ізге мен?  
... Жә, жетер! Тұрмын жүргелі,  
Жырақта әлсіз жануда от.  
Қозғалу керек ілгері,  
Бір ізде тұрып қалу жоқ!.. [1, 23-б.] –

дей келе, өмірде де өзінің өнерпаздық жолын тауып, жырымен халқына қызмет етпек болған арманды ойын жеткізеді:

Салса ізін ертең алтын күн  
Алтын гүл өскен бағыма —  
Жетейін деп ем  
Халқымның  
Жырменен жаны, жадына...  
Емес қой ізге жарлы дүз,  
Жер барда жатар тепкі жеп:  
Бұл ғаламдағы барлық із  
Айналсын жолға деп тілеп!.. [1, 37-б.]

С. Нұржан өлеңдерінде даламен қатар кеңінен қолданылатын сол даланың адал перзенттері, тарихи жадының сақтаушылары мен жеткізушілері, ата-бабадан келе жатқан ұрпақтар сабақтастығының алтын көмбесі – аға ұрпақ өкілдерінің орны үлкен. Осы бір ардақты буынды жырлағанда, ол тарихпен тілдескендей, кешегі күнмен көріскендей керім күй кешіп, парыз, аманат, жауапкершілік тұрғысынан ерекше шабытпен абызша толғайды. Аузы дуалы, көкірегі көмбе, салт-дәстүр мен ән-күйді, жыр-шежірені сақтаушы қасиетті «шалдар» образына ақын әр кез қайта айналып соғып отырады. Мысалы, «Шалдарды сағыну» деген жыр шоғырында туған өлкесі Маңғыстаудың шалдарын сағына еске алады.

Жетелеп жолдың торабы,  
Маңғыстау жаққа барсандар. –  
Құдайдай күтіп алады,  
Ақ шұнақ шалдар, сары шалдар,.. [1, 48-б.] –

деп басталатын бұл жырда ауыл қарттарының жиынтық образы сомдалған. Тұла бойында заманалардың жыры мен сыры хатталған – «тірі хаттарға» поэтикалық мінездеме береді:

...Есіне өткен кезді алса,  
Аруана-қарттар боздайды.  
Жетпеген бізге сөз болса –  
Жеті атасынан қозғайды.  
Желбіреп күміс сақалы  
Сайрайды Абыз Атадай.  
Ширылып шыққан мақалы –  
Алшы боп түскен сақадай.  
Ой салып қапы тұстарға,  
Бағыштар небір ерге өлең.

Жалмауға келген дұшпанға  
Ақырып қылыш сермеген... [1, 49-б.]

«Лирикалық поэзия – барлық кезде ақынның тек өзі мен өзінің сезімдері туралы ғана әңгімесі емес, ол сондай-ақ лирикалық субъектінің заттар мен құбылыстарға деген ашық көзқарасы, берген бағасы. Поэтикалық сөз өзі қамтыған нәрсенің бәрін де үздіксіз бағалап отырады – бұл құндылықтарды бағалаудың сөзі» [7, 8-б.], – деп Л. Гинзбург айтқандай, ақындық пайым – азаматтық поэзияның өзегі.

Айтман ақын қай тақырыпқа қалам сілтесе де, ұлттық рух пен халықтық сана, қазақы салт-дәстүрге табан тірей отырып, азаматтық позициясы тұрғысынан жырлайды. Ақын өзіне ғана тән мінезі мен ой-сезімін лирикалық кейіпкеріне дарытып, сол арқылы ақындық тұлғасы көрінеді. Өмір-тіршіліктің түрлі жағдайларындағы ақын жүректің бұлқынысы мен құлшынысы, қуанышы мен күрсінісі, махаббат пен жабығу, сенім мен сезік, пайым мен парасат секілді әр алуан халдердің бейнеленуінен ақындық ерекшелігі танылады. Ақын нені жырласа да, өлеңінің сиқырлы күші өз иіріміне тартып әкетеді. Оқырманын бейжай қалдырмай, тереңнен толғайтын өзекті ой да, өмір-тіршілік көріністерін қалтқысыз елестетіп, көз алдына келтіретін образды сурет те, құбылыс-қасиеттердің байыбына жетелеп, ұғындыра түсетін философиялық пайым да автордың ақындық даралығын ашып, иіріміне тарта түседі.

«Светқали поэтикасының басты ерекшелігінің бірі – оның шығармашылығындағы философиялық ой мен сырдың қатар жүруі. Ақын өзі көрген, өзі таныған өмір құбылыстарына әрдайым өзінше баға беріп, оның мәні мен мазмұнынан сыр түюге тырысады. Мына өмір бізге не үшін берілді, осынау кеңістіктегі адамның міндеті мен мұраты не деген мәңгілік сауалдарға жауап іздейді. Адамның рухани болмысының терең қатпарларын ашып, оған ғасырлар бойы сақталып келе жатқан қазақы ұғым, ұлттық таным тұрғысынан баға береді», – деп жазады ол туралы Ж. Мәмбетов [8, 160-б.].

Қазақтың салт-санасы мен ұлттық дәстүрі ақынның өлең-жырларының өзегіндегі қайнап жатқан, буырқанған шабыттың қайнар көзі болып келеді. Мысалы, көшпелі елдің тұрмысы мен шаруашылығының тірегі – төрт түлік, әсіресе ер қанаты саналатын жылқы мен маң даланың орны бөлек киелі жануары түйенің образдары айрықша жырланады. «Асау жуасыту», «Қашағандар», «Тұлпар», «Жылқы ауылдағы қысқы түн», «Жылқы ауылда жазғы түн», «Құлын», «Бәйгіде», т.б. өлеңдерінде жылқы малын түрлі аспектіден қарастырып, жан-жақты бейнелейді. Мысалы, «Бәйгіде» өлеңін тұтас оқып көрелік:

Осы екен ғой, дариға-ай, тұлпар деген! –  
Жарысты тек тұлпармен іңкәр-белең.  
Құртар ма екен төзімді бойымдағы,  
Бұрқанды өлең,  
Кеудемді жыртар деп ем!  
Кейде күліп шыққанмен сөйлеп алдан,  
Неге қатал болады кейде жалған? –  
Шаңын жұтып шарасыз тұрып қалдым,  
Сынық қанат қасқалдақ – бейбақ арман.  
Арманымнан алғаным бөлек пе едің? –  
Бөлек демің, ей, тағдыр, – керек дедім.  
Алмауыттың артында шаң қауып Мұң –  
Келіп кетті-ай соңынан дедектегім! ...  
Дүлділдерін бәз дала көксеулі екен,  
Көтеріліп тұрған жоқ өкшем бекер!  
Бұлындаған сағымға мен де ендеше  
Жете жаздап... жете алмай өтсем бе екен?! [1, 22-б.]

Осы шағын өлеңнің бойында бәйгеге қосылған тұлпардың шабысы мен лирикалық кейіпкер көңілінің шарықтауын сабақтастыра толғаған ширыққан динамика бар. Жай ширығу емес, дүниеге өлең әкелеріндегі ақын көңілінің шарықтауы, шабыттың шалқуы! Бұл жерде автор ақындық стихияның бір қырын – шығармашылық үдерістің бастауын, нақты оқиғаға байланысты туындайтын көңіл-күйдің аужайын, өмірдің өнерге айналуындағы қозғаушы күштің динамикасын көрсетіп тұр. Лирикалық кейіпкердің психологиялық күйі арқылы оқырманның да көз алдына жанды сурет елестеп, тек ат шабысын қызықтау ғана емес, оның астарынан өмір – бәйгі, ақын – тұлпар ассоциацияларының мәнін пайымдауға жетелейді. Өлеңдегі «арман», «жалған», «тағдыр», «сағым» сөздерінің бәрі де көркем мәтіннен өз орнын тауып, әлеуметтік-психологиялық мән үстесе, өлеңнің басындағы «дариға-ай» сөзі туындыдағы көтеріңкі ой-сезімнің ауанына, ақындық шабыттың ширығуына нұсқайды. Шығармадағы өзекті ой, тірек сөйлем – «Дүлділдерін бәз дала көксеулі екен» – қозғалыс-жылдамдыққа негізделген тіршілік әрекетіне алып келеді. Мұнда да Дала жинақтаушы мәндегі орталық образ болып тұр.

Ал «Аруаналар» өлеңі:

Аруаналар, боздаған аруаналар! –  
Адамда жоқ қасиет малда болар.  
Маңғыстаудың мәңгілік ардағы олар,  
Адайлардың сиынар әруағы олар...  
Шайнаса да арттағы тайлақты ерген  
Шаңдақ қырдан асырып,  
Жайдақ белден –  
Ерге кие, жерге ие жануар деп,  
Үш қиянға бабамыз айдап келген... [1, 76-б.] –

деп басталып, аруана жарықтықтың қасиетін халық өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен сабақтастыра әдемі бейнелейді. Қанша қиындық пен қысым көрсе де мойымай, «ақ тулы Ардың белгісі», «паң даланың Аруағы» болып келе жатқан Аруананың бейнесінен талай тозақты басынан кешсе де қайыспай келе жатқан халықтың да елесін көргендей боламыз. «Өмірден боздап өтетін» төзімді де жасампаз тіршілік иесінің тағдырын көзге елестететін «дала кемесінің» образы ешкімді бейжай қалдырмайды.

Ақын жырларының мазмұндық-идеялық болмысы мен көркемдік-құрылымдық кестесі жарасым тауып, «тас бұлақтың суындай» келісті қалпымен танылады. Не нәрсені болса да сырттай қызықтамай, тереңнен толғап, астарынан мән іздейтін ақын мазмұн мен форманы орайластыра отырып, өлең өзегінен философиялық түйін шығарады. Ақын философиясы әлеуметтік ойдың катализаторы іспетті. Ол тарих тағылымы, адам жанының жұмбағы, табиғат сырлары, қоғамдық құбылыстар секілді мәңгілік тақырыптардың аясынан көп адам байқай бермейтін жайларды ақынның нәзік жүрегі сезіп, ақыл-ойы пайымдап, үздіксіз ізденістерінің нәтижесінде көзі жеткен тұжырымдарды поэзияның шыншыл да сыршыл өрімімен алдымызға жайып салады, көз алдымызға әкеледі, сөйтіп санамызға сәуле түсіреді. «Терең сай ішінде үркер жұлдыздай шоқталып, қызыл жақұттай жарқыраған бүлдіргендей осы жырларда небір кестелі кескіндер, торқалы теңеулер қылаң беріп отырады. Боз биенің сүтіне, қойдың майына иленген, қыл қосып құйылған, көне қорғанның берік қыш кірпішіндей сәнімен өрілген Светқалидың әр өлеңі оқырман санасында осындай бедер, өрнектерімен мөрленіп қалады», – дейді ақын өлеңдері туралы белгілі ақын Ж. Құлиев [9].

Ақын табиғатты суреттегенде де образды бейнелеуімен табиғат-ананың қайталанбас әсемдігін көз алдымызға әкеледі. Мысалы, жазғы түннің көрінісінен лирикалық кейіпкердің ішкі сезіміндегі өзгерістерді тап басып, табиғат пен адам арасындағы нәзік байланыстарды егіздей суреттегенін көреміз:

...Шашылғандай дастарханға кіл тары –  
Сансыз жұлдыз.

Құсжолы – ұнның ұнтағы.  
Тау-шопан қыз шапақ-қырықтығымен  
Ай мүйізді  
Серке-бұлтты қырқады.  
Құба талмен тілдескенде тұт ымдап,  
Тамырымнан от жүгірді лыпылдап.  
Сезімдерім,  
Жарып қалсам кеудемді,  
Жұлдыздардай тұрған шығар жыпырлап?! [1, 21-б.]

Ал «Күзгі түн көріністерінде» аспан мен жердің көріністерін кейіптеу арқылы ұлттық ұғымға сай теңеу, метафоралармен әр нәрсені, құбылысты өз орнына қойып, келістіре суреттейді:

...Ақтарылған айрандай  
Бұлтты арай шарпыды.  
Алтынменен шайғандай  
Айдың да оңған жалтылы.  
Тулақ-жерді қақты кім,  
Селдір тұман шаңытқан.  
...Жұлдыздар да тап бүгін  
Көз қысудан жалыққан.  
Қойшы-жел жүр бұлтты айдап,  
Теңізден бұлт су ішіп...  
Шөп басында шық қайнап,  
Жатыр көкке буы ұшып... [1, 31-б.]

Табиғат құбылыстарын айшықты образдарға орап, әрқайсысының ерекшеліктерін, қимыл-қозғалысы мен көрініс-құбылысын жандандыра бейнелей келе, төбеде қалықтаған қайтқан құстарды ақын көңілінен шыққан лебізді жырды жазға айтып баруға асыққан сәлемшіге теңейді.

Өлең жазудың қыр-сырын терең меңгерген ақын оңтайлы формаға құрылған шымыр ұйқас, көркем образ, көрнекті айшықтаулар мен құбылтулар арқылы өлеңнің нәшін келтіріп, өз мәнеріне тән бірегей көркем әлемді көз алдымызға әкеледі. Оның поэзиясында туған халқының дүниетанымы, этнографиясы, салт-санасы, ұлттық ерекшеліктері, арғы-бергі тарихы мен тағдырының терең іздері жатыр. Кеңестік билік кезінде ана тілінен айырылып, ашаршылық пен репрессия секілді небір зұлматтарды басынан кешіріп, ұлт ретінде жойылып кете жаздаған қазақ халқының тағдырын шеберлікпен жырлайды.

Светқали шығармашылығының бір рухани арқауы – діни сенім, қасиетті исламның адамгершілік ұстындары. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап ұлттық поэзиямызда діни-ағартушылық поэзияның жандана түскені белгілі. Классикалық негізі орта ғасырлардағы ислам дінінің философиялық-дидактикалық поэзиясында қалыптасып, содан бері желісі үзілмесе де, кеңестік идеологияның әсерінен теперіш көріп бәсеңсіп қалған діни-исламдық көзқарасты жырлаудың өрістей дамып, жаңа белеске көтерілуі заңды құбылыс.

Кеңестік тоталитарлық жүйенің қылышынан қан тамып, атеистік саясат қаһарына мініп тұрған сонау 1980-жылдары жазылған «Құдай туралы жырында»:

Құдай, сені жоқ деп жүр ғой адамдар,  
Құдай, сені жоқ деп жүр ғой надандар  
Жұдырықтай жердің тұрғындарына  
Барлығыңды дәлелдеуге шамаң бар.  
... Күлші, Құдай! Соған Күн мен Ай құштар,  
Ай, Күнге де тор-тұзағын жайды іштар.

«Бір-бір құдай санап жүрген өздерін»

«А, Құдайлап» өліп кетсін байғұстар.., [1, 40-б.] –

деп имандылық туын көтеріп, халықтың ғасырлардан келе жатқан діни сенімін қорғап өлең жазған ақын осы қарқынынан бір сәт те босаңсыған емес. Өлеңнің финалында жер бетін дінсіз-құдайсыз, иманнан алыстаған пенделерден тазартып, адамзатты тәубеге шақыру тілегі бар.

Қазақ мәдениетінің барлық тамырына нәр дарытқан исламдық ұстын ақын-жыраулар поэзиясында берік орын алса, бүгін де жарасымды жалғастығын тауып отыр. Қазіргі поэзиямыздағы діни-исламдық дүниетанымның жырлануынан классикалық жанрлар үлгілерінің жаңғыруын көреміз. Жаратушы Алланың дара құдіреті, фәни мен бақиға жалғасқан мәңгілік өмір қозғалысының имани шарттары туралы діни-пәлсапалық сарындар мінәжаттық арнау, дұға-тілек, насихат өлеңдер түрінде көптеген ақындар поэзиясында орын алуда. Алланың құдіретін, Құранның шындығын, Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хақтығын ұлықтайтын өлеңдер Светқалидың шығармашылығында да молынан ұшырасады. Қожа Ахмет Яссауи ілімімен сусындаған сопылық поэзияның бүгінгі таңдағы жаңғыруына елеулі үлес қосып келе жатқан Светқали шайырдың қолтаңбасын айқын танимыз. «Жетім қозы жырында»:

...Мен де өкілі ем таянышы аз халықтың,  
Жүрегіме нұры жұққан Жарықтың.  
Жады жидіп, мыйы айналып, ес қаңсып,  
Жетім қозым сүзгісі бар қошқарсып,  
Сол Жарықты келсе өзіне танытқым.

Бер жағы – аран. Ар жағы – көр. Бағыт – түн.  
Босатпайды еш көген-қайғы, қамыт-мұң.  
Сан талатқан тақпай итке жабадан,  
Шыққысы жоқ қанды қасапханадан –  
Тақтайына жабысып ап табыттың.

...Табам ақыр дерттің емін – айласын,  
Құл Қожа Ахмет, бабам Бекет, қайдасың?  
Нұр тамызам – түріп тастай түнегін,  
Кірді ағызам – тіліп тастай жүрегін:  
«Алла – һай-лап!» –

Ұрып Хақтың қайласын!., [10, 48-б.] –

деп Аллаға мінәжат етіп, ата-бабалар рухынан медет тілейді. Ақын қолтаңбасындағы тілдің құбылған бейнелілігі мен сөз саптау тәсілдерінің мәнері діни-сопылық дүниетаныммен керім үйлесім тауып отырады. Дұға, мінәжат, уағыз немесе тәмсіл тәрізді өзіне ғана тән көркемдік тәсілдерге жүгінетін діни дискурстағы белгілі бір ұғымдар шоғырын пайдаланып, түр мен мазмұнды шебер қабыстырады. Сопы баба хикметтерінің мәнерімен:

...Құл Айт-Ман, қаңғыма енді Сүлдеге еріп,  
Өтерміз бұл қапастан бірдеңе ғып;  
Мүрдемді жуар ма Нұр Түрмеме еніп? –  
Қапынды аш, дүниежарық, келіп қалдым!., –

деп те толғайды.

«Шын шайырда ру жоқ – ұлт болады», «Хас ақында жүз емес – ел болады» деп жырлаған ақын үшін ең маңыздысы – ел бірлігі, ұлттың ұйысуы, күллі түркінің ынтымағы. Ол елдің жікке бөлінуі мен халықтар арасындағы алауыздық пен ауажайылушылыққа жанымен қас. Қазіргі заманның қас-қабағын аңдап, жоғалтқанымыздың орнын толтыруды ойлап, даму беталысын бағамдағанда ақын көңіл көншітпейтін қулық-сұмдықтар мен елді тоқырауға ұшырататын азып-тозу белгілеріне майдан ашып, ата-баба аманаты мен арман-



мұратын алға апаратын жол іздейді. «Алтай бүрлері» жыр шоғырындағы Күлтегін қағанның басында ұлы баба рухына мұң шағып тұрған Насыр кейіпкер болып күңіренеді:

...Қашан, Бабам, оянасың күркіреп? –  
Көзбен көріп тоз-тоз болған ұлтыңды,  
Өлі ұйқыдан жұлып алып сілкілеп,  
Берші, Баба, Құлпыңды ашар кілтіңді!

Жер бетінде қалмай мысқал адал зат,  
Өтіп болдық доңыз жүрген беткейге.  
Көк ТӨРІКТЕР оянбаса, Адамзат  
Құртқа айналып, азып-тозып кетпей ме?..

Қаласың ба бір тіл қатпай сен маған,  
Неғып тұрмын қара түнде қасыңда?!  
Тілегімді берші маған,  
Ер Қаған,

Бір көрінші мынау азғын ғасырға!.. [11, 119-б.]

Халықтың басынан өткен небір қиын-қыстау кезеңдердің ешқайсысы ақын назарынан тыс қалмайды. Ел тарихының көркем жылнамашысы секілді ақын жырлары ХХ ғасырда өткен тарихи оқиғалардың да суретін көз алдымызға әкеліп, кейіпкерлерімен сырласа отырып, ондай зауалдардың қайталанбауын тілейді. «Майдангерлермен кездесу сәтінен» атты соғыс ардагерлеріне арнау өлеңінде:

Көрмесек те төгілген солдат қанын,  
Шер – шежіре бетінде қалды аттарың.  
Жау жұлының әлі де мұздатардай  
Солқылдатқан көшені балдақтарың.  
Бұрын ойлап ошақтан Отан қамын,  
Қан кешуден басталған сапарларың.  
«Сап түзіндер!» деп бізге ескертердей,  
Селдіреген сендердің қатарларың [1, 123-б.], –

деп қан майданнан аман оралған майдангерлердің ұрпаққа үлгі боларлық ерліктерін паш ете жырлайды.

«Алматы – 86» өлеңінде ақынның өзі де араласып, көзімен куә болған 1986 жылы Алматыда өткен желтоқсан оқиғасының картинасын жасап, қанды оқиғаның жанға салған жазылмас жарасы мен оған қатысушы жастардың ерлігін жырға қосқан:

...Желтоқсанның желі еді, ызғары еді,  
Қабағында қарт таудың сыз бар еді,  
Қабығында ақ талдың мұз бар еді,  
Желтоқсанның желі еді, ызғары еді!  
... Жылдарымды қанаты шымнан қара,  
Қайда жұтып жіберді зындан – қала?  
Түседі еске – еске алсам құрбанды ана,  
«Туған Ел!» – деп жүрегі тұнған жара.  
Туған елдің алдында – Тыр жалаңаш,  
Жұлым-жұлым жыры бар, мүлде қораш,  
Мұз үстінде шырқырап тұрған бала,  
Желтоқсанның желі еді, ызғары еді! [12, 234-б.]

Светқали шығармашылығы – ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар поэзиясына табан тіреп, Абай бастаған әдеби мектептен мол сусындаған, Мағжан мен Илияс, Қасым мен Төлеген, Жүмекен мен Мұқағали секілді ақиық ақындар поэзиясынан үйрене жүріп, өзіндік

мәнерімен ілгерілеген поэзия. Онда жыраулардай ғибратқа толы төкпелік те, Махамбеттің өршілдігі де, Абайдың парасаттылығы да, Шәкәрімнің имандылық-дүниетанымы да, Төлеген мен Мұқағалидың сыршылдығы да, Жүмекен мен Қадырдың ойшылдығы да тоғысып жатады. Солардың қасиеттерін талғаммен бойға жұқтырса да қайталамайтын, ешкімге ұқсамайтын өзіндік бірегей мәнер-машығын тапқан ақын.

Өткен ғасырдың 80–90-жылдарында қазақ әдебиеті алдыңғы буын «алпысыншы жылдықтардың» дәстүрін жалғастырып, өзіндік болмысымен жарқырай көрінді. Әсіресе қазақ поэзиясы мазмұн-мәнерімен, көркемдік келісімімен жаңа биікке көтерілді. Осы кезеңде әдебиетке қосылып, өзіндік үнімен оқырманын баураған Светқалидың қатарластары да ұлттық поэзиямыздың көш басында өз орнын белгілеп үлгерді. Ғ. Жайлыбай, Б. Жақыпов, Т. Көпбаев, Ә. Қайранов, Г. Салықбаева, Ж. Әскербекқызы, С. Адай сияқты көптеген ақындардың қай-қайсысы да қазір ұлттық поэзиямыздың бір-бір биігіне айналды. Бұл буынның поэзиясында тақырып ауқымы, идеялық тереңдік пен көркемдік өрнек жаңа арнаға шықты. Әсіресе, ұлттық мәселелер кеңінен қозғалып, елдің тарихи мен салт-дәстүрі ғаламдық адамгершілік проблемалармен сабақтастырыла, жалпыадамзаттық контексте жырланып келеді. Алайда, «Ақындар бірі-біріне ұқсастығымен емес, бірі-бірінен ерекшелігімен қызықты» [13, 108-б.], – деп А. Блок жазғандай, әр қаламгердің өзіндік қолтаңба-мәнері болады десек, бұл ақындар шоғырының ішінде Светқалидың да өз жолы, өзіндік болмысы менмұндалап тұрады.

«Ақынның қаруы – тіл. Күллі құбылыстар құпиясы мен олардың сабақтастығын айтып бере алатын күш – поэзия десек, ал поэзия тілі – образды қуат пен бейнелі суреттің, сұлу ырғақ пен төгілмелі ұйқастың негізі» [14, 164-б.]. Светқалидың поэтикалық лексиконы өте бай. Бұған автордың сөздік қорының молдығы, арғы-бергі тарих-шежіреден мол хабардарлығы, жан-жақты білімдарлығы мен сұңғыла суреткерлігі көмекке келері сөзсіз. Автор шығармашылығынан орайына қарай қазақ тілінің орасан байлығын мейлінше ұтымды пайдаланатынын, қазір қолданыстан шығып қалған байырғы сөздерді белсенділікпен қолданатынын, көне түркілік және діни лексиканы да жатсынбай, кейде ұлттық ұғымға сай келетін өзіндік қолданыстарды да шығармашылықпен қиыстырып жіберетін шеберлігін көреміз. Бұл ақынның ұлттық поэтикадағы жаңашылдығының бір қырын танытса керек.

«Кез келген халықтың ұлттық поэзиясының қалыптасу, даму кезеңіне ой салғанда басы ашық бір мәселе бар. Ол – поэзиядағы ұлттық таным. Поэзиядағы ұлттық ерекшелік ақынның ұлттық мінез, ұлттық болмыс танытуынан көріне келіп, жеке-дара ұлттық тұлға образын туғызады», – дейді ғалым М. Оразбек [15, 58-б.]. Ақын шығармашылығында арнау өлеңдер мол орын алады. Елеулі еңбегімен, ерлік-болмысымен дараланып, ел тарихында өлмес із қалдырған көптеген тұлғаларға арналған жырларында олардың ұлт тарихындағы орнына баға беріп, ұмытылмас есімдерін ұлықтап, өлең сөзбен ешқашан ескірмейтін ескерткіш соғады. Мысалы, «Ер Доспамбет ағаға» толғауында:

...Айнала – қырат, төсі – кен,  
Маңғыстаудың Ыстамболдан несі кем? –  
Несі кемдігінің Себебі:  
Ер Доспамбет ағаның  
Артында қалған баланың  
Шықпайтын болсын Есінен!..

Жұпар қырға төккен бок  
Қисық Тақа басады ғой өктемдеп,  
Сол тақаны сүрінтер  
Түбір болсам өкпем жоқ! –  
Ер Доспамбет ағаның  
Жүрегінен кеткен Кек –  
«Сіздің естен кеткенмен,

Біздің ЕСТЕН кеткен жоқ»! [8, 9-б.] –

деп ұлы жырау атасының рухымен сырласа отырып, әлі күнге дейін тарихтың ауыр сабақтары ескерілмей келе жатқанын, жалған ұран, жат таныммен сананы улап, елдің есесін жіберіп отырған отаршылдық зардаптарының жойыла қоймағанын, заманының қиын рухани ахуалын қынжыла айтып мұң шағады. «Заманның көшінен көз жазып қалмай», өркениеттің дамуына ілесу үшін шын тәуелсіздіктің, рухани еркіндіктің қажеттілігін меңзейді.

Ал «Абай ескерткіші» арнауында:

...Абай ата!  
Құлағың салмасаң да,  
Күнде-күнде мазанды алмасам да,  
Зарымды естір құдай жоқ.  
Саған келіп  
Арыз айтып сергимін анда-санда.  
Айғыздаса аяусыз көгімді ай, күн,  
Өзегімде өксиді Елім жайлы үн...  
Тас тұрпатың тұнжырап тіл қатпайды,  
Ауыр білем бізден де Сенің Қайғың.., [1, 186–187-бб.] –

деп ұлы ақын өмір сүрген кезеңнің Абай жанына түсірген ауыр салмағын өз қайғысымен сабақтастыра толғайды.

«Поэзия – адам жүрегінің сәулесі ғана емес, имандылық пен ізгіліктің, азаматтық пен адамгершіліктің күретамыры, ұлттық болмыс-бітімнің айнадан көрінген дидары» [16, 121-б.]. Ақын дүниені тану мен адамның рухани әлеміне үңілу мәселесіне ерекше назар аударып, оның түрлі заңдылықтарын поэтикалық тұрғыда бейнелеуге ұмтылады. Фәни мен бақи, тарих пен қазіргі заман, рух пен нәпсі, махаббат пен ғадауат секілді толып жатқан ұғымдардың арасындағы өзара байланыстар мен қайшылықтарды ақынның айшықты майда тілімен әсерлі бейнелеп, философиялық байлам, психологиялық мән, көркемдік мәнер-мақам ұсынады.

Халықтың ұлылығы мен даналығы тілінде жататын болса, қазақтың қазіргі бір уайымы да осы тілінің жағдайына байланысты. Патшалық отаршылдық пен кешегі кеңестік тоталитарлық жүйенің қысымымен әбден тұралап, жойылуға шақ қалған қазақ тілі сөз жүзінде (заңдық тұрғыдан) мемлекеттік мәртебеге ие болса да, іс жүзінде тәуелсіздіктің отыз жылында өзінің мәртебелі тұғырына қона алмай отырғаны – соның айғағы. Ол туралы жазбаған ақын кемде-кем. Светқали ақын да «Менің тілім» өлеңінде осы бір өзекті мәселеге қынжыла отырып, арғы тарихтан тамыр тартып келе жатқан ұлы тілдің тағдырына алаңдайды. Алайда сарыуайымға салынбай, ана тілін менсінбейтін безбүйректерге оптимистік өршіл рухпен ескерте тіл қатады:

...Дертім қалың,  
қашаннан Сертім мәлім,  
Өзекте өшпес білесің өртім барын.  
Тұран-ғалам патшасы – ұран-далам,  
Мен тілінде сөйлеймін Ер Тұңғаның!  
  
Шырақ керек көкірек мешітінде,  
Құлақ керек бұл үнді есітуге.  
Осы тілде гөйлеген Мәді-шәнүй,  
Еділ патша сөйлеген осы тілде!  
  
... Іріңге еріп барасың, Білімге ермей,  
Жаратқанның хақ жарық нұрын көрмей!

Сорлап қалма – АҚИҚАТ ТАҢЫ АТҚАНДА,  
МЕНІҢ ҰЛЫ ТІЛІМЕ ТІЛІҢ КЕЛМЕЙ!!! [8, 272-б.]

### Қорытынды

«Поэзияның тарихы – лирикадан бастау алып, эпоспен аяқтайтын тарих. Тіпті модернистік, постмодернистік сана басымдық алған кезеңде де үлкен ақындардың санасынан бұл түсінік бір сәт те өшкін тартқан емес. Өнер туындысы – ақын мен тілдің көрісу мен келісуден туған тайталасындағы кездейсоқтықтың туындысы», – дейді А. Нұрғазы [17, 8-б.].

С. Нұржан – көптеген дастандар мен аңыз-хикаялар жазған ақын. Оның эпикалық кең тынысты шығармаларында тарихи оқиғаларды шымыр сюжетпен идеялық бағдарына орай ширықтыра суреттейді. Өз кезеңінің шындығы тұрғысынан ел мен жер тағдыры, азаттық үшін күрес пен адамгершілік-имандылық проблемасы нанымды көркемдік шешімін тауып отырады. Мысалы, «Еңсегей бойлы Ер Есім» дастанында XVII ғасырдағы атақты қазақ ханы Есімнің жорықтары мен жеңістерін баяндайды. «Тарғыл тағы» дастанында 1870 жылы орыс отаршылдығына қарсы шыққан Адай көтерілісі суреттеледі. «Қараған босаға қырғыны» дастаны Балуанияз бен Тұрманбет секілді адай батырларының түркпен қолымен соғыстағы жеңісіне арналса, «Хан кегі» дастаны XVIII ғасырдағы Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың өлімі үшін Шотан бастаған адай батырларының Барақ сұлтаннан кек алуын баяндайды. Ақынның көптеген аңыз-хикаяттары («Қыз Қаламқас қазасы», «Би Мәтжанның Ешмағамбет «шайырды» қалай жазалағаны жайлы хикая», «Міскін Жүніс пен молда Қасым жайлы хикая», «Тәбриздік Шәмістің Мәуләна Румиге жыр жаздырғаны жайлы хикая», т.б.) – аңыздар мен ел аузындағы деректі әңгімелер негізінде жазылған өткен күннің сырын шертетін қызықты хикаялар.

«Көкірегім – көне кітап» деген өлеңінде:

Көкірегім – көне кітап.  
Сұр тысты.  
Қырық қазына, мың мағына – қыртысты.  
Қиялым бар жетпіс түрге құбылған –  
Көздеріңмен қарамашы бір түсті.  
  
Оқымай-ақ отқа салма мені сен,  
Керегіңе жарата алсаң – келісем.  
Залым сұмнан сағың сынған налаң мен  
Ауырсынған жараң болса – бөлісем., [9, 3-б.]–

деп халқының мұңы мен сырын, қуанышы мен мұратын көркем сөзбен кестелеп, ұлттық поэзиямызға толағай олжа салып келе жатқан Айтман ақын қазір ақындық дер шағында. Түріктік төркінге, қазақы болмысқа адалдық танытып, сөзді кие тұтқан, өлең-жыры мен тарих-шежіресін ұлықтайтын оқырманы оның дегдар ойлы поэзиясына ынтық. Бүкіл саналы ғұмырын ұлтының руханиятына қызмет етуге арнап келе жатқан, жауһар жырдан түйін түйіп, «қазағының қазынасын, Маңғыстауының мағынасын» түгендеп жүрген Светқали шайырдың ойлы сөз, парасатты пайымдарымен рухтанған жырларынан сусындаған оқырмандары интеллектуалды поэзияның құдіретін сезіне түседі.

...Бұл кітапқа кір жұқтырман – көрге енсем!  
Түсін бұзбас жапқан шапан, берген шен.  
Мұны өйткені,  
Ел оқиды – әуелі,  
Елден алып Жел оқиды – өлген соң., [9, 4-б.] –

деп о бастан ақындық кредосын, ғұмырлық бағдарламасын нақ айқындап алған С. Нұржан поэзиясы – ел-жұртына деген шексіз сүйіспеншіліктің поэзиясы, тарих тағылымы мен ата-баба жолын дәріптей отырып, заманының күйін толғаған ақынның азаматтық үні.

«Лирика – адамның көрінбей тұрған сұхбаттасына бағыттай, жарқын жүзбен тікелей айтылған ең жанды сөзі... лирикалық поэзиядағы мәңгілікке созылар осы шақтың лепесі деуге болады. Ол кез келген сәтті тоқтатып қоя алады. Сол сәт өткен шаққа ауыспай-ақ ғасырларға ұласады... Лирикалық поэзия мәңгілікке созылатын осы күнмен өмір сүреді» [18, 209-б.], – дегендей, Светқали поэзиясындағы лирикалық кейіпкердің толғаныстары арқылы көрінетін өршіл ұлттық рух пен азаматтық-отаншылдық сарын бүкіл шығармашылығының өзегін құрайды. Шығармаларындағы ақындық эмоция қуатты поэтикамен жасанған өзіндік көркем әлеміне алып келеді. Ақын рухани дамудың сан-салалы мәселелерін көркемдік оймен алға тарта отырып, оқырманымен сырласады, сұхбаттасады. Ақын поэзиясының көркемдігі, сыршылдығы мен ойлылығы оқырманның санасын оятып, жігерін жанитын эстетикалық қуатымен ерекшеленеді. Ұлтының терең тамырлы тарихы мен салт-дәстүріне табан тірегендіктен, ол бір сәтке де тарихи арнадан көз жазбайды. Ақынның поэтикалық пайымдаулары тарихи деректілікпен, шығармашылық интуициямен, қаламгерлік фантазиямен ұштасып, тілдік, эмоциялық тәсілдер арқылы шебер бейнеленеді. Ақын поэзиясының тартымдылығы мен танымалдығының, өміршеңдігінің сыры осында.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. I том. – Алматы: Үш қиян, 2002. – 352 б.
2. Ергөбек Қ. Өлеңсөз. Қазақ өлеңі хақында. – Алматы: Ел-шежіре, 2012. – 576 б.
3. Abcarian R., Klotz M. Literature. The Human Experience Reading and Writing. Northridge, Emeriti Bedford / St. Martin's Boston New York: California State University, 2004. – 1217 p.
4. Charles Altieri. The Lyrical Impulse // Journal of literary theory. – 2017. – №11/1. – P. 12–21.
5. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. II том. – Алматы: Үш қиян, 2002. – 344 б.
6. Ницше Ф. Сочинение в двух томах. Том I. – М.: Мысль, 1990. – 830 с.
7. Гинзбург Л. О лирике. Второе издание. – Ленинград: Советский писатель, 1974. – 409 с.
8. Мәмбетов Ж. Светқали жырларының сәулесі // Жұлдыз. Тамыз, 2016.
9. Құлиев Ж. Құбыладан соққан қызыл жел // Қазақ үні. 3 қазан, 2022.
10. Нұржан С. Көкірегім – көне кітап. – Нұр-Сұлтан: Өрнек, 2002. – 390 б.
11. Нұржан С. Ай таранған түн. – Алматы: Жазушы, 2008. – 384 б.
12. Нұржан С. Таң қауызын жарғанда. III том. – Алматы: Үш қиян, 2002.
13. Блок А. О лирике // Блок А. О литературе. – М.: Художественная литература, 1989. – 479 с.
14. Негимов С. Шығармалары. I том. Зерттеулер. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.
15. Оразбек М. Ақындық тұлға табиғаты. Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2002. – 152 б.
16. Кеңшілікұлы А. Тұрақсыз әлемнің суреткері. Әдеби сын, эсселер. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
17. Нұрғазы А. Таным мен талғам. Сын кітабы. – Астана: Фолиант, 2018. – 240 б.
18. Кушнер А. Аполлон в снегу. Заметки на полях. – Л.: Советский писатель, 1991. – 512 с.

### REFERENCES

1. Nurjan S. Tan qauyzyn jarganda. [At the down]. I tom. – Almaty: Ush qian, 2002. – 352 b. [in Kazakh]
2. Ergobek Q. Olensoz. Qazaq oleni haqynda [The poem. About Kazakh poetry]. – Almaty: El-shejire, 2012. – 576 b. [in Kazakh]
3. Abcarian R., Klotz M. Literature. The Human Experience Reading and Writing. Northridge, Emeriti Bedford / St. Martin's Boston New York: California State University, 2004. – 1217 p.
4. Charles Altieri. The Lyrical Impulse // Journal of literary theory. – 2017. – №11/1. – P. 12–21.
5. Nurjan S. Tan qauyzyn jarganda. II tom [At the down. Volume II]. – Almaty: Ush qian, 2002. – 344 b. [in Kazakh]
6. Nicshe F. Sochinenie v dvuh tomah. Tom I [The essay is in two volumes. Volume I]. – M.: Mysl, 1990. – 830 s. [in Russian]

7. Ginzburg L. O lirike [About the lyrics]. Vtoroe izdanie. – Leningrad: Sovetskiy pisatel, 1974. – 409 s. [in Russian]
8. Mambetov J. Svetqali jyrlarynyn saulesi [Ray of Svetkali poetry] // Juldyz. Tamyz, 2016. [in Kazakh]
9. Quliev J. Qubyladan soqqan qyzyl jel [Hot wind from Qibla] // Qazaq uni. 3 qazan, 2022. [in Kazakh]
10. Nurjan S. Kokiregim – kone kitap. [An old book in my soul] – Nur-Sultan: Ornek, 2002. – 390 b. [in Kazakh]
11. Nurjan S. Ai tarangan tun [Moonlit night]. – Almaty: Jazushy, 2008. – 384 b. [in Kazakh]
12. Nurjan S. Tan qauyzyn jarganda. III tom [At the dawn. Volume III]. – Almaty: Ush qian, 2002. [in Kazakh]
13. Blok A. O lirike [About the lyrics] // Blok A. O literature [About literature]. – M.: Hudojestvennaia literatura, 1989. – 479 s. [in Russian]
14. Negimov S. Shygarmalary. I tom. Zertteuler [Works. Volume I. Research]. – Astana: Foliant, 2015. – 424 b. [in Kazakh]
15. Orazbek M. Aqyndyq tulga tabigaty. Zertteu [Poetic personality nature. Research]. – Astana: Foliant, 2002. – 152 b. [in Kazakh]
16. Kenshulikuly A. Turaqsyz alemnin suretkeri. Adebı syn, esseler [Painter of the unstable world. Literary criticism, essays]. – Astana: Foliant, 2018. – 240 b. [in Kazakh]
17. Nurgazy A. Tanym men talgam. Syn kitaby [Knowledge and taste. Book of criticism]. – Astana: Foliant, 2018. – 240 b. [in Kazakh]
18. Kushner A. Apollon v snegu. Zаметki na poliah [Apollo in the snow. Notes in the margins]. – L.: Sovetskiy pisatel, 1991. [in Russian]

**Ж.И. ИСАЕВА<sup>1</sup>, Б.Т. ТАСПОЛАТОВ<sup>2</sup>, Ю.А. НИШАНБАЕВА<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: taspolatov73@mail.ru

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: nishanbaevva@mail.ru

### **М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада ғұлама ақын атанған Мәшһүр Жүсіптің қайталанбас шығармашылығынан лингвомәдени бірліктердің тіл-танымдық өрісіндегі мән мен мазмұнның ұлттық сипаты қарастырылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туындыларынан қазақ халқының табиғи болмыс-бітіміне, ұлттық ойлау қалыбына, дәстүрлі дүниетаным моделіне тән сипат белгілерді айшықтап тұратын лингвомәдени бірліктерді анықтау қиындық тудырмайды. Қазақ елінің сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік, рухани-тұрмыстық жай-күйі, тыныс-тіршілігі мен мәдени өрісі, шаруашылық қам-қарекеті, әдет-ғұрпы мен дәстүр-салты, ойлау жүйесі мен саяси-қоғамдық таным-түсінігіне дейін жан-жақты қамтылған Мәшһүрдің жазба мұраларында әдеби-көркемдік әдіс-тәсілдердің небір тың үлгілері көрініс тапқан. Мәшһүр Жүсіп рухани шығармашылық мұрасын игеруде ұлттық мән-мазмұндағы лингвомәдени бірліктерді негізге ала отырып, халқымыздың талай жылдар тезінде қайрандап қалған ұлттық сападағы ғылыми ой кеңістігін, ұлттық санасын жаңғырту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жазушының еңбектеріндегі этномәдени бірліктерге сүйене отырып, анықталатын тілдік тұлға ұлттық таным көзқарас тұрғысынан зерделене келе нақты қорытындылар түйінделеді.

Лингвомәдениеттану – халық мәдениеті мен сол тілді қолданатын адамдардың лексикасының тілдік-мәдени ақпараттарын сипаттайтын, ұлттық мәдениетін өз сөйлеу тілі арқылы басқа халықтарға танытатын, ұлттық рух пен тілдің мәртебесін көтеретін, елдің тілдік мұрасын өз шыңына шығарып, болашақ ұрпаққа шыңдап жеткізетін, тілдік айғақтарды ұлттық белгіде жарата да, жарқырата да алатын ғылымдардың бірі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы лингвомәдениеттанымдық моделдерді анықтау және осы ғылыми-зерттеу жұмысын жазу бізге қазіргі заман мәдениеті, этика, эстетика, этнолингвистиканы терең зерттеп көрсету және осы арқылы халықтың өзіндік сипатын

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Исаева Ж.И., Тасполатов Б.Т., Нишанбаева Ю.А. М.Ж. Көпейұлы шығармашылық мұрасындағы лингвомәдени бірліктердің ұлттық сипаты // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 87–96. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07>

**\*Cite us correctly:**

Isaeva J.I., Taspolatov B.T., Nishanbaeva Yu.A. M.J. Kopeiuly shygarmashylyq murasyndagy lingvomadeni birlikterdin ulttyq sipaty [National Character of Linguocultural Units in the Creative Heritage of M.Zh. Kopeiuly] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 87–96. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07>

таныту болашақ ұрпаққа тілдің бүкіл көркемдігі мен мән-маңызын жеткізуге мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер:** шығармашылық, мұра, тілдік қор, көсемсөз, лингвомәдени бірлік, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылық.

**Zh. Issaeva<sup>1</sup>, B.T. Taspolatov<sup>2</sup>, Y. Nishanbayeva<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*

*<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor  
M. Auezov South Kazakhstan University*

*(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: taspolatov73@mail.ru*

*<sup>3</sup>Master's Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: nishanbaevva@mail.ru*

### **National Character of Linguocultural Units in the Creative Heritage of M.Zh. Kopeiuly**

**Abstract.** In this article, the national character of meaning and content in the linguistic and cognitive field of linguocultural units from the unique work of the famous poet, scientist Mashhur Zhusup is considered. It is not difficult to identify linguistic and cultural units in the works of Mashkhur Zhusup Kopeiuly, which reflect the characteristic features of the natural nature of the Kazakh people, the National way of thinking, and the traditional model of worldview. In the written heritage of Mashhur, which covers in detail the socio-social, spiritual and domestic state of the Kazakh country in that period, life and cultural background, economic care, Customs and traditions, thinking system and political and social cognition, there are many examples of literary and artistic methods and techniques. Based on linguistic and cultural units of national significance in the development of the spiritual heritage of mashhur Zhusup, the modernization of the scientific space of National Quality, the national consciousness of our people, which has been sharpened for many years, is an urgent problem today. The linguistic personality, which is determined based on ethno-cultural units in the writer's works, is studied from the point of view of national cognition, and specific conclusions are summed up. On the basis of the speeches of M.Zh. Kopeiuly, the features of the reflection of social changes in the life, Life principles and worldview of the people are formulated using examples from the course of his works in the journalistic genre in the creative world. Linguoculturology is one of the sciences that describes the linguistic and cultural information of the people's culture and the vocabulary of people who use this language, shows the national culture to other peoples through their spoken language, raises the status of the national spirit and language, brings the linguistic heritage of the country to its peak and transmits it to future generations, can both create and shine linguistic evidence in the national sign. Identification of linguistic and cultural models in the works of Mashhur Zhusup Kopeiuly and writing this scientific research work will allow us to deeply study modern culture, ethics, aesthetics, ethnolinguistics and, through this, to show the original character of the people, to convey to future generations the whole beauty and significance of the language.

**Keywords:** creativity, heritage, language foundation, journalism, linguocultural unity, national worldview, national value.



**Ж.И. Исаева<sup>1</sup>, Б.Т. Тасполатов<sup>2</sup>, Ю.А. Нишанбаева<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>кандидат филологических наук, доцент  
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова  
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: taspolatov73@mail.ru

<sup>3</sup>магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: nishanbaeva@mail.ru

## **Национальный характер лингвокультурных единиц в творческом наследии М.Ж. Копейулы**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается национальный характер сущности и содержания языково-познавательного поля лингвокультурных единиц из уникального творчества известного поэта, ученого Машхур Жусупа. Из произведений Машхура Жусупа Копейулы нетрудно выделить лингвокультурные единицы, отражающие характерные черты, характерные для естественного мира казахского народа, национального мышления, традиционной модели мировоззрения. В письменном наследии Машхура, всесторонне охватывающем общественно-социальное, духовно-бытовое состояние, жизненное и культурное поле казахского народа того периода, хозяйственное хозяйство, обычаи и традиции, образ мышления и политико-общественное познание, отражены некоторые образцы литературно-художественных приемов. Актуальная проблема сегодняшнего дня- модернизация научного пространства мысли Национального качества, национального сознания нашего народа, ставшего на долгие годы шершавым, исходя из лингвокультурных единиц национального содержания в освоении духовного творческого наследия Машхур Жусупа. Языковая личность, определяемая на основе этнокультурных единиц в трудах писателя, обобщается на конкретные выводы, изучаемые с точки зрения национального познания. На основе высказываний М.Ж. Копейулы сформулированы особенности проявления общественных изменений в жизнедеятельности, жизненных позициях и мировоззрении народа на примерах, полученных в ходе его творчества, написанного в публицистическом жанре в творческом мире. Лингвокультурология-одна из наук, описывающая Языково-культурную информацию народной культуры и лексики людей, использующих этот язык, представляющая национальную культуру другим народам через свою речь, повышающая статус национального духа и языка, выводящая на вершину и передающая языковое наследие страны будущим поколениям, способная как создавать, так и освещать языковые свидетельства на национальном уровне. Выявление лингвокультурологических моделей в произведениях Машхура Жусупа Копейулы и написание этой научно-исследовательской работы позволяет нам глубоко изучить современную культуру, этику, эстетику, этнолингвистику и тем самым раскрыть самобытный характер народа, передать будущим поколениям всю художественность и значение языка.

**Ключевые слова:** творчество, наследие, языковой фонд, публицистика, лингвокультурное единство, национальное мировоззрение, национальная ценность.

### **Кіріспе**

Зерттегілі жатқан ғылыми мақалада лингвомәдениеттанымдық бірліктер және оның түрлеріне жеке-жеке тоқталып, лингвомәдениеттанымдық көркемсөздерді лингвокультурема ретінде қарастырып, лингвокогнитивтік және прагматикалық тұрғыдан зерделейміз.

Лингвомәдениеттанымдық бірліктер дегеніміз тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін бүгінгі дәуірдің мәдени ұстанымдарына сәйкес ғылымның бір саласы деп айтуымызға болады.

Кез келген ақынның немесе жазушының көркем әдеби шығармасы ұлттық мәдениеттің қайталанбас құбылысы екені анық. Демек сол туынды арқылы автор сол ұлт тілінің құдіретін танытады. Сонымен бірге оның сыр-сиаптын, бітім-болмысын жан-жақты ашп түседі.

Демек көркем әдеби дүние сол ұлттың рухани құндылығы болып табылады. Осы тұста біз кезінде ел арасында кішкентайынын қисса-дастандарды жатқа айтып, көзге ерекше түскен Жүсіп ақынның халық арасында бүгінгі күнде нақылға, қанатты сөзге айналып кеткен шымырлы шумақтарының лингвомәдениеттанымдық бірліктері туралы айтпақпыз. «Өз қоғамында халық арасында Мәшһүр болатын бала екен», – деп таңдай қаққан Мұса Шорманұлының сөзімен Мәшһүр Жүсіп атанып кеткен М. Көпейұлының қазақтың руханият кеңістігінде өрелі ой, өрнекті тіл кестесімен өшпес із қалдырған ізденімпаз жазушыларымыздың қатарында орны оқшау [1, 14-б].

Табиғатына дарыған табандылық пен туа бітті талантының арқасында өлең жазу өнеріне бала жастан қол артқан шығармашылық тұлғаның мұрасы сан салалы. Ел аузындағы есті әңгімелер мен ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыру мәселесіне де айрықша ден қойған Мәшһүрдің өзекті ой толғамдары мақала түрінде де қалың жұртшылыққа кеңінен таралып отырды. Аса зерделі кісінің асыл қадір-қасиетін соншама терең сезіне алған Мұхтар Әуезов М.Ж. Көпейұлына былай деп баға берген: «Тек өзі шығармашылықпен айналысып қана қоймай, көне үлгілерді жазып алып, бізге дейін жеткізе алған Мәшһүрдің еңбегі қазақ әдебиеті үшін жеткілікті дәрежеде екендігін мәңгі есте сақтағанымыз дұрыс болып табылады». Үнемі қозғалыс күйіндегі уақыт керуенімен қатар құбылып отыратын заман келбетін, өмірдің сан тарау түбірлі мәселелерін, уақыт тынысы мен соған сәйкес қалыптасатын таным-түсініктердің бағытын айқындап отыратын бұқаралық ақпарат құралдары Мәшһүр заманында айрықша қанаттанғандығы белгілі.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында лингвистикалық әдіс-тәсілдердің мынадай түрлері қолданылды: дәстүрлі сипаттама әдісі, лингвистикалық талдаудың семантикалық, этнолингвистикалық, компоненттік, сондай-ақ тілді танымдық-логикалық, логикалық-философиялық тұрғыдан талдау әдістері.

### **Талдау мен нәтижелер**

Өмір ағысында орын алып жатқан өзекті мәселелер мен көкейкесті тақырыптарға табанды идея, бастамашыл толғамдарымен түрткі сала білген сол ілгерінді топтың көрнектісі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да қалың көпшілікке арналған мақалаларын басылым беттерінде жариялап отырды. Көбінесе, «Дала уалаяты», «Айқап» сынды айтулы басылымдарға шығып отырған қаламгердің мақалалары тақырыптық жағынан жан-жақты, ұлттық мазмұнға бай, ең бастысы ғылыми негізділігімен құнарлы ерекшеленді. Айтылар сөздің мәйегі терең астарлы болып келетін ой-байламдардың нақтылығы, келтірілген дерек көздердің нанымдылығымен ерекшеленетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері әсіресе, ұлттық сипатының басымдығымен және тарихилығымен құнды.

Бұл орайда, автор ұлт тілінің лексикалық байлығын асқан шеберлікпен ұтымды түрде пайдалана білгендігін атап кетуіміз қажет. Ол өз заманының шынайы келбетін, ұлтының мінез машығын, дәстүрлі дүниетанымын, оның өткені мен бүгінін таза ұлттық мәніндегі лингвомәдени бірліктер арқылы танытып отырды. Мәселен Мәшһүр өзінің «Баянауылдан» деп аталатын мақаласында тарихтың қалың қатпары жасырған бірталай мәнді жәйтке қозғау салатын жер-су аттары бар. Шынында, «Кең далада емін-еркін көшіп-қонып тіршілік еткен қазақ ру-тайпаларының өздері иелік ететін мекендер, оның таулары мен шың-құздары, жоталары мен шатқалдары, өзендері мен көлдері, қайнар бастаулары мен бұлақтары,

аңғарларына дейін қалыс қалдырмай ат қойып, айдар тағып отыратындығы белгілі» [2, 316-б]. Бабаларға құтты қоныс, мал-жанға нулы өріс болған сайын даланың әрбір мекенінің атауы оның дүниеге көзқарасының, интеллектісінің, тарихи жадының, тұрмыс-тіршілігінің, мәдени өресінің көрсеткіші. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тіл қолданысындағы Көкшетау, Итемген Мамай, Қарағайлы, Ақмырзаның Қарасуы, Ереймен, Ақмола, Олжабай сөресі, Едіге сөресі, Шорман тамы, Тайбай көлі, Үшмырзаның көлі сынды тізбектеліп жатқан жер-су атауларының ұлттық мән-мазмұнымен қатар, тарихи танымдық ролі төндессіз. Бұл жердегі там - мола, бейіт мағынасында, ал сөре – бәйгеден, жарыстан озып, бұрын келген жерді белгілейтін көмбе, мәрені айтқан. [3, 311-б.]. Сонымен қатар, Ақмола – кейбіреулердің таяз түсінігіндей құбыжық атау емес, қазақ даласында кеңінен тараған Ақтөбе, Аққала, Ақкент тәрізді топоним. Бұл арадағы ақ сөзі тек түр-түстік мағынаны ғана емес, әлеуметтік символикамен шектелетін ауқымы кең «ақ», «аппақ», «адал», «қасиетті-қастерлі» деген ауыспалы метафоралық, бейнелеу мағынасында да кеңінен қолданылады. Ал Ақмола атауы болса, «қабырстан» мәнінде ғана емес, «көне мекен-жайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті белгі, нышан» [2, 30–31-бб.].

Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі мәдениетіндегі осы жер-су атауларына байланысты ұлттық ерекшеліктің бұзылуын сырт елдердің басқыншылық әрекеттерінің салдары ретінде атап көрсеткен ғалымдардың бірі – Мекемтас Мырзахметұлы. Ғалымның айтуынша, сырт басқыншылар тарапынан бұзылған сол дәстүр жалғастығының салдарынан жер, қала, облыс атаулары сынды макротопонимикада жеке адамның атын беру жайы орын алып кеткен. Ал қазақ халқының байырдан келе жатқан қоғамдық құрылысы рулық жүйеге негізделетіндіктен, кісі атымен тек шағын ауылдар ғана аталынған.

Қазақтың өткен тарихындағы ханнан кейінгі жоғары лауазымды бедел иелерінің жайын анықтайтын лингвомәдени бірліктерге би атауының жататындығы белгілі. Қазіргі тілдік қолданыстан ысырылып қалуына байланысты мән-мазмұны көмескілене бастаған бұл атау сөз жөнінде лингвист-ғалым Р. Сыздықова: «Би сөзі негізінде ХХ ғасырдың 2 жартысындағы нақты заң термині болып саналады. Бірақ ол әр дәуірде әртүрлі мағынаға ие болып келген сөздердің бірі. Би деп Абайдың тұсындағы әрбір болыстықта сайланып қойылған заң жүргізуші адамды айтқан» деген анықтама береді [4, 160-б.].

Қазақтың сөз саптауында, әдетте, бұл атау би-шешендер деген қосарлы тіркес түрінде қолданылатындығын ескерсек, аталмыш лауазымның өзі тұлғаның жеке басына тән қасиеттермен байланысты екендігін аңғарамыз. Билік жоралғысының шешендік өнермен тығыз байланысты екендігі Ш. Уәлихановтың пікірінен де нақты көрініс тапқан. Түп қазығы түркілік өркениет дәстүрімен бекіп қалыптасқан хандық жүйенің іргесін қақыратып, соның салдарынан ұлттық рухтың әлсіреуі отаршыл патша үкіметі жүргізген саясаттың кесірі. Аталас руларды өзара атыстырып-шабыстырып, жік-жікке бөлінуге түрткі болған болыстық сайлау тәртібінің енуі қазақтың бойындағы ең ірі деген екі қасиетті көзден ғайып қылып тынды. Осы зәрулікті тереңінен сезіне білген Мәшһүр Жүсіптің бұл мәселеге қатысты қалам шалдырмауы мүмкін емес еді. Бодандық қамытында бұлқынған ұлттық рухтың трагедиялық ахуалына алаңдаған Мәшһүр Жүсіп осыған қатысты өзекжарды ой өрімін тарихи тағылымы тереңге бойлаған есті естеліктерді қалың жұртшылыққа насихаттау ісіне ерекше көңіл бөлгендігі осы бір мақаладан анық сезіледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кез келген шығармаларында мақал-мәтелдердің жиі қолданылғанын байқаймыз. Мақал-мәтел ауызша дамыған әдеби тілдің ең ықшам, ең «ақылды», ертеде пайда болып, әр заманның керек етуіне қарай үздіксіз толығып отырған көркем сөз үлгісі. Мақал-мәтелдер – халықтың тұрмыс-тіршілігін, ой-өрісінің кеңдігін, логикалық пайымдау қабілеті мен өлшемдерінің тереңдігін, этикалық бағасын, эстетикалық талғамдарын бейнелейтін және осы өлшемдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тілдік конструкциялар. Мақал-мәтелдердің шығу уақыты мен алғашқы айтушылары белгісіз.

Сондықтан ұлт қалыптастырған бұл афоризмдер бүгінгі күнге дейін бастапқы күймен немесе сол мағынадағы ұқсас өрнектермен жетуі мүмкін [5, 109-б.].

Ұлттық дүниетанымның тереңінен орын алып, рухани мәдениетіміздің көрсеткіші саналған мақал-мәтелдер жазушы, тарихшы, фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында да автордың лингвомәдени прагматикасына сәйкес қолданыс табады. Ойшылдың жинаған мақал-мәтелдері мен афоризмдерін айта кетсек. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал!»; Қазақ мақалы: «Дүние бір күн бетін көрсетеді, Бір күн көтін көрсетеді...»; «Ақылы жоқтың, жақыны жоқ, тойғанға тоң жоқ»; «Қашқан түлкі қызыл көрінеді, Жалаңаштікі ұзын көрінеді»; «Жұртта қалған жөке арқан, Алып, кімді бай етеді, Қалып, кімді жарлы етеді?»; «Көңілсіз жұмыстан көтсіз бала туады»; «Сүт сүйек өсіреді, Киім көңіл өсіреді»; «Баланың жеңін ұшын жамаса, Қарыс бойы өседі»; «Аман – айтуға, Есен – естуге, Семіз – көруге!»; «Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады»; «Кіресі кірмей, шығасы шықпайды»; «Байлық – мұрат емес, Жоқтық ұят емес!»; «Сөз тапқанға қолқа жоқ!»; «Көшкен елдің көмеші болса, Ерулі елдің ерулігі бар»; «Әр адамның құдайы – өзінің ары»; «Тозған елді там жинар» және т.б. көптеген осы секілді мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді келешек ұрпаққа мұра ретінде қалдырған Мәшһүр Жүсіптің ғұламалығына тәнті боласыз [6, 10-б.].

Қазақтың тідік қорындағы «мұра» сөзінің де таза ұлттық сипатымен ерекшеленетіндігі сөзсіз. Бұл ұғымға қатысты «Атаның еккен ағашы ұрпағына сая», «Алдыңғыдан қалған мұра, кейінгіге сарқылмайтын қазына» деген мазмұндағы көрнекті ой түйдектерінен құралған мақал-мәтелдеріміз аз емес. Мәшһүрдің «Баянауылдан» атты мақаласында осы қарастырылып отырған «мұра» ұғымына қатысты Мәшһүр Жүсіптің мынадай бір мәнді ой үзігі бар: «Ғылым – пайғамбарлардан қалған мұра. Яғни, пайғамбарлардың, бұрынғы өткен хандардың, жақсылардың қылып өткен өнері – мұра. Мал бағу – байдан қалған мұра» [8, 329-б.].

Қазақ халқының мәдени өмірінің көрінісі ұлттың паремиологиялық қорынан ерекше байқалады. Өйткені қазақ паремиологиясы халық өмірінің бір көрінісі, бейнесі. Бұл көріністе ұлттық мәдени маңызы бар ақпараттардан жинақталып, ұлт менталитеті тұтастай қамтылады. Мысалы қазақта бір мақал бар: «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне». Халық бұл мақалдың айтуын білсе де, мағынасын толық біле бермейді. Мәшһүр-Жүсіптің айтуы бойынша бұл хадис шарифпен байланыстырыла айтылған сөз. Топырақ – Адамның асыл шыққан жері, рухының өрбіп-өңдіген жері. Құдай тағаланың саналы құлының денесінің шыққан жері – топырақ. Шын жұрты, шыққан жұрты – ақырет ғаламы. Ал жалған дүниеде ішпек – құспақ үшін жүрген иттің барар жері – тойған жері екен. Ақырет жұмысын қоштап, соның жабдығын ойлайтын ер-жігіттің есі-дерті: туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған адам – жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүние шылығымен алданып қалады.

«Қарға табанымен басып жейді, сұңқар шашып жейді». Оның мәнісі – сұңқар: «Басқаға пайдам тисін, сарқытымды кім болса, сол жесін», - деп, жан-жағына шашып отырады екен. Сондай болғаны үшін қазақ мақалында мынадай сөз де бар: «Қарғаға – балшық, сұңқарға – талшық» дейді. Бұл мінезден алар өнеге табылады. Тіпті аралардан да өнеге алуға болады екен. Адам: «Мен дәнеме білмеймін!» деп қол қусырып отырмай, бал тышатұғын ара қалай ұя жасайды? деп араларға қарап, өнерге тырысу керек екен. Қазақ халқында: «Өнерлі өрге жүзеді!» деген сөз бар.

Қазақта бір сөз бар: «Тұрымтай екеш тұрымтай да тайлы биенің етін жейді» деген және «Бір тауыққа һәм дән керек, һәм су керек» деген. Осы сөзден де алар ғибрат бар. Оған мына бір хикаяны мысал келтірсем: Байғыз деген құс бар – кәріптікті (ғариблықты), бейшаралықты мойнына алып, таста жатады. Қайда бұзылған ойрана жай болса, сонда жатады, су ішпейді, бидай, тары жемейді, аузында көлденең тістеген қылдан да жіңішке жалғыз шөп болады. Оны да жемейді, құр тістеп жүрсе керек. «Бір нәрсені қорек қылып

жейтұғын болсам, соның қызметінде болып, бейнетке қалсам керек!» деп сол үшін ешкімнің көзіне түспейді, жанға көрінбейді. Тақ Сүлеймен пайғамбарға барша құстар қызметкер құл болғанда, ол келмеген. Сонда Сүлеймен патша:

- Не үшін маған келмейсің?! – дегенде:

- Менің жалған дүниеден керек қылған нәрсем жоқ. Сенен не іздеп келейін? - деген екен.

Бұл сөзбен құлдықтан халас болған. Адам мұны ойлап пікір қылу керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүйрік аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі адаммын деп жүрген адамдардың жауы иегінің астында болып кетті. Ол жау не десеңіз – жұтқан тамақ: жалғанда мазаққа, ақыретте азапқа түсіретін – тамақ. Тамақтан тартынған бәрінен халас (көп бәледен аулақ болу) болады.

Мәшһүр-Жүсіптің бала күнде би Мұса Шорманұлынан естіп, жазып қалдырғаны:

«Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды.

Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.

Кәлимасыз пір болса, кереметі болмайды.

Алалы тұяқ, арам мал берекеті болмайды.

Атадан қалған адал мал әрекеті болмайды»;

Бұл өлеңдегі «қарадан» дегені – қарапайым халық арасынан таңдалған хан туралы айтылады. Қай заманда болмасын хан текті, үлгілі, оқымысты әулеттен сайланып отырған және қара халық пен ханның қоғамдағы орны, қадір-қасиеті жер мен көктей болған. Кез келген билік басына келген сұлтан үлгі көрсете алатын, елді басқара алатын, көрегенді адамдар сайланып отырған. Сонымен қатар, өлең жолдарында келтірілген «алалы тұяқ, арам мал» тұрақты сөз тіркесі молшылық, тоқ тіршілік, мыңғырған мал мағынасында келеді және жинаған мал таза еңбекпен емес арам жолмен, ұрлық-зорлықпен келген болса, берекеті болмайтыны, немесе ол мал адал болып, атадан балаға мұра болып қалған болса да, маңдай термен табылған малдың әлдеқайда берекелі болатындығы айтылған [7, 104-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көсемсөздерінде оқырманға түсінікті болуы үшін ұлттың ана тіліндегі фразеологизмдер, эпитет және теңеу секілді көріктеу құралдары қолданылады: «көңілі сүйген, қолдың кірі, әдеп көрген, хат таныған, сыр мінез, ауызға ілінген, машық қылып, қанын ішіне тарту, түгін сыртына шығару, араның ызылдағанындай, тойға келген қыздай, қолға ұстаған мұздай, көнектен шошыған биедей, шөптің басынан үріккен қойдай және т.б.». Ғалым Ербол Несіпбайұлы Жанпейісов: «Жазушы тілдегі бейнелеу құралдарын әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, мақал-мәтелдер де, эпитет және теңеулер де, тілдің басқа да барлық бейнелеу құралдары шығарманың жалпы идеялық, тақырыптық арқауына лайық, жаңа бір мағыналық астар алып, стильдік функциясы арта түседі» [9, 17-б.], – деп жазушының еңбектерін ерекше бағалайды.

Жалпы түркі халықтарының өмір сүру дағдысына байланысты қалыптасқан түсініктері мен құндылықтарының негізіне сан ғасырлық өмірлік тәжірибесі мен өмір сүру қалпы ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, діні мен наным-сенімінің де ықпалы зор. Сол себепті ана тіліміздің байлығы, даналық сөздер мен нақыл сөздердің, мақал-мәтелдердің лексикалық құрамына назар аудара отырып, бүтін бір халықтың ділі мен дүниеге деген көзқарасына қатысты құнды деректер ала аламыз.

Тарих қойнауында сұрыпталып жинақталған даналық көздері қазіргі таңда жаһандану заманында даму үстіндегі нигилистік көзқарастарға қарсы тұратын дүниелер болып табылады. Оларды талдау, зерделеу, насихаттау арқылы ұлттық мәдениетімізді сақтауға, әрі қарай өрбітуге мүмкіндіктер ашатыны анық. Бұлар қазіргі жастардың философиялық мәдениетін, ойлау деңгейін біршама көтереді. Жастарды өмірлік құндылықтар рухында

жүйелі және саналы түрде тәрбиелемей, тек материалдық игілік жолында тәрбиелеудің табысты болмасы анық. Өйткені қазіргі прагматизм – табыскерлік мүддені жоғары қоюшылық руханилықтан алшақ құндылықтарды егетіні белгілі. Тілдің дамуындағы көркемдік сипатты қадірлеу түркілік кезең үшін өте маңызды болғанын білеміз. Кез келген мәдениеттің тамыры тарих қойнауына тереңдеп кетеді. Өткен ұрпақтың рухани мұрасын игеру, тарихи жадыны қалпына келтіру еліміздің гүлденуіне, қоғамның рухани дамуына мол мүмкіндік береді. Інжу-маржандарға жататын дүниелерге философиялық пайымдаулар жасап, әрбір сөзінің мағынасын ашу, өмірмен байланыстыра тұжырым жасауға үйрету халықтың этикалық санасының деңгейін көтереді [10, 15-б.].

Салт-дәстүрге бай қазақтың бесік құда, бел құда, қалың мал, қыз айттыру сынды рәсімдері – мәдени коннотация мәніндегі этномәдени (лингво) бірліктерді құрайды. Мәшһүр Жүсіп өзінің еңбегінде қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі – қыз айттыруға тоқталып, оған өз ойын, пікірін білдіреді. Оның айтуынша: «Кішкентай балаға жастайынан қыз айттыру мүлде қате дүние. Әркім жасы келіп, өзінің көңілі қалағанын таңдағаны дұрыс. Қазақтың ескі салты бойынша қыз бен жігіттің ата-аналарының бір-біріне берген сөздері. Тіпті, қызығы мұндай келісім жастардың бесіктегі періште шағында да жасалған. Егер қыз жақ жігіт жақтың ата-анасының айтқанына келісіп, келешекте қызымызды береміз десе, жас сәбилер атастырылды деп саналған және сол кезде қалыңмалын алатын болған. Ал өздерінің атастырылғандықтарын өсе келе білген жасөспірімдер қосылуға мәжбүр болған.

«Қазақ айтады ғой, «жақсы анадан» деп, соған қарағанда, егер анасы жақсы болса, содан туылған бала да жақсы болады. Адамның өнерпаз немесе білгір, ақылды болуына ата-анасы тікелей әсер етеді. Оның ішінде ананың тәрбиесі ерекше орын алады. Ана деген надан, ілімсіз, меңіреу біреу болса, содан туған бала қалай оңбақ?!» деген ой байламы Абай кемеңгердің көзқарасымен үндеседі. Әйел затының қоғамдағы рөлі, ұлттың кемелділігін қамтамасыз етудегі ықпалы жөніндегі ұлттық таным-түсінік осы тұста ғажап көрініс беріп тұр. Келмеске кеткен «кеңестік» тәрбиенің әсерімен «Қазақ қоғамында әйел заты төмен саналған. Совет заманы орнағанға дейін қазақтар қыз-келіншектерді қорлап, теңдік бермеген. «Әйел теңсіздігі» дейтін түсінік соған байланысты туындаған...» [8, 30-б.], деген сықылды жаңсақ түсінікті күні бүгінге дейін малданып келе жатқандығымыз жасырын емес. Ал Мәшһүр Жүсіптің пікіріне назар салар болсақ, бұл ұғым-түсінігіміздің біздің ұлттық дүниетанымымызға ешқандай қатысы жоқ, тіпті шындыққа жанаспайтынын етене сезінеміз. Керісінше, әйел заты – ұрпақ тәрбиесінің ұйтқысы, отбасылық берекенің бапкері, өнегенің өрісі ретінде қоғамдағы әлеуетті күш ретінде бағаланғандығы жақсы ашылған. Осы келтірілген ой түйіннің барысынан қазақтың ұлттық дүниетаным моделіндегі өзіндік сипат пен құндылықтардың жайын пайымдау қиын емес. Көшпенді тұрмыс-тіршілік жағдайында ен даланы еркін мекендеген қазақ тербелген желдің ескенінен, жөңкілген бұлттың көшкінінен, ұшқан құстың қанат қағысынан тағысын тағы айнала қоршаған ортаның тыныс-тіршілігінен жаратылыс заңдылықтарын жазбай тани білген пайымы парасатты халық. Бұл туралы ғалым Ж. Манкеева: «Табиғаттың айтқанына, жағдайына икемделу – адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі. Халық пен қоршаған ортаны бірдей ұғым деп қарау, әсіресе, қазақ мәдениетін, психологиясын түсіну үшін өте керекті нәрсе», – дейді. Сондықтан да қозғалыс заңы күн жүйесіне бағындырылған табиғаттың тылсым болмысындағы адам затымен арадағы үйлестік қазақтың сөз өнерінде поэтикалық образдар жүйесін құрап жатыр. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Қазақ шежіресі» деп аталатын шығармасында: «Қазақ халқында айтарлықтай анық бір шежіренің жоқтың қасы. Оқу-тоқуды да керек қылмай, көшіп-қонып жүре берген. Енді сол білімнің-ғылымның жоқтығынан әдебиетте ойып орын алатындай қандай да бір шежіре де жоқ. Естіп алғанын әрқашан жадында сақтайтын, құлағына құятын, көкірегі ояу, білімді кісілер де болған. Сөндай жандардың айтуыменен көкірегі хат, естігені, көргені жат болған қариялар кейінгі ұрпаққа ауыздан-ауызға жеткізу арқылы нақыл сөздерін, өсиеттерін қалдырған», – деп тарихтың қалың қатпары жасырған бірталай мәнді жайтқа қозғау

салатыны бар. Адам баласына бойдағы нәрін беретін әйелдің – анаға, көктен қуат нұрын сіңіретін күнді – атаға теңеудегі ұлттық дүниетаным айшықтары соның айғағы. Олай болса, әйел – жер бетіндегі тіршіліктің ұйтқысы деген ұлағатты ұғым түсінікті жаңғыртуда Мәшһүр Жүсіп ой толғамының мәні зор. Бұл ретте ғұламаның тағы бір ой тұнбасының мәнісі, өнер-ғылым лингвомәдени бірліктері былай болып келеді: «Адам баласына өлгенде сүйегімен бірге кететін, өз басына біткен өнерінен артығының мүлде қажеті жоқ. Өнеріміз мұсылмандікі не орыстікі болсын, ғылым үйренуді парыз деп санау керек. Ғылымсыздықтан келген нәрсенің құны да жоқ, ілім-білім үйреніп, көзі ашықтар қатарынан болуға ұмтыл. Өнерлі болған кісі өнерін шашып, жұртшылыққа үйрету арқылы ғана өнерпаз болады. Ғылым бұл ер мен әйелге теңдей керек нәрсе. Кейбір адам «Әйел адам ұстаз болып оқушыны ғылымға үйрете ала ма?» Әйел баласын білімді қылудың бізге керегі қанша?» деп ойлайды. Жоқ, негізінде олай емес. Ойлап қарасаңыз, ер азаматтың білімді болғанынан әйел адамның ғылымының пайдасы көп. Өйткені, үйде отырса да келешек ұрпақты тәрбиелеуші, оның ғылымының, өнерінің пайдасын өзінен туған балалары көреді». Жалпы «соцреализм» әсерімен енген жасанды таным түсініктен ой санамызды толыққанды түрде тазалап, жадымызды жаңғыртуда Мәшһүр Жүсіптің осы мәндес ой тумаларын турасынан талғап, тереңінен талдау жүргізудің қажеттілігін сезініп отырмыз.

Сөз басында айтқанымыздай, бала жастан өлең жазумен айналысып, тәжірибе жинақтай келе туған халқының ұлттық сөз қорының сөлін бойына бар қуат-нәрімен сіңіре білген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани-шығармашылығы аса күрделі құбылыстардың қатарына жатады. Оқырманның ой-санасын баурап, жадыға қиындықсыз орнығатын ой оралымдарының үйлесімділігімен, астары қалың тұрақты тіркестер мен көркемдеуіш элементтердің өрілу шеберлігімен, сан тарау таным сабақтастықтарының жүйелілігімен ерекшеленетін көріктеу құралдарының ұтымды қолданысы ғұлама-ойшыл Мәшһүр Жүсіп қолтаңбасының ен таңбасы. Бұл тұжырымымызды мәшһүртануға байланысты З. Қабдоловтың: «Ата-бабаларымыз тарихи тұлғаны, қоғам қайраткерлерін көзі тірісінде де, о дүниеге кеткен соң да сыйлай білген. Бүгін біз жыр етіп айтып отырған Мәшекең де солардың қатарынан. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінің танылып, таралуы тек Баянауылмен ғана шектелмейді. Өз басым 80-жылдардың басында этнографиялық экспедицияда жүргенде Омбы қазақтарының қолынан талай қолжазбаларын, суретін көріп едім. Зерттеушілер бұл тұлғаның осындай жақтарын да тереңірек ашып зерттесе құба-құп. М.Ж. Көпеев тек әдебиетшілер үшін ғана емес, тарихшылар үшін де көп мұра, біршама дерек қалдырды. Өкінішке қарай, біз оны әлі толық игере алмай жатырмыз. Біздіңше, «Жаңа жолдағы» Мәшһүр Жүсіп кесенесі Баянауыл – Екібастұз аймағындағы үлкен мәдени-рухани орталық болып қалыптасуы керек. Мәшһүр кесенесінің шырақшылары елді ислам нұрына бөлеп, діни білім беріп отырса, артық болмас еді. Сондай-ақ, Павлодар немесе Астана қаласында Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналған мұражай-үйі ашылуы керек деп есептеймін» [11, 245-б.], – деген пікірі де қуаттайды.

### **Қорытынды**

Қорыта айтқанда, есімі бүкіл қазақ даласына танысмал болған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының адам рухын асқақтандыратын туындыларындағы ұлттық негізді құндылықтардың танымдық мәні орасан екеніне көз жеткіздік. Оның еңбектеріндегі лингвомәдени бірліктер автор тіліндегі ұлттық діл, ұлттық менталитет, ұлттық көзқарас пен ұлттық ойлау жүйесіндегі интеллектуалдық әлеуеттің жайын кеңінен көсіле танытады. Ғұламаның шұрайлы стильдік қолданысындағы кеңінен қолданылған эпитеттер, теңеулер, ұлы даланың паремиялогиялық қорындағы рухани мұралар, бір жағынан, өр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге, екінші жағынан, ұлттық кодты, ұлттық болмыстың ерекше қасиеттерін ашуға, жастарға патриоттық тәрбие беруде айрықша мүмкіндік берері сөзсіз. Халық даналығының мән-мағынасын, қолданылуын өсіп

келе жатқан әр жас ұрпақ біліп өсуі қажет. Танымдық, аргументтік, тәрбиелік қырларымен де құнарға бай Мәшһүр Жүсіп рухани шығармашылық мұрасын игеруде ұлттық мән-мазмұндағы лингвомәдени бірліктерді негізге ала отырып, халқымыздың талай жылдар тезінде қайрандап қалған ұлттық сападағы ғылыми ой кеңістігін, ұлттық санасын жаңғырту мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп білеміз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құраст.: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
2. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-словарь ЖШС, 2010. – 356 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 752 б.
4. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2014. – 613 б.
5. Ершаева А.Р., Ескеева М.Қ. «Қорқыт ата» кітабындағы адамға қатысты паремиялардың қазақ тілінде сақталуы мен дамуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 107–115.
6. Абдуллаева Қ.М. М.Ж. Көпейұлы публицистикасындағы лингвомәдени бірліктер // Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №4. – Б. 6–11.
7. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 2-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
8. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2018. – 385 б.
9. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 265 б.
10. Қосымова Г.С. Абайдың толық адам тұжырымының бастау көздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 7–19.
11. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

### REFERENCES

1. Mashhur Jusip Kopeev [Mashhur Zhusip Kopeyev] / Qurastyrushylar: S.E. Nurmuratov, B.M. Satershinov, A.D. Shagyrbayev. – Almaty: QR BGM GK Filosofia, saiasattanu jane dintanu instituty, 2013. – 359 b. [in Kazakh]
2. Januzaq T. Tarihi jer-su attarynyn tuptorkini [The origins of historical land and water names]. – Almaty: Sozdik-slovar JShS, 2010. – 356 b. [in Kazakh]
3. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of Kazakh literature]. On bes tomdyq. 13-tom / Qurast.: A. Fazyljanova, N. Ongarbaeva, Q. Gabithanuly jane t.b. – Almaty: Qazaq enciklopediiasy, 2010. – 752 b. [in Kazakh]
4. Syzdyq R. Abai jane qazaqtyn ulttyq adebi tili [«Abai and the Kazakh national literary language» in the Kazakh Language]. – Almaty: Arys, 2014. – 613 b. [in Kazakh]
5. Ershaeva A.R., Eskeeva M.Q. «Qorqyt ata» kitabyndagy adamga qatysty paremiialardyn qazaq tilinde saqtaluy men damuy [Development and Preservation of Proverbs about a Person in the Book of «Korkyt Ata»] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3(125). – B. 107–115. doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.09 [in Kazakh]
6. Abdullaeva Q.M. M.J. Kopeiuly publicistikasyndagy lingvomadeni birlikter [The linguistic-cultural unit in M.ZH. Kopeev s publicistic writing] // Sh. Ualihanov atyndagy KMU habarshysy. Filologiiia seriiasy. – 2019. – №4. – B. 6–11. [in Kazakh]
7. Kopeiuly M.J. Kop tomdyq shygarmalary [Multi-volume works]. 2-tom. – Almaty: Alash, 2003. – 432 b. [in Kazakh]
8. Mashhur-Jusip Kopeiuly. Shygarmalary [Works]. 13-tom. – Pavlodar: «EKO» GOF, 2018. – 385 b. [in Kazakh]
9. Janpeiisov E. Qazaq prozasynyn tili [The language of Kazakh prose]. – Almaty: Gylym, 1968. – 265 b. [in Kazakh]
10. Qosymova G.S. Abaidyn tolyn adam tujyrymynyn bastau kozderi [Sources of Abai's «Perfect Man» Concept] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3(125). – B. 7–19. doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.01 [in Kazakh]
11. Qabdolov Z. Soz oneri [Jeweler of the word]. – Almaty: Sanat, 2002. – 360 b. [in Kazakh]



ӘОЖ 801.3; МҒТАР 16.21.65

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.08>**Қ.Қ. ЖАМБУЛОВА**

*М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Петропавл қ.), e-mail: kusni-82@mail.ru*

## ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІКТЕРІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН НЕГІЗГІ ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕРДІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

**Аңдатпа.** Шартты белгілер – сөздің табиғатын айқындайтын басты тілдік компоненттердің бірі. Шартты белгі қолданылмайтын сөздік болмайтындығы баршамызға мәлім. Сөздік жасау тәжірибесінде шартты белгілердің қолданылуы лексикографиядағы үлкен жетістік болғаны анық. Лексикографияда *шартты белгінің* (условный знак, conditional note) қызметі зор. Сөздіктердің бәрінде де белгілі бір дәрежеде семантикалық, стильдік, функционалдық, т.б. шартты белгілер кездесіп отырады. Жалпы шартты белгілердің құрамына таңба, сөзбелгі, стильдік белгі, сілтеме терминдері кіреді. Қазіргі таңда әр тілдердегі түрлі типті сөздіктердің қай түрін болмасын шартты белгілерсіз көзге елестете алмаймыз. Мысалы, қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздігінде де шартты белгілер молынан қолданылады. Атау сөздердің сыр-сипатын ашуда, олардың мағыналарын толықтыруда шартты белгілердің түсіндірме сөздіктегі атқаратын рөлі орасан зор.

Зерттеу барысында қазақ, орыс ғалымдары мен ағылшын ғалымдарының шартты белгілерге берген анықтамалары мен жіктеліміне тоқталып, шартты белгілердің түрлері, атап айтар болсақ, сөзбелгі, стильдік белгі, таңба, сілтеме қарастырылды. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздігінде шартты белгілердің әр түрінің берілісіне мысалдар келтіріле отыра, талдау жасалып, өзіндік ерекшеліктері мен ұқсастықтары айқындалды.

**Кілт сөздер:** лексикография, шартты белгі, таңба, сөзбелгі, стильдік белгі, сілтеме, түсіндірме сөздік.

**K.K. Zhambulova**

*Senior Lecturer of M. Kozybayev North Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Petropavlovsk), e-mail: kusni-82@mail.ru*

## Comparative Characteristics of the Main Symbols Indicated in the Explanatory Dictionaries of the Kazakh and Turkish Languages

**Abstract.** Conditional notes are one of the main language components that determine the nature of the word. We all know that there is no dictionary that does not use a conditional note. Obviously, the use of *conditional notes* (шартты белгі, условный знак) in the practice of lexicography was a great achievement of lexicography. In lexicography, the function of a

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жамбулова Қ.Қ. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде көрсетілген негізгі шартты белгілердің салыстырмалы сипаттамасы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 97–107. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.08>

**\*Cite us correctly:**

Jambulova Q.Q. Qazaq jane turik tilderinin tusindirme sozdikterinde korsetilgen negizgi shartty belgilerdin salystymaly sipattamasy [On the Use of Conditional Notes in Explanatory Dictionaries of Kazakh and Turkish Languages] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 97–107. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.08>

conditional note is great. All dictionaries have a certain degree of semantic, stylistic, functional, etc. symbols are encountered. Common conventions include the terms symbol, label, conditional note and reference. Today we cannot represent different types of dictionaries in different languages without conditional notes. For example, in the explanatory dictionary of the Kazakh and Turkish languages, conditional notes are often used. Conditional notes play an important role in revealing the meaning of headwords, in supplementing their meanings.

The study focuses on the definitions and classification of conditional notes by Kazakh, Russian and English scientists, and also considers the types of symbols, in particular, dictionary, stylistic symbols, symbols, links. The explanatory dictionary of the Kazakh and Turkish languages analyzes and reveals features and similarities, giving examples of different types of symbols.

**Keywords:** lexicography, conditional note, litter, stylistic symbol, reference, explanatory dictionary.

**К.К. Жамбулова**

*старший преподаватель Северо-Казакхстанского университета имени М. Козыбаева  
(Казакхстан, г. Петропавловск), e-mail: kusni-82@mail.ru*

### **Сравнительная характеристика основных условных знаков, отраженных в толковых словарях казахского и турецкого языков**

**Аннотация.** Условные знаки являются одним из основных языковых компонентов, определяющих характер слова. Все мы знаем, что не существует словаря, в котором не используется условный знак. Очевидно, что использование условных знаков в практике лексикографии было большим достижением лексикографии. В лексикографии функция *условного знака* (шартты белгі, conditionalnote) велика. Все словари имеют определенную степень смысловой, стилистической, функциональной и т.д. встречаются символы. Общие условные знаки включают термины символ, помета, стилистический символ и ссылка. Сегодня мы не можем представить разные типы словарей на разных языках без условных знаков. Например, в толковом словаре казахского и турецкого языков часто используются условные знаки. Условные знаки играют важную роль в раскрытии значения заглавных слов, в дополнении их значений.

В исследовании основное внимание уделяется определениям и классификации условных знаков казахскими, российскими и английскими учеными, а также рассматриваются виды символов, в частности, словарные, стилистические символы, помета, ссылки. Толковый словарь казахского и турецкого языков анализирует и выявляет особенности и сходства, приводя примеры разных видов символов.

**Ключевые слова:** лексикография, условный знак, помета, стилистический символ, ссылка, толковый словарь.

### **Кіріспе**

Шартты белгілердің құрамына *сөзбелгі, стильдік белгі, таңба, сілтеме* терминдері кіреді. Сөздікте түрлі символдық таңбалар, ерекше түрде жазылған қаріптер, ерекшеленген жазу түрлері және т.б. түрлі метатілдік әдіс-тәсілдер қолданылады. Әрине, мұндай техникалық мүмкіндіктердің лексикография тәжірибесінде әуел баста болмағандығы белгілі. Мысалы, Қазан төңкерісіне дейінгі уақытта жарық көрген қазақ сөздіктерінде мұндай қосалқы тәсілдер ретінде тыныс белгілері пайдаланылса, сөзбелгілер өте сирек қолданылды. Ертедегі лексикографиялық еңбектерде олардың мүлде болмағандығы айтылып жүр. Ғалым Л.П. Ступин бұл жайында біраз деректер келтіреді. Ғалымның жазуы бойынша, ортағасырлық ағылшын лексикографы Джон Буллокар өзінің 1616 жылғы «An English

Expositor» атты сөздігінде көне сөздерді белгілеуге алғаш рет жұлдызша белгісін пайдаланады. Ал сөздікші Эдвард Филипс 1658 жылғы өз сөздігіндегі «нашар» сөздерге + белгісін қояды. «Қазіргі сөздіктерде түрлі таңба (знак, symbol), белгілер молынан қолданылады. Мысалы, сөздің транскрипциясын басқа қаріп (литера), шрифт түрлерімен квадрат жақшада [] беру, дыбыстың сапасын білдіретін алуан түрлі таңбалар, сөз мағыналарының ара қашықтығын көрсету үшін қолданылатын рим және араб цифрлары, мағыналық реңкті беретін / және // фразеологизмді білдіретін ромб және т.б. таңбалар сөздікте қарастырылатын бірліктердің жан-жақты сипатталуына қызмет етеді.

Сөздікте пайдаланылатын сөзбелгілерді, сондай-ақ түрлі таңбалар мен символдар құрамын әлемдік лексикография тәжірибесінде қолданылып жүрген символ, таңба, сөзбелгілермен салғастыра, салыстыра отырып зерттеудің қажеттігі анық жайт. Лексикографияда қолданылатын шартты белгілерді зерттеуші ғалымдар, мысалы, Ахманова О.С., Ступин Л.П. және т.б. олардың сөздік бірліктің қосалқы семантикалық-функционалдық сипатын ашуға қызмет ететін «қосалқы семантикалық-функционалдық белгілер» болып табылатындығын жазған. Ғалым А.Е. Карпович: «Лексика-стилистикалық және грамматикалық-функционалдық белгісөздер де сөздің мағынасын ашатын элементтер қатарына қосылады» дейді [1, 19-б.].

Ал қазақ лексикографиясын зерттеуші ғалым М. Малбақов жалпы термин ретінде өткен ғасырдағы қазақ лексикографиясында кеңінен қолданылатын *шартты белгі* терминін қолдануды жөн көреді. Себебі оның құрамына сөзбелгілер де, алуан түрлі сандар мен арнаулы таңбалар түріндегі шартты белгі, таңбалар да кіреді. Осы екеуінің жинақты ұғымын белгілеуге қолданған дұрыс деп есептейді [2, 63-б.]. Сөзбелгілер мен шартты белгі, таңбалардың сөздік түзудегі атқарар қызметіне толық талдау жасау – қазіргі кезеңдегі лексикографиядағы өзекті мәселелердің бірі. Мақаланың мақсаты – қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде қолданылған шартты белгілердің таңбалық-мағыналық салыстырмалы сипаттамасын беру.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеуде негізінен дәстүрлі сипаттама, жинақтау, салыстырмалы әдістерге басымдылық беріледі. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» 2 томдық (1-том, 1959), «Қазақ тілінің сөздігі» (1999), «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (2008), «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» 15 томдық (2011, 3-том, 4-том, 7-том, 8-том.), «Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі» (2013), «Türkçe sözlük» (1998. I, IIşık), «Misalli Büyük Türkçe Sözlük» (2010), «Türkçe Sözlük» (2011, 2012) атты туыстас тілдердің түсіндірме сөздіктерінен мысалдар алынып, оларға талдау жасалды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Қазақ лексикографиясы мен түрік лексикографиясында шартты белгілер молынан қолданылады. Шартты белгілердің негізгі бір түрі – *сөзбелгіге* тоқталар болсақ, сөзбелгі – біршама қысқаша көлемде сөздік тұлға туралы пайдалы ақпараттың едәуір көлемін ұсынуға мүмкіндік беретін лексикографиядағы көмекші құралдардың бірі. Әрбір сөздікте шартты қысқартудың өзіндік формасы бар сөзбелгі жүйесі қолданылады.

Кеңес үкіметі дәуіріндегі тіл білімінде сөзбелгіге берілген анықтама мынадай: «Сөзбелгі (помета) деп басым бөлігі қысқартылған немесе шартты (символдық) жазбаға келтірілген және не аударылатын сөздің немесе сөз тіркесінің, не оның аударылатын баламасының қандай да параметрлерін сипаттайтын, не сөздің аударылған және аударылатын бірліктері арасындағы қатынастарды сипаттайтын сөзді (сөз тіркесін) атайды» [3, 7-б.].

Ресейлік тілші О.С. Ахманова «Лингвистикалық терминдер сөздігі» еңбегінде: «Қысқартым белгілерінің белгілі бір орныққан жүйесін пайдалану, сөздер туралы әртүрлі

деректер келтіру жолымен басылымның көлеміне айтарлықтай әсер етпей-ақ ақпардың көлемін кеңейтуге қызмет жасайтын лексикографиялық тәсіл» деп анықтама береді [4, 276-б.].

Сөздіктегі сөзбелгілердің атқаратын қызметі жайлы айтар болсақ, лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте: «Сөзбелгілер сөздердің стилистикалық деңгейін нақтылай түседі (*қарап., ауызекі, поэт., кітаб.*), сөздің экспрессивті бояуын (*вулг., күлк.*), қолданылу жиілігін (*сирек*), функционалдық-кәсіби қолданым аясын нұсқайды, сөздің семантикалық сипатын (*ауыс.*), қазіргі тілге қатысын (*көне, жаңа*), т.б. жақтарын көрсетеді» деген сипаттама беріледі [5, 463-б.].

Лексикограф В.В. Морковкин сөзбелгілерді мынадай түрлерге бөледі: *грамматикалық* (өткен ш.), *лексикалық* (адам туралы, адамға қатысты, көлік туралы), *семантикалық* (ауысп.), *стилистикалық* (соның ішінде функционалды стильдік, эмоциялы-экспрессивтік және хронологиялық (сөйл., жоғары, ресми, арн., хим., эзіл., ирон., еск., тар., неол.), статистикалық (сирек, әдетте, аз қолд. т.б.) *тыйым салушы:* (қолданымы шектеулі), тек (жекеше) т.б. [6, 45-б.].

М. Малбақов сөздік тұлғаларға қойылатын этимологиялық, грамматикалық, стильдік, т.б. белгілерді *белгісөз* деп атауды жөн көреді. *Сөзбелгілер* туралы пікірлерді қорыта келіп, келесідей төрт түрге топтап, қарастырған: *семантикалық сөзбелгі, терминологиялық сөзбелгі, грамматикалық сөзбелгі, бағамдық (стильдік) сөзбелгі* [2, 68-б.].

Семантикалық сөзбелгі негізінен сөздік тұлға білдіретін мағыналардағы ерекшеліктерді айқара ашып көрсетуде қолданылатындықтан түсіндірме сөздіктердің макроқұрылымының элементі болып саналады. Тіптен кірме сөздердің өзі келіп енген тілінің заңдылықтарына сай тұлғалық және мағыналық тұрғыдан меңгерілуі барысында бастапқы мағынасының шегін тарылтуы немесе кеңейтіп, бірнеше мағынада жұмсалуды мүмкін. Түсіндірме сөздіктерде кірме сөзге толыққанды мағыналық сипаттама берілуі де орын алады. Бұл қабылдаушы тілдің кірме сөзді толықтай игермегенін танытады. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде кірме сөздерге олардың қай тілден енгендігін көрсететін этимологиялық сипаттағы сөзбелгі түрі (*ир., ар., монғ., ор., ағ., т.б.*) қолданылады. Мысалы:

**АЛЛА** [ар.الله] зат. діни. *Барша жанды-жансыз дүниенің, галамның иесі, ешкімнен туылмаған, ешкімді тумаған, құдіретті күш, 18 мың галамды, қиямет-қайымды, осы дүние мен о дүниені, күллі әлемді жаратушы, Құдай адамның табынатын раббысы...* [7, 73-б.].

**Allah** *öz. a. Ar. 1. Tanrı. 2. mec.* Allah sözcüğü kimi ad tamlamalarında tamlanan sözcüğü güçlendirir: *Allahın tembeli. Allahın kırkı. Allahın ayazında ...* [8, 68-б.].

**ВОЛЕЙБОЛ** [ағылш. volleyball] зат.спорт. *Қолдон* (*донты қарсыластар жағына керме тордан асыра ұрып, жерге түсіру үшін бәсекелесетін командалық спорт ойыны*) [7, 311-б.].

**voleybol, -lu is.** (*vole'ybol*) *İng. volleyball sp.* Altışar kişilik iki takım arasında, bir alan otarasında gerilmiş olan ağ üzerinden bir topun karşılıklı olarak elle oynanması oyunu [9, 2351-б.].

**ВАГОН** [франц. wagon] зат. көлік. *Жолаушыларды немесе әртүрлі жүктерді тасу үшін рельсті жолмен қозғалатын доңғалақты көліктің құрамдас бөлігі.* Жолаушылар таситын *вагондардың* барлығы және жүк таситын *вагондардың* біразы автоматты тежеуішпен қатар қолтежеуішімен де жабдықталған (ҚҰЭ). ... *Вагонның* доңғалақтары, Әніне басты жаттанды. Жат елдің жанған оттары, Қалжырап артта қап қалды (М. Мақатаев, Шығ.) [10, 202-б.].

**Vagon is.** *Fr. vagon<İng.* Yük ve yolcu taşımakta kullanılan, lokomotifin çektiği demir yolu arabası: «*O, biraz sonra bineceği vagonun önünde duruyor ve ... el sıkışarak veda ediyordu.*» - *Y.K. Karaosmanoğlu* [9, 2326-б.].

Илхан Айверді өзінің еңбегінде: «Сөздіктегі барлық сөздерге этимологиясы берілді, бұл орайда этимологиясы табылмаған немесе күдікті сөздер үшін ескертулер жасалды. Алайда бұл этимологиялық сөздік емес» деп жазған [11, 6-б.].

Атау сөздің терминдік мәнде жұмсалатынын көрсететін терминологиялық сөзбелгілер, әдетте, сөздіктің макроқұрылымының құрамында қарастырылады. Дегенмен ғылым салаларын белгілейтін терминологиялық сөзбелгілерді В.В. Дубичинский функционалдық-стильдік қатарға қосып, ішкіқұрылымның элементі ретінде қарастыруды жөн көреді [12, 158-б.]. Біздің ойымызша, бұл өте орынды, себебі олар қандай да бір лексеманың ғылыми стильге, яғни тілдің функционалдық стильдерінің біріне жататынын көрсетеді. Туыстас тілдердің түсіндірме сөздіктерінде белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдердің мағынасын түсіндіруде азды-көпті айырмашылық байқалады. Егер қазақ тілінде терминнің толық ғылыми анықтамасы беріліп отыратын болса, түрік тілінде қысқаша түсініктемесі беріліп отырады. «Тіл, әдебиет, тарих, өнер, т.б. ғылым терминдерінің жаңадан ұсынылған кең таралған терминдері енгізілді. Алайда бұл терминдер күнделікті өмірде қолданылмағандықтан, түсіндірмелері келтірілді» [11, 10-б.].

Мысалы:

**ВИТАМИН** [лат. *vita*] зат. **1.** мед. *Дәрумен (азғаның бірқалыпты тіршілігі үшін аса қажет органикалық зат)*. Бірсыпыра ағаштар мен бұта тұқымдарының жемістерінде көптеген *витаминдер* болады және дәрі жасау үшін пайдаланылады (М. Ерлеспесов, Суарм. егіншілік)... **2.** фарм. *Дәрумендерден тұратын дәрі-дәрмек*. Қазақстанда әлі толық пайдаланылмай жүрген эфир, май, тері илеуге керекті заттар, сабын, *витаминдер*, дәрі-дәрмектер, алколоид, т.б. алуға болатын көптеген пайдалы өсімдіктердің ұшы-қиыры жоқ тоғайлары бар (Қ. Сәтбаев, Қазақстан)... [10, 233-б.].

**vitamin** *a. Lat. dirb.* Hayvansal metabolizma için gerekli olan ve organizmaya besin ya da ilaç olarak dışarıdan sağlanan biyokatalizör madde [8, 1808-б.].

**МОЛЕКУЛА** [лат. *moles*] зат. физ. *Заттың химиялық қасиеттері сақталатын ең кішкентай бөлшегі*.

**Молекула конфигурациясы.** хим. *Циклдік немесе хиральдық элементтің қос байланысқа орай алғандағы орын басушыларының кеңістік орналасуы*. **Молекулалардың көлемдік саны.** хим. *Молекула концентрациясы*. **Молекулалар концентрациясы.** хим. *Компоненттің молекулалар саны арқылы өрнектелген концентрация* [7, 937-б.].

**molekül** *is. Fr. moléculekim.* **1.** Element veya birleşikleri oluşturan ve onların özgül niteliklerini gösteren en küçük birim, madde. **2.** (*fiziksel kimyada*) Bir veya birkaç atomun birleşmesinden oluşan, birkaç çekirdek veya elektronlu yapı. **3. тес.** Bir bütünün en küçük parçası [9, 1573-б.].

Сөздікте берілген сөздің семантикалық-функционалдық сипаттамасы толық болу үшін оның стильдік және хронологиялық белгілері, эмоционалдық-экспрессивтік ерекшеліктері, қолданылу аясы жайында түсінік берілуі керек. «Сөздің стильдік бояуы лексикалық мағына элементтерінің бірі болғандықтан, мұндай белгілер сөздің семантикалық сипаттамасын толықтыруға қызмет етеді» дейді М. Малбақов [2, 64-б.].

Туыстас тілдердің, яғни, қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде сөздің әртүрлі стильдік бояуын көрсету үшін бірнеше белгі қойылады. Мысалы, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде *алғыс, әзіл, бата, бейпіл сөз, дөрекі, тұрпайы сөз, келемеж (ирон.), кекесін, құрметтеу, мысқыл, сүйсіну, қарғыс, менсінбеу, еркелету, жақтырмау, жағымсыз, реніш, тілек* деген субъективті көзқарасты білдіретін сөздер арнайы сөзбелгілермен ажыратылады. Мәселен, 2011 ж., 2013 ж., бір томдық пен он томдық сөздіктерде алғыс сөз – алғ., бата – бата., жағымсыз – жағымсыз., жақтырмау – жақтырмау., кекесін – кекесін., келемеж – келемеж., қарғыс – *қарғ.*, менсінбеу – менсінбеу., мысқыл – мысқыл., реніш. – реніш, сүйсіну. – сүйсіну, тілек – тілек., сыпайы сөз – *сып.*, эмоциялық сөз – эмоц., экспрессивті – экспр., анайы сөз – *ан.* немесе **анайы** (қалың қаріппен), дөрекі, тұрпайы сөз – *дөр.* деп белгіленген. Әлеуметтік қолданысы шектеулі бейәдеби қарапайым элементтер *қарап.* белгісі арқылы беріледі. Мысалы:

**АҒАЖАН** зат. экспр. Туған ағасына немесе жасы сол тұстас жақсы көретін адамына құрметтеу мәнінде айтылатын қаратпа атауыш [7, 25-б.].

**АЛТЫНЫМ эмоц.** Ең сүйікті, қадірлі, құрметті, қимас адам дегенді білдіретін атауыш сөз [7, 77-б.].

**АҢҚЫЛДАҚ** сын. **1.** Арамдығы жоқ, ақкөңіл. **2. жағымсыз.** Дарақы, сөздің мәнісіне бара бермейтін. **3.** Даусы қатты шығатын. **4.** Қонақжай, молқолды [7, 90-б.].

**АТАУ-КЕРЕ** зат. **1.** діни. Адамның өлер алдындағы ең соңғы асы. **2.** ауыс. сөйл. Тамақ, ас. **Атау-керенді ішкір [жегір]. қарғ.** өлім халіне ұшырағыр [7, 119-б.].

**ПАЙДАСЫМАҚ** зат. мысқыл. Пайдаға ұқсас, болмашы пайда [7, 1046-б.]

**НЕТКЕН қаран.** Негылған, өзгеше, қандай [13, 617-б.]

Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде де сөздің әртүрлі стильдік бояуын көрсету үшін арнайы сөзбелгілер қолданылады. Мәселен, кекесін мәнді дегенді білдіретін *alay yolucөзіне* – *alay*, тұрпайы мәнді дегенді білдіретін *hakaret yollu* сөзіне – *hkr.*, дөрекі сөз дегенді білдіретін *kaba konuşmada* – *kaba*, әзіл-қалжың мәнді дегенді білдіретін *şaka yolu* сөзіне – *şaka* сөзбелгілері қойылады. Мысалы:

**acıklar livası a.** *alay* İş gücü olmayan, boşta kalan kimse. **Acıklar livası olmak** *alay* işsiz ve kazançsız kalmak [14, 18-б.].

**eşekbaşı is.** *Kaba* Yetkisi önemsenmeyen, gücünü gerektiği gibi göstermeyen kimse: «*Sen necisin? Eşekbaşı mısın bu sınıfta?*» - R. İlgaz [15, 734-б.].

**bokluk a. kaba 1.** Pislik. **2. mec.** Kötü durum: *Bu işin sonunda bir bokluk çıkacak. O adamın bokluğu var* [8, 251-б.].

**düldül a. 1. esk.** Hz. Ali'ye Peygamber tarafından armağan edilen katırın adı. **2. (şaka)** Kötü at. **3. (şaka)** Eski otomobil [15, 494-б.].

**kavat is.** *Ar. kavvād hkr.* Yolsuz, yasa dışı veya gizli, cinsi birleşmelerde aracılık eden erkek, pezevenk [9, 124-б.].

Қазіргі кездегі сөздіктерде түрлі **таңба** (знак, symbol), белгілер молынан қолданылады. Мысалға алатын болсақ, сөздің транскрипциясын шрифт түрлерімен квадрат жақшада беру ([ ]), дыбыстың сапасына берілетін ( : \* ^ \_ ‘ ‘ ) т.б. алуан түрлі таңбалар, фразеологизмді білдіретін ромб (◇) пен мағыналық реңкті беретін сызықшалар ( | және || ), сөз мағыналарының ара қашықтығын көрсету үшін қолданылатын араб және рим цифрлары және т.б. атап өтуге болады. Сөздің білдіретін нақты мағыналарын емес, сөздікте қарастырылатын бірліктердің жан-жақты сипатталуына қызмет ететін шартты белгілердің түрі – **таңбаларды** сөздіктің ішкі құрылымының элементі деп есептуге болады.

Туыстас тілдердің, яғни қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде синтаксистік байлаулы мағынадағы тұрақты тіркестерді, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді көрсетудің қалыптасқан шартты таңбалары қолданылады. Атау тұлғаның мағыналық өзгерістерін жете көрсету үшін түсіндірме сөздіктерде топтастырылып берілетін тұрақты сөз тіркестеріне қатысты ғалым М. Малбақов былай дейді: «Фразеологизмдерді сөздік мақаланың соңында бір жерде топтап беру – өткен ғасырдағы одақтық лексикографияда оларды түсіндірме сөздіктерде берудің негізгі жолы болған еді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде де осы тәсіл таңдалған болатын. Қазіргі түсіндірме сөздіктерде оларды атау сөздердің жеке мағыналарында беру тәжірибесі де ұшырасады. Түсіндірме сөздіктердің мақсат-мүдделеріне байланысты екі тәсілді де айырым қолдануға болады деп ойлаймыз» [2, 157-б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде фразеологиялық тіркестердің барлық түрі (фразеологиялық тұтастықтар, фразеологиялық бірліктер және фразеологиялық тізбектер) алынады. Сөздік мақаланың ұяшығына енген тұрақты тіркесті өзінен бұрын тұрған сөз мағыналарынан ажырату үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде ақ немесе қара түсті ромбиктер (◆, ◇) қолданылатын болса, түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде, атап айтқанда

«Мысалдармен үлкен түрік сөздігінде» «Misallı büyük türkçe sözlük, 2010» жұлдызша таңбасы (★) алынады. Мысалы:

**АДАМ** зат. 1. Ойлау және сөйлеу қабілеті бар, құрал-сайман өндіре алатын және ол құралдарды қоғамдық еңбек процесінде пайдалана алатын тірі жан, кісі. *Адам ойға тоймас, бәрі қойға тоймас* (мақал). *Ар мен ұятқа терістіктен сілкініп бойын жиып ала алмаған кісі адам ба өзі?!* (Абай). 2. Саналы адам, азамат, көпке пайда тигізетін адам. *Атаңның баласы болма, адамның баласы бол* (мақал)... ♦ Адам айтқысыз – шексіз мол, ұшы-қиыры жоқ. *Бейбітшілік күші адам айтқысыз мөлшерде өсіп бара жатыр* (С.Қ.). ♦ Адам болу – ер жету, жұрт қатарына қосылу. *Адам бол, мал тап* (Абай) [16, 11-б.]

**АДАМ** 1. Ойлау, сөйлеу қабілеті бар, еңбек құралдарын жасап, оларды өз қажетіне жарата білетін, саналы қоғам мүшесі. 2. Көпшілік қауым, жұрт, халық. ♦ **Адам айтқысыз** – керемет, газжап, айтып болмайтын. **Адам алатын бұра** – кісіге шабатын бұра. **Адам баспас жер** – көзі көріп, құлақ естімес қашық жер. **Адам болмайды** – ауру дендеп, өлім халіне жеткен... [13, 17-б.]

**İNSAN** الإنسان *i.* (Ar. uns. “ünsiyet etmek, alışmak”tan insān) 1. İki ayaklı, iki elli, akli ve konuşma yeteneği olan memeli canlı: 2. Bu türden olan canlı, birey, fert: *Yanımda başka insan* (Peyâmi Safâ). 3. *i. ve sıf.* Ahlâkı ve huyu üstün nitelikli, insâniyetli, değerli, ahlâklı kimse. 4. Herhangi bir kişiye ifâde etmek için zamir gibi kullanılır: *İnsanın aklından ne deli hülyâlar geçiyor* (Nâmık Kemal). 5. **tasavvuf.** Yaratılmışlar arasından en güzel sûrette ve en son yaratılan, Allah’ın sıfat ve isimlerine mazhar olan6 kendi yaratıcısını bilen veya inkâr edebilen, yaptıklarından sorumlu canlı: ... *Yaratan fiiliyle, kavlyile, gizli ve âşikâr tasarrufuyle insandan zuhur etmiştir* (Sâmiha Ayverdi).

★**İnsan adam:** İnsan olanın iyi niteliklerine sâhip olan6 insâniyetli kimse. **İnsan azmanı:** Aşırı derecede iri kimse, adam azmanı. **İnsan eti yemek:** *mec.* Dedikodu yapmak, aleyhte konuşmak. **İnsan gibi:** Beğenilen ve istenilen biçimde, insana yakışır şekilde, efendice, adam gibi... [11, 565-б.]

**АНА** 1. Балалы болған әйел, туған шеше. 2. **Ауысп.** Тәрбиелеп өсірген орта, ел-жұрт. 3. **Ауысп.** Шыққан ұя, тұрақты мекен. □ Ана тілі – әр адамның өз ұлтының тілі. ♦ **Анадан [жаңа] туғандай** – тыр жалаңаш. *Ана көкірек мейіріманды, бауырмал. Ана сүті аузынан кетпеген* – уылжыған жас, сәби. **Ана сүтін ақтады** – әке-шешенің ойлаған жерінен шықты [13, 46-б.]

**ANNE a.** 1. Çocuğu olan kadın, ana, valide. 2. *mec.* İnsanın kendine en yakın gördüğü varlık. §~ **olmak** (kadın) çocuk sahibi olmak: *Evlendikten iki yıl sonrs anne oldu.* ~**ler günü** annelerin değişik yollarla gönlünün alındığı mayıs ayının ikinci pazarı [8, 91-б.]. Мысалдарда орын алған § белгісі бас сөз мағынасының фразеологиялық байлаулы мағынаға ауысуын меңзейді.

**ANALI** *sıf.* Annesi hayatta olan.

★**Analı babalı:** Öksüz ve yetim olmayan, anası babası sağ: «*Allah analu babalı büyütsün.*» **Analı kuzu, kınalıkuzu:** Annesi hayatta olan tâlihli çocuk [11, 54-б.]

Қара түсті ромбик (♦) түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде одан кейінгі сөз, түсініктеме, аббревиатура және т.б. бірдей ерекшелікке ие екендігін, сонымен қатар етістіктерді көрсеткенде де қолданылады. Мысалы:

**ULULANMAK** edilgen f. (<ulula-n-mak) 1. Kendisine saygı gösterilmek, hürmet ve İtibar edilmek: Konuk müstahikk-ı ta'zim olup konduğu yerde riayet olunup ululandığından ötürü mihman derler (Dekāyikü'l-Hakayık - T.S.). ♦ dönüşlü f. (<ulu+lan-mak) 2. Büyüklük taslamak, kendini büyük görmek: Ululanmak bir Mevla'ya yaraşır (Pir Sultan Abdal). Ey hace fena ehline zinhar ulu/anma / Dervîşi bu mülkün şeh-i bî-hayl ü haşemdir (Rûhî-i Bağdâdî) [11, 1283-б.]

**DUVAKLANMAK** edilgen f. (<duvakla-n-mak) 1. Duvağı takılmak, başına duvak konmak. ♦ dönüşlü f. (<duvak-lan-mak) 2. Başına duvak takmak, gelin olmak [17, 310-б.]

Туыстас тілдердің түсіндірме сөздіктерінде жиі қолданылатын таңбалар ретінде ( ) түріндегі оймажақша немесе айжақша, сондай-ақ [ ] түріндегі тік жақшаларды көрсетуге болады. Мысалы, өзге тілден енген кірме сөз үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде [ ] тік жақша, ал түрік тілдерінің сөздіктерінде ( ) түріндегі оймажақша немесе айжақша аталатын таңбалар алынады. Мысалы:

**БИЗОН** [лат. Bison bison] зат. биол. *Жұптыаяқтылар отряды қуыс мүйізділер тұқымдасының зубр туысына жататын жабайы сиыр. Бизон – өте ірі жануар (ҚСЭ) [17, 345-б.].*

**BIZON** i. (Fr. bison < Lat.) Kafası geniş ve kısa, boynuzlan ufak ve kıvrık, postu kalın, hörgüçlü, alnı tümsekli, bugün sadece hayvanat bahçelerinde yaşayacak kadar nesli tükenmeye yüz tutan bir sığır cinsi [11, 157-б.].

( ) айжақша қазақ сөздігінде қосымша түсіндірмені де таңбалайды:

**БЕЛОК** ор. зат. биол. **Ақуыз** (*Өсімдіктер клеткалары мен жануарлар ағзасының ең негізгі бөлігін құрайтын күрделі органикалық азотты қоспа*).

**Белок синтезі.** биол. <лат. translatio> *Тірі ағза жасушасындағы цитоплазма нуклеин қышқылдарынан ақуыздың синтезделу процесі* [7, 224-б.].

**АҚТАЯУ** зат. кәс. Ақтаяқ<sup>3</sup> (балықты аудан сүзіп алатын құрал) [7, 53-б.].

Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде қолданылған ... (*үш нүкте*) цитата ішіндегі қысқартылған жерді белгілейді:

**ИЕЛЕНТ**= ет. *Иемденту, ие еткізу*. Бұл азарды көргенше, Мал-мүлікті *иелентіп*, Қызды қоса бергенше... Шулайды солай сыртынан (Батырлар жыры) [18, 201-б.].

**КИНОСЕАНС** з а т. *Кино көрсетілетін мерзім, уақыт*. Бір жерде отырмай, түрегеп жүріп кино көру қиын болғандықтан, ... *кино-сеанстар* 20–25 минуттық қана болады (М.Құдайқұлов, Оқу киносы). Ол *киносеанстан* жатақханаға құлшынған жігермен келді (Е.Домбаев, Ғашықтық.) [19, 32-б.].

**BUZ** i. (Eski Türk. büz; kökü kesin olarak bilinmemektedir, büz-mak > buy-mak «donmak» fiilinden gelmiş olabilir) Soğuktan donarak katı duruma gelmiş su: «*Buz torbası.*» *Başmda Alp dağlarının ebedl buzları...* (Cenap Şahabeddin) [11, 174-б.].

**MARS** i. (Kökü bulunamamıştır) Tavlada oyuncuların birinin diğerine hiç pul toplama fırsatı vermeden oyunu bitirip iki sayı birden kazanması: *Yengernin iki mars, bir oyunla kazandığı partiden sonra ...* (Yusuf Z. Ortaç) [15, 773-б.].

Терминдік мағынадағы сөздің латын, араб, грек, т.б. тілдеріндегі ғылыми баламасы үшін қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде <> екі жақты сынық жақша (ҚӘТС, 15 т., Қазақ сөздігі, 2013 ж.) алынатын болса, түріктің түсіндірме сөздіктерінде < > екі жақты сынық жақшаның < сыңары кірме сөздің қай тілге барып саятынын, не болмаса сөздердің түбірі мен жалғауларын көрсету үшін сөздің алдына қойылады. Мысалы:

**ҚОҚИҚАЗ** зат. зоол. <лат. phoenicopterus roseus> *Қырлы төсті құстар тармағына, қоқиқаздар тобына кіретін, мойны мен сирағы ұзын, имек тұмсықты, қауырсыны ашық қызғылттым сұрғылт қоңыр болып келетін жыл құсы* [7, 803-б.].

**МАМАНДЫҚ** зат. терм. <лат. professio> **1.** *Жеке бір адамның арнайы жоғары не орта білім алуы негізінде белгілі бір кәсіпті игеріп, сол сала қызметінде шеберлігін қалыптастырған түрі.* **2.** *Қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы.* **3.** ауыс. *Шаруа, айналысатын іс, ермек* [7, 898-б.].

**MAYIS** i. (Yun. mâios < Lat. maius) [1 Mayıs'ta bayramı kutlanan Roma tanrıçası Maia'nın adından] Yılın nisan ve haziran ayları arasındaki 31 gün çeken beşinci ayı, ilkbahar aylarının üçüncüsü: *Mayısta penceremizden sabô-yı nôz u niyaz / Eserdi okşayarak nazenin gülistanz* (Hüseyn Slret). *Etrafi okşuyor mayısın taze rüzgarı / Karşımda köhne Üsküdar'm dost ışıkları* (Yahya Kemal) [11, 779-б.].

**kapari** is. (ka'pari) Yun. <Lat. bot. | Yemişinden turşu yapılan gebre otunun biradı [8, 1194-б.].



Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде кей жағдайда сөздің даму барысындағы тұлғалық өзгерісті көрсету үшін сөздің бастапқы, ең алғашқы формасы мен соңғы формасы (күнделікті қолданыстағы формасы) арасына < > екі жақты сынық жақшаның > сыңары қойылады:

**epizot** *a. Yun.* > *Fr. tiy.* Ana olaya bağlı, onun daha iyi belirmesi için gerekli ikinci derecede olay, oluntu [8, 545-б.].

**koton** *a. ve öna. Ar.* > *Fr.* Pamuktan yapılmış olan (kumaş vb.) [11, 1081-б.].

Түрік тілінің түсіндірме сөздіктерінде кездесетін < > екі жақты сынық жақша немесе () оймақжақша негізінен сөздің сөзжасамдық тұрпатын айқын көрсету мақсатында қолданылады. Мұндай жақшаларға алынатын түбір сөз бен қосымша арасына қойылатын + белгісі қолданылады:

**KÜÇÜMEN** *sif.* (< *küçük+men* >) Benzerlerinden küçük daha küçük, küçükçe [11, 724-б.].

**SARILI** *sif.* (< *sarı+lı*) 1. Üzerinde sarı renk bulunan: «*Sanlı kırmızılı kumaşlar.*» 2. *sif. ve i.* Sarı giymiş (kimse): «*Sanlısım tammtyorum.*» [11, 1063-б.].

**OTÇUL** *sif. ve i.* (*ot+çul*) Otlar beslenen (hayvan), otobur [11, 955-б.].

Екі тілдің де түсіндірме сөздіктерінде сөз тіркесі түрінде берілген мысалдарды ықшамдау мақсатында тіркес құрамындағы атау сөздің орнына тильда (~) белгісін пайдалану кездеседі. Мысалы:

**АҚЫРЫНДАУ** *Баяулау, жайырақ.* Машина ~ жүрді [20, 29-б.].

**БАҒАЛЫ 1.** *Бағасы қымбат, нарқы жоғары.* Терісі ~ аңдар. **2. Ауыс.** *Өте маңызды, құнды.* ~ қасиет [21, 74-б.].

**kabir, -bri** *a. Ar.* Sin, gömüt, mezar: «*Ve serin serviler altında kalan kabrinde / Her seher bir gük açar, her gece bir bülbül öter.*» - *Y.K. Beyath.* §~ **azabı çekmek** çok sıkılmak, üzulmek. ~ suali uzun ve biktirici soru, ahret suali [8, 897-б.].

**kuruş** *a. İt.* > *Alm. esk.* Liranın yüzde biri değerinde Türk parası. §~~**kuruşu** bile hesap ederek. ~ **u** ~ **una** hesap tam çıkartılarak [8, 1116-б.].

Сөздіктегі бірліктердің бірқатарының мағынасын ашуда анықтаманың орнына *сілтеме* жасау тәсілі қолданылады. В.В. Морковкин сілтемеге келесідей анықтама береді: «сөздік элементтері арасында (әдетте *сөздік тұлғалар* арасында) белгілі бір байланыс орнатуға дәнекер болатын, толық немесе қысқарған түрде кездесетін сөз (сөз тіркесі)» [21, 18-б.].

Сілтемелер қазақ лексикографиясында көбінесе «**қара**», «**салыстыр**» тәрізді тұлғада, кейде тұтас сөйлем түрінде, кей кездерде бағытты көрсететін символ түрінде ұшырасатын болса, түрік тілі лексикографиясында сілтемелер **b.**, **bk.**, **krş.** сияқты тұлғада кездеседі, яғни **bk.** қысқартпасы **bakınız (қараңыз)** және (**krş.**) **karşılaştırınız (салыстырыңыз)** деген мағынаны білдіреді.

**АЙБАРЛЫҚ** *қ. Айбарлылық* [20, 19-б.].

**ADED Bk. ADET** [17, 11-б.].

**keten helvası** *is. bk.* keten helva [9, 1285-б.].

### Қорытынды

Қорыта келгенде, бүгінгі тіл білімі ғылымында әр тілге қатысты сөздіктердің жасалуына айырықша мән берілуде. Өйткені сөздіктер арқылы белгілі бір дәрежеде тілді игеруге болады, соның ішінде олар сөздердің мән-мағынасын түсінуге өзіндік себебін тигізеді. Сөздікті жасаудың әдіснамасын, жалпы алғанда, теориясы мен практикасына қатысты мәселелерді лексикография қарастырады. Түрлі типті сөздіктердің жасалу барысында, яғни оның түзілуінде әр атауға қатысты сипаттамалар беріледі, олардың нақты тілдегі айырмашылықтарына қарай шартты белгілер қойылады, ондағы негізгі мақсат – атау сөздердің сыр-сипатын ашып, олардың мағыналарын толықтыру болып табылады.

Шартты белгілер сөздік мақаланы мағыналық жақтан толықтырып, таңбалық жақтан безендіретіндіктен сөздіктің макро- және микроқұрылымдарының құрамдас бөлігіне кіреді. Сөздік мақала құрамында атау сөз білдіретін және одан туындайтын сан алуан мағыналармен тығыз байланыста болып келетін семантикалық сөзбелгі сөздіктің макроқұрылымының элементі ретінде есептелетін болса, шартты белгілердің стильдік белгі, таңба, сілтеме тәрізді түрлері сөздік ұядағы сөз бірліктерінің шығу тегін, қолданыс аясын, стильдік ерекшелігін, мағыналық реңктерін және т.б. сипаттарын аша түсу үшін пайдаланылады.

Жұмыс барысында қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінде *сөзбелгі, стильдік белгі, таңба, сілтемелердің* қолданылуына ерекше назар аударылып, талдау жасалды. Талдаудың нәтижесінде атау тұлға арқалайтын мағыналардың жалпы сипатын танытуда қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктері бір-бірімен жүйелі қатыстылықтағы шартты белгілерге жүгінеді деп айтуға болады. Қазақ және түрік тілдерінің түсіндірме сөздіктерінің шартты белгілер жүйесіндегі семантикалық сөзбелгілер, стильдік белгілер, сілтемелер байқағанымыздай негізінен бірдей, басты ерекшелік сөздік ұя арқалаған сан алуан тілдік ақпараттың таңбалар мен (тильда (~) белгісі, ( ) түріндегі оймажақша немесе айжақша, сондай-ақ [ ] түріндегі тік жақшалар, <> екі жақты сынық жақша және т.б.) безендірілуінде көрініс береді деген қорытындыға келеміз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ступин Л.П. О добавочной семантико-функциональной характеристике слова в толковом словаре // Исследования по английской филологии. Сб. III. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1965. – с. 16-27.
2. Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.
3. Берков В.П. Слово в двуязычном словаре. – Таллин: Валгус, 1977. – 140 с.
4. Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. – М.: Учпедгиз, 1957. – 296 с.
5. Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 685 с.
6. Морковкин В.В. Основы теории учебной лексикографии: Дисс. ... док. филол. наук. – М., 1990. – 280 с.
7. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі). – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.
8. Türkçe Sözlük. 3 baskı. – Ankara: Dil Derneği, 2012. – 1944 s.
9. Parlatır İ. (ve başkaları). Türkçe sözlük. II. K-Z. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2523 s.
10. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 4. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
11. İlhan A. Misalli Büyük Türkçe Sözlük. – İstanbul: Kubbealtı, 2010. – 1411s.
12. Дубичинский В.В. Лексикография русского языка: учеб. пособие (для вузов). – М.: Наука, Флинта, 2009. – 428 с.
13. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
14. Akalın Ş. H. Türkçe Sözlük. 11.bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011. – 2523 s.
15. Parlatır İ. Türkçe sözlük. I. A-J. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2244 s.
16. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Т. 1. – Алматы: Ғылым, 1959. – 695 б.
17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 3. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 7. – Алматы: Дәуір, 2011. – 752 б.
19. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Т. 8. – Алматы: Дәуір, 2011. – 744 б.
20. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 773 б.
21. Морковкин В.В. Типология филологических словарей // Vocabulum et vocabularium. – 1994. – Вып. 1. – С. 13–23.

#### REFERENCES

1. Stupin L.P. O dobavochnoy semantiko-funkcionalnoy harakteristike slova v tolkovom slovare [Issledovaniia po angliyskoy filologii [On the additional semantic and functional characteristics of the word in the explanatory dictionary] // Studies in English Philology]. Sb. III. – L.: Izd-vo LGU, 1965. – 16-27 s. [in Russian]

2. Malbaqov M. Bir tildi tusindirme sozdiktin qurylymdyq negizderi [Structural bases of monolingual explanatory dictionaries]. – Almaty: Gylym, 2002. – 368 b. [in Kazakh]
3. Berkov V.P. Slovo v dvuiazychnom slovare [A word in a bilingual dictionary]. – Tallin: Valgus, 1977. – 140 s. [in Russian]
4. Akhmanova O.S. Ocherki po obshhei i russkoi leksikologii [Essays on general and Russian lexicology]. – M.: Uchpedgiz, 1957. – 296 s. [in Russian]
5. Lingvisticheskiy enciklopedicheskiy slovar [Linguistic encyclopedic dictionary]. – M.: Sovetskaya entsiklopediia, 1990. – 685 s. [in Russian]
6. Morkovkin V.V. Osnovy teorii uchebnoy leksikografii: Diss. ... dok. filol. nauk. [Fundamentals of the theory of educational lexicography]. – M., 1990. – 280 s. [in Russian]
7. Qazaq sozdigi (Qazaq tilinin birtomdyq ulken tusindirme sozdigi) [Kazakh dictionary (one-volum large explanatory dictionary of the Kazakh language)]. – Almaty: Daur, 2013. – 1488 b. [in Kazakh]
8. Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. 3 baskı. – Ankara: Dil Derneği, 2012. – 1944 s. [in Turkish]
9. Parlatur İ. (ve başkaları). Türkçe sözlük [Turkish dictionary]. II. K-Z. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2523 s. [in Turkish]
10. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T. 4. – Almaty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
11. İlhan A. Misalli Büyük Türkçe Sözlük [Grand Turkish Dictionary with Example]. – İstanbul: Kubbealtı, 2010. – 1411 s. [in Turkish]
12. Dubichinskiy V.V. Leksikografiia russkogo iazyka: ucheb. posobiye (dlia vuzov) [Lexicography of the Russian language: Textbook, allowance (for universities)]. – M.: Nauka, Flinta, 2009. – 428 s. [in Russian]
13. Januzaqov T. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
14. Akalın Ş. H. Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. 11.bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011. – 2523 s. [in Turkish]
15. Parlatur İ. Türkçe sözlük [Turkish Dictionary]. I. A-J. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 1998. – 2244 s. [in Turkish]
16. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]. T. 1. – Almaty: Gylym, 1959. – 695 b. [in Kazakh]
17. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T.3. – Almaty: Daur, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
18. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T. 7. – Almaty: Daur, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
19. Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. In fifteen volumes]. T. 8. – Almaty: Daur, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
20. Qazaq tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Daik-Press, 1999. – 773 b. [in Kazakh]
21. Morkovkin V.V. Tipologiiia filologicheskikh slovarey [Typology of philological dictionaries] // Vocabulum et vocabularium. – 1994. – Vyp. 1. – S. 13–23. [in Russian]

**Ш.А. ШОРТАНБАЙ**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com*

**Қ. ЫСҚАҚТЫҢ «КЕЛМЕС КҮНДЕР ЕЛЕСІ» РОМАН-ЭССЕСІНДЕГІ  
ҚАЛАМҒЕРЛЕР БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ АВТОРЛЫҚ ҰСТАНЫМ**

**Аңдатпа.** Қазақ әдебиетіндегі эссе жанры кеңес дәуіріндегі әдебиетте көп көріне қоймағаны белгілі. Тәуелсіздік тұсында бұл жанрдың аясында авторлардың өздері куә болған кеңестік кеңістіктегі оқиғалар, көріністер кеңірек баяндалды. Қаламгерлер ойды көркемдік шындық аясында сараптап жеткізетін эссе жанрының ұтымды тұсын тиімді тәсіл ретінде қолданды. Мақалада роман мен эссенің байланысынан, өзара тұтасуынан туған көрнекті қаламгер Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» атты екі кітаптан тұратын роман-эссесі нақты талданады. Роман-эссені ұлттық әдебиеттану негізінде саралап, өзіндік ерекшелігін, поэтикалық құрылымын айқындайды. Роман-эсседе автордың көрген-білгені, естіген-түйсінгені, көзқарас пайымдары мен толғаныс-толғаулары кестелі тілмен, жатық стильмен өрнектелгені талданады.

Мақалаға Қалихан Ысқақтың өзі жайлы, заманы жайлы, замандастары туралы, өскен ортасы мен туған өңірінің азаматтары хақындағы естеліктері мен есіндегілері жинақталып, деректі, шежірелі, көркем туындыға айналғаны жан-жақты арқау болған. Қаламгердің роман-эссесіне көркем тіл, поэтикалық баяндау, жатық стиль тән екендігі тұжырымдалады. Роман-эссе – балалық шақтың кермек дәмінен, естен кетпес оқиғалардан, қимас күндер елесінен, ұлт өмірінің арғы-бергі кезеңінен хабардар ететін, автордың өмірбаян дерегінің молдығы мен дүниетаным арнасының кеңдігін көрсететін, қазақ әдебиетін көркемдік, жанрлық, тақырыптық, деректік, танымдық тұрғыдан байытқан құнды дүние екендігі талданған. Қорытынды бөлімінде Қалихан Ысқақтың «Келмес күндер елесі» атты роман-эссесінің қазақ әдебиетін көркемдік, жанрлық, тақырыптық, деректік, танымдық тұрғыдан байытқан құнды дүние екендігіне тоқталады.

**Кілт сөздер:** роман-эссе, поэтика, образ, жанр, портрет, стиль, жазушы.

**Sh.A. Shortanbay**

*Senior Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com*

**The Image of Writers and the Author's Position in the Novel-essay  
by K. Yskak «The Illusion of the Past Days»**

**Abstract.** It is known that one of the genres of Kazakh literature, essays, appeared infrequently in the literature of the Soviet era. During the period of independence, within the framework of this genre, events and scenes in the Soviet space were described in detail, by the

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Шортанбай Ш.А. Қ. Ысқақтың «келмес күндер елесі» роман-эссесіндегі қаламгерлер бейнесі және авторлық ұстаным // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №1 (127). – Б. 108–119. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.09>

**\*Cite us correctly:**

Shortanbai Sh.A. Q. Ysqaqytyn «Kelmes kunder elesi» roman-essesindegi qalamgerler beinesi jane avtorlyq ustanym [The Image of Writers and the Author's Position in the Novel-essay by K. Yskak «The Illusion of the Past Days»] // *Iasauı universitetinin habarshysy.* – 2023. – №1(127). – B. 108–119. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.09>

authors. Writers have used the rational side of the essay genre as a powerful way to analyze an idea in the context of artistic reality. The article analyzes a novel-essay «Kelmes kunder elesi» («The illusion of the past days»), from two books, which is the result of the relationship between the novel and the essay by the outstanding writer Kalihan Iskak. He defines the features and poetic structure of the essay novel based on native literary criticism. The essay novel analyzes how the author writes very eloquently and with a peculiar style about the events he witnessed, as well as about his views and thoughts.

Memoirs of Kalikhan Iskak about himself, about his time, about his contemporaries, about the environment in which he grew up, as well as the memories of the inhabitants of his native land, which were collected to create a wonderful piece of art, served as the basis for writing the article. It is argued that the novel-essay of the writer is distinguished by artistic language, poetic narration and a peculiar style. It is analyzed that the novel-essay is a valuable world telling about the tastes of childhood, unforgettable events, ghosts of the days of the people's life, reflecting the abundance of biographical facts and the breadth of the author's ideological channel, enriching Kazakh literature in artistic, genre, thematic, source studies, cognitive terms. The concluding part says that the novel-essay of Kalikhan Yskak «Kelmes kunder elesi» («The illusion of the past days») is a valuable work that has enriched Kazakh literature in artistic, genre, thematic, documentary and cognitive terms.

**Keywords:** novel-essay, poetics, image, genre, portrait, style, writer.

### Ш.А. Шортанбай

*старший преподаватель Казахского национального университета имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы.), e-mail: shokhan.shortanbaev@gmail.com*

### Образ писателей и авторская позиция в романе-эссе К. Искака «Иллюзия прошедших дней»

**Аннотация.** Известно, что один из жанров казахской литературы эссе в литературе советской эпохи проявлялся нечасто. В период независимости в рамках этого жанра были подробно описаны события и сцены на советском пространстве, свидетелями которых стали и сами авторы. Писатели использовали рациональную сторону жанра эссе как действенный способ анализа идеи в контексте художественной реальности. В статье анализируется роман-эссе «Келмес күндер елесі» («Призрак ненаступивших дней»), из двух книг, ставший результатом взаимосвязи романа и эссе, выдающегося писателя Калихана Искака. Он определяет особенности и поэтическую структуру романа-эссе на основе отечественной литературной критики. В романе-эссе анализируется то, как автор очень красноречиво и со своеобразным стилем пишет о тех событиях, свидетелем которых он стал, а также о своих взглядах и мыслях.

Мемуары и воспоминания Калихана Искака о себе, о своем времени, о современниках, о среде, в которой он вырос, а также воспоминания жителей его родного края, которые были собраны для создания прекрасного художественного произведения послужили основой для написания статьи. Утверждается, что роман-эссе писателя отличается художественным языком, поэтическим повествованием и своеобразным стилем. Анализируется, что роман-эссе – это ценный мир, рассказывающий о вкусах детства, незабываемых событиях, призраках дней жизни народа, отражающий изобилие биографических фактов и широту мировоззренческого руслу автора, обогащающий казахскую литературу в художественном, жанровом, тематическом, источниковедческом, познавательном плане. В заключительной части говорится о том, что роман-эссе Калихана Искака «Келмес күндер елесі» («Призрак ненаступивших дней») – ценное произведение, обогатившее казахскую литературу в художественном, жанровом, тематическом, документальном и познавательном отношении.

**Ключевые слова:** роман-эссе, поэтика, образ, жанр, портрет, стиль, писатель.

### **Кіріспе**

Қаламгерлер эссе жанрын туындыны көркемдік шындық аясында сараптап жеткізетін ұтымды, тиімді тәсіл ретінде қолданатыны белгілі. Ұлттық әдеби дәстүрімізден нәр алған, роман мен эссенің байланысынан, өзара тұтасуынан туған, жаңаша пайымдауға негізделген бұл жанрды ұлттық әдебиеттану негізінде зерделеу қажеттігі айқын нәрсе. Оның қазақ роман жанрына қосқан үлесін екшеу, өзіндік ерекшелігін айқындау, поэтикалық құрылымын саралау да аса қажет. «Бұлардың әрқайсысы бір алдыңғы қатарлы шығарма болып табылмағанымен, белгілі бір дәрежеде әдебиетімізге келіп қосылған соны ізденістердің нышаны екендігін, жаңа сапаға ие бола бастаған қазақ әдебиетінің кезекті көркем көрінісі екендігімен санасу керек» [1, 556-б.].

Ұлттық әдебиетімізде кештеу дамыған жанр екендігі рас. Бастауында Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы тұрғанымен, кеңестік кезеңдегі әдебиетте көп көріне қойған жоқ. Тәуелсіздік кезеңінде роман-эссе жанрының қазақ прозасында да барынша дамығанын ерекше айтуға болады. Трансформацияланған жанрлық форма ретінде роман-эссе ұлттық прозамыздағы Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Әбілқайыр Спанның Әбіш Кекілбайұлы туралы «Заңғар», Медеу Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы», Әділ Дүйсенбектің «Шерағамның шеруі», Төлен Қауыпбайұлының Мұқағали Мақатаевтың өмірінен жазылған «Аққу саздары», Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша», т.б. туындылардың мазмұнынан көрініс таба алды.

Қазіргі әдебиеттегі роман-эссе жанрын көрнекті қаламгер, көркем сөздің хас шебері Қалихан Ысқақтың 2013 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Келмес күндер елесі» атты екі кітаптан тұратын туындысын нақты талдау барысында өзіндік ерекшелігін айқындауға тырыстық. Белгілі әдебиеттанушы ғалым Бақытжан Майтанов роман-эссе жанрындағы автор-баяндаушының рөлін, жазушы-автордың өзіне ғана тән субъективті ойларын зерделей келе: «Эссенің жанрлық мүмкіндіктері қолға ұстататын кілт – еркіндік. Авторлық баяндау еркіндігі. Бұл дегеніңіз – әртүрлі параметрлерге ұя тебетін уақыт пен кеңістік межелерін тиісінше сапырылыстыру арқылы сюжеттік-композициялық тың бітім қалыптастыру» [2, 22-б.], - дейді.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу әдісі ретінде Қалихан Ысқақтың шығармашылығына шолу әдісі, оның көркемдік тұрғыда бейнелеу әдісі, прозадағы кейіпкерлер мен эпизодтарды талдау әдісі және салыстыру әдісі қолданылды. Шолу әдісінде «Келмес күндер елесі» роман-эссесіндегі автордың баяндауы, жазушылығы, шынайы таланты сараланады.

Сөз жоқ, әдебиетте әр бір шығарманы зерттеу барысында ішкі мазмұнына ерекше назар аударылады. Сондықтан талдау әдісіне шығармадағы кейіпкерлердің тағдыры, олардың басынан өткізген оқиғалары, оқиғалар желісіндегі эпизодтар басшылыққа алынды.

Салыстыру әдісі барысында жалпы, роман-эссе жанрындағы кейіпкердің өзге шығармалардағы бейнелермен ұқсастығы мен айырмашылықтары салыстырмалы түрде қарастырылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

«Келмес күндер елесі» роман-эссесін оқу барысында қаламгерлердің шығармашылығы туралы да, шығармашылықтан тыс уақыттағы көңілді мезеттері мен мұңлы шақтары, өміріндегі, өнеріндегі қалтарысы мен бұлтарысы, көпшілікке бимағлұм шығармашылық лабораториясы, өзіндік ортасы, таланты мен тағдыры, азаматтық болмысы мен парасат-пайымы, кісілігі мен кішілігі хақында көп жайларға қанығамыз. Мұның кейбіреулерге жай дүние сияқты көрінгенмен, өткен өмірден сабақ алуға, әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен сипатын аңғаруға, жекелеген қаламгерлердің шығармашылық лабораториясын зерделеуге, әдеби өмір шежіресін, әдеби үдерістің қалпын, бағыт-бағдарын бағамдауға келгенде оқырман үшін ойланарлық дүние, зерттеушіге құнды құжат, қажетті мәлімет-ақпарат,

шығармашылық, көркемдік әлемінің мәселелерінің, жай-жапсарын айқындауда таптырмас рухани азық, тарих үшін, әдеби қауым үшін өткен күннен белгі, дәлел-дәйек, керекті дерек қоры болуы да ғажап емес. Мұның сыртында қаламгердің ұлты мен ұланы, оның жері мен елінің тарихы, өмір жайлы өрелі ойлары топтастырылған, көркем тілмен, жатық стильмен жазылған көркем туындысы, оқырманмен өткен күндер сағынышын, келмес күндер елесін бөлісетін элегиялық толғанысы, мұң мен сырға, сезім мен әуенге толы естелік-эссесі екенін бағамдасақ, ғылыми орта мен әдеби қауым үшін де, ойлы оқырман мен ертеңгі ұрпаққа да қажет екенін ескерсек, көп жайттың мәселесі аңғарылып, көп мәселенің жай-жапсары түсінікті болатыны анық.

Автордың замандастары мен қаламдастары жайлы ой-пайымдары қос кітаптың өн бойында дерлік ұшырасып жатады. Қалихан Ысқақтың роман-эсседегі баяндауына сүйенсек, университетке «келмей жатып танысқаным Ахан Нұрманов пен Тельман Жанұзақов деген жігіттер еді. Неге екенін білмеймін екеуі маған жылы ұшырады да тұрды» [3, 266-б.] - дейді. Сол жылы шыраймен ұшырасу ұзаққа созылатынын дәл сол сәтте қаперлеріне алмаған болар. Көп танысудың, кездейсоқ кездесудің біріне балаған болар. Тельманның қазақ журналистикасына сіңірген еңбегі өз алдына. Спорт тақырыбын да жете меңгеріп, оның орнығуына да себеі тигенін қарапайым көпшілік біле бермеуі мүмкін. Оқырман Спорт тақырыбындағы репортаж жанрын қалыптастырып, оның өзіндік стилін жасаған адамның Тельман Жанұзақов екендігін Қалағанның эссесімен танысу барысында біледі. Италияда өткен Олимпиада ойындарынан репортаж жүргізгенін, тау спортына ғашық болғанын, альпинизммен шұғылданып қана қоймай, сол кездегі санаулы шеберлердің бірі болғанын аңғарады. Тельман досының еліне, жеріне барған сәттерін, Сартымбет қарияның көпті көрген қазыналығын, қонақжайлығын да тамсанып еске алады. Достыққа адал, досқа жанашыр Тельмандай азаматтың жастарға жасаған қамқорлығын көпке үлгі, өнеге ретінде айтып өтеді.

Ахан Нұрмановпен таныстығы туыстыққа, достығы туысқандыққа бергісіз болғанын бұрын да оқығанбыз. Роман-эссенің бірқыдыру бөлігі Аханның азаматтық тұлғасын, батыл ұстанымын ашып көрсетуге арналған екен. «Шетел әдебиетінен лекция оқитын Мадзигон: «Дүниежүзілік классиканы Нұрмановтай білген адам университетте оқымай-ақ қойса болады» [3, 279-б.], - депті. Аханның көп білетініне, білімдарлығына берілген бағаның шынайылығына сенесің.

Біз біле бермегенмен, Аханмен студенттік жылдардың алғашқы жүздесуінен-ақ басталған достықтары сетінемеген Қалихан Ысқақтың қимас шақтарын еске алып, өткен күндерге сағынышпен, мұңмен жиі оралатын осынау кітаптағы жазбаларынан аңғарамыз. Суреткер жазушылығы, шынайы таланты туралы оқып білгеніміз өз алдына, оның пенделік құпиясы, қысқа ғұмырының көпшілікке беймағлұм қалтарыс-бұлтарыстары, оңашалыққа үйір, саяқ жүруге үйір оның жанын не мазалады, өмірге қыжылы, тағдырға наласы неден туындады? Кеңестік идеологияның ықпалын ысырып тастап, Құланды пір тұтты, тың игеру мәселесінде ұлы дүрмектің астарында даңғаза мен дақпырттың қатар жүргенін ерте байқады. «Тың дейтұғын ортасында отырса да Ахан ол туралы бір ауыз жылы сөз айтқан жоқ. Тың дейтұғын науқанның ар жағында не саясат жатқанын біреу түсінбей мазақтады, біреу түсінсе де жампоздықпен далақтады. Ахан тың әкелген қасіретті жазды. Қасіретке қаламнан басқа жұмсар қаруы жоқ еді» [3, 302-б.].

Екі апта бойы боранмен алысып, екі апта бойы өлікпен сөйлескен Болат деген кейіпкерінің сұм тағдырға қарата айтқан, ашынып айтқан сөздерінен автор Аханның да заманнан түршіккен қалпын көретінін, заман-зауалдың ата-бабаларынан тартып өзіне дейінгі өмірлерінде шеккен зәбірдің, жабылған жаланың, көрген қысастықтың аз болмағанын аңғартады. Өзі айтпаса да, өзегінде өткен күндеріне деген кіжіністің бар екенін, кеңестік кезеңнің китұрқы саясатынан ұлы атасы Нұрманның да, өз әкесі Шайдахметтің де аз азап

шекпегенін, мұның бәрін Аханның өзінсіз өткен 60 жасын атап өту барысында елдің көнекөздерінен естіп, көңілі қамыққанын жазады. Кейіпкер Болаттың айтатын: «Е, дос-ай дос! Екеуіміздің күніміз де күн емес, иттің күнінен де бетер болды ғой!.. Әкеміз анау арыстай болып сулап жатқан... Өмірінде тірі пендеге тырнақтай қиянат жасаған жоқ еді. Ендеше мұны сорлатып соншама шығынға неге айдады?» [3, 303-б.] деген сөздері Аханның да тағдырына, заманаға қарата айтқан сөзіндей. Құланды жазуы – нағыз ерлік. Асқақ Құланның ұрпағы Қыпшақ Құлан заманның көзсіз батыры. Ахан саясатқа сүйенсе, Құлан иесіз қалады. Құлан-Кейкіні кейінгі ұрпаққа үлгі етем десе, аждаһаның аузына жұтылады.

Туындының айтары аз болмағанын азшылық ұқты. «Айсберг әдісі» дегеннің әлем әдебиетіндегі орнығуына Хемингуэйдің ықпалы зор десек, қазақ әдебиетіндегі көрінісінің алғашқы үлгілерін Аханның астарлы туындысынан айқын аңғаруға болатындай. Билік, бақылау қай Құланды жазғанын білмей састы, Ахан өз Құланының қағынан «жерінген» жоқ. Суреткерлік әдді, шебер қиял, өміршең идея көркем әдебиеттегі Құланды биікке көтерді. Аханның жазғаны шындық, Құланы – тәуелсіз елді аңсаған ұлан екендігі, қаламгерлік ұстанымы азаматтық тұлғасымен ажырамас бірлікте біте қайнасып жатқанына бүгінде елі куә, ұрпағы ұлына разы. «Уақыт деген шіркін қаламға да ерік берген жоқ. Соған қарамастан, совет өкіметі қазақтың тарихынан атын өшіріп тастаған аяулы азаматтарымыздың бейнесін көркем әдебиетте қайта жаңғыртқан қаламгердің бірі Ахан болды. Өттең кеңшілік заманға іліге алмай қалды. Кім біледі, Алла ұзағырақ ғұмыр бергенде Ахан бүгін «Құланның ажалын» қайта жазар ма еді?.. Қалай да...» [3, 6-б.], - деп қамығатын Қалихан құрдасының айтпағы да бүгінгі қалың оқырманға түсінікті-ақ.

Роман – прозалық көркем шығарманың көлемді эпикалық түрі. Оның эпикалық шығармадан айырмашылығы ұзақ баяндауды негізге алады. Сол себепті онда өмір құбылыстары, адамдардың қарым-қатынасы кеңінен қамтылады. Роман бүгінде әлемдік жазушылардың ең танымал жанры. Қалихан Ысқақов өз роман-эссесінде өмір шындығын өзек етеді. Бұл ретте оның қаламынан көркем әлемнің қанық бояуын көруге болады: «Жер дүниені қызғылт шұғыласына малып, мыстай балқыған ай жоғарылай түсті. Айдың айнымалы нұрында жайпақ төбешіктер зорайып, жаман ши, тобылғы шоғырының өзі үй орнындай болып көрінеді. Шөп басын самал тербегенде ұлғайып ұзарған селдір көлеңкесі толқып, жер көшіп бара жатқандай әсер береді» [4, 70-б.], «Шығыс жақ жаңа алаулап келеді. Түн көлеңкесі үйелеген төбе баурайлары бірте-бірте жарық тартып, күзгі жауынмен қайта көктеген шөптің түсі ашыла берді. Түнде мол шық түсіпті» [4, 115-б.].

Ал Қалихан Ысқақов тағдырлы туындыны аяқтап үлгере алмағанын аяқсыз қалдырмай, рухтас досының ой желісін үзбей, өзінше тұжырымдады. Шығарманың нүктесін қойған Қалиханның ойында, «Қолымда «Құланның ажалы» қалды. Екінші бөлімін қазақшалап, үшінші бөлімін қысқа қайыруыма тура келді. Аханның ойын таба алдым ба, таба алмадым ба, білмеймін... Амал жоқ, Аханның өзі болса басқадай аяқтар ма еді?..» [3, 316-б.] деген өкініш қалды.

Эссе – оқырманды ой теңізіне жетелейтін, өзіндік ойлау мен сезіну қажеттілігін туғызатын рухани әлемге азық сыйлайтын әрі әлемдік құбылыстарды өткір қабылдауды ерекшелейтін көркем туынды дейді С.Негимов. Эссе шығармаға қарағанда еркін, көркемдік-публицистикалық жанрдың бір түрі. Сондықтан роман-эсседе өміршең деректер мол. Осы эссені оқу барысында біз Ахан досының соңында қалған шығармашылық мұрасын жинап-теріп, кейінгі ұрпаққа жеткізу міндетін абыроймен атқарғанын, «бір кем дүниенің» түгенделмесе де, бүтінделгенін аңғардық. Шынында, автордың ой-толғамдарын толқымай оқу мүмкін емес. Аға буынның аялы алақанының жылуын, үзеңгілестерінің өнерде бәсекелес болғанымен, шынайы өмірде адалдық, достық, адамгершілік дейтін адами құндылықтардың құнын төмендетпегенін, інілерінің ілтипатқа толы көңілін сағынышпен еске алады. «Жастық шақта гүл алаң» деп Абай айтқандай, жастық жалынының қызу шағын көркем бейнелейді.



«Атадан жалғыз болсам да, ағадан кемдік көргем жоқ. Тағдырдың маған қиған бақыты шығар, мен ағалар қолтығында көп жүрдім. Бірі Кетік дейтұғын, бірі Кержақ дейтұғын, бірі Кольхауын деуші еді, бірі қалжың-шыны аралас әңгімемді қызық көретін, бірі үлкен үміт күтетін, бірі жанашырлық жасайтын. Бір-бірімізге барынша, әркімнің қолынан келгенінше атмосфера жасауға тырысатынбыз» [3, 411-б.], - деп ағынан жарылады.

Қос Ғабеннен көрген қамқорлығын, Мәскеуде Тәкенмен өткізген қимас сәттерін, Шәкен Айманов пен Мәжит Бегалиннің, Сафуан Шәймерденов пен Әнуар Әлімжановтың, Қалағанның, Хамаңның, Жүмекеннің, Мұқағалидың азаматтық болмысын, кісілік келбетін көз алдына әкеледі. Ал, Тельман, Ахан, Сайын, Қабдеш, Әкім, Қомшабай, Нәзір, Жақау, т.б. туралы әңгімелері ұлттық әдебиетіміздің кемелденуіне бірге үлес қосқан, ыстық-суығына бірге күйіп, азабы мен рақатын бірге сезінген құрдастарының адами, азаматтық бейнесін, қаламгерлік һәм қайраткерлік болмысын аша түседі. Әрқайсысының өз әлемі, өз «мені» болғанымен, ортақ мүдде, ұлттық рух, әдеби орта көзқарастарын тоқайластырып, танымдарын бір арнаға тоғыстырғанын іштей мойындайды, іштей ұғынысады.

Алтайдан кіндіктері бір, жамағайындығы және бар інілері туралы айтары аз емес екені белгілі. Оралхан, Дидахмет, Әлібекпен арақатынасы, аралас-құраластығы оқырманын бейжай қалдырмасы анық. Ағаларының аялы алақанының жылуын інілеріне сезіндірмесе Қалихан кім болмақ? Алдына шақырып та айтатын, батырып та айтатын, көңіліндегі ойларының інілерінің шымбайына бататын тұстары да баршылық, алақандай ауылынан бастап ортақ Алтайға дейінгі аралықтағы шетін мәселелердің ортақ шешім тауып, шешіліп жататын тұстары да кісі қызығарлық.

Өңірдің тынысы мен тіршілігі, ауылдың әлеуметтік жағдайы мен әулеттің тұрмыстық халі де ортақ әңгіме арнасына айналып, елдік мүдде мен ұлттық рух мәселесімен түйінделетін толғақты тақырыптар ешқашан үзілген емес, ойларынан бір сәт те ажыраған емес. Мұны Қалағанның осы кітабынан да, ой-пайымдарынан да, іні-әріптестерінің жазған-сызғандарынан, ағаларына, бір-біріне деген ілтипат-көңілдерінен де айқын аңғарамыз.

«Әулет және әлеуметтің» өне бойынан автордың сыр сандығын бірге ақтарыса отырып, қимас күндеріне бірге саяхаттаймыз, елесін санада қайта жаңғыртуға «атсалысамыз», өткенін бірге еске түсірісіп, ұмытқанын, жоғалтып алғанын, жоғын бірге түгендейміз. Қаламгердің әдемі, көркем баяндау тәсіліне елтіп отырып, сырласына, мұңдасына қалай айналғанымызды сезбей қаламыз. Бірде автормен ел кезіп, жер аралап, Алтайға сапар шексек, енді бірде Мәскеудегі сағынышқа толы сәттеріне куә боламыз. Жазушылар Одағындағы мәселелермен етене танысып, «Қазақфильмдегі» киноға бергісіз күндерінің ғажайыптарына таңқалып, таңдай қағамыз.

Жазушы өмірбаяны мен шығармалары арасындағы ұқсастық сырының себебін өмірден көрген-білгені мен керекті дерегін сұрыптап беруде, өмір шындығын реалистік тұрғыда сипаттауда шынайылықты арттыра түсуге септігі тиетінін, оған көркемдік шындыққа ұластырудағы өзіне тән суреткерлік шеберлігін қоссақ, мәселенің байыбын түсінер едік. Қаламгерлердің өмірі шығармашылық жолымен тұтасып кететінін, өзара бірлікте, байланыста болғанын зерттеушілер де жоққа шығармайды. Егер оқырман жазушының көркем туындыларымен жете таныс болса, онда қаламгердің шығармашылық лабораториясына қатысты көп жайтты аңғара алатынын айтар едік.

Мысалы, «Қоңыр күз еді» повесіндегі бас кейіпкер Қасымның автордың тікелей өзі болмағанымен, ондағы кейбір детальдар, оқиғалар өзінің өміріне қатысы бар екенін айтқан. Жалпы, роман-эссесіндегі өткен күнге ойша оралулар сәтінде қаламгердің осы кезге дейін жазылған көркем прозасындағы кейбір кейіпкерлердің, оқиғалардың, эпизодтардың арақидік қылаң беріп отыратыны жасырын емес. Жанама, тікелей қатысы бар дүниелерді жазушы қаз-қалпында емес, көркемдік сипат дарыта отырып, шебер қиюластырады.

Автордың «Қоңыр күз еді» повесіндегі Қасым қиялындағы ой-арманның, бастан кешкен балалық шағының қаламгер Қалиханның балалық шағымен біте қайнасып, мидай араласып, етене сапырылысып жататынын да аңғарамыз. «Мен терезенің алдында отырмын. Ақ жауын толассыз себелеп тұр. Лекіте соққан жел, жөңкіле көшкен бұлт, қалтырап ұшқан жапырақ, шуылдаған мазасыз қарға мен ұзақ – бәрі де менің ауылымды елестетеді. Бір жылдарда қош айтысқан балалық шағымды әкеле жатқандай» [5, 48-б.].

Мәселен, повестегі Қыдырханның өзімен интернатта бірге оқығанын, қандай оқушы болғанынан хабардар болсақ, оның Бүкір аталу себебіне, өзіне тән қылықтарына куә болсақ, сол Қыдырхан бейнесі авторға өмірде де бөтен болмағаны байқалады. Жетімдіктің зардабын ерте тартқан повестегі Қыдырханнан роман-эсседегі Қыдырханның елеулі өзгешелігі де байқалмай қалмайды. «...Қ.Ысқақов өз геройын көріп қана қоймай, онымен кәдімгідей сөйлесетін тәрізді. Бұл – шын суреткерге тән машық. Мынау мектеп директорының сөзіндегі әрбір ырғақ-тыныстан оның қай түрде, қалай сөйлеп отырғанын көзге елестету оқушы үшін де қиын емес. Дәл осы сөз арқылы оның мінезін білу одан да оңай. Демек, диалог өз міндетін атқарып тұр» [6, 149-б.].

Автордың поэтикалық ізденісі, тіпті шағын ғана диалог құрудағы жаңашылдығынан, шеберлігінен айқын аңғарылып, болашақ суреткер жазушының характер жасаудағы, образ сомдаудағы өзіне тән стильдік ерекшелігі айқын байқалып тұр. «Қандай шаруа болмасын ересек Қыдырхан соның басында жүреді. Мерекелік ұрандарды жазатын да, қабырға газетін әшекелейтін де сол, бүкіл жетімектердің шашын күзейтін де сол, шеберлігі аудан басындағы шаштараздан асып түспесе кем емес, тірлікке керек-ау деген көп нәрсені Қыдырханнан үйреніп едік», - дегенінен Қыдырханның шынайы өмірде намысшыл, еңбекқор болғанын байқаймыз.

Әдебиет зерттеушісі М.Арнауодтың пікіріне сүйенсек, «Образдар ғана суреткерді оятып, оның қызығушылығын туғызады немесе олармен үйлесуге әкеледі, ең жоқ дегенде айрықша сүйіспеншілігін тудырады. Олар қандай да бір қозғаушы күшті иемдене отырып, бұрыннан жат формасыз, шашыраңқы күйде көрініс таба тұрып, өзінше өмір сүру үшін автордың жан-дүниесінен бөлініп шыққысы келеді. Мұндай идеялардың белсенділігі мен суреткердің өзін-өзі ұмытушылығы – оның табиғатындағы эмоционалдық факторлар мен қиял-елес дүниесінің әрекеті» [7, 5-б.].

Анасының дүниеден озар шағындағы өтініш, аманатын автор есінен шығармай, көркем шығармаларына да тиек еткен. Анасы айтқан үш тілекті: «Біріншісі, сен ер-азаматсың, мен өлгенде жыламауың керек, екіншісі, мен дүниеден озған соң, ауылда тұрмайсың, оқы, білім ізде. Үшіншісі, біз дуалы ауыздымыз, сондықтан ешкімді қарғама, саған жаманшылық жасаған адамның жазасын құдай береді» [2, 178-б.], - өмірлік қағидатына, ұстанымына айналдырғанын оқырман қауым роман-эссеге дейін де таныс екені айтқымыз келеді.

Мәселен, Рамазан Тоқтаров досының кіші әкесі Төлешпен талай дәмдес болған авторды оның өзгеше болмыс-бітімі, усойқыдан ащы тілі, өзінен басқа ешкімді тыңдамайтын қырсық мінезі қызықтырды ма, әйтеуір Төлеш сөзін, бейнесін, атын, іс-әрекетін туындыларына арқау еткенін, болмыс-бітімін, мінез-құлқын Қара Диюға таңғанын білеміз. Ал Төлештің Рамазанның босбелбеулігіне, енжар қылығына көңілі толмай, салақтаған «қарашелекке» теңейтінін де, оны автор Жақып (Қарашелек атанған) атты кейіпкерімен ұқсастығын да оқырман қауым біледі. Оны Қалихан Ысқақтың өзі «Рамзайдың қаламына ілікпеген туыстарын, әсіресе, Төлештің атын өзгертпестен «Ақсу – жер жәннаты» романимда біраз эпизодтарға дәнекер етіп едім» [8, 114-б.], - деп еске алады.

Өзі туралы: «Өз басыма келсем, менде алғашқы нұсқа (черновик) деген болмайды, көп отырып, көп ойланып, басымдағы ойды бір жүйеге келтірмей, он сөзден бір сөзді тандамай қағаз шимайламаймын, әр сөйлемді көкейде жонбай, көңіл көншімейді, алғашқы нұсқа деген маған өтірік еңбек сияқты болып көрінеді де, одан ләззат ала алмаймын. Мүмкін сирек жазатыным да осыдан шығар» [3, 107-б.].

Рамазан туралы: «Рамазан молдасын құрып еденде отырып жазатын. Ертесімен тұрады, бетін жумастан, жартылай жалаңаш қалпы, қай ғасырдан қалғанын кім білсін, «Рейнметал» дейтұғын шойын машинкасын алдына қойып, шарқылдатады да отырады. Ол – өндіріп жазатын. Бір отырса, тұрмастан, бәйбішесінің шәйін суытып, мәйін шулықтырып, бір межеге жетпей тоқтамайтын. Бітіріп алып, жазғанын артынан сұрыптайтын еді. Не де болса молынан шашып тастайтын да, соны қайта жинауға келгенде сөзін де, өзін де аямайтын. Біз «творчестволық кухнямызды» бір-бірімізден жасырмайтын едік» [3, 108-б.].

«Зейнолла эмоцияға берілмейтін, сырт қарағанда, тым салқынқанды, қаламы қатқыл сияқты, соған қарамастан айтар ойын жібектей ширатып отырып жұлынына дейін жеткізеді. Ең бір жақсы қасиеті, сынап отырған объектісін, авторды қырлап, тіл тигізген емес. Бұл кез-келгеннен табыла бермейтін мінез» [3, 110-б.].

«Тәкеннің олпы-солпы дүниелерді қара сиямен сызып отырып редакция жасайтын әдеті. Бірде оншақты беті қара-ала шимай болған «Абай жолын» оның столынан көріп, семинарға келген Әбу ақсақалдың шалқасынан түскені бар. Тәкеннің қолы қазымыр еді. Оның мінезіне, тіліне бітпеген қазымырлық қаламында қалған. Бірақ ол кінәмшіл қазымырлық емес, қаламының сұлтандығын танытатын, өнерге биіктен қарайтын кірпияздығы болатын. Үш жыл қасынан қалмай жырақта жүргенімде ағадан жұққан бір қасиет болса, ол осы тілге деген кірпияздық шығар» [3, 15-б.].

«Жүмекен бір ғана поэзия емес, әдебиеттің әр жанрына бақайшағына дейін шағып отырып әдемі талдау жасай беретін, бірақ баспасөз бетіндегі сынға араласып мақала жазған емес, ара-тұра аудиторияда болып тұратын айтысқа да шыққан жоқ, оның сыны көптің құлағына емес, авторлардың назарына, жеке отырыстарда айтылатын, жеткізіп айтатын, кесіп айтатын, сонсоң да кейбіреулер одан сескеніп жүретін» [3, 128-б.]. «Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары классиктердің егініне түскен ерен таланттың иесі екі ақын – Мұқағали мен Жүмекен ел аузына ілікті. Мұқағали өзі айтқан «қара өлеңнің шекпенін» қымтап жауып, көл-көсір, еркін талантымен көптің көңілін тапты да, Жүмекен интеллектуалды поэзияның биігіне көтерілді...» [3, 355-б.].

Университеттегі Әуезовтен тыңдаған дәрісі өз алдына, ол Қайым Мұхамедхановпен бірге өткізген күндерінде Мұханды, оның табиғатын, парасатын шын танығанын жасырмайды. «Университет қабырғасында дәріс алдым деп сырттай тамсанғаным болмаса, Әуезовтің кім екенін білмеппін ғой. Шетел әдебиетінің, орыс әдебиетінің тарихын ежіктеп, саяси экономия, жағырапия, КПСС тарихын жаттағанша, Мұханның лекциясын бес жылға созса да артық емес екен-ау!... [3, 216-б.] - деген ойлар білгір әдебиеттанушы Қайыммен етене жақындасып, сыр бөліскеннен соң туғанын байқаймыз.

«Абайдың ақын шәкірттерінің» қандай қиындыққа ұшырағанын, қоғамнан қандайлық теперіш көргенін естігенде Қайыммен бірге қамығады. Ең белді, көрнекті жазушымыздың (Әуезовтің) көрген құқайын естіп-білген Қалиханның төбе-құйқасы шымырлайды. Қазақ зиялыларына ертеректе төнген зауалдың қайыра соққан дауылына, қаһарына ұшырағандардың алдыңғы легінде Әуезовтің жүруі, Әуезовтің маңайындағылардың жүруі, көп жайды аңғартады. Кешегі Алаш идеясына адалдық танытқандардың сазайын тарттыру үшін, сабасына түсіру үшін арысы орталықтағы өктем көзқарастың, берісі өзіміздің, жергілікті биліктің, әміршіл жүйенің ызғары еді. Озбыр саясаттың өзімшіл саясатынан тұтас буын зардап шекті, қалың қазақ қасіретін көзбен көрді. Зиялыларымыз қудалауға ұшырап, ит жеккенге айдалды. Мұхаж Мәскеуді паналады.

Осының біразы бүгінде белгілі болғанмен, Қайыммен іш тартып әңгімелеу барысында мәселені тереңірек түсінді, кейінірек ҰҚК-нің өкілдерімен оңаша кездесу арқылы зиялыларымыздың да талай арандатуға ұшырап, бірін-бірі тығырыққа тірегендерін естігенін егіле отырып, бүгінгі ұрпаққа там-тұмдап жеткізеді. Сатқындықтың, аярлықтың, көре алмаушылықтың кесірінен қаншама тағдыр азап көрді, қаншама есіл ер өмірін өкінішпен

өткізді, қаншама отбасы жапа шекті? Ұлтымыздың кеңестік кеңістіктегі өмірінің, жүріп өткен жолының бәрі ғажайыпқа толы емес еді. Халық басына түскен нәубетті қаламгер алдымен сезінді, ел көрген қиындықты жазушы қауымы иықпен көтерісті, жанында болды, ұлт мүддесін жоғары қоя білді. Зиялы қауым қай заманда да ұлттың сөзін сөйлеген жоқшысы болды. Ұлттың ұпайын түгендесуге үлес қосты. Өзгеде кеткен кегімізді қайтарды, қанжығасында кеткен қарындастың дауын жоқтады. Қалам иелерінің қазақтың қай мәселесінде де қағыс қалып көрген жері жоқ.

«...Біздің жігіттер қыстың көзі қырауда көшіп қонатын және де пеші жоқ, булығы бітеу, тірі жан түгілі қой қамасаң да құмалағымен қатып өлетін қайдағы бір күркеге тап болатын да жүретін» [3, 272-б.]. Бұл соғыстан кейінгі кезеңде әдебиет пен мәдениеттің, ғылым мен білімінің ортасы саналатын Алматыға табан тіреген қаймана қазақтың қаладан көретін алғашқы теперіші, пәтер иелерінің босқынға қарағандай жиреніп, пәтершілердің бөгде өңірге, өгей өмірге бірте-бірте бой үйретуінің, алда талай көрер қағажуының басы іспетті. Мұндай өмірге де «жетімдер әулетінің» (өзі тектес, құралпас, тағдырлас, пәтерлестеріне Қалихан ағамыздың қойған атауы) тап болғанын, бірте-бірте бой үйреткенін, сол үйшіктерде тұрып-ақ ұлт әдебиетінің қазынасын молықтыруға қал-қадерінше күш жұмсағанын, «тастақтықтар» үйлерінің дәлізінде қазақ әдебиетінің нәрі саналатын туындыларының іргетасы қаланатынын, көші басталып, керуені болашаққа бет түзейтінін ол кезде білмеген де болар, сірә?! Үй тар болса да, көңіл кең, жұпыны өмір кешсе де, жазғандары талай буынның ризығына айналып келе жатқан замандастарының дені «Сансызбай, Әнуарбек, Ізтай, Сәкен, Сағи, Тұманбай, Нәсір, Ахан, Тельман, Оспанхан, Илия, Шәміл, Бекмырза, Жақан, Қабдыкәрім, Қосжан, Өмірбек, Бек, Әбіқұл, есіме түспегені бұдан жүз есе көп, қойшы әйтеуір, қазақтың зиялы деген жұртының кейінгі толқынының да 99,9 пайызы қайын енесіндей қақпас мәтүшкелердің қапсырмасын» [3, 273-б.] паналағанын, өмірдің қызығы мен қиындығын бірге өткізген күндердің әр сәті қымбат, әр мезеті сағыныш болғанын төгілте жазады.

Өнерде бәсекелес болғанымен, өмірде жұптары жазылмаған, қайғысы мен қуанышы ортақ, әрқайсысының жазары басқа, айтары бөлек болғанымен, жағдайлары қарайлас, деңгейлері шамалас кезеңдердегі достық пен жолдастыққа адалдықтарын сағынады, білуге құмарлық пен өмірге, өнерге құштарлықтарын аңсайды, ауылдың дарқан көңілі мен пейілін, мінезі мен болмысын қалаға сіндіруге келгендегі әрекеті мен қарекеттерінің еш болмағанына сүйінеді. Жергілікті ұлт тұрғындарының азшылығы қалада ғана емес, далада да сезіліп жатқан тұста ел үмітін сетінетпей, ұлттың ертеңгі өміріне, ұрпақ тағдырына өздерін жауапты сезініп, тілімен де, жүрегімен де, жазған-сызғанымен де үлес қосқандары, «білек күшін» де пайдаланатын тұстарын қаламгердің боямасыз жеткізетінін, ойындағысын ғана айтып қоймай, дерегі мен дәйегін, танымы мен ұстанымын да байқатып отырады. Алдыңғы буын ағаларының эстафетасын ілтипатпен қабыл алып, ел тағдыры, ұлт өмірі, әдебиет пен руханият тағдыры сынды мәселелерге де батыл үн қосып, өзіндік ой-көзқарастарын, ұстанымдарын білдіруден бой тасалаған жоқ. Әсіресе, шығармалары арқылы да қоғамға деген ішкі қарсылығын, әкімшіл-әміршіл жүйеге деген наразылығын, биліктің ұстанған саясатына ұлт жанашырларының «ұлтшыл» әрекеттерін, ертеңгі өмірге деген ел үмітін, аңсарын байқатпай қалған жоқ. Сәкеннің «Жапандағы жалғыз үй» соның жаңғырығы, Аханның «Құланның ажалы» соның мысалы, Жүмекеннің «Менің Қазақстанымы» соның айқын куәсі дерлік.

«Алматыда отырсаң, елді ойлайсың, елге барсаң, Алматы есіңнен шақпайды. Ауылда ағайын көп пе, Алматыда көп пе? Сәл алыстап кетсең, екеуін де сағынасың. Ауылмен кіндігім жалғасқан. Алматыда өмірім өтіп келеді» [3, 247-б.]. Автордың ауылымен кіндігі жалғасып жататынын көзіқарақты оқырман біледі. Өйткені, бар саналы ғұмырын шығармашылықпен өткізген Қалихан Ысқақтың қай шығармасы болмасын Алтайсыз күні жоқтай, туған жері қамтылмай, айтылмай қалған туындысы жоқ секілді көрінеді.

Тырнақалды туындысы саналатын «Қоңыр күз едіден» бастау алған туған елге деген құрмет, өскен өңірге деген тағзым, тумалас тарына деген сағыныш сүйекті, шоқтығы биік романы «Ақсу-жер жәннатына» дейінгі аралықтағы бар шығармасында дерлік шынайы көрініс тапқан. Туған жерге, елге деген сүйіспеншілікті, оның тау-тасы мен өзен-бауына дейінгі дүниенің бәріне алаңдауды, әр төбесі мен текшесінің тарихын білмекке деген құштарлықты Қалихандай түйсініп, сүйсініп жазса, өлке тану дейтін саланың ауқымы кеңіп, орталықтан тысқары жатқан талай қазақ ауылы мен шалғай ауданының мәртебесі тасып, мәселесіне ел, жұрт, билік назары ауар еді. Осы тұста Қалиханның жерлес жазушыларының да осы мәселеге келгенде көп қаламгерлерден бір бәс жоғары тұрғанын несіне жасырамыз.

Баспасөзден де, сұқбаттарынан да автордың талай жылдан бері алты ай жазды ауылында өткізіп, шығармашылықпен еркін айналысуға, бой жазып, демалуға, суына, буына түсіп, ем алуға, елін, жерін аралауға мүмкіндік тауып, үнемі ғадетіне айналдырғанын оқып жүретінбіз, еститінбіз. Әсіресе, тәуелсіздіктің елен-алаң шағындағы, нарықтық экономикаға өнер тұстағы, елдің еркіндікке қолы жеткенімен, мүмкіндігін оңтайлы пайдаланудың қырсырын жете меңгере, игере алмай жатқан сәттегі көрген қиындық пен сол қиындықты еңсерудегі жіберген қателік пен көзсіз ерліктер де көз алдынан өтті. Қаламын қаруға айырбастағанымен, сөзін өткізер, айтып жеткізер тұстарда қарап қалмады. Шаруашылықты жүргізудің тәсілі өзгеріп, жекеменшікке негізделген қатынас орнап, жекешелендірудің сан түрлі жолмен жүзеге асқан сәтіндегі босқан елді де көрді, қаңырап иесіз қалған жерді де көрді. Осы тұста бардың мұқтажын айтуға, жоқтың мұңын ойлауға тура келді. Әрине, маңайында, қасында ел деп соққан жүрегі бар азаматтар болды. «Алла жазса, кетіктің орны толар, кемістік түзелер, толтыратын да, түзететін де қазақпын дейтін азаматтар Қаратайға да келе бастады» [3, 173-б.], деп жазғанындай, өтпелі кезеңнен ес жиып өткенімен, алдағы атқарылар істің ауқымы да ұшан-теңіз екенін білді.

Ұлттық парктердің халықаралық орталығының берген бағасына сүйенсек, «әлемде бұған теңдесетін (Қатынқарағайды айтып отыр) дәл осындай жер жоқ». Тәңірі сыйлаған табиғаты, Отыкен заманынан мирас болып қалған территориясы, елге, жерге төнген зауалдың бәріне төтеп беріп, сол ел мен жерді көзінің қарашығындай сақта келе жатқан тұрғыны, сан қатпарлы тарихы бар елмен, өңірмен қалай мақтансаң да жарасатыны ақиқат. Қолынан жазу келетін, жүйелі, шешен сөйлейтін, тауып айтатын, қазып айтатын Қалихан Ысқақтың осы мәселелерді жазбауы да, толғақты мәселелер туралы толғанбауы да мүмкін еместей. Жерді қорғаған ерін, елдің бүтіндігін ойлаған азаматын айтпағанда кімді айтады, олар туралы жазбағанда кімді жазады?

«Шабанбайдай жер қайда?», «Қаратайдай ел қайда?» деп кітап жазуды қалаған, ел ағасы атанған Бошай Кітапбаевтың аманатын орындауға қаламгер Қалихан бәрін ысырып тастап кіріскенін өзінің айымен естіп-білдік, соның өтеуі – қолымыздағы «Келмес күндер елесі» деп аталатын қостомдық. «Азаматына қарап, ауылын таны» демекші, сол ауылдың ажарлы, базарлы қалпын жаһандану кезеңінде сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттау үшін еңбек етіп жүрген ел азаматтарының шынайы бейнесін сомдап, бүгінгі күннің шындығын жырлайды. Автор «ауылды тоздыру – қазақты тоздыру! Бір халықтың тамырына балта шапқанмен бірдей», - дейді. Ал біз автордың сүйікті пір тұтатын жазушысы, көрнекті орыс қаламгері Буниннің сөзімен түйіндесек, «пендеге де, батырға да, Адамның бүкіл ұрпағына ортақ мылқау өліктердің мәңгілік мекені бар екенін ұмытпа».

Қалихан Ысқақтың жазушылық шеберлігінің жарқырай көрінетін тұсы, оның стильдік-тілдік қолданысының ерекшелігінде болса керек. Роман-эсседе де осы мәселе айқын көрініс тауып, оқырманды ұлттық тілдің бай қорының қойнауына жетелейді, қазынасынан мейлінше сусындатады. Жергілікті тілдің ерекшеліктерін ұтымды қолдану да қаламгерлік шешіммен үндесіп, үйлесіп жатыр.

Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айшасында» балалықтың кермек дәмі арқау болса, ал Зейнолла Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесінде көбіне зиялы орта, ұстаз ұлағаты төңірегіндегі автор көзқарасымен түйінделіп жататыны белгілі. Ал Қалихан Ысқақтың роман-эссесінде қаламдастарының қилы өмір тарихы, оқырманға беймәлім жеке қаламгерлік шеберханасы, өзара қарым-қатынасы мен қоғамға көзқарасы ортақ желі құрап, жазушының қоғамдағы орны таразыланады, мұның бәрі, айналып келгенде туындының сюжетін құрудағы, композициясын түзудегі автордың жеке суреткерлік қабілетімен астасып тұр.

Роман-эссенің тілі ерекше кестелі сөз бен ой арқылы көркемдік кемері өзгеше ашыла түскен. Өзіндік жазу стилімен ерекшеленетін автор туындысы көркем шығармалардан, әсте, кем оқылмайды. Сан тарапта ойын жүйелі бере отырып, көркемдік детальді, яғни көркем шығармадағы белгілі бір мағыналық түрлерін, соның ішіндегі пейзажды тілдік орамның керемет үлгісімен бере білген. Табиғат эстетикасын сөз өнерімен өрнектеп бейнелеудегі қолтаңбасы қаламгердің танымдық көзқарасын айқындап, яғни пейзаж тірі мен жансыз арасындағы байланыстың образын әсерлі бейнелеу арқылы ашып, детальдарды қолдануы екі жақты көркемдігін айқындай түседі.

Ал енді Қ.Ысқақтың образдарды сомдаудағы тәсілі өте ерекше. Замандастары мен қаламдастарының образы жоғарыда талданып өтілді. Қаламгерлер образын сомдау барысында ерекше стилі арқылы оларды сипаттауда мінсіз мінезі мен болмысын көркем сипатта ұсынған. Бұл арқылы автор бойынан өнерге, соның ішіндегі сөз өнеріне және оны тудырушы иесіне деген үлкен жауапкершілікпен қарап, аса ыждаһаттылықпен сомдауды мақсат тұтқандығы көрінеді. Осылайшы өзімен оқырманды досы етіп сырласқандай әсер қалдырады.

Автор өзінің мықты суреткерлігінің арқасында роман-эссенің ерекше жанр түрі болып саналатындығымен тамсандырып, сүйсіндірмей қоймайды. Әрбір тарауында қаламгер жан-жақты шығарманың ерекшелігі мен құндылығына назар салып, түйінді тұстары мен негізгі бағыттарына ерекше назар аударған. Оған дәлел шығарма өне бойы тек баяндау тәсілі арқылы ғана көрініс таппай, автор тарапынан шынайылық пен жүйелі ойдың шырмауының аса жоғары деңгейде суреттеліп жазылғанына көз жеткіземіз.

### **Қорытынды**

Роман-эсседі қаламдас-замандастарының шығармашылық, суреткерлік талантын мойындай отырып, олардың көпшілікке беймәлім адами болмысын, кісілік келбетін, адамгершілік қасиетін, азаматтық ұстанымын айтуға, қамтуға тырысады. Әсіресе, әдеби орта мен зиялы қауым өкілдерінің кеңес тұсында көрген қысымдары мен қолдан жасалған түрлі науқандардан шеккен азабы аз емес. «XX ғасырдағы кеңестік кезеңнің шын бейнесін тануда да роман жанры көмекке келері анық. Әсіресе, ұлттық рухты жоюға арналған алып машина жұмыс істеп тұрғанда, сол машинаның апанына жұтылып кетуден сескенбей өз міндетін адал атқарған жазушылар еңбегін дұрыс бағалаған абзал» [9, 35-б.].

Алды Аймауытов, Торайғыровтардан басталып, берісі Әуезов, Мұқамедхановтарға жалғасқан теперіштің алпысыншы жылдарғы шарпуы өздерінің тұтастарына іріткі салып, ұйымшылдықтарының іргесін сөге жаздағаны автордың баяндауында әсерлі шыққан. Әулеттің ғана емес, әлеуметтің назарында болғанын, әрқайсысының қазақ қоғамындағы орнын, ел мен жер ұғымын түйсінудегі, ұлт пен ұрпақ алдындағы борышын сезінудегі қаламгер ретіндегі жауапкершілігін, азаматтық іс-әрекетін, пенделік әлсіздігі мен әділетті әрекеттерін келісті жырлап, құнарлы тілмен жеткізген. Кейінгі толқын қаламдастарына, жазушылардың шығармашылық шеберханасынан тағылым алам дейтін әріптестеріне, қаламгердің көркемдік құпиясының қалтарыстарын зерделесем дейтін ізденушілерге көл-көсір пайдасы барын да ескеруге тиіспіз.

«Келмес күндер елесі» роман-эссесі – қазақ әдебиетін көркемдік, жанрлық, тақырыптық, деректік, танымдық тұрғыдан байытқан құнды дүние.

**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Қазақ романы: өткені мен бүгіні: Ұжымдық монография. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2009. – 679 б.
2. Ш Қабдолов оқулары. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 398 б.
3. Ысқақ Қ. Келмес күндер елесі: роман-эссе. Т. 1. – Алматы: «Ана тілі баспасы» ЖШС, 2013. – 456 б.
4. Нұрманов А. Құланның ажалы. Роман. – Алматы: Жазушы, 1969. – 221 б.
5. Ысқақ Қ. Беу, ақсақ дүние... Хикаяттар. – Алматы: Раритет, 2004. – 288 б.
6. Қабдолов З. Шығармалары. Т.5: Ғылыми зерттеулер. Әдеби-көркем сын. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2013. – 328 б.
7. Арнауов М. Психология литературного творчества. – М.: Прогресс, 1970. – 654 с.
8. Ысқақ Қ. Келмес күндердің елесі // Жұлдыз. – 2008. – №6. – 208 б.
9. Камалқызы Ж. Мәңгүрттік – ұлттық санаға түскен дерт // Ясауи университетінің хабаршысы, 2013. – №2. – Б. 28–35.

**REFERENCES**

1. Qazaq romany: otkeni men bugini: Ujymdyq monografiya [Kazakh novel: past and present: Collective monograph]. – Almaty: Almaty baspa uyi, 2009. – 679 b. [in Kazakh]
2. Ш Kabdолоv оқулары. Halyqаралық gylymı-teorialyқ konferensia materialdary [Materials of the international scientific-theoretical conference]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2010. – 398 b. [in Kazakh]
3. Ysqaq Q. Kelmes kunder elesi: roman-esse [Kelmes kunder yelesi: novel-essay]. Т. 1. – Almaty: «Аna tili baspasy» JShS, 2013. – 456 b. [in Kazakh]
4. Nurmanov A. Qulannyn ajaly. Roman [Kulannyn azhaly. Novel]. – Almaty: Jazushy, 1969. – 221 b. [in Kazakh]
5. Ysqaq Q. Beu, aqsaq dunie... Hikaiattar [Beu, aksak dunie... Stories]. – Almaty: Raritet, 2004. – 288 b. [in Kazakh]
6. Qabdolov Z. Shygarmalary. T.5: Gylymı zertteyler. Adebı-korkem syn. [Sochineniia. Vol.5: Scientific research. Literary art criticism]. – Almaty: Qazaq enciklopediasy, 2013. – 328 b. [in Kazakh]
7. Arnaudov M. Psihologia literaturnogo tvorchestva [Psychology of literary creativity]. – M.: Progress, 1970. – 654 b. [in Russian]
8. Ysqaq Q. Kelmes kunderdin elesi [Kelmes kunder yelesi] // Juldyz. – 2008. – №6. – 208 b. [in Kazakh]
9. Kamalqyzy J. Mangurttik – ulttyq sanaga tusken dert [Mangurtyk is a disease that has fallen into the national consciousness] // Iasayi universitetinin habarshysy. – 2013. – №2. – B. 28–35. [in Kazakh]

М.С. КАДИРОВА<sup>1</sup>✉, А.Ш. ЮСУПОВА<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: mali\_ks@mail.ru

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор

Қазан Федералды университеті

(РФ, Татарстан Республикасы, Қазан қ.), e-mail: alyusupova@yandex.ru

## ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ КИРИЛЛ ГРАФИКАСЫМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚАЗАҚ СӨЗДІГІНДЕГІ ЛЕКСЕМАЛАРДЫҢ КӨПМАҒЫНАЛЫҒЫ

**Андатпа.** Қазіргі түркітану ғылымында әртүрлі графикалық жүйелермен: руна жазуы, ұйғыр, араб, латын, кирилл графикасымен жазылған түркі жазба мұраларының тілін зерттеу өзекті мәселе болып табылады. ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында кирилл графикасымен жазылған қазақ жазба мұралары бұл контексте бүгінгі күнге дейін жеткілікті зерттелмеген.

Мақалада түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ХІХ–ХХ ғасырлар шегінде кирилл графикасына көшуі сөз болады. Осы кезеңде П.М. Мелиоранский, Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, В.В. Катаринский, Л.З. Будаговтың және т.б. кирилл графикасымен жазған қазақша әліппелері, оқулықтары, сөздіктері жарық көрді. Сол кезеңдегі қазақ ағартушылары: Ы. Алтынсарин, Т. Бокин, Ж. Көшербаев, М. Машанов және т.б. кирилл графикасын белсенді түрде қолдана бастады.

Кирилл әліпбиімен жазылған еңбектер ішінде екітілді сөздіктер ерекше орын алады. Бұл сөздіктер қазақ халқының белгілі бір тарихи дәуіріне тән әлем бейнесін танытуымен, лингвистикалық, этномәдени ақпарат тасымалдауымен құнды.

Мақала осындай сөздіктердің бірі – 1897 жылы Орынборда Б.А. Бреслин баспаханасында жарық көрген «Киргизско-русский словарь» жазба мұрасына арналған. Сөздіктің авторы көрсетілмеген, алайда ол Н.И. Ильминскийдің «Материалы къ изученію киргизскаго нарѣчія» (Қазан, 1861) сөздігі негізінде қазақ зиялыларының қатысуымен толықтырылып, өңделіп, құрастырылған.

Мақалада аталған сөздіктегі көпмағыналы сөздердің семантикасы талданады. Көпмағыналық ұғымы аясында көпмағыналықтың реңктері ашылады, лексика-семантикалық нұсқалары анықталады, олардың арасындағы ортақ байланыс көрсетіледі, сонымен қатар сөздікте берілген көпмағыналы сөздер мен қазіргі қазақ тілінің лексемалары арасындағы мағыналық сабақтастық айқындалады.

**Кілт сөздер:** жазба мұралар, графика, кирилл графикасы, сөздік, көпмағыналық, семантика, мағына сабақтастығы.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Кадирова М.С., Юсупова А.Ш. ХІХ ғасырдағы кирилл графикасымен жазылған қазақ сөздігіндегі лексемалардың көпмағыналығы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 120–131. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.10>

### \*Cite us correctly:

Kadirova M.S., Iusupova A.Sh. XIX gasyrdagy kirill grafikasy men jazylgan qazaq sozdigindegi leksemalardyn kopmagynalygy [The Polysemous Lexemes in the Kazakh Dictionary Written in Cyrillic of the XIX Century] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 120–131. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.10>



**M.S. Kadirova<sup>1</sup>, A.Sh. Yusupova<sup>2</sup>**<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: mali\_ks@mail.ru*<sup>2</sup>*Doctor of Philological Sciences, Professor  
Kazan Federal University**(Russian Federation, Republic of Tatarstan, Kazan), e-mail: alyusupova@yandex.ru***The Polysemous Lexemes in the Kazakh Dictionary Written in Cyrillic of the XIX Century**

**Abstract.** In modern Turkological science, it is relevant to study the language of Turkic written legacies written by various graphic systems as Runic, Uighur, Arabic, Latin, Cyrillic. In this context, Kazakh legacies written in Cyrillic at the end of the XIX – early XX century have not been sufficiently studied to date.

The article examines how the Turkic peoples, including Kazakhs, adopted Cyrillic script around the turn of the nineteenth and twentieth centuries, when the first Cyrillic Kazakh ABC books, self-help books, dictionaries, and other landmarks were published by P.M. Melioransky, N.I. Ilminsky, M.A. Terentyev, V.V. Katarinsky, L. Budagov, and others. I. Altynsarin, A. Baitursynov, T. Bokin, Zh. Kusherbayev, M. Mashanov, and others were among the Kazakh intellectuals who actively started using the Cyrillic alphabet at that time as the enlighteners of the nation.

Among Cyrillic publications bilingual dictionaries held a unique position, providing a glimpse into the Kazakhs' way of life during a particular historical period. Due to the fact that they contained both linguistic and ethno-cultural knowledge.

The article is devoted to one such dictionary, in particular the «Kyrgyz-Russian Dictionary», which was released in 1897 in Orenburg by B.A. Breslin's publishing company. The unnamed dictionary was created using N.I. Ilminsky's dictionary, «Materials for the study of the Kyrgyz dialect» (Kazan, 1861) that was expanded upon and amended with the help of the Kazakh intellectuals.

The article examines the polysemy of these dictionary's words. The polysemous meanings of this dictionary are exposed, together with their lexical and semantic variations, on the basis of the notions of polysemy. This also reveals the continuity of this dictionary polysemous meanings with the lexemes of the contemporary Kazakh language.

**Keywords:** written legacies, Cyrillic alphabet, graphic, dictionary, polysemy of words, semantics, continuity of meanings.

**М.С. Кадирова<sup>1</sup>, А.Ш. Юсупова<sup>2</sup>**<sup>1</sup>*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: mali\_ks@mail.ru*<sup>2</sup>*доктор филологических наук, профессор  
Казанский Федеральный университет**(РФ, Республика Татарстан, г. Казань), e-mail: alyusupova@yandex.ru***Многозначность лексем в казахском кириллическом словаре XIX века**

**Анотация.** В современной тюркологической науке актуальным являются исследования языка тюркских письменных наследий, написанных различными графическими системами: рунической, уйгурской, арабской, латинской, кириллической. В данном контексте казахское письменное наследие, написанное кириллицей в конце XIX начала XX века, до настоящего времени недостаточно изучено.

В статье рассматривается переход тюркских народов, в том числе казахов, на кириллическую графику на рубеже XIX–XX веков, когда появились первые кириллические казахские буквари, самоучители, словари, написанные П.М. Мелиоранским, Н.И. Ильминским, М.А. Терентьевым, В.В. Катаринским, Л.З. Будаговым и другими. Казахская интеллигенция: И. Алтынсарин, Т. Бокин, Ж. Кушербаев, М. Машанов и другие как просветители того времени, также стали активно использовать кириллицу.

Среди кириллоязычных публикаций особое место занимали двуязычные словари, запечатлевшие картину мира казахов определенной исторической эпохи. В них, с одной стороны, были зафиксированы лингвистические знания, с другой, этнокультурные. Статья посвящена одному из таких словарей, в частности «Киргизско-русскому словарю», изданного в Оренбурге, типографии Б.А. Бреслина, в 1897 году. Словарь безымянный, но он составлен на базе словаря Н.И. Ильминского «Материалы къ изученію киргизскаго нарѣчія» (Казань, 1861), дополнен и переработан с участием казахской интеллигенции.

В статье анализируется семантика многозначных слов данного словаря. На базе понятий многозначности раскрываются смысловые оттенки многозначности, его лексико-семантические варианты, устанавливается их общая связь между собой, а также раскрываются преемственность многозначных значений данного словаря с лексемами современного казахского языка.

**Ключевые слова:** письменное наследие, графика, кириллическая графика, словарь, семантика, многозначность слов, преемственность значений.

## Кіріспе

Түркі халықтарының тұрмысын, мәдениетін, рухани болмысын, тарихын, тілін бейнелейтін түркі жазба мұралары әртүрлі графикамен (руна, ұйғыр, араб, латын, кирилл) жазылған. Олардың ішінде бірнеше ғасырлар бойы қолданылғаны – араб графикасы.

Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті IX–X ғасырлардан бастап, ұйғыр жазуынан кейін XX ғасырдың басына дейін қолданды. XX ғасырдың басында араб тіліне деген қызығушылық бәсеңдей бастайды. Себебі, ол ислам тілі, медресе және діни догмалар тілі ретінде оқу-ағартушылық бағыттан алшақ болды. Сондықтан араб графикасын реформалау мәселесі туындады, түркі, оның ішінде қазақ зиялылары өз халқын сауаттандыру мақсатында басқа графикалық жүйелерді ойлап табуға тырысты [1, 172-б.].

Осы тұрғыда жаңа графикалық жүйелер: «төте жазу» (А. Байтұрсынов, т.б.), «жаңа әліппе» (Н. Төреқұлов, т.б.), «кирилл графикасы» (Ы. Алтынсарин, т.б.) пайда болды.

Кирилл әліпбиінде жазылған қазақ жазба мұраларын орыс ғалымдары: Н.И. Ильминский, М.А. Терентьев, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, Н. Сазонтов, Г.В. Архангельский, Н.Н. Пантусов, В.В. Григорьев, Н. Лаптев, Е.А. Алекторов, т.б. құрастырған. Қазақ зиялылары арасында кирилл графикасын қолданып, әліпби, оқулықтар, сөздіктер жаза бастаған ағартушылар да болды. Ы. Алтынсарин, Е. Букин, Н.С. Жетпісбаев, Ж. Көшербаев, М.А. Машанов, т.б. осы бағытта еңбек етті.

Көпмағыналық мәселесі А.И. Смирницкий, В.А. Белошапкова, А.А. Зализняк, С.О. Карцевский сынды ғалымдардың еңбектері бойынша қаралды. Лингвистикалық түркітануда көпмағыналықтың кейбір аспектілерін қарастырған К. Мусаев, М. Оразов, Г. Калиев, Н. Шаймердинова, А. Болғанбаев, С. Бизаков еңбектері пайдаланылды.

Зерттеудің негізгі материалы – 1897 жылы Орынборда, Б. Бреслин типографиясында басылған «Киргизско-русский словарь» жазба мұрасы. Еңбектің жылы мен баспасына айрықша тоқталып отырған себебіміз: сөздіктің аталған баспадан 1903 жылы жарық көрген екінші басылымы бар. Сөздіктің түпнұсқасымен Қазан қаласындағы (Татарстан Республикасы) Л. Лобачевский атындағы ғылыми кітапхананың «Сирек қолжазбалар»

бөлімінде (№В-91738) жұмыс істеп, көшірмесін алуға мүмкіндік туды. Бұл мұраның тілдік ерекшеліктерін зерделеуге мүмкіндік берері анық.

«Киргизско-русский словарь» (1897) еңбегі туралы орыс ғалымы А.А. Гаджиева «Анализ системы вокализма и консонантизма в первых кириллических книгах на казахском языке» тақырыбындағы мақаласында сол кезеңде пайда болған зерттеулерге жүйелі талдау жасай келе, сөздердің фонетикалық ерекшеліктеріне тоқталған. Ғалым жүргізілген далалық зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып, сөздік қордың говор мен диалектісіндегі сингармонизм жүйесіне талдау жасайды. Отандық ғалым, профессор Н.Г. Шаймердинова «Многочисленность лексем в кириллическом «Киргизско-русском словаре» (1897 г.) и в современном литературном казахском языке» мақаласында сөздіктің этномәдени және тілдік ерекшеліктерін ашып көрсетеді [1]. Ғалым мұраның құрылымдық ерекшелігі мен лексемалардың тақырыптық жіктеліміне тоқталады. Ұсынылып отырған мақаламызда көпмағыналы ұғымның теориялық аспектісі қарастырылып, мұра тіліндегі мағынаның тарылуы не кеңеюі қазіргі қазақ тілімен салыстырыла зерттелді. Сөздіктің екінші өңделген нұсқасы жайлы мағлұмат беріледі.

### **Зерттеу әдістері**

Мақаланың теориялық аспектілерін негіздеу үшін отандық және шет елдік ғалымдардың лексикалық семантика және полисемия бойынша зерттеулері алынды. «Киргизско-русский словарь» жазба мұрасындағы көпмағыналы сөздерді зерттеуде жалпы ғылыми әдістер және сипаттау, топтастыру, жалпылау тәсілдері қолданылды. Сөздік лексемаларының көпмағыналығын анықтау үшін қазіргі қазақ тілінің лексемаларымен салыстырмалы-семантикалық талдау әдісі қолданылады.

### **Талдау мен нәтижелер**

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында кирилл графикасымен жазылған көптеген оқулықтар, әліпбилер, хрестоматиялар, екітілді сөздіктер пайда болды. Олар: 1) Н.И. Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского наречия». – Казань, 1861; 2) А.Е. Алекторовтың «К мудрости ступенька, Азбука для учеников начальных русско киргизских школ». – Москва, 1891; 3) А.Е. Алекторовтың «Киргизская хрестоматия». – Оренбург, 1898; 4) Ы. Алтынсариннің «Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку». – Оренбург, 1871; 5) Ы.Алтынсариннің «Жазуға үйрететін кенеге». – Казан, 1892; 6) Л.З. Будагов «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий». – СПб, 1869–1871; 7) И. Букин «Русско-киргизский и киргизско-русский словарь». – Ташкент, 1883, т.б. [2, 60-б.].

Бұл басылымдардың ішінде екітілді сөздіктер маңызды орын алады. Мұндай сөздіктердің бірқатары түсіндірмелік сипатта ұсынылған. Әсіресе Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, Л.З. Будаговтардың сөздіктерінде қазақша сөздердің түсіндірмесі не лингвистикалық, не этномәдени сипатта берілген.

Мақалада кирилл графикасымен жазылған осындай сөздіктердің біріне, «Киргизско-русский словарь»\*, сөздігіне тоқталғымыз келеді. Сөздік 1897 жылы Орынборда Типо-литография Б.А.Бреслин баспаханасында басылып шыққан.


Қазіргі уақытта сөздіктің екі басылымы бар: біріншісі – жоғарыда аталып өткені, екіншісі – алғашқы басылымдағы кейбір кемшіліктер түзетіліп, жаңа сөздермен толықтырылған, 1903 жылы Орынбор қаласында шыққан басылым.

Сөздіктің авторы көрсетілмеген, алайда сөздіктің жасалуына Н. Ильминский жазған «Материалы къ изучению киргизскаго нарѣчія» Қазан, 1861 еңбегі негіз болған. Сөздік

\*Ескерту: болашақта ыңғайлы болу үшін «Киргизско-русский словарь» сөздігі. – Оренбургъ. Типо-литография Б.А. Бреслина, 1897 «сөздік» ретінде белгіленеді.

«Материалы къ изученію киргизскаго нарѣчія» еңбегіне карағанда мүлдем басқа тәртіпте, яғни сол кездегі орыс алфавитінің тәртібінде құрастырылған. Бірақ бұл басылым Н. Ильминский қайтыс болғаннан кейін жарық көрді.

Сөздіктің алғашқы бетінде оны толықтырып, өндеген қырғыз мұғалімдері (әрине, «қырғыз» деп отырғаны қазақ): Бахтыгереев, Балғымбаев, Бейсенов, Сарыбатыров, Джумалиев туралы (1-сурет) жазылған.



1-сурет – «Сөздіктің» ақпараттық беті [4]

Бұл сөздік – белгілі бір тарихи дәуірдегі түркі тілдері білімінің және ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы лексикография дамуының айқын көрсеткіші. Сөздік, бір жағынан, тілдік ұғымдар мен мағыналарды ашса, екінші жағынан, қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрін сипаттайды [3, 77-б.].

Сөздіктегі кейбір сөздерде таңбалық, фонетикалық және семантикалық айырмашылықтар байқалады. Мысалы: Сөздікте – *бу́круй* [4, 50-б.] қазіргі таңбалануда – бүкірею, *бу́лдүргөн/земляника* [4, 50-б.] қазірше – бүлдірген, ал сөздіктегі *жауун* [4, 74-б.] сөзі қазіргі нұсқада жауын деп жазылады. Ал пайда сөзі – *байда* [4, 31-б.], пейіл – *бейил* [4, 40-б.], – деген нұсқада берілген, елу саны – *елуу*, жәдігей сөзі – *жәдү гөй* [4, 65-б.], қазіргі қолданыстағы жария сөзі сөздікте – *жәрія* [4, 72-б.], ал гауһар сөзі – *жаукар* [4, 74-б.], – деп таңбаланған.

Сөздіктегі берілген лексемалардың негізгі бөлігін көпмағыналы сөздер құрайды. Лексемалардың көпмағыналығы тарихи семантиканың, тілдің өзінің және қоғамның тарихи дамуына байланысты орбитіні белгілі.

Сол себепті мақалада сөздіктегі кейбір көпмағыналы сөздерді қарастыра отырып, мұндағы лексемалардың мағыналық түрленулері және олардың қазіргі қазақ тілінің лексемаларымен сабақтастығы туралы сөз етеміз.

«Көпмағыналық» ұғымына тоқталар болсақ, әр ғалым бұл ұғымды өзінше түсіндіреді.

В.А. Белошапкованың еңбегінде «Көпмағыналық – сөздің бір уақытта бірнеше мағынаға ие болу (бір-бірімен байланысты бірнеше лексика-семантикалық варианттарды ашу) мағыналық қасиеті» [5, 196-б.], – деп көрсетіледі. А.А. Зализняк көпмағыналыққа «Термин многозначность указывает просто на существование у некоторой единицы более одного значения» [6, 20-б.], – деген анықтама береді. Ал К. Аханов өзінің «Тіл білімінің

негіздері» оқулығында көпмағыналық терминін полисемия терминінің синонимі ретінде қарастырып: «әртүрлі мағынасы бар сөз полисемантизмді (көпмағыналы) сөз деп аталады» [7, 96-б.], – деген анықтама береді.

Тілдің даму барысында көпмағыналы сөздің мағыналарының арасындағы семантикалық байланыс үзіліп, олардағы ортақ реңк жоғалса, екі формалары ұқсас, мағыналары әртүрлі сөздер – «омонимдер» пайда болады. Яғни, дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары басқа-басқа сөздер *омонимдер* деп аталады. Омоним – грек тілінің *homos-* бірдей, *опута-есім* деген сөздерінен жасалған термин [8, 675-б.].

Аталған сөздіктегі және заманауи сөздіктердегі сөз мағыналарын салыстыруда байқағанымыз: сөздің бұрынғы мағынасының үстіне тағы бірнеше қосымша мағыналар қосылып, олар көпмағыналы, ауыспалы мағыналы, омонимдер және т.б. болып түрленген. Аталмыш сөздіктен бірнеше мысал қарастырайық:

*Ал взять; получить купить (саты бал). Кыз ал, ұй ал жениться, биреудің уйкусын, мазасын, тынышын ал отнять у кого сонъ, доброе расположение духа, спокойствие; жан ал взять присягу; бас ал обезглавить. Каршыга ұйрөк алады ястребъ ловить утокъ. – Глаголь вспомогательный. – Ну, (понуkanie, а иногда заключительное междометие)* [4, 12-б.].

Сөздікте *ал* лексемасы: бір затты қолмен ұстау, иемдену; үйлену; мазалау, ұйқыны алу, тыныштықты алу; жан алу; ант алу; бас алу деген мағыналарда және одағай мәнінде ұсынылған. Сөз қазақ тілінің сөздіктерінде келесідей мағыналарда ұсынылған. **Ал I** сын. Түстің қанықтығын білдіретін, дербес қолданылмайтын көмекші сөз [9, 309-б.]. *Ал* сөзі қазіргі кейбір түркі, және кейбір көне түркі жазуларында *ашық* қызыл деген мағынада жұмсалады (Малов. Пам. др. Письм., 356). Парысша *ал* сөзі «солғын қызыл» мағынасында жұмсалады. Тіліміздегі алмұрт, алқор, алма, алша, алкүрең, алқара деген сөздердің құрамындағы *ал* компонентті сөз болып отырған *ал* сөзімен байланысты болу керек [10, 34-б.]. **Ал II** сын. Көне. Өтірік, жалған, алдамшы (алдау сөзінің түбірі). Бұл жақтан өзгелер түгіл, туған бауырым – сенен де жақын дос таптым! – деп еді Шоқан туралы. Бұл – «ал тілі емес, жан сыры (С. Мұқанов, Аққан жұлдыз). **Ал III** шыл. Салыстырмалы қарсылықты мағына беретін сөз. Талайды көрдім, Ықпадым. Көңлін елдің жықпадым. «Ет жеме» дейді, ал, емшім, Онысы қалай ұқпадым (Қ. Мырза-Әлі, Шырғалаң) **Ал IV** ал иіндік көне Иықтан саусаққа дейінгі тұтас қол. Жазында көп-ақ жортқан екенбіз, Арғымақтың талдай мойнын талдырып, Үйде қалған арудың Ал иіндігін аудырып (Доспанбет жырау//Алдаспан). Сөйлемдегі *ал* иіндік тіркесі бұл күнде қолданылмайтын Ел/ал/елк/еліг деген сөздің ертеде және өзге түркі тілдерінде «қол» деген мағынаны білдіреді. Иін/иіндік сөздері «иық» деп түсіндіріледі. Сірә, ал иіндік / ел иіндік тіркесі «иықтан саусаққа дейінгі тұтас қол» деген жиынтық атау болса керек [9,309-310 -бб.]. **Ал V** одағай. 1. Қанекей, қане, айда. *Ал*, көңілім, желден озып серпіл енді (Қаз. өндері). 2. Біреудің назарын өзіне аудару үшін айтылады. *Ал*, Шоқан сен енді кадет корпусының оқушысы боласың (С. Бегалин). 3. Бір оқиганың жалғасын, әрі қарай қалай дамығанан білу үшін қолданылады. Мысалы: *Ал енді – бұдан былай, мұнан соң* [11, 36-б.]. **Ал ет.** 1. Қолға ұстау, көтеру. Аршадан кертіп жонып, тиек салдым, Ызаны тарқатуға домбыра алдым (С.Сейфуллин, Өлеңд.). 2. Бір нәрсеге ие болу, тәуелдеу, меншіктеу. 3. Пайда түсіру, кіріс кіргізу. 4. Жинау, теру. 5. Үйлену, жұбайлы болу, отбасын құру. Жасаулы деп, малды деп, байдан *алма*, Кедей қызын арзан деп құмарланба (Абай, Тол. жин.) [9, 310-б.]. Көріп отырғанымыздай, *ал* лексемасы, сөздікте және заманауи сөздікте біріншіден, сол мағынада сақталып, екіншіден, заманауи сөздіктерде мағынасы жағынан біршама кеңейтіліп, ұсынылған.

*Алка – серьга: мен ргайга салганда тусума кыздар толду кос алкалы когда я пгль мотивомъ «ргай», то вокругъ меня толпились дъвушки съ двойными серьгами; Алка люди расположившіеся кругомъ* [4, 14-б.]. Сөздікте *алқа* сөзі қыздар құлағына тағатын сырға және айналада орналасқан адамдар деген екі мағынасы берілген.

Р. Сыздықова «Сөздер сөйлейді» еңбегінде «Алқа – арабтың «халқа», яғни дөңгелек деген сөзі, одан барып «адамдар тобы» деген ауыспалы мағынада қолданылған» - деп көрсетеді. Қазақ тіліндегі алқа құру, алқалау және алқа-қотан сөздері осы мағынадағы алқа сөзімен сабақтас. Қазақ арасында ақылдасу, кеңесу үшін алқа-қотан отыру, яғни айнала дөңгелек құрып отыру дәстүрі болған. Уақыт өте келе діни рәсімдерге қатысты алқа құру дәстүрі жойылғанымен, «айнала отырып, дөңгелек құрып» немесе «бір затты айнала қоршау» деген мәнде алқалау етістігі қолданылатын болған. Бұдан барып алқалау сөзі «бас қосу, топ болып отырып ақылдасу үшін жиналу, кеңесу» деген ауыспалы мағынаға ие болғаны байқалады [12, 39-б]. Ал қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің мағынасы кеңейтіліп ұсынылған: **Алқа I** Бір я көпжылдық шөптесін немесе шала бұта өсімдіктер туысының жалпы атауы. **Алқа II** Қыз-келіншектердің мойнына сәндік үшін тағатын әшекей. **Алқа III** Әкімшілік, мәжілістік ұйымды, мекемені басқаруға ресми бекітілген адамдар тобы. **Алқа IV** Алғыс айту, бата беру, разы болу [11, 41-б.]. Сөздікте берілген екінші (II) мағына «айналада орналасқан адамдар тобы» заманауи сөздіктегі (III) көпмағыналы сөздің лексика-семантикалық вариантына жуық келеді. Сөздікте *алқа* лексемасы сырға бұйымы ретінде беріледі. Башқұрт және татар тілінде алқа – сырға. В.В.Радлов бұл сөзді сырға, моншақ деп түсіндіреді [10, 33–34-бб.]. Ал, қазіргі қазақ тілінде алқа (II) мойынға тағатын әшекей ретінде белгілі. Мойынға тағатын жібек жіп, күміс шынжыр. Алтыннан *алқасы* бар тоқсан батпан, Шынжырмен төс үстіне тартып шатқан. Шіреніп ат үстінде ақырайып, Рүстемге көзін тігіп, шатынатқан (Т. Ізтілеуов, Рүстем) [9, 418-б]. Берілген сөздің қалған екі мағынасы (I, IV) сөздікте көрсетілмеген.

*Айыр – отдѣлить, разлучить, лишиться, лишитъ чего; развестись съ женой, разстаться съ кѣмъ или чѣмъ либо; раздѣльный, развилостый вилы, двугорбый верблюдь (айыр түйө); разорвать, кийимди айырма не рви одежды; различать: сенинг атынгнын кайсысы екенин айыралмай турмун не могу различить, которая твоя лошадь* [4, 10-б.].

Сөздіктегі айыр лексемасына ортақ мағына – белгілі бір заттың бөлінуі, екіге не одан көп бөлікке ажырау болып табылады. Мұнда берілген сөздердің әрқайсысында етістіктер бір-бірімен семантикалық байланысқан: 1) бір нәрсені ажырату, бөлу, бір заттан айырылып қалу, айыру; 2) ажырасу, айырылу; 3) айырып алу, тану (жылқыны танып айыру) және сын есім мағынасында қос тармақты (жол), қос өркешті (түйе), ашалы айыр мағыналарында ұсынылған.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөз мынадай мағыналарға ие: **Айыр I** Шөп, сабан жинауға арналған құрал. Айыр, ең әуелі, ашалана біткен ағаштан жасалып, кейін темір айырға ауысқан, сол себепті кейде «айырағаш» деп аталады. Айырдың ұшымен шаншылып түскен баулар екпінімен комбайнның өңешіне барып жоғалып жатты (С. Ерубәев, Шығ.); **Айыр II** зат. түйешар. Таза қанды айырдан немесе айыр мен қоспақтың арасынан туған қос өркешті түйе тұқымы. Айырдан туған жампоз бар, Нарға жүгін салғысыз. Аруанадан туған мая бар, Асылын айуан десең нанғысыз (Махамбет, Шығ.). **III Айыр** зат. өсімдік. Шаянот тұқымдасына жататын тамыр сабағынан эфир майы алынатын көпжылдық шөптесін өсімдік; иіртамыр. Айырдың тамыр сабағында эфир майы алколоид, аскорбин қышқылы бар (Қаз. тілі термин. Тамақ.). Халық медицинасында айырдың тамыр сабағын ас қорыту және асқазан ауруларын емдеу үшін қолданады (ҚҰЭ). **Айыр IV** сын. Қос тармақты, екі ашалы, екіге жарылған. Жайлауға шыққанда ат байлайтын *айыр* бұтақты ашаларын ала келеді де, үй сыртындағы жырағырақ жерге қадап қояды (С. Мұқанов, Есею жыл.) [9, 193-б.]; **Айыр V** 1. Бүтін нәрсені екіге бөлу, жару. Тұңғатар өте қарулы да күшті жігіт еді. Арамен кесілген шөркені балтамен шауып қалғанда екі *айырды* (Б. Соқпақбаев, Менің атым.) [9, 194-б.]. 2. Киімді, қағазды қалаған жерінен ұстап жырту. 3. Түрлі тәсілдер арқылы бір заттың бойынан басқадай бір затты бөліп, шығару, алу. 4. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың бұзылуы. 5. Бөліп жіберу, ажырату. 6. Құр қалдыру, бермей қою. 7. Ара түсіп алып қалу, құтқару. 8. Танып білу, анықтау, айқындау. 9. Күн көріп үнем қылу [11, 28-б.].

Берілген көпмағыналы сөз қазіргі таңда үшінші (III) зат. көпжылдық шөптесін өсімдік мағынасынмен толыққан. Сөздікте көрсетілген өзге мағыналар қазіргі сөздіктегі мағыналарына сәйкес келетінін байқаймыз. Сөз сөздіктегі алғашқы мағынасын сақтай отырып, қазіргі қазақ тілінде мағынасы жағынан кеңейіп, жаңа ұғымға ие болғанын байқаймыз.

**Арыс** – *оглобля, арыстай жатты легъ растянувшись какъ оглобля (умерший); отдѣленіе рода и вообще всякое подраздѣленіе племень, сегиз арыс батак отдѣленіе (байбактинского рода) Батакъ, состоящее изъ восьми подѣотдѣлений* [4, 19-б.]. Арыс сөзі сөздікте – арбаның жетегі; ру, тайпа бірлестігі мағынасында ұсынылған.

Қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздіктерінде бұл сөз бірнеше мағынада ұсынылған. **Арыс I** зат. Арба-шананың көлік жетегін қос жетегі, тәртесі. **Арыс II** зат. Ер адам, азамат. Ол алыстағы арысының әрбір сапарын көз алдынан өткізіп, көңілімен шолып отырды (С. Байжанов, Сыр). **Арыс III** зат. көне. 1. Рулық жүйеде бір тайпаны құрайтын аталар. Бас қосылса арысқа, Кім шабады намысқа (Абай, Тол. жин.). **Арыс IV** бот. Қарабидай. Мысалы, біздің «Рассвет» колхозында төрт жүз гектардай ғана егістік жер бар. Оның өзі де арыс, арпа, зығыр егіліп, бөлшектеліп тасталған (Х. Рахимов, Қарлығаш.) [9, 690-691-бб.]. **Арыс V** зат. 1. Үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең ағаш; бел ағаш. Арыс – қораның, там үйдің төбесін жапқан өрімдерді көтеріп тұратын көлденең мықты ағаш (С. Қасиманов, Қаз. қолөнері) [9, 691-б.]. 2. Соғым етін сүрлейтін шошала үйлерге көлденең қойылатын сырғауыл, мықты жіңішке бөрене.

Байқағанымыздай, қазіргі қазақ тілі сөздігінде *арыс* сөзі семантикалық жағынан көпмағыналы және аталмыш лексемада біршама мағыналық трансформациялар орын алған. Сонымен қатар, қазіргі сөздіктерде бұл лексеманың ауыспалы «қадірменді ер азамат» мағынасы көрініс тапқан.

**Бағдар** *украшение на серебрѣ. Қара бағдар чернь. Бағдарлы съ узорами, узористый* [4, 29-б.]. Сөздікте *бағдар* сөзі – күміс әшекей оюы; өрнектелген. Қазіргі қазақ сөздігінде: **Бағдар I** 1. Бағыт, беталыс, алдын ала белгіленген жол. Олардың рацияға бара жатқан беті екен. Боранда адасып, бағдарынан жаңылып қалыпты (Т. Әлімқұлов, Ақбозат). 2. ауыс. Ағым, сарын. Асқар психологиялық бағдардағы жазушы ... (Қаз. әдеб.) [13, 539-б.]. **Бағдар II** Қандай да бір бағыттан адасып қалмау үшін жол сілтейтін белгі. Сол жарық жұлдыздардың ішінде де жолаушыға *бағдар* болатын, жол сілтейтін жұлдыздар бар (С. Мауленов, Жер нәрі). **Бағдар III** Әшекей бұйымдарға салынатын ою, өрнек. Мұқабаның қастары белбеудің қара *бағдары* сияқты, қап-қара (Х. Есенжанов, Ақ Жайық) [13, 540-б.]. Сөздіктегі *бағдар* лексемасы әшекейдегі ою-өрнек мағынасын білдірсе, қазіргі қазақ тілі сөздігінде, ою-өрнек мағынасын сақтай отырып, бағыт, беталыс және жол сілтейтін белгі мағыналарында берілген. Мұнда біз қазіргі қазақ тілінде сөздің семантикасы кеңірек екендігін аңғарамыз.

**Жалған /өтүрұк** (*жалған/өтірік*) – *ложь, ложный* [4, 68-б.]. Сөздікте аталмыш лексема жалған және өтірік деген мағынада ұсынылса, қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бұл ұғымның мағынасы былайша берілген: **Жалған I** Жарық дүние, өмір, тіршілік (Жалғанды жалпағынан басты – емін-еркін сайран салды, шалқыды) [11, 256-б.]. Жандым-күйдім, сені ойлап, дамыл көрмей, Еш жанға сенен басқа көңіл бермей, Сен – бір жақ, *жалған* – бір жақ, қатар қойып, Сені іздедім *жалғаннан* қолым сермей (М. Жұмабаев, Шығ.) [14, 644-б.]. **Жалған II** 1. Шын емес, алдамшы, өтірік. 2. Жай, жасанды. Жалған дүние – өткінші, опасыз ғұмыр. Жалған сөз – өтірік, бекер, бос сөз [11, 256-б.]. Өтірікті расқа шығарам деп *жалған* іске ант беріп жан кетеді (М. Дулатов, Шығ.) [14, 644-б.]. **Жалған III** Ұштасу, жалғасу, қосылу [11, 256-б.]. Үзілген шылбыр жалғанар, үзілген тізгін, әр нәрсе өз кезегінде екен (С. Бақбергенов, Кентау) [14, 647-б.]. Берілген лексема қазіргі қазақ тілінде сөздіктегі мағынасын сақтай отырып, мағына жағынан кеңейгендігін байқаймыз.

**Шар** – баллотировка; точило; слѣды животныхъ въ разныхъ направленіяхъ [4, 229-б.]. Қазіргі қазақ тілінде бұл лексема бірнеше мағынаға ие болған. **Шар I** 1. Өз диаметрімен айнарудан пайда болған геометриялық дене, геометриялық фигура. 2. Үрген қарын іспетті жеңіл домалақ зат. 3. **көне** Ертеде сайлау жүйесінде қазіргі бюллетень орнына қолданылған домалақ тас [11, 904-б.]. Ендігі сайлау болғанда, Түсе ме деп тағы шар, Бұл күніме бір күні Боламын ғой деймін зар (Абай, Тол. жин.) [15, 262-б.]. **Шар II** сын. жерг. Ашулы, ызалы. Мынауың бір іздегені төбелес, мінезі *шар* жігіт қой (Қазақ тілі. аймақ. сөздігі) [15, 262-б.]. **Шар III** Қырманда үгітіліп, қауызынан ажыратылған, дәні сапырылып желге ұшырылмаған астық [11, 904-б.]. Біраз жел соқпай кідіртті ғой, әйтпегенде бұл астық біріне-бірі қосылмайтын еді, алдындағы *шарды* тездет (Ғ.Орманов, Жүрек). **Шар IV** зат. жерг. Шұбырған көп із, шиыр. Малдың осынша *шарынан* жирен айғырдың ізін Сәкеннің ажыратқанына сенбейтіндігін жасырып, түсінбейтіндігін айтып салған (Ж.Нәжімеденов, Кішкентай). Ол қай жерде қырғауылдың *шары* барын үйде отырып біліп отырады (А. Тоқмағамбетов, Жыр.) [15, 262-б.]. **V** Тас, шағыл. **Шар VI** зат. *жерг.* Шарық, шарық қайрақ. Жігіт шарға су құйып, шөп машинасының орағын қайрауға кірісті (Б. Майлин, Шығ.) [15, 262-б.]. *Шар* лексемасының сөздіктегі мағыналары, қазіргі қазақ тілінің түсіндірме сөздігіндегі баламамен жақын келеді. Берілген сөз сөздіктегі алғашқы мағынасын сақтай отырып, қазіргі қазақ тілінің сөздігінде мағынасы жағынан біршама кеңейіп, бірнеше ұғымды, соның ішінде геометриялық ұғымды да білдіретінін байқаймыз.

**Кат** замерзнуть; сдѣлаться твердымъ; ихсохнуть; засыхать, загрубѣть; смѣшать, примѣшать; подбавить; окрѣпнуть; письмо; нужда. Ана аулда туз кат екен въ томъ аулѣ большая нужда въ соли. Айак катты ноги замерзли. Кабыргасы катпаган ребры еще не окрѣпли (у ребенка; кауырсыны катпаган летательная перья еще не окрѣпли [4, 109-б.].

«Кат» сөзінің берілген мағыналары бір семантикалық өрісте жатып, мағыналық байланыста семантикалық парадигма құрап тұр. Қабат, қатпар мағынасындағы «қат» өзге қимыл мағыналарына негіз болып тұр. Әдетте, қабат, қатпарлар жуан, қалың болатыны белгілі. Қабаттың жуандық мағынасы II Қат – мұзға айналу, тону мағыналарына ауысады. Қатып, тоңған зат мұзға айналады, сұйықтық күйден арылады, бұл III Қат – кеберсу, құрғаумен уәжеліп, мағыналық байланысқа түседі. Ал, IV қат – сұйық тағамға сүт, айран, май қосып араластыру мағынасы қабаттау, қосу мағынасымен, сол сияқты бір заттың үстіне бір затты қосып қату мағынасымен сәйкес келеді. Жалпы алғанда қазіргі қазақ тіліндегі «қат» сөзіне тән ортақ мағына – «қатарластыру, қабаттау, қосу» болып шығады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздігінде мынадай мысалмен беріледі: Кебірсу, кебу, құрғап қалу. Әзірге көргенім: аласа төбелердің әр жерінде жауыр аттың арқасына *қатқан* ірің секілді сала-сала болып жатқан қордалар (Ә. Әбішев, Замана.) [16, 443-б.]. Тілдің бүгінгі көрінісіндегі «қат» сөзі мен сөздік тіліндегі «қат» тұлғасында айырмашылық онша байқалмайды.

**Как** – лужа отъ дождя или снѣга на гладкомъ мстѣ (такыр); постила, ударять; бить въ барабанъ, въ дверь; сильно встряхивать (кошму чтобы пыль выбить); взбрасывать ладонью бабки и ловить ихъ другой стороной руки въ игръ капкакыл; прибывать гвездь, кол; задѣть кого [4, 99-б.].

Сөздікте *как* лексемасы көпмағыналы семалар мен омонимдік мағыналарды біріктіріп тұр. Қазіргі сөздіктерде бұл сөздің берілуі: **Қақ I** зат. Жауын-шашыннан соң тақыр жерге іркілген су. Шығыс жақ қызара бастаған елең-алаңда, тастақ жерге тұрған *қаққа* кеп тірелді (Ә.Нұрпейісов, Қан мен тер) [16, 81-б.]. **Қақ II** Су қайнатқан ыдыстардың түбіне тұрып қалатын қатты зат, шөгінді, **Қақ III** Кептірілген жеміс. **Қақ IV** 1. Үшкір затты бір жерге ұрып кіргізу, сіңіру [11, 458-б.]. Мен қазық ұстадым. Ер ана оны өзінің қолымен жерге *қақты* (Ж.Молдағалиев, Тыңда.) [16, 82-б.]. 2. Бір затпен екінші нәрсені жайлап ұру, тықылдату. 3. Бір нәрсені саусақтың ұшымен іліп қағу. 4. Жабысқан затты қолмен ажырату, тазарту [11, 458-б.]. Әйтпін кабинадан шығып, шаң басқан үсті-басын *қақты* да ішке кіріп кетті (Р. Райымқұлов, Жасыл белес) [16, 82-б.]. 5. Төсенішті я жамылғыны, затты шетінен



ұстап жерге ұру, сілкі, б. Ағашын қатты сілкіп, жемісін жерге түсіру. 7. Бір нәрсені қатты ұрып, жұлып түсіру. 8. Тік тұрған бір затты екпінменен келіп соғып кету. 9. **Ауысп.** Есебін тауып, біреуден бір нәрсені түсіру, олжалау // ұрлап кету, жымқыру [11, 458-б.]. Досыңның сүйген қызын біреу *қағып* әкетейін деп жатса, қалай күйінбейсің (С. Омаров, Өмір.) [16, 86-б.]. 10. **Ауысп.** Біреуді құралақан қалдыру. **Қақ V** Дәл, нақ, түп-тура (Қақ айырды, бөлді, жарды) – ортасынан тең бөлді, екіге жарды [11, 458-б.]. *Қақ* жарған қара қылды биің қайда? Ақ орда би түсетін үйің қайда? Салтанат Сарыарқада құрған қазақ, толықсып жүрген кеше күнің қайда? (М. Дулатов, Шығ.) [16, 82-б.]. Бұл лексемада мағына жағынан толығып, тіпті қазіргі сөздікте «кептірілген жидек» деген жаңа мағынасы да бар.

Қазіргі сөздік жазбаларынан көріп отырғанымыздай, сөздердің көпмағыналығы мен омонимиясы қазіргі қазақ тілінде де орын алады. Дегенмен қазіргі қазақ тілінде бұл сөздің семантикасы едәуір кеңейіп, көпмағыналықтың біршама лексика-семантикалық варианттары мен лексеманың ауыспалы және омонимдік мағыналары пайда болған.

Сөздікте сонымен қатар, мағынасы ескірген немесе қазіргі қолданыста жоқ сөздер де кездеседі. Бұл, әрине, табиғи жағдай, өйткені аталмыш сөздік лексикасы ХІХ ғасырдың ортасы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ тілінде сөйлеушілерге тән лексемаларды белгілейді [3, 77-б.]. Мысалы сөздікте: *Айкел портмоне, кошелекь для денегь* (ақшаға арналған әмиян) [4, 27-б.], *Асет июль мѣсяць* (шілде айы) [4, 29-б.], *Атеке – дедушка (такъ зовутъ стариковъ)* [4, 29-б.], *Дабруй кибитка с короткими унинами* – (қысқа уықтардан құралған үй) [4, 53-б.], *Жаўке – обявленіе. Жаўкеге шык (быть обявленнымъ, извѣстнымъ)* [4, 74-б.] сөздері кездеседі.

Тілдің даму процесінде оның фонетикалық, грамматикалық және лексикалық жүйелерінде әртүрлі өзгерістер орын алады. Тіл деңгейінің өзгеріске ұшырайтын басым бөлігі оның лексикасы болып табылады. Ол осы тілді қолданушылар мен таратушылардың материалдық және рухани мәдениетінің дамуын көрсетеді. Осыған орай, тілдің лексикалық жүйесі үнемі байып, толығып отырады [17, 29-б.].

### Қорытынды

Қазақ халқы ғасырлар бойы әртүрлі жазу жүйесін пайдаланып келді, алайда ХІХ ғасырдағы саяси өзгерістерге және мұқтаждыққа байланысты ғасырдың ІІ жартысынан бастап қазақ мәдениетіне кирилл графикасы ене бастады. Осы кезде қазақ халқының ұлттық жазуының пайда болуы және жазу мәдениетінің көтерілуі сияқты жұмыстар жүргізіліп, қазіргі біздің тіл жазу жүйемізге ұласты деп айтуға болады.

Сонымен қатар, қазақ тіліне қатысты лексикографиялық жұмыстар қолға алынып, екітілдік сөздіктер жарық көрді.

Мұндай екітілді сөздіктер, бір жағынан, сол кездегі қазақ тілінде сөйлеуші халықты, оның шаруашылығы мен мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін таныстырушы құрал болса, екінші жағынан, кейбір көне немесе жергілікті-аймақтық сөздердің мән-мағынасын ашуға қажетті еңбектер болып саналды.

Сөз етілген 1987 жылы Орынборда жарық көрген «Киргизско-русский словарь» ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ тілінің лексикалық құрылымының сол уақыттағы ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу нысанына алынып отырған сөздіктегі көпмағыналы сөздер мен қазіргі қазақ тіліндегі сөздіктердің салыстырмалы талдауы сөздердің кейбір лексика-семантикалық варианттары сәйкес келетіндігін, яғни сөз мағыналарының сабақтастығы орын алатынын көрсетті. Талдау барысында қазіргі қазақ тілінде көпмағыналы сөздердің лексика-семантикалық варианттары, мағыналық реңктері кеңірек екенін байқадық. Ал сөздіктегі кейбір лексемалар қазіргі таңда белсенді қолданыстан шығып, ескіріп қалуы да қазақ тілінің сөздік қорының тарихи дамуының көрсеткіші болып табылады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шаймердинова Н.Г., Болдрикова А. Многозначность лексем в кириллическом «киргизо-русском словаре» (1897 г.) и в современном литературном казахском языке // Педагогическое образование на Алтае. – 2018. – №2. – С. 171–176.
2. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейсов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1968. – 238 б.
3. Шаймердинова Н.Г. «Киргизско-русский словарь» (1897): культурные и языковые экспликации // *Turkic Studies Journal*. – 2019. – №1. – С. 73–88.
4. Киргизско-русский словарь / Сост. по материалам Н.И. Ильминского и др. – Оренбург: Типо-литография Б.А. Бреслина, 1897. – 244 с.
5. Белошапкова В.А., Брызгунова Е.А., Земская Е.А. Современный русский язык: Учеб. для филол. спец. университетов / под ред. В.А. Белошапковой. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высшая школа, 1989. – 800 с.
6. Зализняк А.А. Многозначность в языке и способы ее представления. – М.: Языки славянских культур, 2006. – 672 с.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. / құраст.: Ж. Манкеева, С. Бизақов, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том. / құраст.: Т. Жанұзақов, С. Омарбеков, Ә. Жүнісбек және т.б. – Алматы: Арыс, 2006. – 752 б.
10. Ысқақов А., Сыздықова Р., Сарыбаев Ш. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1966. – 240 б.
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы ред. басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.
12. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 412 б.
13. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 2-том. / құраст.: Ф. Қалиев, С. Бизақов, О. Нақысбеков және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.
14. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 752 б.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 15-том / құраст.: А. Жаңабекова, Т. Жанұзақ, Б. Әбілқасымов және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 828 б.
16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 9-том. / құраст.: Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011. – 744 б.
17. Сағидолда Г., Жылқыбай Г., Құттымұратова Ы. Тұрмыстық лексиканың этномәдени мазмұны (қазақ, қарақалпақ, қырғыз тілдері материалдары бойынша) // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 20–36. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.02>
18. Мусаев К.М. Лексикология тюркских языков / отв. редактор А.А. Юлдашев. – М.: Наука, 1984. – 226 с.
19. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.

### REFERENCES

1. Shaimerdinova N.G., Boldrikova A. Mnogoznachnost leksem v kirillicheskom «kirgizo-russkom slovare» (1897 g.) i v sovremennom literaturnom kazahskom iazyke [The polysemy of lexemes in the Cyrillic «Kyrgyz-Russian Dictionary» (1897) and in the modern literary Kazakh language] // *Pedagogicheskoe obrazovanie na Altae*. – 2018. – №2. – С. 171–176. [in Russian]
2. Balaqaev M., Syzdyqova R., Janpeisov E. Qazaq adebi tilinin tarihy: oqu quraly [History of the Kazakh literary language: textbook]. – Almaty: Mektep, 1968. – 238 b. [in Kazakh]
3. Shaimerdinova N.G. «Kirgizsko-russkiy slovar» (1897): kulturnye I iazykovye eksplikacii [Kirghiz-Russian Dictionary (1897): cultural and linguistic explications] // *Turkic Studies Journal*. – 2019. – №1. – S. 73–88. [in Russian]
4. Kirgizsko-russkiy slovar [Kyrgyz-Russian Dictionary] / Sost. po materialam N.I. Iminskogo i dr. – Orenburg: Tipo-litografiia B.A. Breslina, 1897. – 244 s. [in Russian]

5. Beloshapkova V.A., Bryzgunova E.A., Zemskaya E.A. *Sovremennyy russkiy iazyk: Ucheb. dlia filol. spec. Universitetov* [Modern Russian: Textbook for philological specialties of universities] / pod red. V.A. Beloshapkovoi. – 2-e izd., ispr. i dop. – M.: Vysshaya shkola, 1989. – 800 s. [in Russian]
6. Zalizniak A.A. *Mnogoznachnost v iazyke i sposoby ee predstavleniia* [Polysemy in the language and ways of its representation]. – M.: Iazyki slavianskikh kultur, 2006. – 672 s. [in Russian]
7. Ahanov K. *Til biliminin negizderi* [Fundamentals of Linguistics]. – Almaty: Sanat, 1993. – 496 b. [in Kazakh]
8. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 11–tom. / qurast.: J. Mankeeva, S. Bizaqov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
9. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 1-tom / qurast.: T. Januzaqov, S. Omarbekov, A. Junisbek jane t.b. – Almaty: Arys, 2006. – 752 b. [in Kazakh]
10. Ysqaqov A., Syzdyqova R., Sarybaev Sh. *Qazaq tilinin qysqasha etimologiyalyq sozdigi* [A short etymological dictionary of the Kazakh language]. – Almaty: Gylym, 1966. – 240 b. [in Kazakh]
11. *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language] / jalpy red. basqargan T. Januzaqov. – Almaty: Daik-press, 2008. – 968 b. [in Kazakh]
12. Syzdyqova R. *Sozder soileidi (sizderdin qoldanyly tarihyndan)* [Words speak (from the history of the use of words)]. – Almaty: El-shejire, 2014. – 412 b. [in Kazakh]
13. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 2-tom. / qurast.: G. Qaliev, S. Bizaqov, O. Naqysbekov jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
14. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 5-tom / qurast.: B. Abilqasymov, S. Bizaqov, A. Junisbekov jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 752 b. [in Kazakh]
15. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 15-tom / qurast.: A. Janabekova, T. Januzaq, B. Abilqasymov jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 828 b. [in Kazakh]
16. *Qazaq adebi tilinin sozdigi* [Dictionary of the Kazakh literary language]. On bes tomдық. 9-tom. / qurast.: A. Ybyraim, A. Janabekova, Q. Rysbergenova jane t.b. – Almaty: Til bilimi instituty, 2011. – 744 b. [in Kazakh]
17. Sagidolda G., Jylqybai G., Quttymuratova Y. *Turmystyq leksikanyn etnomadeni mazmuny (qazaq, qaraqalpaq, qyrgyz tilderi materialdary boiynsha)* [Ethnocultural Content of Household Vocabulary (Based on the Materials of Kazakh, Karakalpak, Kyrgyz Languages)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2022. – №3(125). – B. 20–36. <https://doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.02> [in Kazakh]
18. Musaev K.M. *Leksikologiya tiurkskikh iazykov* [Lexicology of the Turkic languages] / otv. redaktor A.A. Iuldashev. – M.: Nauka, 1984. – 226 s. [in Russian]
19. Orazov M. *Qazaq tilinin semantikasyny* [Semantics of the Kazakh language]. – Almaty: Rauan, 1991. – 216 b. [in Kazakh]

**Ж.М. ЖУСУБАЛИНА<sup>1</sup>✉, Б.М. ТЛЕУБЕРДИЕВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: zhusubalinazh@gmail.com

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор  
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: tleuberdiev\_bolatbek@mail.ru

## БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ СӨЗ МӘДЕНИЕТІ МӘСЕЛЕСІ

**Андатпа.** Бұл мақаланың авторлары қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарындағы (баспасөз, радио, теледидар, интернет сайттары, әлеуметтік желілер) сөз мәдениетінің сақталуына алаңдаушылық танытып, оның негізгі себептерін, одан туындайтын салдарларды талқылайды. Зерттеудің өзектілігі ғалымдардың БАҚ тілі қызметінің ерекшеліктері мен оның әдеби тілдік нормадан ауытқу мәселелерінің зерттелуіне негізделген. Зерттеудің мақсаты – БАҚ тілінің жалпы қазақ тілінің жағдайына әсерін анықтау және қалай, қандай дәрежеде екенін білу, қазақ медиамәтін құрамындағы қателіктерді талдау. Зерттеу материалының көмегімен грамматикалық және лексикалық талдау жасау арқылы қазақ тіліндегі өзгерістің деңгейін анықтауға болады. Басты гипотезасы – БАҚ тіліндегі ақпарат құралдары, оның ішінде әлеуметтік желі арқылы қазақ тіліне барлық лингвистикалық деңгейлерде, әсіресе грамматикалық және лексикалық ережелердің сақталмауынан болып жатқан қателер.

Әкімнің сөзін келемеждеу түрлі жолдармен берілген, тұрмыстық-қарапайым лексика *патшағар, тексіз, һайуанның тезегі, сорлы*, мақал-мәтелді бұрмалап алу арқылы, «Шаш ал десе бас алады» нұсқасының «шашты да ала алмайтындығын» тілге тиек ету, сұраулы сөйлемдердің ауызекілік интонациямен берілуі *Неге сонша шүйлігіп отыр, не бәле мынау* тәрізді, *бай, ақылды, данышпан* сапалық сын есімдерінің салыстыру мақсатында қолданылуы арқылы. Варваризмдер де (*лох, тупой, козел*, т.т.) агрессорлар тілінде жиі ұшырасатын тілдік көрсеткіштердің бірі. Жалпы сөйлеу агрессиясы, сөйлеу мәдениетінің жұтандығы ғаламтор тілінде көп кездеседі, тіпті дөрекі тілмен сөйлесетін топтар да кездесіп жатады, кейде нақты желі қолданушысы мен жалған тролльдарды ажырату қиынға соғады.

Біз әлеуметтік желіде «Фейсбук батырлары», «ас үйдегі оппозиция» сияқты қолданыстарды жайдан жай қолданбаймыз, желінің анонимділігін теріс пайдалана отырып, қолданушыларды кемсітетін, қорлайтын, олардың ар-намысына нұқсан келтіретін, құқығына қол сұғатын жайттарға қарата айтамыз. Мұндай теріс пиғыл тіл мәдениетінің төмендеуіне әкеп соғады.

Осымен байланысты виртуалды қатынастың мынадай өзіндік ерекшелігін атап өтеміз: көрсетілген коммуниканттар типі нақты өмірдегідей шынайы болмауы мүмкін, өйткені жалған парақшалар болуы мүмкін, желіде кез келген жазбаны жоюға болады, ұнамаған желі қолданушыларын «қара тізімге» енгізуге болады, репост жасау мүмкіндігі бар, қысқасы, желіде қолданылатын стратегиялар мен тактикалар шынайы өмірдегі адамдардың әрекетіне сәйкес келмеуі де мүмкін.

### Қорытынды

Әлеуметтік желілерде тіл мәдениетін сақтау, ғаламтордың өркендеуіне қарамастан, назардан тыс қалмауы керек. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер ғаламтор тұтынушыларының таптырмас сенімді серігіне айналды. Көптеген адамдар әртүрлі тақырыптарды қозғау үшін де, әртүрлі заттарды жарнамалау үшін де, тіпті қызықты мәселе бойынша көпшіліктің пікірін білу үшін де осы желілердің көмегіне жүгінетіні белгілі. Бүгінгі таңда ең белсенді және кең таралған әлеуметтік желілердің «Вконтакте», «Instagram», «Facebook», «Twitter», «WhatsApp» және т.б. пайдаланушылары санының артуы соның дәлелі.

Сонымен бірге әлеуметтік желі ауызша және жазбаша қатынас түрлерімен сөйлеу барысындағы сөйлеушінің қатысы мен атқаратын қызметі жағынан, дайындықсыздық немесе алдын ала дайындалғандығы бойынша, игерілу және қабылдау тәсілдері тұрғысынан, өмір сүру формалары мен нормалану дәрежесі, бейвербалдылықтың қатысуы мен қолданылу нәтижесі бойынша салыстырылды. Қазақ тілі әлеуметтік желіде белсенді қолданылатын шынайы факті ретінде өмір сүреді. Ғаламтор тілінің мәдениетінде оған кері әсер ететін факторлар оның бірқатар жанрлары, айталық, фейк, троллинг және оның түрлері саналатын флейм, флуд, оффтоф, т.т. өмір сүреді. Ғаламтор тілінің мәдениетінде үйлесімді қарым-қатынас құруда сөйлеу сыпайылығының орны ерекше. Сондай-ақ оған кері құбылыс сөйлеу агрессиясы да әлеуметтік желі тілінде жиі ұшырасады. Сөйлеу агрессиясын неғұрлым азайту ол желі қолданушыларының жауапкершілігіне, шынайылығына, ғаламтор мәдениетін терең игеруіне, құзыреттілігіне байланысты.

Қорыта келе, әлеуметтік желіде түрлі жолдармен келемеждеу сөздердің қолданысына шектеу қою, тұрмыстық-қарапайым лексикаларды пайдалануда түсінікті әдеби тілде орын алған сөздерді қолдану, мақал-мәтелдерді бұрмаламай, сол қалыпты нұсқасында ұсынуды қатаң бақылауға алу керектігін ұсынамыз. Сондай-ақ түрлі үлгіде қолданылатын варваризмдерді де (*лох, тупой, козел, т.т.*) тілдің мәдениетіне кері әсер беретінін ескере келе, сөйлеу мәдениетін арттыру мақсатында оларға да белгілі деңгейде тыйым салуды қарастыру қажет деп санаймыз. Өйткені бүгінде әлеуметтік желіде қолданыс тапқан сөздердің қолданысы жалпыхалықтың, оның ішінде, әсіресе, жастардың сөйлеу мәдениетіне кері әсерін тигізіп келеді. Сондықтан желі қолданушылардың да сөйлеу мәдениетіне ерекше мән беруіміз керек. Мұндай теріс пиғылды агрессия тілі желі қолданушыларының тіл мәдениетінің төмендеуіне көп септігін тигізеді.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сыздық Р. Тіл мәдениеті және оның проблемалары. Кітапта: Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
2. Үдербаев А. Ғаламтор және қазақ тілінің жаңа кеңістігі // Ана тілі газеті. [Электронды ресурс]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41454> (Қаралған күні 02.03.2017)
3. Сәйдірахмен Ұ. Бүгінгі қазақстандық БАҚ бұқаралық па? // EL.KZ ақпараттық-танымдық интернет порталы. [Электронды ресурс]. URL: [https://el.kz/news/nauka/bugingi\\_kazakstandik\\_bak\\_bukaralik\\_pa/](https://el.kz/news/nauka/bugingi_kazakstandik_bak_bukaralik_pa/) (Қаралған күні 16.11.2018)
4. Байтілес Е. Желі мен желім // Егемен Қазақстан. [Электронды ресурс]. URL: <https://egemen.kz/article/39309-zheli-men-dgelim> (Қаралған күні 18.02.2015)



5. Слямбекова Қ. Қазақ тілінің интернет кеңістігіне бейімделуі – Intil // Мемлекеттік тілді дамыту институты [Электронды ресурс]. URL: [https://mtdi.kz/m/til\\_sayasaty/id%20/164/q/2](https://mtdi.kz/m/til_sayasaty/id%20/164/q/2) (Қаралған күні 02.05.2017)
6. Қобыланова А. Қазақ сөз этикеті. – Алматы: ЖАК-тың баспа орталығы, 2001. – 120 б.
7. Занадворова А.В. Саморегуляция в нерегламентируемых сферах интернет-общения: речевой этикет в Живом журнале // Современный русский язык в интернете: сб. / ред. Я.Э. Ахапкина, Е.В. Рахилина. – М., 2014. – С. 93–113.
8. Кронгауз М.А. Утомленные грамотой // Новый мир. – 2008. – №5 [Электронный ресурс]. URL: [https://magazines.gorky.media/novyi\\_mi/2008/5/utomlennye-gramotoj.html](https://magazines.gorky.media/novyi_mi/2008/5/utomlennye-gramotoj.html) (Қаралған күні 16.11.2018)
9. Путилина Л.В. Нормы речевого общения в процессе интернет-коммуникации // Приоритетные направления развития науки и образования: сборник статей Международной научно-практической конференции. – Пенза, 2018. – С. 12–14.
10. Колмогорова А.В. Речевой субжанр «нигерийские письма» как одна из форм коммуникативной манипуляции // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. – 2012. – №19(1). – С. 29–36.
11. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол. ғыл. д-ры ... дисс. автореф. – Алматы, 2001. – 193 б.
12. Банников П. Қазақстандағы әлеуметтік желілердегі өшпенділік тілінің мониторингі. – Алматы: Medianet ХЖО, 2017. – 80 б.
13. Crystal D. Language and the Internet – Cambridge, 2001. – 272 s. // <https://www.cambridge.org/core/books/language-and-the-internet/25A063BB182BF1582C6876B83DDCEE7A>
14. Fairclough N.L. Linguistic and Intertextual Analysis within Discourse Analysis // Discourse and Society. – Lnd, 1990. – P. 193–217.

#### REFERENCES

1. Syzdyk R. Til madenieti jane onyn problemalary [Language culture and its problems]. Kitapta: Tildik norma jane onyn kalyptanuy (kodifikaciiasy). – Astana: Elorda, 2001. – 230 b. [in Kazakh]
2. Uderbaev A. Galamtor jane qazaq tilinin jana kenistigi [The internet and the new space of the Kazakh language] // Ana tili gazeti. [Electronic resource]. URL: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/41454> (Qaralghan kuni 02.03.2017) [in Kazakh]
3. Saidirahmen U. Bugini qazaqstandyq BAQ buqaralyq pa? [The impact of Information Technology on the development of traditional media] // EL.KZ aqparattyq-tanymdyq internet portaly. [Elektronic resurce]. URL: [https://el.kz/news/nauka/bugini\\_kazakstandik\\_bak\\_bukaralik\\_pa/](https://el.kz/news/nauka/bugini_kazakstandik_bak_bukaralik_pa/) (Qaralghan kuni 16.11.2018) [in Kazakh]
4. Baitiles E. Jeli men jelim [Network and glue] // Egemen Qazaqstan. [Electronic resource]. URL: <https://egemen.kz/article/39309-zheli-men-dgelim> [in Kazakh]
5. Sliambekova Q. Qazaq tilinin internet kenistigine bejimdeleri – Intil // Memlekettik tildi damyту институты, Almaty: [Electronic resource]. URL: [https://mtdi.kz/apital/til\\_sayasaty/id/164/q/2](https://mtdi.kz/apital/til_sayasaty/id/164/q/2) [in Kazakh]
6. Kobylanova A. Qazaq soz etiketi [Kazakh word etiquette]. – Almaty: JAK-tyн баспа орталығы, 2001. – 120 б. [in Kazakh]
7. Zanaadvorova A.V. Samoreguliaciia v nereglamentiruemyh sferah internet-obshheniia: rechevoi etiket v Jivom jurnale // Sovremennyi russkiy iazyk v internete: sb. / red. Ia.E. Ahapkina, E.V. Rahilina. – M., 2014. – S. 93–113. [in Russian]
8. Krongauz M.A. Utomlennye gramotoi // Novyi mir. – 2008. – №5 [Electronic resource]. URL: [https://magazines.gorky.media/novyi\\_mi/2008/5/utomlennye-gramotoj.html](https://magazines.gorky.media/novyi_mi/2008/5/utomlennye-gramotoj.html) (Qaralghan kuni 16.11.2018) [in Russian]
9. Putilina L.V. Normy rechevogo obshheniia v processe internet-kommunikacii // Prioritetnye napravleniia razvitiia nauki i obrazovaniia: sbornik statei Mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii. – Penza, 2018. – S. 12–14. [in Russian]
10. Kolmogorova A. V. Rechevoi subjanr «nigeriyskie pisma» kak odna iz form kommunikativnoi manipuliacii // Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta kulture i iskusstv. – 2012. – №19 (1). – S. 29–36. [in Russian]

11. Ernazarova Z. Soileu tili sintaksisinin pragmalingvistikalıq aspektisi: filol. gyl. d-ry ... diss. avtořef. [Pragmalinguistic aspect of the syntax of spoken language]. – Almaty, 2001. – 193 b. [in Kazakh]
12. Qazaqstandaǵy aleumettik jelilerdegi oshpendilik tilinin monitoringi [Monitoring the language of hatred in social networks in Kazakhstan] / Qurastyrgan P. Bannikov. – Almaty: Medianet HJO, 2017. – 80 b. [in Kazakh]
13. Crystal D. Language and the Internet – Cambridge, 2001. – 272 s. // <https://www.cambridge.org/core/books/language-and-the-internet/25A063BB182BF1582C6876B83DDCEE7A>
14. Fairclough N.L. Linguistic and Intertextual Analysis within Discourse Analysis // Discourse and Society. – Lnd, 1990. – P. 193–217.

ӘОЖ 801.73; МҒТАР 811.51

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.15>**Д. ҚАЛИАКПАР<sup>1</sup>, Н. ҚУАНТАЙҰЛЫ<sup>2</sup>, Б. ТӨЛЕПБЕРГЕН<sup>3</sup>**<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: danara.k0506@gmail.com<sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kuantaiuly@mail.ru<sup>3</sup>философия ғылымдарының кандидаты,  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: tolepbergen74@mail.ru

### АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ СИНЕРГЕТИКА

**Андатпа.** Бұл мақалада мифология мен Абайдың шығармаларындағы «синергетика» ұғымының өзара байланысы қарастырылған. Ақын өлеңдеріндегі мифопоэтикалық синергетика бағыты талданып, мәні ашылған. Жалпы көркем әдебиетте, оның ішінде поэзияда да адамның бітім-болмысына қатысты қарама-қарсы ұғымдағы от пен су, жарық пен қараңғы, өмір мен өлім туралы түсініктер мәңгілік тақырыптар болып табылады. Түп тамыры ғарыштық болмыспен сәйкес келетін адам рухының тәжірибесі осындай мәселелерді өз болмысының көркемдік көкжиегінде терең меңгерген. Сипатын жан-жақты, оның ішкі иірімдерін терең талдап, молынан қарастырған. Ғарыштық субстанциялар ретінде дауылдың күшеюі, боранның соғуы, желдің ұйытқуы, бұлттың түнеруі, тұманның қоюлануы секілді табиғат құбылыстары мен көктем, жаз, қыс, күз сияқты жыл мезгілдері алынады. Адам ғұмырының қайшылықтары мен әлемдік антиномиялар қатар келеді. Өмір мен ажал, жарық пен түнек бірінің орнын бірі алмастырып жатады. Бұлар сарқылып бітпейтін, ертеден бері келе жатқан мәңгілік құбылыстар.

Табиғат құбылысындағы осындай мұңды бояулар адам жанының да мұңлы әуендерімен іштей астасып жатыр. Психологиялық параллельдер тіршіліктің де, өмірдің де философиялық мәніне айналып кеткен.

Адам өмірінің осындай мәңгілік тақырыптары көне дәуірлерден жырланып келе жатқандықтан олар қазіргі кезде ерекше бір мифопоэтикалық астарлар арқылы түсіндірілетін архаикалық сипаттарға толы архетиптік (прообраз) қабаттарды құрайды.

**Кілт сөздер:** Абай, мифология, синергетика, мифопоэтика, образ, архаика, парадигма.

**\* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қалиакпар Д., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Абай шығармашылығындағы синергетика // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 179–189. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.15>

**\*Cite us correctly:**

Қалиакпар D., Quantaiuly N., Tolepbergen B. Abai shygarmashylygyndagy sinergetika [Synergetics in Abai's works] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 179–189. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.15>

**D. Kaliakpar<sup>1</sup>, N. Kuantayuly<sup>2</sup>, B. Tolepbergen<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: danara.k0506@gmail.com*

<sup>2</sup>*Candidate of Philological Sciences  
Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: kuantaiuly@mail.ru*

<sup>3</sup>*Candidate of Philosophical Sciences,  
Senior Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University  
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: tolepbergen74@mail.ru*

### **Synergetics in Abai's works**

**Abstract.** This article discusses the relationship of mythology and the concept of «synergetics» in the work of Abai. The direction of mythopoetic synergetics in the poet's poems is analyzed and revealed. In poetry in general, in literature, questions of fire and water, light and darkness, life and death are eternal themes associated with human nature. The experience of the human spirit, which has its roots in cosmic existence, deeply assimilated these questions in the artistic horizon of its existence. Versatility and goodness are subtly considered. Natural phenomena and seasons are taken as cosmic substances, such as wind, storm, hurricane, cloudiness, fog, summer, winter, autumn. World antinomies are accompanied by the contradictions of human life. Light and darkness, life and death alternate. Eternal phenomena occurring from time immemorial.

Such melancholy colors of nature are intertwined with the melancholy melodies of the human soul. Psychological parallels have become the philosophical essence of life.

Since such eternal themes of human life have been sung since ancient times, now they form archetypal (prototype) layers, full of archaic features, which are explained by a special mythopoetic background.

**Keywords:** Abay, mythology, olsynergetics, mythopoetics, image, archaic, paradigm.

**Д. Калиакпар<sup>1</sup>, Н. Куантайулы<sup>2</sup>, Б. Толепберген<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Казахского национального университета имени ал-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: danara.k0506@gmail.com*

<sup>2</sup>*кандидат филологических наук  
Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: kuantaiuly@mail.ru*

<sup>3</sup>*кандидат философских наук, старший преподаватель  
Казахского национального университета имени аль-Фараби  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: tolepbergen74@mail.ru*

### **Синергетика в произведениях Абая**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается взаимосвязь мифологии и понятия «синергетика» в творчестве Абая. Анализируется и раскрывается направление мифопоэтической синергетики в стихотворениях поэта. В поэзии вообще, в литературе вопросы огня и воды, света и тьмы, жизни и смерти – вечные темы, связанные с человеческой природой. Опыт человеческого духа, уходящий своими корнями в космическое бытие, глубоко усвоил эти вопросы в художественном горизонте своего бытия. Тонко рассматривал его универсальность и доброту. В качестве космических субстанций принимаются природные явления и времена года, такие как ветер, буря, ураган, облачность, туман, лето, зима, осень. Мировые антиномии сопровождаются противоречиями человеческой жизни. Свет и тьма, жизнь и смерть чередуются. Вечные явления, происходящие с незапамятных времен.

Такие меланхолические краски природы переплетаются с меланхолическими мелодиями человеческой души. Психологические параллели стали философской сущностью жизни.

Поскольку подобные вечные темы человеческой жизни воспевались с древнейших времен, то теперь они образуют архетипические (прототипные) пласты, полные архаических черт, которые объясняются особым мифопоэтическим фоном.

**Ключевые слова:** Абай, мифология, синергетика, мифопоэтика, образ, архаика, парадигма.

### **Кіріспе**

Мифопоэтика мифтің, мифологиялық образдар мен мотивтердің көркем игерілуі мен өзгеріске түсуінің амал-тәсілдерін зерттеумен қатар мәтін бойындағы архаика-мифологиялық элементтердің енгізілімінің түрлі принциптерін әрі олардың түрлі дәуірдегі сөз зергелері шығармашылығындағы қолданыстарын қарастырады. Бұл арада «өздік миф» пен «әдеби мифтің» ара-жігін айырып алған жөн. Біз Абай шығармаларындағы «фольклорлық миф» қатпарынан бастау алған «әдеби мифтің» архаика сілемдерін оның туындылары бойындағы мифологиялық образдарға ден қойғанда ғана танып біле аламыз. Өйткені, әдеби мифтік элементтер – біртұтас алаш мәдени кеңістігіндегі тұрақтанған дәстүрлі форма.

Қазір постбейклассикалық (постнеклассический) ғылымының феномені синергетика біртұтас алаш мәдени кеңістігіндегі тұрақты формадағы дәстүрлі мифтік ұғым-түсінікті әдебиеттану ғылымымен байланыстыра қарастыруды енді-енді қолға ала бастады. Әдеби шығармалардағы мифопоэтиканы синергетикаға жүгінбей қарастыру бір кездегі ғылыми мұрамыз саналатын кеңестік дәуірдің таптаурынды зерделеулердің аясында қалып қоюға соқтырады. Неміс ғалымы, физика теоретигі Герман Хакен латын түбірлі «гр. *sinergia* – син – «бірге» және эргос – «әрекет ету» терминін 1969 жылы енгізгеннен бері «синергетика» ғылыми мәртебесі төңірегінде заманалық ғылыми әлемде бір ізге түскен ортақ пікір жоқ [1].

Синергетика қазақ заманалық мәдениетін қарастырудағы ең жетекші ғылыми бағыт болып табылады. Бұл бағыттың дамуына Г. Хакен, А. Баблюяц, Г. Николис, С. Вейнберг, И. Пригожин, Р. Грэхем, П. Гленсдорф, К. Джордж, Р. Дефэй, М. Курбейдж, Дж. Каглиоти, Л. Лугиато, С.П. Курдюмов, Б.Х. Майнхардт, К. Майнцер, К. Николис, Мизра, Дж.С. Николис, М. Стадлер, Л. Розенфельд, Дж.М.Т. Томпсон, Ф. Хенин, Дж.В. Хант және басқа әлем ғалымдары зор үлес қосты. Мәтін бойындағы мифпен өрілген жаратылыстанушылық ой ұшқындары тізбегінен тұратын синергетикалық әлемтануды парадигмалық үлгілеу негізінде жаңа ғылыми төңкеріс өмірге келді.

Осы орайда «Әлемге тәртіп пен тәртіпсіздіктің қос қаупі өз қатерін төндіруден арылған жоқ» деген 1919 жылы француз ойшылы әм ақыны П. Валери айтқан жарқын ой әлі күнге өз өзектілігін жойған жоқ [2, 111-б.].

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында жалпы әдіснама, логикалық-эксперименталды әдіс қолданылып, тіл білімі зерттеулерінің синхрониялық-диахрониялық ұстанымдары пайдаланылды. Логикалық-эксперименталды әдіс арқылы Абай өлеңдеріне анализ, синтез және салыстыру жасалды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Абай өлеңдері мазмұндық жақтан және қабылдау эстетикасы тұрғысынан әлі күнге дейін толыққанды жүйелене қойған жоқ. Оның үстіне Абайдың философиялық толық адам түсінігі мен оның нағыз ақындық өресінің ара-жігін күні бүгінге дейін ажырата алмай келе жатқан кемістігіміз тағы бар.

«Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен Ай» деп басталатын 5 шумақ өлеңнің 3–4 шумағының қисынды жүлгесі жаз көрінісіне келіңкірегенімен, жазғытұрымғы бейнеден алыс жатыр. Онда жазғытұрымғы көріністен көрі галактикалық құбылыстарды сөз ету үстем орында тұр. Сондықтан мен оны Абайдың «Жазғытұрым» атты өлеңінің қалқасында қалып қойған ғажайып бір жеке дара өлең деп санаймын», - деген Бекқожа Жылқыбекұлының «Жазғытұрым» өлеңінің қалқасында тағы бір өлең» атты зерттеу мақаласы ғылыми ортаға ой салды [3]. Автор ойымен біз де келісеміз. Өйткені, өлең құрылысындағы мифопоэтикалық синергетика екі түрлі қабылданады. Абайдың осы өлеңін екі бөлікке бөліп қарастырған Бекқожа Жылқыбекұлы әлдебір себеппен кезінде құрастырушылар тарапынан біріктірілген екі жеке өлең екенін орынды аңғарған.

Дәл қазір пәнаралық білім деп ұғынылатын синергетика ілімі қазақ филологтары тарапынан түрлі қырынан қарастырылып жүр. Өсіресе әдеби процесте ерекше із қалдырған классикалық әдебиеттің өкілдерінің туындыларының бітім-болмысын ұғынуда мәтін кеңістігіндегі прадиγμα мен білімдер жиынтығының ұйымдасуындағы хаос пен тәртіптің ілік ғылыми, бейғылыми, метафизикалық, т.б. негіздерін табуда синергетикаға жүгінетініміз өтірік емес. Мысалы, қазақ ислам ағартушылығының бес шамшырағы саналатын: әл-Фараби, Ясауи, Абай, Шәкәрім және Мәшһүр-Жүсіптердің шығармашылығындағы миф поэтикасының синергетикасы енді-енді қолға алына бастаған жаңа ғылыми үрдіс.

Біз Абай шығармашылығының миф поэтикасының синергетикасын зерделеген шақта мәтін бойындағы бүткіл мәдени-рухани өзара байланыстылықты танылатын объектілердің ашық және бейжелілі (нелинейный) жүйесі деп танимыз. Абай мифопоэтикасының жалпы заңдылықтары мен принциптерін ұғынуда бұрынғыдай бір ғана филологиялық ұстанымдардың жетегінде кетпей, керісінше, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының негіздеріне сүйенген аралас ғылыми бағыт-бағдарды ұстанамыз.

Мысалы, Бекқожа Жылқыбекұлы жеке өлең деп санайтын:

«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты,

Құмары екеуінің сондай күшті.

Түн қырындап жүргенде көп қожандап,

Күйеу келді, ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,

Жан-жануар қуанар тойға елеріп.

Азалы ақ көрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн – күйеуін жер көкsep ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай,

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң

Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,

Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.

Қызыл арай сары алтын шатырына,

Күннің кешке кіргенін көрді көзім», [4, 119-б.], - деген өлең жолдарындағы ғарыштық ұғымдағы «Күн», «Ай», «Жұлдыз» және ғаламдық ұғымдағы «Жер» қолданыстарын осы тұрғыдан алып қарастырайық.

Герман Хакен синергетиканың 10 мәнін ашып көрсетеді. «Мен синергетиканың мәнін ашатын ең негізгі ережелерін екшей таңдап алдым.

1. Зерттелетін жүйе бір-бірімен өзара тығыз байланыста болатын бірнеше немесе көптеген біртектес не болмаса әртектес бөліктерден тұрады дейді [5, 55-б.]. Бізге керегі осының тек біріншісі ғана.

Таңдап алған ғарыштық ұғымдағы «Күн» «Ай», «Жұлдыз» және ғаламдық ұғымдағы «Жер» мифопоэтикалық түсініктеріне қатысты зерделеу жасағанда А. Щербаковтың:

«Синергетиканың мәліметтері негізінде құбылыстар арасындағы байланыс өзара байланысты жаңа қырынан ұғындырып, бірінші орынға оның ақпараттық-коммуникативтік қырын шығарады...», - деген пікірімен келісеміз [6, 102–103-бб.]. Қазақ ұғымындағы дейдей түркіден, шумерлерден тамыр тартқан әлемді мифопоэтикалық ұғынудағы «күн мен жерді» «күйеу мен қалыңдық» ретінде кейіптендіру исламдық мифологиямен астасу арқылы санамызға қонақтайды.

Абайдың мифопоэтикасы реалистік мистика арқылы ұғындырылады. Өліні тірілтіп, шығармашылық хаостан абсурд тудыру барысында: мәтін – «қуыршақ», ал, автор – «қуыршақ егесіне» айналады деген ұстаным синергетикаға тән. Бұл жайында сөз етер болсақ, өз бабаларының санасында таңбалаған мифтік түсініктеріне бірде саналы, бірде санасыздықпен жүгінетін сөз зергері белгілі бір жағдайда өз жансыз қуыршақтарын әлдебір мифтік жіпті тарту арқылы өз ырқына бағындырады. Бұны мойындауымызға да болады, мойындамауымызға да болады. Тек айқын дүние – автор мен оқырманның өзінше ұғынатын «мәтін кеңістігіндегі» мифопоэтиканың өмір сүру құқығының барлығы.

Орыс зерттеушісі К.П. Петров осы жайында классикалық әдебиеттің «бейклассикалық» табиғатын ұғыну үшін белгілі бір ұлттың ерек өркениеті өмірге әкелген Құдайға сеніп, мәжусилік кезеңдегі ұғым-түсінікке жаңаша рең беруді былайша сөз етеді: «Қуыршақты немесе жіпті көру үшін басыңды жоғары көтеріп, оған жақындап баруға тиіссің. Рухани жанарың қарапайым ілім-білімде тек жанды бөлшектерді аңғару үшін, олардың оркестрінің не ойнап жатқанын есту үшін, концертмейстерлер мен дирижерлердің жан-дүниесіне үңілу үшін сенің өздік ақыл-парасатың мистикалық ілімдермен және қабілеттермен толығыуы қажет. Жаратқанға деген ізгі махаббаттан туындаған материалдық игілікті көзге ілмейтін ұлы әрі адал мистикаға сенушілік жоғары білімге қол жеткізеді.

Көңіл қоймаушылық қағидасы – ғылымды және дінді әм мистикалық ілімді бір-бірінен ажырата көлегейлейтін перде іспеттес. Оларсыз жасалған кейбір ғылыми пайымдаулар түкке тұрғысыз болып табылады да, хаос өз тәртібін орнатып, өмір өз арнасымен ары қарай жылжитындығы тасада қалады... Дәл осындай абсурдқа қарсы оған қарама-қайшы қағида қарсы тұрады. Оны басқару қағидасы деп айтуға болады. Ол ешқашан өзін дәлелдеп «ақ тер, көк тер» болуды қажет етпейтін Қоғамдық Қауіпсіздіктің Концепциясы болып танылады.

Басқару қағидасы өмір түзімдегі барша әрекеттерді өз құшағына сыйдырады» [7].

Жұрт таныған классиктердің туындыларының мәтін кеңістігінде синергетикалық мистикалық түп негіз жоқ деп айту ағаттық. Оның арғы түбінде әлем келбетін түсінудің көне ғылым-ілімі бұғып жатқандықтан ғылымды – діннен, ал, сананы – мистикадан бөліп қарастыруға мүлде болмайды.

Осыған қатысты: «Ньютонның алхимиялық еңбектерін жинастыруда еселі еңбек еткен Лорд Кейнстың төмендегідей сөзі бар: «Ньютон парасат ғасырының алғашқы өкілі болған жоқ. Ол біздің интеллектуалды байлығымызды осыдан он мың жыл бұрын түзіп кеткен бабылдың әрі шумерлердің ұлы идеяларының соңғы иегері ретінде мәдени және рухани әлемге солардың көзімен қарай білді» [8].

Біз алаштың интеллектуалды байлығын әлемге бабаларымыз түзіп кеткен мәдени һәм рухани әлемді араға сан мыңдаған ғасырлар салып таныта алған Абайдың мифопоэтикасына қатысты тап осыны айта аламыз. Философия ғылымдарының кандидаты Е.В. Рыльцев тап осы жайында сөз етеді [9].

Синергетикасыз мәтін әлемін зерделейтін ресми гуманитарлық ғылым назар аудармау принципі, негізінде көне принципті, оның ішінде бағзы мифтік ұғымдарды жүрдім-бардым сөз еткен шақта көп нәрсе назардан тыс қалады. Сол себепті Абайдың мифопоэтикасын бір ғана әдебиеттанудың қазығына байлап қоюға болмайды. Оны жыланның ескі терісінен арылғаны сияқты, әдебиеттануды жартылыстану ғылымымен байланыстағы жаңаша зерделеулермен алмастырған орынды.

Жалпы, Абай сияқты алып тұлғалардың мәтін әлеміндегі шашырай қолданылған мифопоэтикалық ұғым-түсініктерін жеке-жеке қарастыруды доғарып, керісінше, олардың барлығын бір арнаға тоғыстырып, біріктіру принципі негізінде ғылыми теорияларды, философиялық және діни ілімдерді, рационалды әм мистикалық танымдарды бірлікте алып қарастыруға қол жеткізуге тиіспіз.

Абайдың «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде мынандай жолдар бар:

«Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек» [4, 111-б.].

Осы шумақтағы «Ақылға сәуле қонбаса» деген жолды талдап көрелік. Шынында да адамның жүрегінде өршіл рухы, қайсар қайраты болмаса, оның ұйқылы-ояу жүретіні белгілі. Ал енді «ақылға сәуле қонуы» үшін не істеу керек? Данышпан Абайдың өзі айтқандай, жай сөзді ұқпайтындар ғылымды да ұғып-үйрене алмайды.

Сәуле – жарық, сәуле – нұр.

Мағынасы – кең, семантикасы – терең. Жарық – тәрбие, көргендік, оқу, білім, тағылым, күн, дін – бәрі осы бір семантикалық өрісте жатады да, бірін-бірі толықтырады, бүтіндейді, әдіптейді, сөйтіп ортақ салтанатты Сәулеге қызмет етеді.

Иә, адамды Алла тағала бірдей етіп жаратты, бірдей етіп сана берді. Ал, Санаға саңлау түсіретін сәуле! Ол сәулені қондыратын адамның өзі. Тәрбиені алу-беру, көру, көргенді түю, оқу, білім алу, оқып білгеннен, көрген-естігеннен тағылым алу, дінді тану, табу, Алланы сүю – адам баласының өзінің істейтін қызметі, таным жолы. Ал, Сәуле – нұрдың жолы өзгешелеу! Нұр – араб тіліндегі: *نور* – жарық сәуле деген ұғымды білдіреді – 1) күн нұры; 2) Құдайдың шапағатының, сипатының, ақиқатының, ілімінің көрінісі деген мағыналарда жұмсалады. Құран Кәрімдегі өзіміз жақсы білетін «Нұр» сүресінде: «Аллаһ көктер мен жердің нұры...», - деген аят бар. Яғни, Нұр – Алланың шексіз мейірім-шапағаты. Нұрдың бастамасының өзі Алланы барынша дәріптеп, оның көркем есімдерін еске алу адамның жан дүниесінің, өмір сүру кеңістігінің, мекені мен мезгілінің нұрлануының басты шарты дейміз. Қазақтың белгілі философ-ақыны Шаһкәрім Құдайбердіұлының өлеңдерінде «Нұр-сәуле» ұғымы кеңінен қолданылған. Парасатты ой иесі Ш. Құдайбердіұлының кез келген жыр жолдары адам баласын тазалыққа, адалдыққа шақырады. «Жазған хаттың сырымен, Жарқыраған нұрымен, Тазарып жүрек кірінен, Қайғыдан басым болды азат»; «Нұрға байсың нұрыңнан зекет парыз, Мен кедеймін нұр сұрап қылдым арыз»; «Мен жомартпын жар нұрына»; «Нұрыңнан жарық жүрегім, Ғайыптан хабар білемін», т.б. көптеген өлең шумақтарында жүректі тазартып, нұрландыратын Алла Тағаланың мейірім-шапағаты екенін айтады [10].

Сәуле... ғылым тілінде «белгілі бір жарық денеден бөлінетін жарықтың жіңішке жолағы болса, жарық – қоршаған ортаны көрсететін, яғни көзге көрінетін сәулелі энергия». Ал, жарық дүние – ғалам, жер, тіршілік және адам екені аян. Зере анамыздың немересі Ибраһимді «жарығым» деп те еркелеткенін білеміз. Демек, жарық – сәбидей пәк тазалықтың, қалтарысы жоқ жақсылықтың, боямасыз өмірдің және әлбетте, шуағы мол білім мен мейірімнің қайнары. Жүзі жылы, ашық-жарқын, ақ жол жарықтың, жарық жанның, жанашыр жүректің айналасына деген шапағаты.

Абай сәулесі де «көзімізді ғана емес, көкірегімізді де ашатын», дүбірлі дүниеде дұрыс бағдар сілтейтін темірқазық: «Білімдіден шыққан сөз / Талаптыға болсын кез. Нұрын, сырын көруге / Көкірегінде болсын көз... Сәулең болса кеудеңде, / Мына сөзге көңіл бөл... Жүректің көзі ашылса, / Хақтықтың түсер сәулесі» [11, 86–126-бб.]. Сәулелі жыр «іштегі кірді қашырып», адам кеудесін «хикметке» кенелтеді: «Кемді күн қызық дәурен тату өткіз, / Жетпесе, біріндікін бірін жеткіз!.. / Бірінді бірін ғиззат, құрмет етіс, / Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып».



Поэзия пайғамбарына, оның қараңғылық көгінен төгілген сәулесіне алаш арыстары Әлихан, Ахмет, Мағжан, Міржақып пен Сұлтанмахмұттан бастап, ілгерінді-кейінді барша қазақ ақындары табынды. «Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін, / Ермек үшін, немесе өлмеу үшін... / Жаздым үлгі жастарға бермек үшін» / Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін» [12, 145-б.]. Ал, бар өмірін абайтануға арнаған ғұлама Әуезов осы іргелі ілімнің негізін қалап, оның арқатірегіне айналды. Ендеше, бүгінгі әңгімеміз ұлы Абай мұрасының «ұйықтап жатқан жүректі оятар» жасампаз жарығы хақында. Біз оны «Абай сәулесі», - деп атадық [13].

Абайдың айрықша жырлаған тақырыптарының бірі табиғат болды. Табиғатты жанындай сүйген Абай ақынның жыр шумағын оқығанда қоршаған ортаның әсем көрінісі көз алдына көлбеңдей қалады. Мектеп қабырғасында жаттап өскен баланың «Желсіз түнде жарық ай», «Күз», «Қыс», «Жаз» деген өлеңдерді есейсе де есінен шығармай, әр шумағын жатқа соғатыны анық. Жаратылыстың жайдары жазын, түсі суық қараша күзін, не болмаса сақылдаған сары аязы мен қарлы боранын өзің көріп тұрғандай боласың.

«Желсіз түнде жарық ай» деген өлеңіндегі әдемі көрініс ешкімді де бей-жай қалдырмайды:

«Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен гүрілдеп.  
Қалың ағаш жапырағы,  
Сыбырласып өзді-өзі.  
Көрінбей жердің топырағы

Құлпырған жасыл жер жүзі» [4, 108-б.], - деген жолдарды тебіренбей оқу мүмкін емес. Тұнып тұрған сурет. Ғажап сурет. Әдемі көрініс. Жадыраған жаздың тұп-тұнық әсем түні. Тымық түн. Тылсым түн. Өзен жағасында тұрған жанның ашық аспандағы жарық айдың суға түскен сәулесін тамашалап тұрғанын елестеткендейсің. Ауыл сыртындағы көрініс сөзсіз көз алдына келеді. Бейнебір суретшінің қолынан жаңа шыққан туындыны көріп тұрғандайсың. Көркемдік шеберлік деп осыны айтсақ керек.

Ақын жайнаған жаздың әдемі көркін осылай суреттесе, сол сұлу сурет өзгеріп, жасыл жапырақ солғын тартып, сарғайып, түсі қашқан қоңыр күздің суық кескінін:

«Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма?  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,

Жапырағынан айрылған ағаш, қурай» [4, 74-б.], - деп, күздің келуімен бірге жапырағынан айырылған ағаштардың сыйдиган, сұрықсыз сыйқын көз алдына келтіреді. Кешегі мамыражай жазда мез-мейрам болып жүрген жастардың, асыр салып ойнаған балалардың көрінбейтіндігін тілге тиек етеді. Көңілсіз күздің бейнесін осылайша суреттеген ақынның шеберлігіне тәнті боласың.

Абай қаһарлы қыстың кескін-келбетін де асқан шеберлікпен суреттей білген. Ақынның үілдеген үскірік аязды, бұрқыраған боранды рақымсыз, қатал адамға ұқсатқаны да керемет. Қыстың мал үшін де жайсыз соғып, қауқарсыз соқыр, мылқау күшке айналғандығын көркем сөзбен жеткізеді санаға.

«Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,

Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды» [4, 46-б.].

Абай тұтас жылдың төрт мезгілін де осылайша керемет суреттеп бере отырып, тылсым табиғаттың қыр-сырын шынайы бейнелейді. Өлеңді оқып отырған оқырман бейнебір сол табиғаттың аясында қыста тоңып, жазда жадырап, күзде көңілсізденіп, көктемде қайта көңілденетіндей күй кешетіні анық. Демек, «Қылышын сүйреткен қаһарлы қыс» та, «Масатыдай құлпырған жаз» да көз алдыға өз кескінімен ғана көрініс табады. Жылдың төрт маусымы да Табиғат-Ананың шынайы суретімен адамның назарын өзіне аударады. Табиғат лирикасының тамаша суреткері А. Құнанбайұлының ешкім таласа алмайтын парасаттылығы да осында жатқан шығар, сірә?!

Ақынның табиғат лирикасы сол маусымның суретін әдемі бейнелеумен ғана шектелмейді. Бұл табиғат тылсымымен онда өмір сүріп жатқан адам өмірімен де тығыз байланыстыра білуімен ерекшеленеді.

«Күз» деген өлеңінің де шумақтарын еске түсірейік.

«Кемпір, шал құржаң қағып, бала бүрсен,

Көңілсіз қара суық қырда жүрсен» [4, 32 б], - дейді. Жайнаған жаздан кейін оның тамаша суреті де біртіндеп сұрықсыз күйге ауысады. Арқа-жарқа отырған жұртшылыққа қылышын сүйретіп қыс келе жатқанынан хабар беретін күздің азынаған желі, сұрықсыз кейпі көңіл-күйді де аздап түсіре бастайтындай. Күзгі кедей ауылының көңілсіз сүрені көз алдыға елестей отырып, бойынды бейнебір ызғырық жел тоңазыта түсетіндей. Бүрсен қаққан бала желең жүргендей көз алдыға келеді.

Әрине, қазақтың аса бай халық ауыз әдебиетінде табиғатты оқиғамен байланыстыра суреттеу бұрыннан-ақ қалыптасқан. Ал енді табиғаттың өзін жеке тақырып етіп алуды қазақ әдебиетіне алғашқы болып Алтынсарин мен Абай алып келген десек, қателеспейміз. Батыстың классик ақындары шығармаларымен етене таныса білген де осы екі суреткер. Шығыстың шайырлары мен Батыстың үздік классиктері туындыларын оқып, содан үлгі ала бастаған да осы Абай ақын.

Абайдың сұлу суретке аса бай «Қыс» атты өлеңін оқып отырып, оны адам бейнесімен салыстыра жеткізуі көркемдік шеберліктің нағыз өзі дерсің.

«Ақ киімді, денелі, ақсақалды,  
Соқыр, мылқау, танымас тірі жаңды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
Дем алысы – үскірік, аяз бен қар,  
Кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды.  
Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
Аязбенен қызарып ажарланды» [4, 46-б.].

Қысты дәл осылай суреттеу бұрын-соңды болмаған еді. Абай ақын оны қазақтың ұғымына сәйкестендіріп «кәрі құдаң – қыс келіп, әлек салды» деген секілді байырғы сөздер арқылы образдар жасады. Қысты ақ сақалды шал ретінде суреттеу бұрынғы қазақ әдебиетінде кездеспеген еді. «Қыс» өлеңі арқылы Абай қырдағы елге қыстың қандай әсері болғандығын жеткізеді. Төрт түлігімен күнелткен малшы үшін, жалпы шаруа үшін осы бір ең қолайсыз кез – қыстың оларды қаншалықты әбiгерге салатынын жеткізеді. «Қыс» өлеңінің шумақтарының әрбір қатары аязды қыстың суық лебін бетке ұрғандай әсер қалдырады. Табиғат тақырыбындағы барлық өлеңі де ақынның тамаша суретші екендігін дәлелдей түседі.

Абайдың:

«Күн – күйеу, жер – қалыңдық сағынышты, Құмары екеуінің сондай күшті», - деген жыр жолдары күннің күйеуге қырындап, жердің қалыңдық ретінде берілуі қазақтың тұрмыс-тіршілігінің табиғат көріністерімен тұстас екенін байқатады [14, 119-б.].

Көптеген елдердегі ежелгі мифтік наным-түсінігінше күннің жерге құштарлығын, сүйіспеншілігін баяндайтын аңызбен ұштасып жатқаны көрінеді.

«Күн – күйеуін жер көкsep ала қыстай,

Біреуіне біреуі қосылыспай,

Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,

Жер толықсып, түрленер тоты құстай», - деген шумақтарда да Абай жер-қалыңдық пен күн-күйеудің мифологиялық образын жасады.

Күн, күндізгі аспан күннің көзінсіз – жарық пен жылудың көзінсіз мүмкін емес. Ежелгі әлем халықтарының көпшілігінде – египеттіктерде, инктерде, жапондықтарда күнге табыну – олардың ең жоғарғы құдыреттерінің бірі болды. Күнге славяндықтар да табынған. Мифологияда күнделікті күннің шығуы мен батуы күн құдайларының аспан арқылы саяхат жасауы мен күннің оның жауларымен түнгі шайқасы, оны жұтып қоюға тырысқаны ретінде түсіндіріледі. Күн құдайы ретінде көбінесе сиыр мен бұқа алынды.

Библиялық мифологияда күндізгі сәуле қараңғылықтан жарықты ажырату үшін және әлемге жарықпен қызмет ету үшін өмірге келген, тек құдайдың күн жүзінің әлсіз жарқылы ретінде қарастырылады, сондықтан шынайы күн Иисус Христос пен оның сөзі болып табылады.

Күннің басты мағынасынан бөлек, яғни күн – жылулық, жердегі жарық пен өмір көзінен басқа, күн образы адамның мәңгі әдемілікке, шындыққа, кемелдікке ұмтылысымен байланысты ассоциацияланады. Мысалы, А.С. Пушкин, И.А. Бунин және А. Белыйдың өлеңдеріндегі күн образы әртүрлі берілген. А.С. Пушкиннің «Зимнее утро» өлеңінде:

Мороз и солнце; день чудесный!

Еще ты дремлешь, друг прелестный –

Пора, красавица, проснись:

Открой сомкнуты негой взоры

Навстречу северной Авроры,

Звездою севера явись!

Бұл жерде ақын күнді сұлу қызға теңеп тұр [15].

### Қорытынды

Өлең тілінде, жалпы көркем сөзде суреткер белгілі бір заттың немесе құбылыстың, іс-қимылдың бір белгісін таңдап алып, оны өзге сөздермен тұспалдап беру арқылы мифологиялық бейне жасайды. Мысалы, «Күйлі, күйсіз бәйгеге Қажыды көңілім көп шауып» деген өлең жолдарында «көңілдің бәйгеге шабуы» деген мүлде ерекше образ, ал сол көңілдің бәйгеге бірде күйлі, бірде күйсіз түсуі – тағы да астарлап айтқан бейнелі құбылыс. Абай – қазақ қоғамы, оның болмысы, келешегі туралы жан-тәнімен толғанған қайталанбас тұлға ретінде қазақ әдебиетінің тарихынан, тіл ерекшелігі мен сөз саптауы тұрғысынан әдеби тілінің қалыптасу тарихынан маңызды орын алған елінің маңдайына біткен жарық жұлдызы еді. Абай шығармаларындағы мифтік образдар мен сарындар арқылы тарихи дәуірдің ұлттық-рухани дамуындағы басты ерекшеліктерді ашып көрсетуге болады.

Бұндай біріктірілген кез келген іргелі ғылыми теориялар әрі кем-кетік, әрі қарама-қайшылықты болып келеді. Абайдың мифопоэтикалық әлеміндегі біртұтас білім өзара құрамдас бөліктілікке ие болғандықтан шындыққа бір табан жақын келіп, әрі ғылым – діннен, әрі дін – ғылымнан ірге ажыратпайды. Міне, осындай хакім Абайдың мифопоэтикасындағы бәрін тұтастыра қарастыру мистикалық аян беруден, философиялық

әм ғылыми принциптерден, ұғымдардан, ой қорытулардан, эксперименталдық зерделеулердің қым-қиғаш тізбегінен тұрады.

Абай біз талдаған өлеңі арқылы Адамзат пен Аллаға қызмет етудің біртұтас білімін қайыра жаңғыртып отыр. Сондықтан әдебиеттанушы мифология қазақ классикалық әдебиетінің жеке тұлғаларын зерттеген шақта әрі рационалды, әрі мистикалық философияны бірлікте алып қарастыруы керек. Өйткені, мифопоэтика синергетикасының философиялық негізі оның мистикалық құрамдас бөлігінсіз еш ашылмайды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Хакен Г. Синергетика / пер. с англ. В.И. Емельянова, под ред. Ю.Л. Климонтовича. – М.: Мир, 1980. – 404 с.
2. Валери П. Об искусстве. – М.: Искусство, 1976. – 623 с.
3. Жылқыбекұлы Б. «Жазғытұрым» өлеңінің қалқасында тағы бір өлең // Әдебиет порталы. [Электронды ресурс]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22040> (Қаралған күні 23.08.2019)
4. Абай: өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 488 б.
5. Синергетике 30 лет. Интервью с профессором Германом Хакеном // Вопросы философии. – 2000. – №3. – С. 53–61.
6. Щербаков А.С. Самоорганизация материи в неживой природе. Философские аспекты синергетики. – М.: Изд-во МГУ, 1990. – 103 с.
7. Петров К.П. Тайны управления человечеством. Т. I. – М.: Академия управления, 2009. – 275 с.
8. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. – М.: Прогресс, 1986. – 432 с.
9. Рыльцев Е.В. Философские основы синергетики // Материалы VII Всероссийской научно-практической конференции «Новый взгляд на человека: вызовы времени». – Нижний Тагил: НТГСПА, 2014. – С. 34–39.
10. Салқынбай А.Б. Абай сөзінің лингвопоэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 238 б.
11. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2016. – 126 б.
12. Мақатаев М. Шығармаларының төрт томдық жинағы. – Алматы: Жалын, 2001. – 320 б.
13. Жүнісбеков Б. Абай сәулесі // Әдебиет порталы. [Электронды ресурс]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/bolat-zunisbekov-abai-saulesi\\_\\_22042](https://adebiportal.kz/kz/news/view/bolat-zunisbekov-abai-saulesi__22042) (Қаралған күні 23.08.2019)
14. Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Жазушы, 1985. – 468 б.
15. Сүйіншәлиев Х. Абай және орыстың классикалық әдебиеті. – Алматы, 1954. – 52 б.

### REFERENCES

1. Haken G. Synergetika [Synergetics] / per. s angl. V.I. Emelianova, pod red. Ju.L. Klimontovicha. – M.: Mir, 1980. – 404 s. [in Russian]
2. Valeri P. Ob iskusstve [About art]. – M.: Iskusstvo, 1976. – 623 s. [in Russian]
3. Jylqybekuly B. «Jazgyturyum» oleninin qalqasynda tagy bir olen» [Another poem after the poem «Zhazgyturyum»] // Adebiet portaly. [Electronic resource]. URL: <https://adebiportal.kz/kz/news/view/22040> (Qaralghan kuni 23.08.2019) [in Kazakh]
4. Abai: olender, poemalar, audarmalar men qara sozder [Abai: poems, poetries, translations and words of edification]. – Almaty: Jibek joly, 2005. – 488 b. [in Kazakh]
5. Sinergetike 30 let. Interviu s professorom Germanom Hakenom [Synergetics is 30 years old. Interview with Professor Herman Haken] // Voprosy filosofii. – 2000. – №3. – S. 53–61. [in Russian]
6. Sherbakov A.S. Samoorganizaciia materii v nezhivoi prirode. Filosofskie aspekty sinergetiki [Self-organization of matter in inanimate nature. Philosophical aspects of synergetics]. – M.: Izd-vo MGU, 1990. – 103 s. [in Russian]
7. Petrov K.P. Tainy upravleniia chelovechestvom [Secrets of the management of humanity]. T. I. – M.: Akademiia upravleniia, 2009. – 275 s. [in Russian]
8. Prigojin I., Stengers I. Poriadok iz haosa [Order out of Chaos]. – M.: Progress, 1986. – 432 s. [in Russian]

9. Rylcev E.V. Filosofskie osnovy sinergetiki [Philosophical foundations of synergetics] // Materialy VII Vserossiskoi nauchno-prakticheskoi konferencii «Novyi vzgliad na cheloveka: vyzovy vremeni». – Nijniy Tagil: NTGSPA, 2014. – S. 34–39. [in Russian]
10. Salqynbai A.B. Abai sozinin lingvopoetikasy [Linguopoetics of the word Abay]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 238 b. [in Kazakh]
11. Abai shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq jinagy. 1-tom [A complete two-volume collection of Abai's works. Volume 1]. – Almaty: Jazushy, 2016. – 126 b. [in Kazakh]
12. Maqataev M. Shygarmalarynyn tort tomdyq jinagy [A four-volume collection of his works]. – Almaty: Jalyn, 2001. – 320 b. [in Kazakh]
13. Junisbekov B. Abai saulesi [Abai ray] // Adebiet portaly. [Electronic resource]. URL: [https://adebiportal.kz/kz/news/view/bolat-zunisbekov-abai-saulesi\\_\\_22042](https://adebiportal.kz/kz/news/view/bolat-zunisbekov-abai-saulesi__22042) (Қаралған кәні 23.08.2019) [in Kazakh]
14. Qazaqtyn miftik angimeleri [Kazakh mythical stories]. – Almaty: Jazushy, 1985. – 468 b. [in Kazakh]
15. Suiinshaliev H. Abai jane orystyn klassikalyq adebieti [Abai and Russian classical literature]. – Almaty, 1954. – 52 b. [in Kazakh]

А.Р. ЕРШАЕВА<sup>1</sup>✉, А.Б. ШАЛДАРБЕКОВА<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: assyl\_1993@mail.ru

<sup>2</sup>PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: ajars@mail.ru

### «ҚОРҚЫТ АТА» ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІНДЕГІ *qil'ic* «ҚЫЛЫШ» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

**Андатпа.** Мақалада орта ғасырлардағы түркілердің ерекше тарихи ескерткіштерінің бірі – «Қорқыт Ата кітабындағы» тілдік фактілердің қазақ тілімен сабақтастығы қарастырылады. «Қорқыт Ата кітабы» – VII–XIII ғасырларда Сыр бойын жайлаған оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, ауыздан-ауызға көшіп, түрік тектес халықтардың бәріне түгел жайылған жазба ескерткіш. Оның тілі негізінен XIII–XIV ғасырдың тілдік ерекшеліктерін де сақтаған. Аталған ескерткіш оғыз тобындағы тілдермен сәйкестігі жоғары болса да, қыпшақ тобы тілдерімен фонологиялық, лексика-семантикалық, прагматикалық тұрғыдан сәйкестігін зерттеген жұмыстардың аз болуы, осы мақаланың өзектілігін көрсетеді. Жалпы, «Қорқыт Ата кітабы» тұтас бір халықтың тұрмыс-тіршілігінен, жер-су атауларынан, әдет-ғұрпынан, салт-санасынан, наным-сенімінен, тарихынан ақпарат береді. Тілдің осы мазмұндық жағы, яғни куммулятивтік қызметтен туындаған әлемнің тілдік бейнесін сипаттауы тарихи фактілерді жаңа заман талабынан қарастыруды қажет етеді. «Қорқыт Ата кітабында», жалпы ортағасырлық жазба ескерткіштерде тарихи қару-жарақтар көп қолданылған. Солардың ішінде *qil'ic* «қылыш» лексемасы жан-жақты қолданысы мен алуан түрлі семантикалық қырлары арқылы ерекше көзге түседі. Бұл зерттелген сөздің қазіргі қазақ тілінде лексика-семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерінің жоғары деңгейде сақталуынан көрінеді. Бұл ежелгі көшпенділердің өмірін сипаттайтын ақпарат көзі. Бұл – жылқы шаруашылығымен айналысып, сыртқы жаулармен бетпе-бет жиі кездесетін ежелгі көшпелі түркі тайпаларының тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін ақпарат көзі. Осындай *qil'ic* «қылыш» лексемасы сияқты тарихи фактілерге жіті талдау жасай отырып, қазақ тілінің тарихи сөздік қорын бағамдап, ортатүркілік сөздік қорды, тілдің табиғатын және сол арқылы түркілік дүниетанымды қалпына келтіруге болады.

**Кілт сөздер:** түркі, жазба ескерткіштер, қару-жарақ, қылыш, лексика, семантика, сабақтастық.

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ершаева А.Р., Шалдарбекова А.Б. «Қорқыт ата» жазба ескерткішіндегі *qil'ic* «қылыш» лексемасының қазақ тілімен сабақтастығы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 190–199. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.16>

**\*Cite us correctly:**

Ershaeva A.R., Shaldarbekova A.B. «Qorqyt ata» jazba eskertkishindegi *qil'ic* «qylysh» leksemasynyn qazaq tilimen sabaqtastygy [Continuity of the Lexeme *qil'ic* «kylysh» with the Kazakh Language in the Written Monument «The Book of Korkyt Ata»] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 190–199. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.16>

**A.R. Yershayeva<sup>1</sup>, A.B. Shaldarbekova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: assyl\_1993@mail.ru*

<sup>2</sup>*PhD, Lecturer of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: ajars@mail.ru*

### **Continuity of the Lexeme *qilic* «kylysh» with the Kazakh Language in the Written Monument «The Book of Korkyt Ata»**

**Abstract.** This article examines the continuity of linguistic facts with the Kazakh language in the “The Book of Korkyt Ata” – one of the unique historical monuments of the Turks of the Middle Ages. “The Book of Korkut Ata” is a written monument of Turkic origin, originated in the 7-13th centuries among the Oguz-Kipchak tribes, spread by word of mouth and reached all peoples of Turkic origin. His language has preserved mainly the linguistic features of the 13-14th centuries. Although this monument has a high identity with the languages of the Oguz group, a small number of works studying phonological, lexico-semantic, pragmatic correspondence with the Kipchak languages indicates the relevance of this article. In general, the “The Book of Korkut Ata” provides information about the life, names, customs, traditions, beliefs and history of an entire nation. This meaningful aspect of language, that is, the description of the linguistic picture of the world generated by cumulative activity, requires consideration of historical facts from the requirements of modern times. In the book “The Book of Korkut Ata”, medieval written monuments, in general, a large number of historical weapons were used. Among them stands out the lexeme *qil:ic* “kylysh” (sword) is due to its versatile use and variety of semantic aspects. This is manifested in the high level of preservation of lexico-semantic, grammatical features of the studied word in the modern Kazakh language. This is a source of information describing the life of ancient nomadic Turkic tribes who were engaged in horse breeding and often faced external enemies. Analyzing such historical facts as the the lexeme *qil:ic* “kylysh” (sword), it is possible to evaluate the historical vocabulary of the Kazakh language, restore the Middle Turkic vocabulary, the nature of the language and thereby the Turkic worldview.

**Keywords:** Turkic, written monuments, weapons, sword, vocabulary, semantics, continuity.

**А.Р. Ершаева<sup>1</sup>, А.Б. Шалдарбекова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: assyl\_1993@mail.ru*

<sup>2</sup>*PhD, преподаватель Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Астана), e-mail: ajars@mail.ru*

### **Преемственность лексемы *qilic* “кылыш” с казахским языком в письменном памятнике «Книга моего деда Коркута»**

Gokche M., Bazarbaev Q., Kelesh M. Ataturik kezenindegi Turkiyadagy ulttyq bilim beru juiesinin qalyptasuy men damuy [Formation and Development of the National Education System in Turkey during the Period of Ataturk] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1(127). – B. 314–326. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.26>

**M. Gokche<sup>1</sup>, K. Bazarbayev<sup>2</sup>, M. Kelesh<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>Professor, Doctor*

*Mugla Sitki Kocman University*

*(Turkey, Mugla), e-mail: mustafagokce@mu.edu.tr*

*<sup>2</sup>PhD, Associate Professor of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

*(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz*

*<sup>3</sup>PhD Doctoral Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

*(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: murat.keles@ayu.edu.kz*

### **Formation and Development of the National Education System in Turkey during the Period of Ataturk**

**Abstract.** The article considers the period of formation and development of the national education system of Turkey, which was considered the most important factor of the education system during Ataturk's period. In order for the newly created young state to be viable, it was necessary to equip the young generation with modern education and educate them in the national spirit. After that, with the declaration of the Republic of Turkey, the period of fundamental reconstruction in education policy began.

Ataturk not only laid the foundations of the Republic, but was able to become a leader of national modernization. The most important of his reforms are his reform initiatives in the field of education. Between 1923 and 1938, these changes, which took years in some countries, took place very quickly in Turkey. Under the leadership of Mustafa Kemal Ataturk, national, secular and modern education reforms began to be implemented gradually. Reforms implemented within the framework of education policy satisfied the basic needs of the society.

The Law «On Unification of Education», adopted on the eve of the establishment of the Republic, revitalized the work of scientific institutions. Reforms of the alphabet, the system of national schools, and university education raised the educational and intellectual level of the country. Adoption of the law «On the unification of education» renewed school programs, created favorable conditions for the large number of foreign scientists to be attracted to universities, and the introduction of modern pedagogical technologies into the field of education. The article comprehensively examines the education system based on European science and education standards in Turkey, and analyzes modern foreign experience and proposed educational directions.

**Keywords:** Ataturk, Republican period of Turkey, education policy, teacher training, alphabet reform.

**М. Гокче<sup>1</sup>, К. Базарбаев<sup>2</sup>, М. Келеш<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>профессор, доктор*

*Университет Мугла Ситки Кочман*

*(Турция, г. Мугла), e-mail: mustafagokce@mu.edu.tr*

*<sup>2</sup>PhD, доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави*

*(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: kanat.bazarbayev@ayu.edu.kz*

*<sup>3</sup>PhD докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави*

*(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: murat.keles@ayu.edu.kz*

### **Формирование и развитие национальной системы образования в Турции в период Ататюрка**

**Аннотация.** В статье рассматривается период становления и развития национальной системы образования Турции, считавшейся важнейшим фактором системы образования в эпоху Ататюрка. Чтобы вновь созданное молодое государство было жизнеспособным,

молодое поколение необходимо вооружить современными знаниями и воспитать в национальном духе. С провозглашением республики в Турции начался период значительных изменений и реорганизации в сфере образования. Ататюрк не только заложил основы республики, но и смог стать лидером национальной модернизации. Наиболее важными из изменений, которые он ввел, были реформы, предпринятые в сфере образования. Эти преобразования, продолжавшиеся в некоторых странах годами, реализовались в Турции в ускоренном темпе в период 1923–1938 гг. Под руководством Мустафы Кемала Ататюрка начала постепенно осуществляться реформа национального, светского и современного образования. Изменения, проведенные в рамках образовательной политики, удовлетворили основные потребности общества.

Закон «Об унификации образования», принятый накануне образования республики, активизировал работу научных учреждений. Реформы алфавита, системы национальных школ и университетского образования подняли образовательный и интеллектуальный уровень страны. Принятие закона «Об унификации образования» обновило школьные программы, создало благоприятные условия для привлечения в вузы большого количества иностранных ученых, внедрения современных педагогических технологий в сферу образования. В статье комплексно рассматривается система образования, основанная на европейской науке и стандартах образования в Турции, и анализируются практики, выработанные в этот период.

**Ключевые слова:** Ататюрк, республиканский период Турции, образовательная политика, подготовка учителей, реформа алфавита.

### Кіріспе

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен ұлттық күрес елде білім беру жүйесін қиындатты. Ел қазынасының қомақты бөлігі сыртқы жаулардан қорғаныс шығындарына жұмсалып, жоғары оқу орындары мен жоғары сынып оқушыларын әскерге шақыру қажеттілі туындады. Нәтижесінде елдегі ұлттық күрес жеңіске жетіп, Республика жарияланғаннан кейін түрік қоғамын қазіргі өркениет деңгейіне жеткізу, елдің дамуы үшін кедергілерді жою, мемлекет құру мақсатында Ататүрік реформалары жүзеге асырыла бастады. Әсіресе, түрік төңкерісінің нәтижесі білім саласындағы реформаларды түбегейлі өзгертіп, елде ұлттық білімнің кең түрде таралуы үшін шұғыл қадамдар жасау қажет болды. Осы мақсатта Ататүрік тұсында бастауыш мектептен бастап, жоғары оқу орындарына дейінгі білім мен тәрбиенің барлық саласында түбегейлі өзгерістер жасауға шешімдер қабылданды. Қабылданған шешімдер, білімнің сандық және сапалық жағдайын жақсартып қана қоймай, Ататүрік аңсаған жаңа Түркияның іргетасының қалануына негіз болды.

Түркия Республикасы құрылғаннан кейін Мұстафа Кемал Ататүрік және оның төңірегіндегілер түрік ұлтын алға ілгерілету үшін білім саласында маңызды қадамдарға бет бұрды. Білім беруде ұлттық, заманауи және зайырлы құндылықтар мен ұстанымдарды кеңінен қолдануға тырысты. Османдық көмескіленген білім беру жүйесі туралы бұрынғы түсініктен бас тартылды. Білім беру саласында дамыған елдерді өкшелеп қуып жетуі үшін, шетелден білім беру мамандары мен ғалымдар көптеп тартылды [1, 13-б.]. Республикалық кезеңде білім беру саласындағы өзгерістер мен қайта құрулардағы осы ізденістерді жеделдету, сәйкесінше білім конгресі, «Білім беруді біріктіру туралы» Заңның қабылдануы және жүзеге асырылуы, жаңа стандарттарға сәйкес білім беруге кезең-кезеңімен көшу, білім беру саласындағы өзгерістер мен қайта құрулар нығая бастады. Елге шетелдік сарапшыларды шақыру және олар дайындаған жоспарлар арқылы болашаққа нық қадам жасау көзделді. Ең маңызды өзгерістер әліпби реформасын жүзеге асыру және ұлттық мектептерді жандандыру, сондай-ақ олардың саны мен сапасын арттыруға күш салу керек болды.

Ататүріктің білімге үлкен мән беруінің себебі, жаңа мемлекеттің жалғасы, жас ұрпақты ұлттық білім беру бойынша тәрбиелеу екені даусыз. Өйткені реформалардың жылдам жүзеге асуы тек білім арқылы ғана мүмкін болатын еді. Ататүріктің елде жаңаша білім беру бастамасына Афет Инан былайша түсінік береді: «Оның ең көп айналысқан істерінің бірі ұлттық білім беру мен тәрбие мәселесі болды». Тіпті, ол кейде «Егер мен Республиканың Президенті болмасам, Білім министрлігін алғым келеді» дейтін [2, 36-б.]. Ататүріктің пайымдауынша, жүргізілетін реформалар республикалық басқаруды қабылдаудың бірінші шарты жоғары білімді, ұлттық санасы биік тұлғаларды тәрбиелеу болды. Ол үшін білім беру жүйесін өркениетті қоғам деңгейіне сай қайта құрып, *қоғам* талабына *сай* жаңарту қажет еді.

Зерттеудің басты мақсаты Түркиядағы білім беруге қатысты реформаның тәжірибесіне талдау жасау және оны қазіргі заманғы көзқараспен бағалау болып белгіленді. Осы мақсатқа сай Түркиядағы білім саясатының құқықтық-заңнамалы негіздері айқындалып, әлемдік білім беру жүйесімен интеграциялануының нәтижелері талдануы тиіс.

### **Зерттеу әдістері**

Тақырыптың тарих және педагогика ғылымдары тоғысында орындалған сипатына зерттеуімізде тарих ғылымының тарихи-салыстырмалық және гносеологиялық тәсілдері, сонымен бірге педагогика тарихының зерттеу әдістері де қолданылды. Ататүрік тұсындағы Түркияда білім саласындағы реформаларының еуропалық озық тәжірибелерді игеруге бағыт алғандығын ескеріп, гуманитарлық интеграция ұстанымдары басшылыққа алынды. Сонымен бірге зерттеу мақсатына сай тарихнамалық, деректанулық талдаумен қатар, диахрондық талдау, оқытудың межесін зерделеу, синтез және дедукция сияқты жалпығылыми әдістер қолданылды. Зерттеудің дереккөздерін Түркияның білім саясатына қатысты қабылданған заңнамалық актілері мен білім саясатын айқындайтын құжаттар құрайды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Жаңа мемлекеттің іргесін қалыптастыру жолында түрлі қиындықтарға тап болған Ататүрік Ұлттық күрестің алғашқы жылдарында да білім беру мәселелерін түбегейлі реформалау керек деп шешті. 1919 жылы 28 желтоқсанда Анкараға келіп, бұқара халыққа жолдаған үндеуінде Ұлттық күрестің негізгі мақсаттарын түсіндірді. Ентелеген жауды елден біржолата қуып шығару күн тәртібіндегі маңызды мәселе болып тұрған сол кезеңде, халықтың жеңіске жетуі үшін, әскери ерік жігермен қатар өркениет пен білім қажет екенін тілге тиек етті.

Ататүрік өркениет жолында еуропалық үлгіге сай жылдам ілгерілеп дамуы үшін тұтас тәуелсіздік пен ұлттық ерік-жігерге негізделген Республикалық басқару қажет, ол үшін қоғамда түбегейлі өзгерістер жасау арқылы жүзеге асыруға болады деп есептеді. Қуатты мемлекет пен бақытты ұлт қалыптастыру үшін келешекте білім мен ғылымның өскелең ұрпаққа ауадай қажет екенін сөз етті [3, 81-б.].

1923–1924 жж. Түркия халқының саны 11–12 млн шамасында болған еді. Бұл халықтың 10%-ы және әйелдердің 3%-ы ғана сауатты дегенді білдірді. Осы жылдары Түркияда барлығы 5062 оқу орны, оның ішінде 4894 бастауыш мектеп, 72 орта мектеп, 64 кәсіптік лицей, 9 факультет және жоғары оқу орындары болды. Бұл мектептерде жұмыс істейтін мұғалімдер мен оқытушылар саны барлығы 11918 адамды құрайды. Мұнда 358 548 оқушы оқыды, оның 341 941-і бастауыш мектепте, 5905-і орта мектептерде, 6547-і кәсіптік оқу орындарында, 2914-і жоғары оқу орындарында оқитын. Осы жылдарда қазынадан білім саласына бөлінетін қаржының үлесі төмен деңгейде болатын. Көпшілік жағдайда қаражаттың ауқымды бөлігі елдің қорғаныс саласына жұмсалды. 1921 жылы жалпы қазына 57 128 833 лира болса, соның 390 412 лирасы ғана білімге жұмсалды. 1923 жылы жалпы бюджет 105 929 911 лира болса, Білім министрлігі ағарту саласына 3.033.003 лира көлемінде

ғана қаражат бөлді. Республика құрылуының алғашқы жылдарында осы себептен, білім берудің сапалық көрсеткіштері де төмен болды. Мектеп ғимараттарының жағдайы мен білім беру материалдарының жетіспеушілігі біршама қиындықтар тудырды [4, 320-б.]. Республика кезеңінде білім берудегі сапалық және сандық өзгерістерді қарастырмас бұрын, Ататүріктің білім туралы ой-пікірін саралап көрейік. Оның тәрбиелік тұлғасын қалыптастыруда сол кезеңнің әлеуметтік, саяси және интеллектуалдық ортасы тиімді болды [5, 251-б.]. Сонымен қатар, Ататүріктің әскери қызметті таңдауы, мемлекеттің негізін қалаушы және мемлекет басшысы болуына басқа да маңызды факторлар әсер еткен еді. 1911 жылы оның бойында Бенгази халқының білім деңгейін көтеру идеясы пайда болды. Тіпті бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Анафарталарда түрік әліпбиі қалай болуы керек деген ойда жүрді. Мұстафа Кемал Пашаның 1919 жылы 19 мамырда Самсун, Эрзурум және Сивас конгрестеріне қатысқан соң, білім туралы жаңашыл реформалары Анкараға келген соң, Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінде талқыланды.

1920 жылы 9 мамырда жарияланған үкіметтік бағдарламада Ұлы Ұлттық мәжіліс ашылғаннан кейін 16 күн өткенде оқу-ағарту ісіне үлкен мән беріліп, алдағы уақытта кейбір негізгі білім реформалары жүргізілетіні айтылды. Бұл бағдарламада білім беру жүйесінің қандай бағыттар арқылы қалыптасқанын төменде берілген 1-кестеден көруге болады.

### 1-кесте – Білім беру жүйесінің қалыптасуы

1920	→	<b>1920 жылы 3 мамыр:</b> Оқу министрлігі Білім министрлігі болып құрылды	→	Осылайша, оқу ісі Стамбул үкіметі мен Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісі үкіметі тарапынан екі бөлек орталықтан жүргізіле бастады.
1921	→	<b>1921 жылы 25 наурыз</b> Тәрбие саласы мен бастауыш білім беру жүйесі құрылды	→	Ұлттық, білім мен ғылымға негізделген мектептердің, ғылым мен техникаға біртіндеп өту кезеңі жүргізілді.
1921	→	<b>1921 жылы 15 шілде</b> Республикалық педагогтер съезі шақырылды	→	Бұл педагогтар мен сарапшылардың пікірін ескере отырып, білім беру және оқыту мәселелері мен методикалары талқыланған алғашқы отырысы өтті. Съезд отырысында білім беру бағдарламаларының мазмұны мен әдістері талқыланды.

1921 жылы 15 шілдеде Анкараға шақырылған білім туралы мәжілісіне елдің түкпір-түкпірінен 250-ден астам ер және әйел мұғалімдер жиналды. Ататүрік Амасияда өткен мәжілісте «Ұлттың ерік-жігері мен шешімі ұлттың тәуелсіздігін сақтап, одан әрі нығайта түспек» деген сөзімен ұлттық егемендік қағидаларын ұран етті.

Республика жарияланғанға дейін 1923 жылы 8 наурызда «Мисак-ы Маариф» атымен жарияланған мәжілісте ұлттық тәрбиеге қатысты маңызды ережелер қамтылды. Надандықты жойып, ұлттық тәрбиені еліміздің түкпір-түкпіріне таратып, келешек заман талабына сай интеллектуалдық жағынан жаңа ұрпақ дарынды жастарды тәрбиелеу ісі алға қойылды. Бұл қағидалардың маңыздылығы сол жас ұрпақты ғылым, білім мен имандылық тұрғысынан мызғымас күшпен қаруландыру керек болды. Осыдан соң, 1924 жылы 3 наурызда күшіне енген «Білімді біріктіру туралы» заң бойынша Осман дәуіріндегі қалыптасқан абсалюттік

құрылымнан арылып, білім беру реформалары бір арнаға топтастырылып, Ұлттық білім беру министрлігіне қосылды [6, 46-б.].

Мұстафа Кемал Ататүріктің сөзінше, осман дәуірінде білім жүйесінде көптеген кемшіліктердің орын алғаны белгілі болды. Олар:

– Білім беру және оқыту әдістері бір-біріне сәйкес келмейді. Бұл ұлтымыздың құлдырауына әкелді.

– Білім беру саясаты тұрақты болмады. Әр білім министрі әртүрлі бағдарламаны жүзеге асырды.

– Отбасында балаларға еріксіз қысым жасалды.

– Османша білім беру жүйесі заманауи жаңарған педагогикалық білім беру бағдарламаларына сәйкес келмеді.

Осы орайда Мұстафа Кемал Ататүріктің білім беру бағдарламасының негізгі қағидалары; ұлт, ғылым, зайырлылық, бірлескен білім, бірлік, надандықты жою, еңбекке негізделген білім және тәртіп ережелері болды [7, 46-б.].

Осы кезеңде білім беру саласында біршама өзгерістер орын алды. Сауат ашу науқаны, университет реформасы, шет елден ғалымдарды көптеп тарту сияқты бастамалар елдегі білім реформасына оң нәтижелер берді, әсіресе жоғарғы оқу орындарының реформаларында Түркияда қуғында жүрген неміс профессорларының өздерін ғылым саласында көрсетуге көп мүмкіндік берілді [8, 8-б.].

Ататүріктің пайымдауынша, жүргізілетін реформалар мен республикалық басқаруды қабылдаудың нәтижелері, ұлттық сананы жоғары қою, білім деңгейін жетілдіру, саналы тұлғаларды тәрбиелеу болды. Ол үшін білім беру жүйесін өркениетті қоғам деңгейіне сай қайта құрып, бүкіл халыққа тарату қажет болды. Жаңадан құрылған Түркия Республикасының алғашқы жылдарында жария болған бұл идеямен ұлттық білім саясаты негізінен үш мәселеге бағытталды.

1. Ұлттық мәдени бірлікті қамтамасыз ету.

2. Тәрбие саласы мен бастауыш білім беру жүйесін кеңейту.

3. Елге қажет білікті кадрлар жұмыс күшін дайындау [9, 160-б.].

Ататүрік ұлттық бірлікті қалыптастыруда ең маңызды құралдың білім екенін алға тартты. Осы себепті Ататүрік ұлттық мәдени бірлікті қамтамасыз ету үшін білім беруді осы мақсатқа сай құрылымдау керектігін айтты. Ататүрік өзінің негізгі мақсаттарын жүзеге асыру, осы мақсаттарға қол жеткізетін білім беру саясатын жүргізу үшін 1924–34 жылдары маңызды алты құжат дайындады. Осы құжаттар аясында ұлттық білім беру мен тәрбие ісінің заманауи қажеттіліктерін ашып көрсетті.

Ататүрік ұлттық білім беру мен ұлттық тәрбие қағидаларын атап өтті [10, 23-б.]. Олар:

1. Ұлттық білімді қалыптастыру.

2. Ғылыми жаңалықтар жасау.

3. Зайырлы білім.

4. Аралас білім.

5. Қолданбалы білім.

Ататүрік атап өткен осы қағидаларға сәйкес, сол кездегі білім министрі Васфи Чинар 1923 жылғы 8 қыркүйектегі мәжілісте ұлттық білім мен оқытудың негізгі мақсаттарын жоғарыдағы қағидаттарға сәйкес жасау керектігін сөз етті [11, 86-б.].

Мұстафа Кемал Ататүрік 1922 жылы 27 қазандағы жеңісінен соң, Бурсадағы мұғалімдер алдында сөйлеген сөзінде: – «Міне, біздің ең маңызды және ең нәтижелі міндетіміз білім беру, білім табысты болуы керек. Ұлттың надандықтан құтқаратын бірден бір бағыт осы жол болмақ» – деген екен.

Республиканың алғашқы жылдарында білім беру жүйесін қалыптастыру жоспары төмендегіше қалыптасты.

1. Білімге үлкен мән берілді.
2. Білім беру қызметкерлеріне моральдық қолдау көрсетілді.
3. Жалпы білім беруде сан жағынан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді.
4. Білім беруде бірлікке қол жеткізілді.
5. Білім беру зайырлы болды.
6. Білім беру демократияланды.
7. Тарих және тіл пәндерінде ұлттық мақсат басым болды.
8. Латын әріптері қабылданады.
9. Әйелдердің білім алуына үлкен мән беріліп, бірлескен оқу жұмыстары жүргізілді.
10. Бастауыш сынып мұғалімдерінің жалақысы мемлекеттік қазынадан төлене бастады.
11. Ұстаз педагог мәртебесіне баса назар аударылып, біршама тәжірибелер жүзеге асырылды.
12. Халық ағарту ісіне ерекше көңіл бөлінді.

Жоғарыда айтылған бағдарламаларды орындау үшін, білім беру саласында белгілі бір реформалар жүргізу қажет болды. Олар білім беруді біріктіру заңының қабылдануы, әліпби реформасының жүзеге асуы, Түрік тарих қоғамының құрылуы, Түрік тілі институтының құрылуы және университет реформасының жүзеге асуы еді.

Ататүрік 1922 жылы 27 қазанда Ұлттық күрестің жеңісін тойлау үшін Ыстамбұлдан Бурсаға келген мұғалімдер мен оқытушыларға Республикалық білімнің қасиеттері туралы баяндама жасады. Ұлттық, білім мен ғылымға негізделген мектептердің, ғылым мен техникаға біртіндеп өту жолында ұстаздарға үлкен міндет пен жауапкершілік жүктелетінін айтты [12, 36-б.].

1928 жылы 31 қаңтарда Ататүріктің қолдауымен құрылған «Түрік Маариф» қоғамы (Түрік білім бірлестігі) дарынды студенттерге ел ішінде және шетелде білім алуға мүмкіндік жасады. Негізінде, Ататүрік Ұлттық күрестен кейін жасағысы келген ең маңызды істерінің бірі «ағартушы ретінде ұлттық сананы көтеру, менің ең үлкен арманым», – деді [13, 17-б.].

Республиканың алғашқы жылдары Ататүрік ұстаздар мен студенттерге арналған ұсыныстарын жиі жолдады: «Ұстаздар – жас ұрпақты тәрбиелеуде, жақсылық пен ізгілікке жол бастайтын өздеріңіз. Болашақ жас ұрпақты Түркияның тәуелсіздігін қызғыштай қорғайтындай етіп тәрбиелеу керек. Білім ұлттық, демократиялық, заманауи және зайырлы, ақыл мен ғылымға негізделуі керек», – деді [14, 10-б.].

Ататүрік тұсында білім берудегі сапалық көрсеткіштер Республикаға дейінгі кезеңмен салыстыруға келмейтін деңгейде болды. Білім беру мен оқыту қызметін заманауи деңгейге көтеру үшін көптеген реформалар жасалды. Солардың ішінде білім берудегі қателіктерге нүкте қоятын «Білімді біріктіру» заңы алғашқы маңызды құжаттардың бірі болды. 1923 жылдан бастап оқытуды біріктіру туралы көзқарасы Ататүріктің 1924 жылы 1 наурызда Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің ашылуында сөйлеген сөзінде өз нәтижесін берді. Осылайша, 2 наурызда Республикалық халықтық партия тобы талқылап, қабылдаған үш маңызды заң жобасы 3 наурызда Парламентке ұсынылып бекітілді [15, 155-б.].

Ұлттық білім министрлігіне қарасты мектептерге жіберілген бұл заңдар түрік тілі, тарих және география курстарының түрік тілінде оқытылуы талап етіліп, дінді насихаттауға тыйым салынды. 1926 жылы 2 наурызда «Білім беруді біріктіру» заңын жүзеге асыру мақсатында «Білім беруді ұйымдастыру туралы заң» қабылданды. Осы заңмен бастауыш мектепте білім алу тегін әрі міндетті болып, тіл ұйымы, оқу-ағарту ісі, ұлттық білім мен тәрбие басқармалары құрылды.

Халыққа теңдей білім беру жолында жүргізілген реформалық қозғалыстардың бірі – әліпби реформасы болды. 1928 жылы 28 мамырда тұңғыш рет әліпбимен айналысатын тіл ұйымы құрылып, араб әліпбиінің орнына түрік әліпбиін қолдану кең етек алды. 1923 жылы Измирде өткен мәжілісте түрік әліпбиінің жедел қабылдануы туралы ұсыныс жасалды. Жаңа түрік әліпбиі туралы зерттеулер Республика жарияланғаннан кейін ұзақ уақыт қоғамда



талқылаға түссе де, 1927 жылы ресми сипатқа ие болды. Осылайша Мұстафа Кемал Ататүрік 1928 жылы 8–9 тамызда Сарайбурну саябағында Республикалық халық партиясы ұйымдастырған жиында әліпби реформасының басталғанын жариялады. 1928 жылы қарашада «Түрік әліпбиі туралы заңның» күшіне енуімен барлық ресми және жеке түрік газеттері мен журналдары 1928 жылдың желтоқсан айынан бастап жаңа түрік әріптерімен жарық көре бастады. Жаңа заң 1929 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне еніп, мемлекеттік ресми хаттар да түрік әліпбиінде жазыла бастады. Сонымен қатар, 1929 жылы 1 қаңтарда Ұлттық мектептер ашылды. Алғаш халыққа сауат ашуды мақсат еткен бұл мектептер болашақта өмір сүруге қажетті басқа да қадамдарды үйретуді мақсат етті. Сонымен қатар қоғамдық орталықтар мен халық кеңестері де сауат ашу курстарын ұйымдастырды [16, 54-б.].

Оқытуды біріктіру, түрік әліпбиі мен ұлттық мектептердің қабылдануынан кейінгі келесі кезең ұлттық ерекшеліктерге ие болған тарих пен тілдің зерттелуі болды. Ұлттық тарих ғылымына мән берген Мұстафа Кемал Ататүрік өзі ұсынған «Түрік тарихы тезисі» арқылы Анадолы түркілерінің тарихын шынайы фактілер тұрғысынан зерттеуді ұсынды. Тарихты өткен мен болашақтың арасындағы көпір деп санайтын Ататүрік 1930 жылы «Түрік тарихының негізгі бағыттары» атты кітап шығарды. Ол сондай-ақ Афет Инан жазған «Азаматтық ақпарат» кітабына да өз үлесін қосты [17, 16-б.].

1923 жылы Ататүрік Измирде халықпен кездесулерінде діни медреселердің ескі білім беру әдістерінен арыла алмай, жаңа ұлттық білім беру жолына ауысқысы келмейтін топқа былайша үн қатты: «Ұлтымыздың, еліміздің оқу орындары бірлікте болуы керек. Ескі білім беру жүйесінен түбегейлі бас тартатын уақыт жетті. Республика жарияланған кейін 1923 жылға қарай оқу-ағарту саласын бір жүйеге келтіру мәселесі талқыға салынып, оған шындап көңіл бөлінді. Бұл мәселелер «Мұғалімдер мен ұстаздар қауымдастығы» ұйымдастырған ұлттық білім семинарларында да қарастырыла бастады. Осы семинарлардың біріне Қазым Қарабекір Паша қатысып, білім беруде ұлттық бірлік құру қажеттілігін былайша алға тартты [18, 3-б.]. «Ұлттың адамгершілігі, имандылығы, имандылығының бірлігі ой бірлігін тудырады...». Сол сияқты бұрынғы білім министрі Хамдулла Суфи де осы конгресте мәлімдеме жасап, ұлттық білімге қарсы медресе жақтаушылары қоғамда бой көтерген жаңа білім мен ұстаздарға қарсы арандатуын жалғастырып, мектептегі білім беруде отбасының араласа алмайтынын айтты [19, 8-б.]. «Мен бір ғана білімді мойындаймын, ол – Мемлекеттік білім. Бағыты бір, тәртібі бір, мақсаты бір», – деді. Білімді біріктіру туралы заңның қабылдануы 3 наурыз 1924 жылы жүзеге асты. Жас Республика мен түрік ұлтының даму қадамдарына ұлттық жігер беріп, бірлігін қамтамасыз етіп, жылдам дамудың алғы шарттары білім реформаларын жылдам іске асыру қажет болды. Бұл ұйымның іргетасы 1921 жылы 16 шілдеде Анкарада шақырылған оқу-ағарту конгресінде қаланды, содан кейін 1923 жылы 15 шілдеде өткен Ғылыми комитеттің алғашқы мәжілісінде ұлттық тәрбие барлық бағыттар бойынша қарастырылып, білім беруде ұлттық бірлікті қалыптастыруға шешім қабылдады. Бірақ сол ойлардың жүзеге асуы үшін, ол кезеңнің қолайсыз жағдайларына байланысты оңтайлы сәтті күту керек болды.

1924 жылы 1 наурызда Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісінің ашылу сөзінде Республика Президенті Мұстафа Кемал Ататүрік білім реформасын жетілдіру бағыттары бойынша мынадай сөз сөйледі: «Түркияның білім беру және оқыту саясаты толық жүзеге асырылуы керек. Бұл саясаттың негізі ұлттық бірігулер болуы шарт. Қоғамдық өмірді дамыту және ілгерілету үшін білім беру мен оқытудағы бірлікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жоғары кәсіптер мен мамандарды ажырата алатын білім дәрежелері маңызды. Осы себепті дін істері министрлігі мен Білім министрлігінің бұл мәселеде келіскені жөн...» деді [20, 6-б.].

Осылайша, Білім министрлігі бастауыш және орта мектептерде алғашқы реформалық қозғалысты жүзеге асырды. Жұмыс істеп тұрған мектептер орта және жоғары мектеп

деңгейінде қайта құрылды. Бұл мектептерде тәрбие мен мәдениет курстары көбейіп, жаңа кәсіптік курстар да енгізілді. Министрлік мектеп тапшылығына байланысты Еуропа мен Америкаға студенттерді жіберсе, сол жақтан біраз ұстаздар мен ғалымдарды елге шақырды [21, 121-б.]. Нәтижеде кейінгі жылдары шетелдік сарапшылардың ұсыныстары бағдарлама ретінде қабылданып, іске асырыла бастады, ал 1927–1933 жылдар аралығындағы ұлттық сипаттағы жаңа мектептер ашылды.

1923 жылы елде небәрі 20 мұғалім дайындайтын мектеп болды. Бұл әрине жеткіліксіз еді. Оқушылар мен мектептердің саны көбейген соң, Білім министрлігі жетекші мамандар үшін арнайы емтихандар мен курстар ұйымдастыру арқылы Білім министрлігі оларға мұғалімдік құқық лицензияларын берді. Мұғалімдер мектепте сабақ беріп қана қоймай, сонымен бірге халықты надандықтан құтқарып, іскерлік пен сауданы да үйретті [22, 224–227-бб.]. Осылайша, мектептегі оқу үрдісін ұлғайту және білім берудегі жаңа жоспарлар жасау негізінде мұғалімдердің саны мен сапасы біртіндеп жақсара бастады. Алайда 1923–1924 оқу жылынан бастап елдегі келеңсіз жағдайларға байланысты мектептерде дәріс беретін мұғалімдердің саны айтарлықтай қысқарды. Көпшілігі елдің қорғаныс саласына жіберілді. Мектептер мен мұғалімдер санының азайғанына қарамастан, білім ошақтарында оқушылар саны 1923–1924 жылдары 2528-ден 2949-ға дейін өсті. Бұл көрсеткіштер мұғалімдерді жұмыспен қамтамасыз ететін жаңа білім беру саясатын жүргізуге себеп болды.

1923–1924 оқу жылында барлық мектептердің саны 5062 болса, бұл сан 1936–1937 оқу жылында 126% өсіп, 6386-ға жетті. Осы кезеңде барлық мектептердегі мұғалімдер саны 161% өсіммен 12437-ден 20061-ге дейін өсті. Мектептердегі оқушылар саны 358 548 болса, бұл сан 1936–1937 жылдары 226 пайызға артып 810 199-ға жетті. Өз кезегінде университетті реформалау қажеттілігі айқын болды. Алайда кейбір мұғалімдер бұған қарсы болды. Өз орнын сақтап қалуға алаңдаған олар түбегейлі өзгерістерден қорықты. Ал кейбірі реформаны жақтады. Ататүрік Республика құрылғаннан кейін түбегейлі білім беру реформасын жүзеге асырған соң, осының нәтижесінде білім беру жүйесі одан ары дами түсті (2-кесте).

## 2-кесте – Білім беру жүйесінің дамуы

1922	→	<b>1921-1922 оқу жылы</b> Бірлескен білім беру реформасы Дарульфунунда басталды.	→	Ғылым және әдебиет сабақтарында оқушылар (ерлер, қыздар) бірлесе дәріс алатын болды. Инас Дарульфүн білім беру мекемесі 1921 жылдан бастап өз жұмысын бастады.
1922	→	1922 жыл Білім министрлігінің барлық ұйымдары Білім министрлігіне қосылды.	→	1922 жылы Республикадағы көптеген оқу орындары өз еркімен Анкарадағы Білім министрлігіне қосылды. Сұлтандық басқару кезеңіндегі білім беру реформасы жойылып, Ыстамбұл үкіметіне қарасты жаңадан құрылған Білім министрлігіне біріктірілді.
1923	→	1923 жылы 15 шілде I Ғылым комитетінің отырысы өтті.	→	Қазіргі білім беру проблемаларын анықтау және оларды шешу жолдары талқыланды.

Түркияда осындай бағыттар жүзеге асып жатқанда Германиядағы оқиғалардың нәтижесі жіті қадағаланып, 1933 жылы билікке келген Адольф Гитлердің қуғын-сүргінінен жанын сақтау үшін, шетелге қашқан жүздеген неміс ғалымдарымен байланысқа орнатылды. Оларды Түркияға шақырды. Осылай елге келген профессорлардың көпшілігі Стамбул

университетінің медицина, ғылым, әдебиет және экономика факультетінде қызмет ете бастады. Сонымен қатар, Анкарада заң факультеті, тіл, тарих және география факультеті, саяси ғылымдар және Анкара мемлекеттік консерваториясы, гигиена институты, жоғары ауылшаруашылық институты, Нумуне ауруханасы сияқты мекемелерде де шет елдік ғалымдар жұмыс істеді.

Осылайша Батыс үлгісінде ғылым ордасы саналатын университет әдебиет, ғылым, медицина және заң факультеттері болып қайта құрылды. Білім беруді біріктіру заңына сәйкес ашылған «Дінтану факультеті» «Исламтану институты» болып қайта құрылды. Химия институты, морфология институты сияқты ғылыми-зерттеу мекемелері ашылды. Ататүрік ғалымдарға үлкен көңіл бөлді. Республиканың оныншы жылында жасалған осы шараларға қоса, 1925 жылы Анкарада ашылған заң мектебі 1934 жылы заң факультетіне айналды, ал бұрын ашылған Анкара Жоғары ауылшаруашылық мектебі, жоғары ауылшаруашылық институты болып қайта құрылды. Институт 1933 жылы ұлттық мәдени саясатқа сәйкес түрік тілі мен тарихын ғылыми әдістермен зерттеу мақсатында Анкарада (1936) Тіл, тарих және география факультеті құрылды.

Ататүрік түрік ұлтын өз тарихын қате түсінуден бас тартып, ел тарихын дұрыс көзқарасқа бағыттау үшін Түрік тарих зерттеу қоғамын құрды. Ұйымның ережесіне сай түрік тарихын зерттеу және алынған нәтижелерді жариялау, сонымен қатар ғылыми пікірталастарға қатысу, дереккөздерді зерттеу және басып шығару мақсаты қойылған. Түрік ұлтының тарихы осы уақытқа дейін жазылған тек Османлы тарихымен байланысты емес, түркілердің тарихы әлдеқайда көне заманнан бастау алады. Түркілер тарихта өзі араласқан халықтардың өркениетіне әсер етті. Осман империясының тарихындағы үмбеттік түсініктен арылып, түрік ұлтының өз атымен аталатын тарихы болуы міндетті болды. Осы бағыттар төңірегінде көптеген зерттеулер жүргізілді [23, 121–128-бб.]. Алдымен кітапхана ашылды. Барлық тарихшылар түрік тарихына қатысты кітаптарды зерттеп, Ататүрікке өз тұжырымдарын ұсынды. Зерттеу жинағының мазмұны «Түрік тарихының негізгі бағыттары» деген тақырыппен жарық көрді.

1931 жылы «Түркия тарихын зерттеу ұйымы» өз жұмысын бастады. Осылайша, 1932 жылы Анкарада түрік тарихшыларының қатысуымен бірінші Түрік тарихы конгресі өтті. Ғылыми зерттеулерге негізделген «түрік тарихы тезисі» арқылы тарихымыз өзінің шынайы бейнесін көруге мүмкіндік алды.

1924 жылы түрік тіліне ең үлкен кедергі болып саналатын медреселер жойылып, жаңа әліпби қабылданды, нәтижесінде ұлт мектептерінде халық түсінетін ортақ тілде оқу жалғасып, барлық мектептер Білім министрлігіне қосылды. Ұлттық тәлім-тәрбие, оқу-ағарту бірлігі нәтижесінде тіл туралы зерттеулер күшейіп, нәтижеде 1932 жылы 12 шілдеде «Түрік тілін зерттеу қоғамы» құрылып, өз жұмысын бастады.

### **Қорытынды**

Білім беру мен оқытудағы бірлік пен тәрбие ісі толығымен мемлекеттің бақылауына өткен соң, қабылданған жаңа заңдар негізінде ұлттық білім беру жүйесі құрылды. Әліпби төңкерісі арқасында түрік тарихы мен тілін зерттеп, жаңадан ашылған бастауыш, орта және жоғары оқу орындары түгел дерлік жаңартылды. Көптеген шетелдік мамандарды елге шақырып, шетелдерге мамандар даярлау үшін студенттерді жіберу, Түрік халқының білімге деген құштарлығын оятты. Осылайша Түрік елі аз ғана уақыттың ішінде бірегей және заманауи білімге қол жеткізген дамушы елге айналды.

Ататүрік Түркия Республикасындағы барлық оқу орындарын қазіргі өркениет деңгейіне жеткізуді мақсат етті. Осы мақсатқа жету жолында ұлттық тәрбиемен ұлтымызға қысқа мерзімде білім беру ұжымын қалыптастыра білді. Осы мақсатқа сай, ең алдымен, кадрлық күш-қуатын сапалы түрде арттырып, ұстаздарды барынша жігерлендіріп, ұлт санасын дамытуды көздеді. Бұл мақсатқа тек білім арқылы жетуге болатыны сөзсіз еді. Бұл тұрғыда

Ататүрік мұғалімдер мен оқу орындарына барынша қажетті қолдау көрсету арқылы ұлттың санасын арттырды.

1938 жылға қарай білім берудің бастауыш, орта және жоғары білім деңгейлерінде де елеулі өзгерістер болды. Түркияның әр жерінде дерлік оқу орындары республикаға дейінгі мекемелермен салыстыруға келмейтін дәрежеде қайта құрылды. Сауат ашу науқанымен бірге жүргізіліп жатқан оқу-жаттығу жұмыстары, мектептерде оқитын оқушылар санын айтарлықтай арттырды. Сонымен қатар, мектептерге қажет мұғалімдер қысқа мерзімде арнаулы курстардан өткізіліп оқу орындарына қызмет етуге жіберілді. Ататүрік дәуіріндегі білім берудегі бұл бастаманың кездейсоқ болмағаны анық. Ол жоспарланған, бағдарламаланған және сенімді қадамдармен жүзеге асырылатын заманауи білім беру жобаларын жүзеге асыруға тікелей ат салысты. Ататүрік жоғарыда айтылған реформаларымен нақты әрекет етіп, түрік халқының заманауи өркениет деңгейіне көтерілуі үшін қажетті зерттеулерді жасап, тұрақты реформалар жасады. Өскелең жас ұрпақтың тәрбиесі мен мемлекеттің болашағы Ататүрікті әрдайым толғандырып отырды. Сондықтан ол мектептерге, білім беру және оқыту бағдарламаларына ерекше назар аударды. Өйткені, Ататүрік өз ұлтының жарқын болашағының қалыптасуын білім, ғылым арқылы ғана жүзеге асатынына сеніммен қараған еді.

Қорыта айтқанда Түркияда білім беру жүйесін заманауи білім беру кеңістігіне енгізу, бірыңғай білім беру құрылымдарын қалыптастыру қажеттілігі, ең алдымен, зияткерлік, мәдени, әлеуметтік және ғылыми-техникалық әлеуетті нығайту үшін қажетті жағдай ретінде білімді бекітуден, сондай-ақ қоғамның ұтқырлығының артуынан туындады. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, қазіргі кездегі білім беру жүйесінің барлық деңгейлері үшін күрделі әрі түбегейлі өзгерістердің іске асырылуының үздіксіз жалғаса беретіндігін қазіргі кезде шетелдік тәжірибелер мен ұсынылған білім беру модельдерінен де көре аламыз.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Kodaman B. Cumhuriyetin Tarihi-Fikri Temelleri ve Atatürk. – Isparta: 1999. – 256 s.
2. İnan A. Atatürk Hakkında Hatıralar ve Belgeler. – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 2007. – 536 s.
3. Doğramacı İ. Atatürk ve Eğitim // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 1985. №1(3). – S. 653–570.
4. Karagözoğlu G. Atatürk'ün Eğitim Savaşı // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 1985. – №2. – S. 193–214.
5. İnan R. Atatürk'ün Evrenselliği, Önder Kişiliği, Eğitimci Kişiliği ve Amaçları. – Ankara: Tisa Matbaası, 1983. – 380 s.
6. Avcı C., Kara A. Bağımsızlığa Giden Yol Türk İnkılâbının Tarihi. – İstanbul: Kültür Sanat Yayınları, 2007. – 400 s.
7. Erooğlu H. Türk İnkılap Tarihi. – Ankara: Savaş Yayınları, 1990. – 587 s.
8. İlyasoğlu A. Türkiye'de Sosyolojinin Gelişmesi ve Sosyoloji Araştırmaları. Cumhuriyet Dönemi Türkiye Ansiklopedisi. – İstanbul: İletişim Yayınları, 1983. – 256 s.
9. Budak Ş. Atatürk'ün Eğitim Felsefesi ve Geliştirdiği Eğitim Sisteminin Değiştirilmesi // Milli Eğitim. – 2003. – T. 160. – S. 23–43.
10. Adem M. Atatürkçü düşünce ışığında eğitim politikamız. – İstanbul: Yeni Gün Haber Ajansı Basın ve Yayıncılık, 2000. – 160 s.
11. Akyüz Y. Türk eğitim tarihi. – Ankara: Pegem Akademi, 2012. – 576 s.
12. Duman T. Atatürk'ün Kültür ve Eğitim Anlayışı, Cumhuriyetin İlk Yıllarından Günümüze Dil-Kültür-Eğitim // Gazi Akademik Bakış. – 2008. – №2. – S. 145–155.
13. Akyüz Y. Atatürk'ün Türk Eğitim Tarihindeki Yeri // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 1987. – №4. – S. 71–90.
14. Akyüz Y. Atatürk ve Eğitim. Atatürkçü Düşünce El Kitabı. – Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi Yayınları, 1998. – 286 s.
15. Demirtaş B. Atatürk Döneminde Eğitim Alanında Yaşanan Gelişmeler // Gazi Akademik Bakış. – 2008. – Cilt 1, №2. – S. 155–176.

16. Ülkütaşır M. Atatürk ve Harf Devrimi. – Ankara: TDK Yayınları, 2007. – 141 s.
17. Atatürkçülük-I. Atatürk'ün Görüş ve Direktifleri. / Genelkurmay Başkanlığı'nca hazırlanmıştır. – İstanbul: MEB. Yayınları, 1997. – 734 s.
18. Topçu F. Türk eğitim sisteminin tarihsel gelişimi il yabancı okullarının bu sistem üzerindeki etkileri: Yayınlanmamış yüksek lisans tezi. – İstanbul: Beykent Üniversitesi, 2007.
19. Ergün M. Atatürk devri türk eğitimi. – Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi, 2021. – 205 s.
20. Sakaoglu N. Cumhuriyet dönemi eğitim tarihi. – İstanbul: İletişim Yayıncılık, 1992. – 151 s.
21. Başgöz I. Türkiye'nin Eğitim Çıkmazı ve Atatürk. – Ankara: Başbakanlık Basımevi, 1995. – 318 s.
22. Sakaoglu N. Osmanlı'dan Günümüze Eğitim Tarihi. – İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları, 2003. – 398 s.
23. Kaptan S. Atatürk ve Eğitim. Atatürk ve Kültür Atatürk ve Türk Kültürünün Unsurları. – Ankara: Hacettepe Üniversitesi Yayınları, 1982. – 925 s.

### REFERENCES

1. Kodaman B. Cumhuriyetin Tarihi-Fikri Temelleri ve Atatürk [Historical-Intellectual Foundations of the Republic and Atatürk]. – Isparta: 1999. – 256 s. [in Turkish]
2. İnan A. Atatürk Hakkında Hatıralar ve Belgeler [Memories and Documents About Atatürk]. – İstanbul: Türkiye İş Bankası Kültür Yayınları, 2007. – 536 s. [in Turkish]
3. Doğramacı İ. Atatürk ve Eğitim [Atatürk and Education] // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 1985. №1(3). – S. 653–570. [in Turkish]
4. Karagözoğlu G. Atatürk'ün Eğitim Savaşı [Atatürk's Education War] // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 1985. – №2. – S. 193–214. [in Turkish]
5. İnan R. Atatürk'ün Evrenselliği, Önder Kişiliği, Eğitimci Kişiliği ve Amaçları [Atatürk's Universality, Leader Personality, Educator Personality and Aims]. – Ankara: Tisa Matbaası, 1983. – 380 s. [in Turkish]
6. Avcı C., Kara A. Bağımsızlığa Giden Yol Türk İnkılabının Tarihi [The Road to Independence History of the Turkish Revolution]. – İstanbul: Kültür Sanat Yayınları, 2007. – 400 s. [in Turkish]
7. Eroğlu H. Türk İnkılap Tarihi [Turkish Revolution History, War Publications]. – Ankara: Savaş Yayınları, 1990. – 587 s. [in Turkish]
8. İlyasoğlu A. Türkiye'de Sosyolojinin Gelişmesi ve Sosyoloji Araştırmaları [Development of Sociology and Sociology Studies in Turkey]. Cumhuriyet Dönemi Türkiye Ansiklopedisi. – İstanbul: İletişim Yayınları, 1983. – 256 s. [in Turkish]
9. Budak Ş. Atatürk'ün Eğitim Felsefesi ve Geliştirdiği Eğitim Sisteminin Değiştirilmesi [Atatürk's Educational Philosophy and Changing the Education System She Developed] // Milli Eğitim. – 2003. – T. 160. – S. 23–43. [in Turkish]
10. Adem M. Atatürkçü düşünce ışığında eğitim politikamız [Our education policy in the light of Kemalist thought]. – İstanbul: Yeni Gün Haber Ajansı Basın ve Yayıncılık, 2000. – 160 s. [in Turkish]
11. Akyüz Y. Türk eğitim tarihi [Turkish education history]. – Ankara: Pegem Akademi, 2012. – 576 s. [in Turkish]
12. Duman T. Atatürk'ün Kültür ve Eğitim Anlayışı, Cumhuriyetin İlk Yıllarından Günümüze Dil-Kültür-Eğitim [Atatürk's Understanding of Culture and Education, Language-Culture-Education from the First Years of the Republic to the Present] // Gazi Akademik Bakış. – 2008. – №2. – S. 145–155. [in Turkish]
13. Akyüz Y. Atatürk'ün Türk Eğitim Tarihindeki Yeri [Atatürk's Place in the History of Turkish Education] // Atatürk Araştırma Merkezi Dergisi. – 1987. – №4. – S. 71–90. [in Turkish]
14. Akyüz Y. Atatürk ve Eğitim [Atatürk and Education]. Atatürkçü Düşünce El Kitabı. – Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi Yayınları, 1998. – 286 s. [in Turkish]
15. Demirtaş B. Atatürk Döneminde Eğitim Alanında Yaşanan Gelişmeler [Developments in the Field of Education in the Atatürk Era] // Gazi Akademik Bakış. – 2008. – Cilt 1, №2. – S. 155–176. [in Turkish]
16. Ülkütaşır M. Atatürk ve Harf Devrimi [Atatürk and the Alphabet Revolution]. – Ankara: TDK Yayınları, 2007. – 141 s. [in Turkish]
17. Atatürkçülük-I. Atatürk'ün Görüş ve Direktifleri [Atatürk's Opinions and Directives]. / Genelkurmay Başkanlığı'nca hazırlanmıştır. – İstanbul: MEB. Yayınları, 1997. – 734 s. [in Turkish]

18. Topçu F. Türk eğitim sisteminin tarihsel gelişimi il yabancı okullarının bu sistem üzerindeki etkileri: Yayınlanmamış yüksek lisans tezi [The historical development of the Turkish education system and the effects of provincial foreign schools on this system: Unpublished master's thesis]. – İstanbul: Beykent Üniversitesi, 2007. [in Turkish]
19. Ergün M. Atatürk devri türk eğitimi [Ataturk era turkish education]. – Ankara: Atatürk Araştırma Merkezi, 2021. – 205 s. [in Turkish]
20. Sakaoğlu N. Cumhuriyet dönemi eğitim tarihi [Republican education history]. – İstanbul: İletişim Yayıncılık, 1992. – 151 s. [in Turkish]
21. Başgöz I. Türkiye'nin Eğitim Çıkması ve Atatürk [Turkey's Education Dilemma and Ataturk]. – Ankara: Başbakanlık Basımevi, 1995. – 318 s. [in Turkish]
22. Sakaoğlu N. Osmanlı'dan Günümüze Eğitim Tarihi [History of Education from the Ottomans to the Present]. – İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları, 2003. – 398 s. [in Turkish]
23. Kaptan S. Atatürk ve Eğitim. Atatürk ve Kültür Atatürk ve Türk Kültürünün Unsurları [Ataturk and Education. Atatürk and Culture Atatürk and Elements of Turkish Culture]. – Ankara: Hacettepe Üniversitesi Yayınları, 1982. – 925 s. [in Turkish]

ӘОЖ 82.0:37.016; 82:37.016; МҒТАР 17.01.45

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.27>**Б.Б. КЕЛГЕМБАЕВА<sup>1</sup>✉, А.М. КАРТАЕВА<sup>2</sup>, Ж.Ж. АЗРЕТБЕРГЕНОВА<sup>3</sup>**<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессорС. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
(Қазақстан, Өскемен қ.), e-mail: baha\_fil@mail.ru<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессорС. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
(Қазақстан, Өскемен қ.), e-mail: kartaeva2011@mail.ru<sup>3</sup>Ж. Ташенов атындағы ІТ мектеп-лицей директоры

(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: Gulaj@mail.ru

## ӘДЕБИЕТТАНУ ПӘНДЕРІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

**Аңдатпа.** Мақалада әдебиеттану пәндерін оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын тиімді пайдалану жолдары сөз етілген. Авторлар сын тұрғысынан ойлау технологиясының теориялық негізін салған ғалымдар еңбегіне сілтеме жасай отырып, аталмыш технологияның жаңа заман адамының когнитивті әлеуетін қалыптастырудағы ерекше рөліне тоқталады. Оқытушы бұл технологияны пайдалана отырып, студенттердің санасындағы өзгерістерді жіті бақылап, зерттеп барып, оқыту әдістерін білім алушының сұранысына үйлестіретінін сөз етеді. Авторлардың ойынша, бұл технология студентті зерделі де белсенді оқу әрекетінің иесі, өз бетімен білім іздеуші ретінде қалыптастырады. Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 4-курсында жүретін «Әдебиет теориясы және эстетика» пәнінен дуэт-дәрістер мен практикалық сабақтар, СӨЖ барысында шәкіртті сыни ойлауға жетелеудің жолдары нақты мысалдармен берілген. Пәнді оқытуда бітіруші курс шәкірттерінің Қазақстан тарихы, философия, мәдениеттану пәндерінен алған білімдері мен құзыреттіліктерін тиімді пайдалану жолдары да назарға алынған. Топтық және дербес тапсырмалар арқылы студенттің оқу әрекетін талдау, тұжырым жасай білу, ғылыми-зерттеулер құруға жетелеу тәсілдері баяндалады. Сөз түйінінде оқытушының міндеті – шәкіртінің жеке пікірі мен алған әсерін, көңіліне түйген пайымын алға шығара отырып, әдеби проблеманы ғылыми тұрғыдан зерттеуге жетелеу және ол мәселе жөнінде студенттің ғылыми негізделген көзқарасын қалыптастыру екенін дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** сын тұрғысынан ойлау технологиясы, әдебиет теориясы, эстетика, таным белсенділігі, құзыреттілік, топтық, дербес тапсырмалар.

---

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Келгембаева Б.Б., Картаева А.М., Азретбергенова Ж.Ж. Әдебиеттану пәндерін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 327–338. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.27>

**\*Cite us correctly:**

Kelgembayeva B.B., Kartaeva A.M., Azretbergenova J.J. Adebiettanu panderin syn turgysynan oilau tehnologiiiasy arqyly oqytu [Teaching Literary Studies through the Technology of Critical Thinking] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 327–338. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.27>

**В.В. Kelgembayeva<sup>1</sup>, А.М. Kartaeva<sup>2</sup>, Zh.Zh. Azretbergenova<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor*

*S. Amanzholov East Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk), e-mail: baha\_fil@mail.ru*

*<sup>2</sup>Doctor of Philological Sciences, Professor*

*S. Amanzholov East Kazakhstan University  
(Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk), e-mail: kartaeva2011@mail.ru*

*<sup>3</sup>Director of the IT School-Lyceum named after Zh. Tashenov*

*(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: Gulaj@mail.ru*

### **Teaching Literary Studies through the Technology of Critical Thinking**

**Abstract.** The article considers the ways of effective use of critical thinking technology in teaching literary disciplines. The authors, referring to the works of the founders of the theory of critical thinking technology, emphasize the special role of this technology in the formation of the cognitive potential of a modern person. Using this technology, the teacher carefully tracks and studies changes in the consciousness of students, based on this, chooses teaching methods in accordance with the requests of students. According to the authors, this technology forms the student as a thoughtful and active participant in educational activities, capable of continuous self-education. Within the framework of the discipline «Theory of Literature and Aesthetics» of the 4th-year curriculum «Kazakh language and Literature», the ways of developing critical thinking among students are shown by the example of duet lectures, interactive practical classes and IWS. Attention is paid to the effective use of knowledge and competencies of graduate students in the history of Kazakhstan, philosophy and cultural studies. Through Group and independent tasks, the methods of analysis of the student's educational activity, the ability to draw conclusions, and lead to the creation of research are outlined. In the summary, the teacher proves that the task of the teacher is to lead the student to a scientific study of a literary problem, bringing to the fore the personal opinion and impressions of his student, his satisfied vision, and to form a scientifically based view of the student on this problem.

**Keywords:** critical thinking technology, literary theory, aesthetics, mental activity, competence, individual and group tasks.

**В.В. Келгембаева<sup>1</sup>, А.М. Картаева<sup>2</sup>, Ж.Ж. Азретбергенова<sup>3</sup>**

*<sup>1</sup>кандидат филологических наук, ассоциированный профессор  
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова  
(Казахстан, г. Усть-Каменогорск), e-mail: baha\_fil@mail.ru*

*<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор  
Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова  
(Казахстан, г. Усть-Каменогорск), e-mail: kartaeva2011@mail.ru*

*<sup>3</sup>директор IT школы-лицея имени Ж. Ташенова  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: Gulaj@mail.ru*

### **Изучение предметов литературоведения с помощью технологии критического мышления**

**Аннотация.** В статье рассмотрены пути эффективного использования технологии критического мышления в преподавании литературоведческих дисциплин. Авторы ссылаясь на труды основоположников теории технологии критического мышления, подчеркивают особую роль данной технологии в формировании когнитивного потенциала человека нового времени. Преподаватель используя данную технологию внимательно прослеживает и изучает изменения в сознании студентов, на основе этого выбирает методы обучения в соответствии с запросами обучающихся. По мнению авторов данная технология формирует студента как



вдумчивого и активного участника учебной деятельности, способного к непрерывному самообразованию. В рамках дисциплины «Теория литературы и эстетика», обучаемой на 4-курсе образовательной программы «Казахский язык и литература», на примере дуэтов-лекций, интерактивных практических занятий и СРС показаны способы развития критического мышления у студентов. Уделено внимание эффективного использования знаний и компетенций студентов выпускного курса по истории Казахстана, философии и культурологии. Изложены пути поэтапного формирования у студентов умения формулировать выводы, вести научные исследования посредством групповых и индивидуальных заданий. В заключении авторы доказывают свою идею о первоочередной задаче преподавателя, ставить во главу угла личное мнение и впечатления учащегося о художественном произведении, и таким образом подвести студента к научному изучению литературной проблемы и сформировать научно-обоснованное понимание проблемы.

**Ключевые слова:** технология критического мышления, теория литературы, эстетика, мыслительная активность, компетентность, индивидуальные и групповые задания.

### Кіріспе

Университет – қоғам қажетін, сонымен бірге жеке адамдардың да сұраныс, талабын өтейтін қоғамдық мекеме. Мұның өзі жоғары білім беру жүйесінің әміршілдік-әкімшілдік бағыттан бас тартып, жеке адамның жеке сұраныстарына жауап беруге бағытталған тың ізденіс, эксперименттерге жол ашу, кеңес заманынан қалған белгілі бір стандартқа тәуелділік пен қасаңдықтан арылу, студентті үстірт бағалаудан құтқару, жан-жақты, шығармашылық еркіндікке негізделген оқу ортасын құру, осы мәселелердің барлығында студенттердің қабілеті мен ізденісін, сұранысын ескеру, олардың талаптары мен қажетіне бейімделу дегенді білдіреді.

Т.А. Перескокова мен В.П. Соловьевтің пікірінше, студенттер – білім беру үрдісіндегі негізгі тұтынушылар және сапалы білім беру қызметін алуға мүдделі тараптың заңды өкілдері. Демек, білім ордаларындағы оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылу сапасын үнемі жетілдіріп отыру, жаңа технологияларды енгізу, үздік оқытушыларды дәріс беруге тарту, аса қолайлы оқу ортасын құру, студенттердің білім мен тәрбие алуымен қатар, демалысын ұйымдастыру, т.б. барлығы да олардың сұраныс-талабына орайластырылады [1, 62-б.].

Бүгінгі жоғары мектептің міндеті – болашақ маманның ХХІ ғасырда табысты еңбек етуіне жол ашатын терең біліммен қатар, жалпы құзыреттіліктерін қалыптастыру болып отыр. Жаңа замандағы қоғам, ақпараттар ағыны, сандық технологиялар жаңа адамның когнитивті әлеуетінің жоғары болғанын қалайды. Когнитивті психология маманы Чатфилд Том: «На нас постоянно обрушиваются потоки информации обо всем, что люди сейчас считают актуальным и чем они делятся друг с другом: обновления статусов, новости, сенсации дня и комментарии... Мы и сами собираем, перекраиваем и генерируем информацию – от медийного контента до кода, от текста до математических моделей. *«Чтобы преуспевать в этих условиях, нужно уметь максимально критически подходить к мышлению как таковому и владеть стратегиями, позволяющими полностью задействовать потенциал беспрецедентной взаимосвязанности человечества, обеспечиваемой современными цифровыми технологиями»*, - деп жазады [2, 3-б.]. Расында да, қазіргі қоғамға қалыптан тыс ойлай білетін, әртүрлі жағдайларға жедел бейімделіп, шұғыл шешімдер қабылдай алатын, шығармашыл, белсенді тұлғалар ауадай қажет. Осы орайда педагогика ғылымының докторы Ж.Б. Шілдебаевтың: «...бәсекеге қабілетті мамандар даярлау барысында, өз ісінің шеберін дайындаумен қатар, өмірге, нарыққа бейімдеу қажеттілігі артады», - деген пікірімен толық келісуге болады [3, 183-б.].

Университеттер бәсекелестік жағдайында болашақ маманның (тапсырыс берушінің) жеке қасиеттерін, ойлау жүйесін, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып оқытуға мүдделі. Қазір оқытушылық қызметтің мәні студенттердің санасындағы өзгерістерді жіті бақылап, зерттеп (бағалау емес диагностика жасау арқылы), ұсынылатын оқу материалдарын, оқыту әдістерін білім алушының сұранысына үйлестіре білуде жатса керек. Осыған орай, оқыту әдіс-тәсілдері білімгердің өзі ізденіп, өз бетімен білім алуына бағытталады. Студент – зерделі де белсенді оқу әрекетінің иесі, өз бетімен білім іздеуші болса, оқытушы – бағыттаушы, кеңесші, жол нұсқаушы қызметін атқарады. Қазіргі студент өз пайымын еркін, ашық айтып, басқа адамдардың (оқытушының, басқа студенттердің) пікіріне, ғылыми әдебиеттердегі ақпаратқа сын көзімен қарай білетін және мәселені шешуге қабілетті тәуелсіз ой иесі болуы тиіс. Сондықтан студенттің оқу әрекеті тұжырым жасай білу, ғылыми-зерттеулер жүргізуге құрылады. Ол үшін әрине, берілетін білім мазмұны таптаурын болған көзқарас-пікірлерден арылып, жаңа әрі ойлануды қажет ететін ақпараттармен, ғылыми ізденіс арқылы игерілетін күрделі тақырыптармен толықтырылғаны жөн. Пән бойынша әлі оқулықтарға кірмеген жаңа ақпарат ұсынылған жағдайда ғана студент өз ойы мен өзгелердің ойына сын көзімен қарап, естіген, білгендерін сұрыптап, салыстырып, реттеп, жүйелей білуге үйренеді. Білмегенін дербес әрекеті арқылы зерттеп, жолдастарымен бірлесіп шығармашылық жұмыс атқаруға дағдыланады. Осы мақсаттарға жету үшін қазір кейбір жоғары оқу орындарында сын тұрғысынан ойлау технологиясы элективті пән ретінде енгізілсе, енді бір университеттерде бұл технология озық оқытушылар тәжірибесінде пәндерді оқыту барысында кеңінен қолданылып, әдістеме теориясы тұрғысынан зердеге алынып жүр. Дегенмен де әдебиеттану бағытындағы пәндерді оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы студенттердің таным белсенділігін арттыру, ғылыми-зерттеу мен шығармашылыққа баулу мәселесі әлі де болса, зерттей түсуді қажет етеді. Сондықтан біз мақаламызда қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының «Әдебиет теориясы және эстетика» пәнінен практикалық тапсырмаларды орындату арқылы студенттердің сын тұрғысынан ойлауға үйрету жолдарын талқылаймыз.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу мәселесіне байланысты теориялық-әдістемелік еңбектерге талдау жасау; әдебиет теориясы және эстетика пәнінен оқу-тәрбие үдерісін бақылау; өз тәжірибемізге рефлексия жасау, оқу бағдарламалары мен әдістемелік еңбектерге талдау беру, студенттердің өзіндік жұмысының ұйымдастырылу үдерісін бақылау, талдап, қорыту.

#### *Зерттеу материалы*

«Сын тұрғысынан ойлау – ыстық сезімді тәрк ететін суық ақылдың ісі. Бұл – түбегейлі қате түсінік. Себебі, кез-келген мәселені дұрыс шешу үшін құндылықтарды таңдау, сезімді ашық білдіру және өзіңіздің бейімділіктеріңізді айқын көрсетуіңіз керек. Сондай-ақ, жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін мәселеге басқа адамдардың көзқарасымен қараған дұрыс. Сондықтан да сын тұрғысынан ойлаудың психологиялық күре тамырында ойлау мен сезім тоғысып жатады» [4, 12-б.]. Демек, сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдебиеттану пәндерінің табиғатына ерекше үйлесетін технология деуге лайық. Себебі, әдебиеттану пәндері – өнертану пәні. Ал өнерде, қатып қалған қағида, формулалар, ережелер болмайтыны белгілі. Өнер туындысы туралы әрбір көрерменнің, оқырманның өз пікірі, өз пайымы болмақ.

Әдебиет – еркін ойдың, асқақ қиялдың, шығармашылықтың пәні. Студент сөз өнері туындысын оқу барысында өз сезіміне, алған әсерлеріне, оқырман ретіндегі жеке пікіріне сүйенеді. Одан кейінгі кезекте ғана сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдар пікірін зерделейді. Оқытушының міндеті – шәкіртінің жеке пікірі мен алған әсерін, көңіліне түйген пайымын алдыға шығара отырып, әдеби проблеманы ғылыми тұрғыдан зерттеуге жетелеу және ол мәселе жөнінде студенттің ғылыми негізделген көзқарасын қалыптастыру болмақ.

Сын тұрғысынан ойлауды қарапайым тілмен түсіндірсек, белгілі бір мәселеге сын көзімен қарау дегеніміз – сол мәселенің (заттың, құбылыстың) барлық сапалық, сандық қасиеттерін әр қырынан терең тану, басқалар байқамаған ішкі-сыртқы сипаттарын жетік білу дегенді білдіреді. Қазақ түсінігінде сыншы дегеніміз – «білгір», «сұңғыла» деген ұғымдармен пара-пар келеді. Ақан серінің Құлагерінің шашасына шаң жұқтырмас жүйрік екенін жазбай танитын Күренбай, Мағжанның ақындығына ең алғаш тиісті бағасын берген Жүсіпбек Аймауытовтар өз ісінің білгірлері, сыншыл пайым иесі болған. Демек, сын тұрғысынан ойлай білуге үйрету – өз ісінің білгірі, сарапшысы болуға баулу деген сөз.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы ХХ ғасырдың бас кезінде американдық педагогтар Дж. Стилль, К. Мередит, Ч. Темпл, С. Уолтерлердің ізденістері арқылы қалыптасқан. Олардың пікірінше, оқу мен оқыту белсенді әрекетке құрылуы керек. Ал И.А. Зимняяның пікірінше, оқушы кез келген нәрсенің мәнін білуге құмар болғанда ғана оның оқу әрекетінде белсенділік пайда болады [4]. Бұл ғалымның еңбектерінде сын тұрғысынан ойлау – бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс ретінде сипатталады. Оған жетудің әрбір сатысы Блум таксономиясы арқылы өлшеніп отырады. Енді бір топ ғалымдар көзқарасынша, сын тұрғысынан ойлау – білім алушыны дұрыс ойлана білуге жетелейтін ой моделі және ой әрекетінің қызметі.

Д. Кластер сын тұрғысынан ойлаудың:

- өз бетімен ойлау;
- ойын қорыту;
- проблемалық сипат және өз ойын бағалай білу;
- ойын дәлелдеу;
- ойдың өмірмен байланысы тәрізді бес түрлі сипаты бар дейді [5]. Бұл сипаттар психолог-ғалымдардың ойынша, шәкірттің бойында төмендегідей құзыреттіліктер қалыптастырады:

- өз пікірі мен ойын қалыптастыра біледі;
- әртүрлі пікірлермен санасады, өз ойын дәлелдеуге тырысады;
- тақырып бойынша мәселені шеше біледі;
- дәлелді пікірталас құра алады;
- бірлескен шешімді құптайды [6].

Демек, сын тұрғысынан ойлау технологиясы шәкірттің таным қызметін ғана емес, жеке тұлғалық қабілет-қарымын да дамытады. Сын тұрғысынан ойлау – жеке тұлғаны өмірдегі кез-келген жағдайлар туралы ойлап, оларды зерттеп, ой қорытып, өз ойын басқаларға еркін жеткізе алуға баулуды көздейді. Әдеби туынды – жазушының өмір мен адам болмысы жайлы толғанысы, оның дүниетаным даралығынан туған философиялық танымы мен әсершіл көңілінің бейнелі көрінісі болғандықтан өз оқырманының ойлы пікірін, нәзік сезімталдығын қажет етеді. Сондықтан әдебиеттану бағытындағы пәндерде сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану пән аясындағы белгілі бір мәселелер жөніндегі тынымсыз ойға құрылады. Білім алушы көркем туындыдан алған әсерлері негізінде өз-өзіне және өзгелерге сұрақтар қойып, оларға жауап іздеуге ұмтылады. Оның оқу әрекетінде тақырып, бөлім, пән аясындағы шешімі табылмаған мәселені анықтау, осы мәселеге байланысты өз пікірін айту, оның дұрыстығын, өміршеңдігін дәлелдей алу, сонымен қатар, басқалардың пікірлеріне сын көзімен қарау және олардың қисындылығын зерттеуге басымдық берілмек.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану барысында дәрісханада жанды әрекет, бірлескен ой еңбегі жүреді, белсенді оқу ортасы құрылады. Студенттер бір-бірімен тұлғалық және кәсіби байланысқа түседі. Сөйтіп, бір-бірімен білім, тәжірибе тіпті, жағымды эмоцияларымен қызу алмасады. Осы ретте, А.Т. Кенжебаева, Д.Б. Сансызбаева, Г.К. Касымовалардың: «Человек живет и развивается в группе людей вокруг себя в

обществе, меняет свои мысли и поведение в соответствии со своими потребностями, ощущает различные связи через взаимодействие с другими членами группы. Без общения, самопознания и социализации, развития личности как личности, передачи социального опыта от человека к человеку, существование сообществ и состояний, а также умственная деятельность личности (индивида) невозможны», - деген ойларымен толық келісуге болады [7, 96-б].

Жоғарыда айтқанымыздай, сын тұрғысынан ойлауды жүзеге асыру үшін сыни ойлау ортасын жасау қажет. Ол ортада білім алушы ойлауды, өзгелердің пікірлерімен санаса білуді, өз қабілетіне сенім артуды үйренеді, қиялына ерік беріп, еркін жұмыс істеуге мүмкіндік алады. А. Аттард, Э. Ди Иорио, т.б. авторлар ұжымының «Студентке бағытталған оқыту. Студенттерге, профессор-оқытушылық құрамға және жоғары оқу орындарына арналған құралдар» атты еңбегінде: «Өзара және өзін-өзі бағалау студентке жауапкершілік жүктейді. Білім алушының жоғары тәуелсіздік сезіміне баса назар аударылады. Бағалау барысында «Неліктен?», «Қалай?» деген сауалдарға нақты жауап берілуі керек», - дейді [8, 10-б.]. Бағалаудың бұл түрі ойға қозғау салып, білім алушының өзгелердің пікір-тұжырымына сын тұрғысынан қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, тұжырым жасауына бағыт сілтейді.

Сын тұрғысынан ойлау теориясы үш бөліктен тұрады: біріншіден, сын тұрғысынан ойлау ешкімнің пікірінен тәуелсіз, дербес, жеке ойлау; екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидалар мен анықтамаларды қайталап айтып беруі емес, студенттің бұрын айтылған тұжырымдарға жаңаша көзқарасы, тың идеялары; үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Бұл технологияның қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс деген кезеңдері бар. Бұлардың барлығы адамның таным қызметінің психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес құрылады [9]. Біз өз тәжірибемізде аталған кезеңдерді сақтай отырып, шәкірттеріміздің пәнге қызығушылығын арттырып, оң уәждемесін туғызып, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін айтарлықтай жетілдірдік.

### **Талдау мен нәтижелер**

Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының «Әдебиет теориясы және эстетика» пәні соңғы курстың студенттеріне оқылады. Болашақ мамандар сөз өнеріне есейген көңіл, кемелденген ақыл, жинақталған білім мен тәжірибе биігінен жаңаша қарайды. Сондықтан ол – әдебиеттану бағытындағы барлық пәндерді жинақтаушы, қорытындылаушы, жүйелеуші пәннің қызметін атқарады. Оны оқыту барысында шәкірттеріміздің философия, мәдениеттану, тіл білімі, Қазақстан тарихы, психология, әлеуметтану пәндерінен алған білімдері мен біліктері сарапқа түседі әрі молынан пайдаланылады. Сондықтан практикалық және өзіндік жұмыстарда сын тұрғысынан ойлау технологиясын басшылыққа алғаны дұрыс. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту үшін әрбір жаңа тақырып, қарастырылатын мәселеге байланысты мұғалімнің ойлы еңбегі, тыңғылықты даярлығы қажет. Себебі, студенттердің ойын белгілі бір мәселеге аудару, оны шешудің жолдарын бірлесіп іздестіруге жұмылдыру оқытушының теориялық білімімен қатар, шеберлігін талап етеді.

«Әдебиет теориясы және эстетика» пәніндегі ең күрделі тақырыптардың бірі – дәстүр және жаңашылдық, әдеби мектеп, әдеби бағыт, әдеби ағым мәселелеріне арналған дәрістер. Оның қиындығы – тақырыптардың аясында жеке қаламгердің өмір сүрген дәуірі мен шығармашылығы, ұлттың тарихы мен қазақ әдебиетінің даму кезеңдері, төл сөз өнерінің шетел әдебиетімен байланысы, дәстүр мен жаңашылдық, қазіргі әдеби үдеріс, т.б. бірдей қамтитын ауқымдылығында жатыр. Бұндай күрделі тақырыптың ең негізгі түйінін, дәнін игерту үшін оқытушының үлкен ізденісі, шығармашылығы талап етіледі. Аталған тақырыпты орыс әдебиеті, шетел әдебиеті оқытушысымен бірігіп, дуэт-дәріс түрінде өткізген тиімді болмақ. Өйткені, тақырыптардың аясында шәкірттерді былай қойып, үлкен ғалымдар толық шешіп, толық дәлелдеп бітпеген тың мәселелер көп. Осындай күрделі тақырыптарды

талқылау алдында студенттердің белсенділігін арттыру, қызығушылығын оятып алу қажет. Ол үшін жаңа тақырыпты студенттердің өздері анықтауына мүмкіндік беріледі. Интербелсенді тақтаға Абай, Шәкәрім, Мағауия, Ақылбай, Көкбай, Мұхтар Әуезовтің және әлем әдебиетінің классиктері Физули, Шәмси, Сағди, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Салтыков-Щедрин, т.б. портреттерінен жасалған калейдоскоп көрсетіледі. Студенттерден бұл қаламгерлердің суреттерінің бірге көрсетілуінің себебі неде? Бұл ақын-жазушылардың арасында қандай байланыс бар? Сіздердің ойларыңызша, әдебиет теориясында бұл құбылыстар қалай аталады? Бұрынғы білімдеріңізді пайдаланып, осы сөз зергерлерінің арасындағы байланысты қысқаша қағаз бетіне түсіріңіз деген тапсырмалар беріледі. Сөйтіп, сын тұрғысынан ойлау технологиясының талабына сай сабақтың кіріспесінде қажетті ақпарат жиналып, студенттер келтірілген ойлар, дәлелдер оқылып, сын тұрғысынан талданып, бағаланады. Дәстүр мен жаңашылдық, әдеби мектеп, әдеби бағыт, әдеби ағым, т.б. ұғымдарды танып-білудің маңызы, аталған тақырыптар аясындағы проблемалардың ауқымы туралы ортақ шешімдер мен жинақталған қорытындылар қабылданады. Бұдан әрі тақырып бойынша қарастырылуы тиіс мәселелерге, ғалымдар еңбегіне болжамдар жасалып, ұсыныстар жинақталады.

Бұдан кейінгі кезеңде дәстүр мен жаңашылдыққа байланысты тақырып бойынша алдын-ала берілген тапсырмалар, ұсынылған әдебиеттер негізінде Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев», З. Ахметовтің «Лермонтов и Абай», Герольд Бельгердің «Гете и Абай», Қайым Мұхаметқановтың «Абайдың ақын шәкірттері», т.б. еңбектерінен үзінділер оқылып, практикалық тапсырмалар орындалады. Өз тәжірибемізде инноватор ұстаз Қ.Бітібаеваның «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары» еңбегінде берілген Абайдың аудармашылық шеберлігін танытуға құрылған тапсырмалардың үлгісін өнімді пайдаланамыз [10]. Бұл тапсырмалар дәстүр мен жаңашылдық, әдеби байланыс, рухани сабақтастық ұғымдарын игерумен қатар, шәкірттің дербес көзқарасын қалыптастыруда тиімді болмақ.

Мәселен, 1-топқа Абайдың аудармалары жайлы ғалымдар пікіріне сын айту, өз көзқарастарын білдіру жүктеледі.

Үлгі:

М. Әуезов	С. Мұқанов	Қ. Жұмалиев	З. Ахметов	Студенттің өз пікірі, ойы

1 М. Әуезов «Абай Құнанбаев» монографиясы; «Пушкин и Абай»; «Народность и реализм Абая»;

2 С. Мұқанов «Жарқын жұлдыздар (Абай туралы)»;

3 Қ. Жұмалиев «XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиет (Абай бөлімі)».

2-топқа Абайдың ақындық мектебі, ақын шығармашылығының шәкірттеріне ықпалы жайлы ғалымдар пікіріне өз көзқарастарын білдіру тапсырылды.

М. Әуезов	Қ. Мұхаметханов	М. Мырзахметов	Б. Ердембеков	Студенттің өз пікірі, ойы

1) М. Әуезов. «Абай Құнанбаев» монографиясы;

2) Қ. Мұхаметханов. «Абайдың ақын шәкірттері»;

3) М. Мырзахметов «Абайтану», «Абай және Шығыс»

4) Б. Ердембеков «Абайдың әдеби ортасы», т.б.

3-топқа Қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі туралы ғалымдар пікіріне ойларын білдіру жүктелді.

А. Нұрқатов	Ж. Ысмағұлов	М. Мырзахметов	А. Қартаева	Студенттің өз пікірі, ойы

1) А. Нұрқатов. «Абайдың ақындық әлемі», «Абайдың ақындық дәстүрі».

2) Ж. Ысмағұлов. «Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті»

3) М. Мырзахметов «Абайды оқы, таңырқа», «Қазақ әдебиетіндегі сопылық таным» т.б.

4) А. Қартаева «Абай мен М. Әуезов әлеміндегі рухани сабақтастық», «Абайдың толық адам ілімін оқыту», т.б.

Белсенді дуэт-дәріс барысындағы топтық жұмыстар студенттердің өз қалауы, ұйғарымы бойынша жіктеледі. Оқытушы әр топта көшбасшы студенттер мен дайындық деңгейі төмен студенттердің араласып отыруына көңіл бөлуі керек. Өйтпегенде, бір топтың басым шығып, қалған топтардың тапсырманы орындауға қызығушылығы төмендеу қаупі жоқ емес. Академиялық топтағы әдеби білімі терең, шығармашыл студенттерге өз қалауымен қосымша жеке тапсырмалар беруге болады. Тапсырмалар орыс, шетел әдебиеті пәнінің мұғалімімен бірлесе отырып ұсынылады.

Жекеше тапсырмалар:

«Абайдың исламиятқа қатысы» (ауызша хабарлама);

«А.С. Пушкин «Подражание к Корану» (ауызша хабарлама);

«Қазіргі қазақ поэзиясындағы жыраулық дәстүр» (ауызша хабарлама);

«Восточная тема в творчестве Байрона» (ауызша хабарлама), т.б.

Осындай нақты тапсырмалар студенттердің ғалымдар пікірін сараптай білуге, өзінің пікірін жүйелеп, дәлелдей білуге, тұжырымды түрде жаза білуге үйретеді. Шәкірт бір тақырып төңірегіндегі ғалымдардың әртүрлі пікірлерін салыстыра отырып, берілген тақырып бойынша терең білім қалыптастырады.

Сын тұрғысынан ойлаудың үшінші кезеңінде ой толғауға орын беріледі. Студент «Не білдім?», «Нені білмеймін?», «Нені білгім келеді?» деген сұрақтарды өз-өзіне қоя отырып, оған қысқаша жауап береді. Сөйтіп, өзінің біліміне баға береді. Тақырыпты тереңірек меңгеру үшін не істеу керектігін анықтап алады. Бұл кезең студенттің өзін-өзі реттеу, өзін-өзі басқару қабілеттерін дамытады. Білім алушының өзінің оқу үдерісіне жауапкершілігі артады. Екінші жағынан, бұл кезең оқытушы үшін пайдалы. Себебі, топтағы студенттердің нені меңгеріп, нені ары қарай білгісі келетініне барлау жасайды, келесі сабақтарда қарастырылатын мәселелерді айқындап алады, сабақтың сәтті өткен тұстары мен кемшіліктерін анықтайды. Бір сөзбен айтқанда, өзінің оқыту әрекетіне рефлексия жасайды. Әрине, ғылыми-іздендіру бағытындағы бұндай дуэт-сабақтарды өткізу үшін екі оқытушының да тыңғылықты дайындығы, мәселені терең зерттеуі қажет. Студенттердің бұл сабақтағы ізденістерін әрі қарай дамытып, дәстүр және жаңашылдық, қазақ әдебиетінің қайнарлары, әдеби байланыстың жүзеге асуы туралы модель жасап келу, әдеби мектеп, әдеби бағыт, ағымдарға байланысты көмек-нұсқаулар жасау, т.б. өзіндік тапсырмаларын беруге болады.

«Әдебиет теориясы және эстетика» пәні аясындағы тағы бір күрделі тақырып – драма. Сөз өнерінің ең бір күрделі тегі драманы таныту барысында студенттердің ғылыми-зерттеу еңбектерімен жұмыс істей білу, ақпаратты сарапқа салу, салыстырулар жасау, ең негізгі ойды, мәселенің түйінін анықтау дағдылары қалыптасады.

Пән аясындағы кез келген тақырып бұрынғы білім мен енді игерілетін білімнің сабақтастығын, бірлігін талап етеді. Әрбір жаңа тақырыпты игеру барысында сөз өнерін жайлы ілімнің бастауларына қайта оралып отырамыз. Оның үстіне әдеби тек пен жанр

табиғатын көркем шығармадан тыс таныту мүмкін еместігі қағиданы басшылыққа алу талабы да бар. Сондықтан драма теориясын қазақ драматургиясының классикалық үлгілері М. Әуезов шығармашылығын талдау арқылы меңгертеміз. Өйткені, автордың «Еңлік-Кебек» драмасы мен «Қаракөз» трагедиясы студенттерге мектеп кезінен таныс. Сабақтың кіріспесінде интерактивті тақтадан «Қаракөз», «Еңлік-Кебек» спектакльдерінен үзінді көрсетіледі. Топқа: «Бұл қай туындылар?», «Бұл туындылардың авторы, сюжеті, жанры жайлы не білесіңдер?», «Осы туындыларға сүйене отырып, драмалық шығармалардың қандай белгілерін атап бере аласыздар?», «Драманың лирика мен эпостан айырмашылығы неде?», «Бұл шығармалардың жазылу тарихы жайлы не білесіздер?», т.б. сауалдар қойылады. Студенттер өздерінің «Әдебиеттануға кіріспе», «Қазақ әдебиеті тарихы» пәндерінен алған білімдерін пайдаланып, қойылған сұрақтарға жауап береді. Бұдан әрі студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту үшін топтық тапсырмалар беріледі.

1-топ.

С. Ордалиев, Р. Нұрғалиевтің «Трагедия табиғаты», «Драма өнері» еңбектері бойынша М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» туындылары туралы пікірлерді жинақтап, мынандай жұмысты орындандар:

А) Кімнің пікірі өзіңе жақын? Не себепті жақын? Оны дәлелде.

Ә) Бір тақырыпқа жазылған екі туындының үндестігі, айырмашылығы, автор шешімі туралы сыншылар қандай пікір айтады? Сол бойынша өз ойларыңды, пікірлеріңді жинақтаңдар.

Б) Трагедия жанры туралы теориялық түсінік оларда қалай берілген?

2-топ.

Т. Жұртбайдың «Бесігіңді түзе» атты портрет-эссесі бойынша М. Әуезовтің аталған шығармаларының тарихи негізі туралы сөз қозғау.

А) Тарихи оқиғалар сол қалпында алынған ба? Әлде белгілі бір мәселелер іріктеліп алынған ба?

Б) Автор қиялынан туған бейнелер, оқиғалар бар ма? Олардың негізіндегі автор ойы, идеясы туралы қандай болжам айтар едің?

В) Тарихи шындықты автор көркем шындыққа қалай айналдырған?

3-топ

Шәкәрімнің «Еңлік-Кебек» поэмасы мен Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясындағы бұл оқиғалар туралы жастарға Абай айтқан әңгімесімен салыстыру.

А) Ортақ ұқсастықты табу;

Ә) Өзіндік ерекшеліктері туралы сөз қозғау;

Б) Қайсысы тарихи шындыққа жақын? Оның себебін дәлелдеу.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясына негізделген осындай тапсырмаларды берудің артықшылығын төмендегідей сараптап беруге болады:

- Студенттер мектеп қабырғасында, төменгі курстарда өтіп кеткен шығармаларды қайта есіне түсіреді. Оларға сын көзімен, есейген көңіл, толысқан ақылмен және басқа оқу мақсаттарымен (жанр табиғатын түсіну үшін) қайта қарайды.

- Өз беттерімен іздену, ғылыми-зерттеу әрекетіне жұмылады, бұрынғы білімдерін жаңа біліммен ұштастырады. Жаңа білімдерін проблемаларды шешуге жұмсайды.

- Топтағы басқа студенттермен тығыз қарым-қатынасқа түседі. Басқаның пікірін тыңдай білуге, оған сын көзімен қарауға, өз пікірін дәлелдеуге үйренеді.

- Теориялық білімін практикамен ұштастырады.

Жоғарыда берілген тапсырмаларды студенттер топта талқылай отырып орындайды. Бір-бірінің пікірін тыңдап, толықтырады. Сөйтіп, ғалымдар пікіріне өздерінің сыни көзқарастарын білдіреді. Бұл тапсырмаларды «Болашақта қай ғалымның пікірін оқушыларыңа ұсынар едің?», «Қай ғалымның анықтамасы жанр табиғатын тереңірек

танытып тұр?», «Өз ойыңды дәлелде» деген сұрақ-тапсырмалар беру арқылы да студенттердің мамандығына қызығушылығын арттыруға болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша сабақтың барлық кезеңдерінде, түрлерінде студенттермен пікірлесіп, олардың алған әсерлерін, қалай ойлайтынын біліп, кері байланыс жасап отыру керек. Әдебиет теориясынан берілетін білім көркем мәтінді оқумен, студенттің одан алған әсерлерін, ойларын біліп отырумен қатар жүріп отырғаны жөн.

Пән бойынша өтілетін тақырыптарға байланысты талданатын көркем шығармаларды алдын-ала оқуға беру, олардың авторларының өмірінен қызықты да, құнды материалдарды ұсынып отыру студенттің белсенділігін арттырып, көркем шығарманы оқуға қызығушылығын арттырады сөзсіз. Студенттерге Youtube каналы арқылы спектакльдерді, көркем фильмдерді, ақын-жазушылар туралы деректі фильмдерді көруді алдын-ала тапсырған жөн.

Жинақтап айтқанда, сын тұрғысынан оқыту технологиясы көркем шығармадағы кейіпкер болмысын тану, оның іс-әрекеттеріне баға беру, жазушының авторлық позициясына барлау жасау, көркем туынды проблематикасын нақты өмірмен байланыстыру, жанр табиғатын танудан басталып, ол туралы жазылған ғылыми-зерттеу, сын еңбектерге, ғалымдар пікіріне сараптау жасау кезеңдерінің барлығында қолданылады. Тіпті, әдебиет сыншыларының назарынан тыс қалып келген мәселелерге де назар аудару, олардың мәніне үңілуде шәкіртке сын тұрғысынан ойлана білу қажет-ақ.

### **Қорытынды**

Жоғарыда айтқанымыздай, сын тұрғысынан ойлау технологиясы ұстаздың тыңғылықты дайындығы мен педагогикалық шеберлігін талап етеді. Олай дейтініміз – бұл технология оқу материалын ескі сүрлеумен ақпараттық сипатта, репродуктивтік-түсіндірмелі әдіспен емес, шәкірттің ақпаратқа сын көзімен қарап, дербес ойлай алатындай деңгейге жеткізуді көздейді. Бұл ретте әдебиетші-ұстаз тақырыптың ерекшелігі, оқу-тәрбие мақсаты, академиялық топтың, әр студенттің қабілет-қарымы туралы ойланады. Сын тұрғысынан ойлауды іске асырудың ең оңтайлы тәсілі – студенттің жеке өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, дәлелдерге мән беруге ынталандыру.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы әдеби білім берудің барлық кезеңінде жүйелі түрде қолданылады. Тәжірибелі ұстаз оның негізгі қағидалары мен кезеңдерін дәріс, семинарлар, өзіндік жұмыстарды жоспарлау, өткізу кезеңінің барлығында басшылыққа алады. Мәселен, практикалық сабақтарда әдеби талдауды ұйымдастыру барысында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолданудың бағыттары төмендегідей болмақ:

1) Көркем туындыдағы жазушы ойы, идеясына көз жүгірте отырып, онда суреттелген тарихи, әлеуметтік жағдайлар, оқиғалардың тарихи шындықпен байланысын анықтау, сондай-ақ, суреткер осы шығармасын не себепті, қандай жағдайларға байланысты жазған, оны жазуға не итермелеген, соны жазушының өмірбаянына арқа сүйей отырып анықтау, естеліктер мен сыни еңбектердегі қайшылықты пікірлерді сараптау;

2) Әдеби туынды туралы ғылыми еңбектер, мақалалардан үзінділер оқу, түсінік беру, өз пікірін айту.

3) Көркем туынды композициясын талдауда бас кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, негізгі оқиғаларды сұрыптау; портрет, суреттеулердің көркем туындыдағы орнын анықтау;

4) Жазушы стиліне талдау жасау; Ең алдымен, оның көркем тілі, поэтикалық бейнелер жасауы, жалпы халық тілін меңгеруі, әдеби тілді дамытуға сіңірген еңбегін бағалатуға болады.

5) Шығарманың әртүрлі нұсқасы туралы сөз қозғау, авторлық нұсқалардың айырмашылығы, қайта жазу, түзеу, қысқарту әрекеттерінің себебін анықтау, т.б.

6) Суреткердің бір шығармасын басқа шығармаларымен салыстыру;

7) Бір тақырыпқа жазылған бірнеше ақын-жазушының шығармаларын салыстыру, т.б.



Осы бағыттар бойынша тапсырмалар беру арқылы студенттерді ойлы еңбекке жұмылдырып, бақылау, талдау, қорытынды жасау және интерпретациялау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау керек. Туындыны талдаудың соңғы кезеңдерінде студенттерге ұстазымен пікірталастыра отырып, өздерінің бастапқы әсер, пікірлерін талдау және қайта қарау арқылы өзінің оқу үдерісін, соның ішінде бағалау, түсіндіру және метатану үдерістерін барынша түсінуге көмек көрсеткен дұрыс. Жинақтай айтқанда, аталмыш технология студенттің әдебиеттану аясындағы белгілі бір құбылыстар мен теориялар, ұғымдар мен деректер жайлы білімі мен дербес ойын шыңдап, ғылыми-зерттеулерден өзіне қажетті ақпаратты іріктеп ала білуге, оны зерделеуге және еркін пікір білдіруге дағдыландырады. Нәтижесінде шәкірттің білімі мен іскерлік дағдылары қатар дамиды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Перескокова Т.А., Соловьев В.П. Учебный процесс на основе принципа студентоцентрированности // Вестник высшей школы. – 2017. – №2. – С. 60–63. doi.org/10.20339/AM.02-17.060
2. Чатфилд Т. Критическое мышление. Анализируй, сомневайся, формируй свое мнение. – 2002. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.ozon.ru/product/kriticheskoe-myshlenie-analiziruy-somnevausya-formiruy-svoe-mnenie-chatfild-tom-252642936> (Дата обращения 5.05.2022).
3. Маратқызы С., Шілдебаев Ж.Б. Болашақ педагогтардың оқу-зерттеу нәтижелерін коммерциализацияның құрылымдық мазмұны // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б.181–195. doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.16.
4. Халперн Д. Психология критического мышления. – СПб.: Питер, 2000 [Электронный ресурс]. URL: [https://royallib.com/book/halpern\\_dayana/psihologiya\\_kriticheskogo\\_mishleniya](https://royallib.com/book/halpern_dayana/psihologiya_kriticheskogo_mishleniya) (Дата обращения 5.05.2022).
5. Кластер Д. Что такое критическое мышление? // Критическое мышление и новые виды грамотности. – М.: ЦГЛ, 2005. С. 5-13. [Электронный ресурс]. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kriticheskoe-myshlenie-i-ego-formirovanie-v-vysshem-uchebnom-zavedenii/viewer> (Дата обращения 5.05.2022).
6. Зимняя И.А. Общая культура и социально-профессиональная компетентность человека // Высшее образование сегодня. – 2005. – №11. – С. 14–20.
7. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. – М.: Международная педагогическая академия, 1994. – 680 с.
8. Кенжебаева А.Т., Сансызбаева Д.Б., Касымова Г.К. Психолого-педагогические условия формирования межкультурной компетенции у студентов // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №1 (123). – Б. 92–101. doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.08
9. Аттард А., Ди Йорио Э., Гевен К., Санта Р. Студентоцентрированное обучение. Инструментарий для студентов, профессорско-преподавательского состава и вузов. – Астана: НКАОКО-ІҚАА, 2017. – 64 с. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.esu-online.org/wp-content/uploads/2016/10/2> (Дата обращения 5.05.2022)
10. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – Алматы: Рауан, 1990. – 194 б.

### REFERENCES

1. Pereskokova T.A., Soloviov V.P. Uchebnyi process na osnove principa studentocentrirovannosti [Educational process based on the principle of student-centered] // Vestnik vysshei shkoly. – 2017. – №2. – S. 60–63. doi.org/10.20339/AM.02-17.060 [in Russian]
2. Chatfild T. Kriticheskoe myshlenie. Analizirui, somnevaisia, formirui svoe mnenie [Analyze, doubt, form your opinion]. – 2002. [Electronic resource]. URL: <https://www.ozon.ru/product/kriticheskoe-myshlenie-analiziruy-somnevausya-formiruy-svoe-mnenie-chatfild-tom-252642936> (Data obrasheniia 5.05.2022). [in Russian]
3. Maratqyzy S., Shildebaev J.B. Bolashaq pedagogtardyn oqu-zertteu natijelerin kommerciialandyrudyn qurylymlyq mazmuny [Structural content of commercialization of educational and research results of

- future teachers] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №1 (123). – B. 181–195. doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.16.
4. Halpern D. Psihologiya kriticheskogo myshleniia [Psychology of critical thinking]. – Spb.: Piter, 2000 [Electronic resource]. URL: URL: [https://royallib.com/book/halpern\\_dayana/psihologiya\\_kriticheskogo\\_mishleniya](https://royallib.com/book/halpern_dayana/psihologiya_kriticheskogo_mishleniya) (Data obrasheniia 5.05.2022). [in Russian]
  5. Kluster D. Chto takoe kriticheskoe myshlenie? [What is critical thinking?] // Kriticheskoe myshlenie i novye vidy gramotnosti. – M.: CGL, 2005. S. 5-13. [Electronic resource]. URL: URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/kriticheskoe-myshlenie-i-ego-formirovanie-v-vysshem-uchebnom-zavedenii/viewer> (Data obrasheniia 5.05.2022). [in Russian]
  6. Zimniaia I.A. Obshaia kultura i socialno-professionalnaia kompetentnost cheloveka [General culture and socio-professional competence of a person] // Vysshee obrazovanie segodnia. – 2005. – №11. – S. 14–20. [in Russian]
  7. Piazhe J. Izbrannye psihologicheskie trudy [Selected psychological works]. – M.: Mejdunarodnaia pedagogicheskaia akademiia, 1994. – 680 s. [in Russian]
  8. Kenjebaeva A.T., Sansyzbaeva D.B., Kasymova G.K. Psihologo-pedagogicheskie usloviia formirovaniia mejkulturnoi kompetencii u studentov [Psychological and pedagogical conditions for the formation of intercultural competence among students] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №1 (123). – B. 92–101. doi.org/10.47526/2022-1/2664-0686.08 [in Russian]
  9. Attard A., Di Iorio E., Geven K., Santa R. Studentocentrirovannoe obuchenie. Instrumentariy dlia studentov, professorsko-prepodavatelskogo sostava i vuzov [Student-centered learning. Tools for students, faculty and universities.]. – Astana: HKAOKO-IQAA, 2017. – 64 s. [Electronic resource]. URL: <https://www.esu-online.org/wp-content/uploads/2016/10/2>. (Data obrasheniia 5.05.2022) [in Russian]
  10. Bitibaeva Q.O. Adebiet panin oqytudyn tiimdi joldary [Effective ways to teach literature]. – Almaty: Rauan, 1990. – 194 b. [in Kazakh]

УДК 37.017.92; ГРНТИ 14.35.05

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.28>**К.Б. КАСЕНОВА<sup>1</sup>, З.Б. ТАЙМАНОВА<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, старший преподаватель Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова (Казахстан, г. Актобе), e-mail: gv9382080@gmail.com

<sup>2</sup>преподаватель Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова (Казахстан, г. Актобе), e-mail: taimanova.81@mail.ru

### ДУХОВНО-ПРАВСТВЕННОЕ ВОСПИТАНИЕ СТУДЕНТОВ В РАМКАХ ПРЕПОДАВАНИЯ ДИСЦИПЛИНЫ «ОСНОВЫ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА»

**Абстракт.** В настоящее время, в период сложных социально-экономических преобразований в Республике Казахстан, все активнее ведутся научно-педагогические поиски по формированию духовно-нравственных качеств личности студентов посредством усиления этнокультурного наследия народа, в основе которого лежит декоративно-прикладное искусство. Ситуация с коронавирусом усилила роль информационных и дистанционных технологий. Однако стоит выделить положительную ценность возможностей Интернета: доступ к углубленному изучению предмета, комфортные условия для получения информации. Информационные технологии теперь позволяют не только проводить занятия онлайн, но и принимать участие в творческих конкурсах, виртуально посещать известные мировые музеи – Лувр, Третьяковскую галерею, Ватикан, смотреть культурно-исторические фильмы.

Проведенный авторами педагогический эксперимент по теме: «Педагогическое содействие духовно-нравственному воспитанию студентов посредством декоративно-прикладного искусства» позволил выделить противоречия, возникшие при изучении дисциплины «Основы декоративно-прикладного искусства» и его воспитательного аспекта по формированию духовно-нравственных качеств студента.

Цель исследования – провести педагогический эксперимент по формированию духовно-нравственного воспитания студента на основе содержания дисциплины «Основы декоративно-прикладного искусства».

Методы исследования: исследование научно-теоретической и методологической литературы по проблеме данного исследования; диагностические методики, брич-опрос, прямое наблюдение.

Итоговым результатом стала разработка специальной совокупности методов, приемов и техник по дисциплине «Основы декоративно-прикладного искусства», направленных на формирование духовно-нравственных качеств студента.

**Ключевые слова:** декоративно-прикладное искусство, студент, дисциплина, духовно-нравственное воспитание, традиции, ценности.

---

**\*Цитируйте нас правильно:**

Касенова К.Б., Тайманова З.Б. Духовно-нравственное воспитание студентов в рамках преподавания дисциплины «Основы декоративно-прикладного искусства» // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127). – В. 339–350. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.28>

**\*Cite us correctly:**

Kasenova K.B., Taimanova Z.B. Duhovno-nravstvennoe vospitanie studentov v ramkah prepodavaniia discipliny «Osnovy dekorativno-prikladnogo iskusstva» [Spiritual and Moral Education of Students within the Framework of Teaching the Discipline «Fundamentals of Applied Arts»] // Iasaui universitetinin habarshysy. – 2023. – №1 (127). – В. 339–350. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.28>

**К.Б. Касенова<sup>1</sup>, З.Б. Тайманова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы  
(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: gv9382080@gmail.com

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің оқытушысы  
(Қазақстан, Ақтөбе қ.), e-mail: taimanova.81@mail.ru

**«Сәндік-қолданбалы өнер негіздері» пәнін оқыту шеңберінде  
студенттерді рухани-адамгершілікке тәрбиелеу**

**Аңдатпа.** Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында күрделі әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар кезеңінде халықтың этномәдени мұрасын нығайту арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған ғылыми-педагогикалық ізденістер белсенді түрде жүргізілуде. Бұл қазақ халқының мәдениетінің құндылықтары мен мұрасын толық түсінуге және жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ол сәндік-қолданбалы өнер негіздерінен бастау алады. Коронавирусқа қатысты жағдай ақпараттық және қашықтағы технологиялардың рөлін күшейтті. Дегенмен, Интернет мүмкіндіктерінің оң құндылығын атап өткен жөн: пәнді тереңдетіп оқуға қолжетімділік, ақпарат алудың қолайлы жағдайлары. Ақпараттық технологиялар қазір сабақты онлайн өткізуге ғана емес, сонымен қатар шығармашылық байқауларға қатысуға, әлемге әйгілі мұражайларға – Луврға, Третьяков галереясына, Ватиканға виртуалды түрде баруға, мәдени және тарихи фильмдерді көруге мүмкіндік береді.

Авторлар жүргізген педагогикалық эксперимент «Сәндік-қолданбалы өнер негіздері» пәнін оқу барысында туындайтын қарама-қайшылықтарды және оның студенттің рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы тәрбиелік аспектісін көрсетуге мүмкіндік берді.

Зерттеудің мақсаты – «Сәндік-қолданбалы өнер негіздері» пәнінің мазмұны негізінде студенттің рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру бойынша педагогикалық эксперимент жүргізу.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми-теориялық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу; диагностикалық әдістер, блиц-сұрау, тікелей бақылау.

Студенттің рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған «Сәндік-қолданбалы өнер негіздері» пәні бойынша арнайы оқытудың әдіс-тәсілдері мен әдістерінің жиынтығын жасау соңғы нәтиже болды.

**Кілт сөздер:** сәндік-қолданбалы өнер, оқушы, пән, рухани-адамгершілік тәрбие, салт-дәстүр, құндылықтар.

**К.В. Kassenova<sup>1</sup>, Z.B. Taimanova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Senior Lecturer of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov  
(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: gv9382080@gmail.com

<sup>2</sup>Lecturer of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov  
(Kazakhstan, Aktobe), e-mail: taimanova.81@mail.ru

**Spiritual and Moral Education of Students within the Framework of Teaching the Discipline  
“Fundamentals of Applied Arts”**

**Abstract.** At present, during the period of complex socio-economic transformations in the Republic of Kazakhstan, scientific and pedagogical searches are increasingly being conducted to form the spiritual and moral qualities of students by strengthening the ethno-cultural heritage of the people. This allows you to fully understand and realize the values and heritage of the culture of the Kazakh people. It originates from the basics of arts and crafts. The situation with coronavirus has strengthened the role of information and remote technologies. However, it is worth highlighting the positive value of the possibilities of the Internet: access to in-depth study of the subject, comfortable

conditions for obtaining information. Information technologies now allow not only conducting classes online, but also to take part in creative competitions, virtually visiting famous world museums - Louvre, Tretyakov Gallery, Vatican, watch cultural and historical films.

The pedagogical experiment authors conducted made it possible to highlight the contradictions that arose in the study of the discipline “Fundamentals of arts and crafts” and its educational aspect in the formation of the spiritual and moral qualities of the student.

Purpose of the study – conduct a pedagogical experiment on the formation of the spiritual and moral qualities of a student based on the content of the discipline “Fundamentals of arts and crafts”.

Research methods: research of scientific-theoretical and methodological literature on the problem of this research; diagnostic techniques, blitz survey, direct observation.

The final result was the development of a special training combination of methods, techniques and techniques in the discipline “Fundamentals of arts and crafts”, aimed at the formation of the spiritual and moral qualities of the student.

**Keywords:** arts and crafts, student, discipline, spiritual and moral education, traditions, values.

### **Введение**

В настоящее время, в период сложных социально-экономических преобразований, в Республике Казахстан все активнее ведутся поиски научно-педагогического характера, связанные с воспитательным аспектом изучения этнокультурного наследия народа. Оно опирается на теорию декоративно-прикладного искусства, ценности казахской культуры. Ситуация с коронавирусом усилила роль информационных и дистанционных технологий, в системе высшего образования все больше предпочтение отдается смешанному обучению. Информационные технологии теперь позволяют не только проводить занятия онлайн, но и принимать участие в творческих конкурсах, виртуально посещать отечественные и мировые музеи, смотреть учебные и культурно-исторические фильмы, проектировать презентации в новейшем формате.

Социальная глобализация, также «чувствительность» человека к происходящим изменениям в обществе актуализирует проблему духовно-нравственного воспитания, человеческим ценностям, которые учат молодого человека нести ответственность за свой жизненный выбор. Система нравственных ценностей, которую пропагандируют из различных информационных источников, не всегда носит положительный характер. С другой стороны информационная открытость, безграничность и неконтролируемость в Интернете, усиление в сторону социальных технологий также является важными факторами в системе образования, в том числе и высшего, которые подчеркивают важность усиления духовно-нравственного воспитания, акцентируя на его национальный аспект. Одной из ведущих ролей в развитии такого воспитания является практическая значимость декоративно-прикладного искусства и ее охват вне учебной деятельности. Молодые люди выполняют проекты, отражающие быт своего народа, демонстрируют народную одежду, выполненную собственноручно, создают дизайн дома в национальном стиле, организуют народные игры, инсценируют традиции, спектакли народных писателей.

Система высшего образования является завершающим этапом формирования молодой личности и ее выпускник наряду со сформированными профессиональными компетенциями должен обладать системой нравственных ценностей, обладать достаточной степенью культуры и воспитания. Учебный процесс обязательно охватывает национальный компонент, который отражается в программном материале каждой специальности. Однако большую значимость духовно-нравственного воспитания через декоративно-прикладное искусство мы можем наблюдать в содержании дисциплины «Основы декоративно-прикладного искусства»,

предназначенная для студентов специальности 6В01405 - «Визуальное искусство, художественный труд, графика и проектирование», 6В02102 - «Дизайн». И в целом у студентов, обучающихся творческим специальностям, данная задача решается с помощью цикла дисциплин декоративно-прикладного характера [1].

Как мы знаем, великий русский педагог К.Д. Ушинский указывал на то, что «главную задачу воспитания составляет влияние нравственное»[2]. Согласно И.М. Ильинскому: «Творческие способности могут развиваться от менее высокого к более высокому уровню. И это не только интеллект, но – непременно! – эмоционально-волевая, духовно-нравственная сторона личности. Непременно в единстве...» [3].

Таким образом, духовно-нравственное воспитание студентов является одной из важных задач высшего образования, где большое внимание следует уделить ориентации обучаемых на нравственные ценности, также формировать умения к самостоятельному нравственному поступку в соответствии с общепринятыми нормами и ценностями. Участие студента в проектах по основам декоративно-прикладного искусства способствует развитию таких умений.

### **Методы исследования**

Цель представленной публикации – освещение результатов педагогического эксперимента по формированию духовно-нравственного воспитания студентов творческих специальностей на основе содержания учебной дисциплины «Основы декоративно-прикладного искусства». В данной статье нами представлен педагогический эксперимент по развитию качеств личности студентов, направленных на духовно-нравственное воспитание. В педагогическом эксперименте приняли участие студенты специальности 6В01405 - «Визуальное искусство, художественный труд, графика и проектирование», 6В02102 - «Дизайн». Выбранное ими профессиональное направление направлено на изучение дисциплин, связанные с изучением основ декоративно-прикладного искусства, которые воспитывают у них такие черты характера, как духовность, нравственность, развивают чувство прекрасного.

Методами исследования являются: анализ научно-теоретической и методологической литературы по проблеме исследования; диагностические методики, блиц-опрос, прямое наблюдение. Метод анализа научно-теоретической и методологической литературы был использован для выделения актуальности выбранной темы исследования. Также это позволяет подойти к проблеме исследования всесторонне – с теоретической, социальной, психологической и педагогической сторон. За основу были взяты труды Н.И. Каплан, М.С. Каган, В.Б. Кошаев, Ф.В. Бассин, Р. Бернс, И. Кон и др. В качестве основных диагностических методик были выбраны: «Уровень воспитанности» студентов, автор Капустина Н.П.; блиц-опрос «Декоративно-прикладное искусство как средство духовно-нравственного воспитания», составленный рабочей группой преподавателей-исследователей.

### **Анализ**

Проведенный анализ научно-теоретической и методологической литературы позволил определить сущностную характеристику духовно-нравственному воспитанию, также выделить понятия «искусство» и «декоративно-прикладное искусство».

Так, Дж. Аронфрид, М. Харрис, М. Хоффман и др. являясь сторонниками теории социального научения, рассматривают нравственное становление личности как форму поведения, заданных обществом образца и опирающийся на бихевиористской схеме «стимул – реакция». Уильям Джемс выделяет три основных компонента становления личности «Я-эмпирическое»: «Я-духовное», «Я-социальное» и «Я-материальное». К. Роджерс характеризуя «Я-концепцию» личности, определил данное понятие как интерпретация человеком самого себя в нравственном мире, как он воспринимает себя как часть общества, в связи с социальными ролями, которые ребенок принимает со всеми правилами [4].

Научно-теоретические и методологические основы по вопросам воспитания рассматривал Дж. Дьюи, где под процессом социализации личности выступает воспитательный процесс по формированию культурных ценностей. Эту идею также разделяли А. Маслоу, А. Комбс, Э. Келли, К. Роджерс, Т. Брамельд, С. Хук и др [5]. По их мнению, культурная ценность, лежащая в основе воспитания, способствует психологическому качественному изменению, также предоставляет возможность в поиске путей решения на возникающие жизненные проблемы.


По мнению психолога Дж. Дьюи процесс нравственного становления человека является его главной жизненной целью, в процессе которого происходит его становление, развитие, рост, количественное накопление духовных и нравственных качеств. В роли способностей по управлению своими действиями выступает воспитательный процесс, направленный также на развитие самоконтроля. Также Дж. Дьюи выделяет и самодетерминацию как личностный аспект. По мнению автора, рост личности сам по себе уже есть реализация морали [6].

А. Маслоу также делает акцент на развитие моральных качеств личности, где сама личность должна осознавать свое становление в моральном и нравственном плане. А. Маслоу выделяет самоактуализацию личности как возможность проявить себя, свое Я в различных видах деятельности, умение направить свои способности на нравственную сторону. Самоактуализация, как и актуализация связана с внутренним миром человека, его нравственными ценностями, поскольку только сама персона способна принять позицию добра или зла. Как показывают информационные источники, именно А. Маслоу принадлежит важнейшее открытие понятия «самооценка личности» во всех ее позициях [7].

Приведенный выше анализ научно-теоретической литературы в области философии, психологии и педагогики позволил сделать соответствующие выводы о том, что ценностные отношения личности как проявления действительности являются одной из основных форм проявления смысла и значимости. предмета, который выражается во внутренних и внешних потребностях. В.Н. Мясищев выделил три направления, которые стремятся установить разные траектории взаимоотношений:

- мир вещей и явления природа и природные явления;
- социум, человек, общественные явления;
- отношение с самим собой.

Как выделяет Г.Ю. Ксензова, главными характеристическими особенностями, определяющие уровень воспитанности личности, является разные формы отношений, направленных на социум, предметы быта, явления и факты, происходящие в жизни самой личности. Полученные теоретические данные позволили нам составить систему духовно-нравственных отношений личности к окружающему миру (рисунок 1).



**Рисунок 1 – Система духовно-нравственных отношений личности**

Представленная система выделяет три вида отношений личности: Я-Я, Я-Ты-Социум, Я-мир-природа явлений. Следует отметить, что она показывает взаимосвязанный переход от Я-личное к главным жизненным компонентам, влияющие на формирование картины мира личности и его духовную и нравственную категории.

Научно-теоретическое обоснование понятий «искусство», «декоративно-прикладное искусство» позволяет выделить следующие формулировки: «искусство из области быта» (Д.Е. Аркин) [8], «искусство, произведённое на производстве» (Б.И. Арватов) [9], «искусство преобразования» (А.А. Салтыков) [10], «прикладное искусство» (М.С. Каган) [11], «искусство предметного мира» (О.В. Воронова) [12].

Мы склоняемся к определению, что декоративно-прикладное искусство является результатом труда и творчества любого народа, передающегося через предметы домашнего обихода, одежду, оружие, предметы интерьера, украшения. Изделия декоративно-прикладного искусства отражают деятельность определенного народа, профессию, географические особенности и ценности, которые важны для конкретного народа. Однако практический опыт показывает, что между произведения искусства разных народов существует единичное сходное: техника работы, содержательный материал, из которого создаются декоративные и прикладные произведения, внешний вид, рисунки. В.Б. Кошаев отметил, что общие сформировавшиеся устои проектирования какого-либо объекта, внешнего и внутреннего вида архитектурных сооружений относятся к декоративно-прикладному искусству [13].

Educational methods of the intuitive type usually refer to creative methods: “brainstorming», the method of empathy, pedagogical methods of a student playing the role of a teacher, etc. (Table 2).

Such methods are based not on logical, but on intuitive actions of students. The next type of creative learning method is based on the implementation of algorithmic prerequisites and instructions: the Synectics method, the morphological box method. Their goal is to create a logical framework for the formation of students' knowledge products.



**Figure 2 – Organizational activity method**

The creative learning method is the method of “guidance” to guide students to solve the tasks set and reduce, shorten the types of such solutions. The organization activity methods of teaching are divided into the main subjects of education, i.e. the methods of students, teachers and managers of education (Figure 2). Student methods consists in predicting the goal of learning, determining the plan, control, reflection, etc. This group of methods is not traditional for universities, as a rule, students do not participate in the structuring of their knowledge. Allowing students to participate in organizing and tractoring the knowledge they receive is just as important as the scientific methods they must master. Methods of educational management are methods of managing the organization of the educational process at the pedagogical and appropriate level. They are similar to the methods of organizing students' activities, because the methods used in teaching individual students are used in relation to the teacher, individual universities and the entire educational system. Such a group of methods is used in the creation and development of individual training courses, course groups or educational processes in the entire higher education institution.

Thus, a group of heuristic methods is one of the main in modern educational activities, the use of which in the learning process allows students to achieve high success in education. The teaching method is a rather complex and multidimensional concept. Didactic-scientists dealing with this problem still comprehend the meaning of this category in different ways and give different interpretations.

The concept of “method” originates from the Greek word “methodos”, its Kazakh meaning is “zertteu zholy (research path)” theory. According to the general definition in the encyclopedic dictionary, “a method is a way to achieve some goal or perform a specific task” [10, p. 112]. Having studied the number of different definitions given to the teaching method, we propose the following definitions: “Teaching methods are joint activities aimed at fulfilling the tasks of teaching.” We believe that the “teaching method» is a method of organizing educational and cognitive activities of students, whose tasks, levels of cognitive activity, educational activities and expected results are predetermined to achieve didactic goals. “Currently, the achievement of professional success through knowledge, skills, ability, goals setting, perseverance and creativity requires the development of student’s intellectual and creative abilities. Thoughts on the creative development of personality were considered in the works of ancient Greek philosophers, Renaissance scientists such as Aristotle, G. Hegel, R. Descartes, I. Kant, philosophers of the near and far abroad and our country N.A. Berdyaev, D. Kishibekov, T. Abizhanov, A. Nysanbaev and others. In the

psychological literature and in the works of , L.S. Rubenstein, A.N. Leontiev, A.V. Zaporozhets, M. Mukanov, T. Tazhibaev, A. Temirbekov, S. Balabayev, K.B. Zharykbayev, A. Aldamuratov, H.T. Sheryazdanova, Zh.Y. Namazbaeva, M.N. Skatkin, creative abilities and its psychological aspects were formulated. Currently, one of the main requirements of education is the continuous improvement of knowledge and intensification of the learning process. The result of these works is inextricably linked with the education of citizens who have gained deep knowledge and high culture, new achievements of science and technology. Thus, if the basis of the innovation process is the holistic activity of the formation, application, implementation of innovations, then innovation can be called “novelty”, “new method”, “change”, “methodology”, while the innovation process can be called “a new methodology tool”. The processes of humanization and modernization of modern education contribute to a change in the attitude towards students and taking into consideration their individual-typological characteristics, personality traits, etc. is an important component of the future teacher as a specialist.

As it is emphasized in Article 8 of the law of the Republic of Kazakhstan on education “The main task of the education system is the introduction of new teaching technologies, informatization of education, access to international communication networks, the creation of the necessary conditions for obtaining knowledge aimed at the formation, development and professional development of the individual on the basis of national and universal values, achievements of science and practice” [11], the main task facing the teacher is to constantly improve teaching methods and master new technologies. In this regard, it is relevant to consider the methodological and technological system of teaching children's poetry of the Turkic peoples at the beginning of the XX century, which will further allow to solve the problems of teaching children's poetry of the Turkic peoples at the beginning of the XX century. The following statement of N. Kelimbetov, a researcher on Turkic literature, “Nowadays, Turkic literary heritage, ancient written sources, are a valuable monument of world history and literature. Today's Turkic world is a huge space, which includes many sovereign states, but all of them are united by a common historical heritage, language, cultural traditions and significant contributions to the world cultural heritage. The system of images of ancient Turkic poetry is based on an aesthetic integrity arising from the indigenous customs of the Turks, their way of life, their worldview, etc.” [12, p. 20] proves the close connection of the technology of teaching children's poetry of the deep-rooted Turkic peoples with knowledge of the language, history, folklore, culture of the Turkic peoples.


The most pressing problem of modern pedagogical practice is the awakening of a student's interest in the subject and the development of this interest in the course of teaching. The proposed method of teaching using elements of the new technology activates student's critical thinking and arouses creative interest. Student learns by working independently and gains self-confidence. Fundamental changes in society set the goals for the education system to form and develop a new person. This is the development of students' thinking, the expansion of independence and freedom of thought, the increase in their motivation for independent learning, the ability to apply it in their practice in connection with new conditions, that is, the formation and development of their qualifications. Along with the harmony of knowledge provided to the student, such measures that allow to increase the effectiveness of the pedagogical process are one of the progressive steps of training in the development of cognitive curiosity, orientation in accordance with knowledge, taking into account the characteristics of each individual, while maintaining the unity of education and upbringing.

The development of student's thinking abilities through the use of game elements in the course of teaching the lesson of Kazakh literature leads to speed and thoughtfulness. The purpose of the game is to explain, revise, consolidate and test knowledge skills.

The results of the research of experimental work on the methodology of teaching children's poetry of the Turkic peoples at the beginning of the XX century in higher educational institutions are provided in Table 3 and Figure 3.

**Table 3 – The result of the detection experiment**

No.	Indicators of educational and cognitive activity in the course of independent work	Experimental group				Control group			
		Number of students	High	Average	Low	Number of students	High	Average	Low
1	Following the instructions of the teacher	35	9	10	16	20	2	9	9
		%	26	28	46	%	10	45	45
2	Participation in lectures	35	7	11	17	20	4	6	10
		%	20	32	48	%	20	30	50
3	Implementation of the system of independent tasks	35	8	11	14	20	5	5	10
		%	23	32	40	%	25	25	50
4	Cognitive activity	35	9	12	14	20	3	8	9
		%	26	34	40	%	15	40	45
5	Implementation of practical tasks	35	8	9	18	20	3	7	10
		%	23	26	51	%	15	35	50
6	Working with additional literature	35	6	14	15	20	2	7	13
		%	17	14	15	%	10	25	65
	On average	35	23	32	45	20	16	33	51



**Figure 3 – Result of the detection experiment**

The level of higher education in assessing the indicators of educational and cognitive activity of students in the implementation of theoretical questions by the detection experiment was 23% of the students of the experimental group, and 16% of the students of the control group. For the average level, this figure gave 32% and 33%, and for the lower level – 45% and 51%, respectively. It follows from this that there are no significant differences in the indicators of educational and cognitive activity shown in the experimental and control groups.

After that, the main directions and objectives of research work were identified.

At the stage of the control experiment, ways to implement the tasks and goals of the study were sought, approaches to their practical application were improved, and attention was paid to solving the following tasks:

- development of a didactic system and the content of independent work of students, level tasks, methods of using new innovative technologies and the formulation of professional training of students in pedagogical universities of the elective course “children's poetry of the Turkic peoples of the beginning of the XX century”;

- development of an effective methodology for the development of independent work of students;

- creation of a system of problematic tasks that contribute to the effectiveness of the selected methodology for students of pedagogical universities;

- familiarization of subject teachers with the compiled system of tasks, presentation of methods for their rational application, preparation of special methodological instructions.

Analyzing the scientific and theoretical literature, we identified the possibilities of problems used in practice.

Therefore, the possibilities of solving the problem below are

- An artistic and creative phenomenon of the Turkic peoples at the beginning of the twentieth century, prone to such diverse changes as transformation, revival, renewal of children's poetry. Since it is appropriate to consider the ways of emergence and formation of today's artistic features in its internal content and external harmony in unity with historical and creative causes and final results, as a result of the processes of genre and content revival, renewal of Turkic children's poetry and creative interaction with other cultures, exchange of patterns, the formation of skills of analysis of today's existence, the ability to find contextual information and pass it through himself;

- Formation of knowledge over the years, the ability to use their knowledge in unfamiliar situations;

- Development of personal qualities of students;

(independent and critical thinking)

*Finding their originality by asking problematic questions:*

Problem tasks are mainly aimed at the use of external resources by students in their studies.

The task contains problematic situations that require a solution, such as searching for missing information

*Didactic possibilities of problem tasks*

- creates conditions for the formation of independent cognitive activity practices in students;

- forms the skills to purposefully search for new knowledge;

- provides the development of personal qualities (self-criticism and critical thinking)

Each expert evaluates all the students of the group, independently of the other. Then the work of each student is evaluated by several examiners.

## **Conclusion**

The use of new teaching technologies aimed at personality development in the teaching of literature in higher schools gives positive results. Pedagogical technologies are a set of favorable conditions for the development of the student connected with the mutual conclusions of the organization of the educational process: subjects and methods combined with the goals of education. The use of new technologies in lectures and seminars contributes to the development of student's creativity and intellectual ability and the formation of the ability to use his knowledge in life.

The methodological and technological system of teaching children's poetry of the Turkic peoples at the beginning of the twentieth century meets this requirement, first through the use of new technologies and its stages: Stage I: Learning; Stage II: Acquisition; Stage III: Introduction into life; Stage IV: Development.



For the correct design of pedagogical technology in the lessons of Kazakh literature in higher vocational institutions, the following 5 elements should be observed: 1. Goal setting. 2. Prediction. Prediction of students' work means an independent work aimed at level education. 3. Self research. Student's individual work, student's individual work under teacher's guidance. 4. Logical structure. The content and quantity of a small goal determine students' development area and the duration of each area in time. 5. Correction. Possible difficulties in the problem under consideration: mistakes made by students, a system of measures characteristic of pedagogy to raise to the standard level of training. Since teacher is the main person in the literature class, he should carry out the educational process with creativity and activity, changing the methods of teaching. A high-quality and effective lesson is a two-way phenomenon, so the teacher-student relationship plays an important role here. Teacher is always the speaker, the presenter, the explainer, and students are not only viewers, listeners, and performers. Properly organizing and managing students in the audience, guiding them, ensuring that they actively participate in the lesson and interact with each other require a lot of work and great skill from the teacher.

### BIBLIOGRAPHY

1. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен де құнды // Егемен Қазақстан, 2021 жыл, 20 мамыр.
2. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 2018 жыл, 5 қазан.
3. Харламов И.Ф. Педагогика. – Минск: Университетское, 1979. – 186 с.
4. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса (методические основы). – М.: Просвещение, 1982. – 192 с.
5. Лернер И.Я. Современная дидактика: теория-практика. – М.: Педагогика, 1995. – 172 с.
6. Сабыров Т. Болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығын жетілдіру. – Алматы: РБК, 1999. – 83 б.
7. Құсайынов А.Қ. Салыстырмалы педагогика. – Алматы: ROND@A, 2011. – 256 б.
8. Андреев В.И. Педагогика высшей школы. Инновационно-прогностический курс. – Казань: Центр инновационных технологий, 2013. – 500 с.
9. Архангельский А.Н., Смирнова Т.Ю. Литература, 5 класс. Часть 2. – М.: Дрофа, 2017. – 120 с.
10. Таубаева Ш.Т., Булатбаева А.А. Методология и методика педагогических исследований. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 214 с.
11. ҚР Білім туралы Заңы. – Астана: Литера, 2000. – 96 б.
12. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Паритет, 2011. – 244 б.

### REFERENCES

1. Toqayev Q.K. Tauelsizdik barinen de qundy [Independence is more valuable than anything else] // Egemen Qazaqstan. 2021 jyl, 20 мамыр. [in Kazakh]
2. Nazarbaev N.A. «Qazaqstandyqtardyn al-auqatynyn osui: Tabys pen turmys sapasyn arttyru» atty Qazaqstan halqyna Joldauy [Address to the people of Kazakhstan “Increasing the welfare of Kazakhstanis: increasing income and quality of life”] // Egemen Qazaqstan, 2018 jyl, 5 qazan. [in Kazakh]
3. Harlamov I.F. Pedagogika [Pedagogy]. – Minsk: Universitetskoe, 1979. – 186 s. [in Russian]
4. Babanskiy Yu.K. Optimizaciia uchebno-vospitatelnogo processa (metodicheskie osnovy) [Optimization of the educational process (methodological foundations)]. – M.: Prosveshenie, 1982. – 192 s. [in Russian]
5. Lerner I.Ia. Sovremennaiia didaktika: teoriia-praktika [Modern didactics: theory-practice]. – M.: Pedagogika, 1995. – 172 s. [in Russian]
6. Sabyrov T. Bolashaq mugalimderdin didaktikalyq daiyndygyn jetildiru [Improving the didactic training of future teachers]. – Almaty: RBK, 1999. – 83 b. [in Kazakh]

7. Qusainov A.Q. Salystymaly pedagogika [Comparative pedagogy]. – Almaty: ROND@A, 2011. – 256 b. [in Kazakh]
8. Andreev V.I. Pedagogika vysshei shkoly. Innovacionno-prognosticheskiy kurs [Pedagogy of the higher school. Innovative and prognostic course]. – Kazan: Centr innovacionnyh tehnologiy, 2013. – 500 s. [in Russian]
9. Arhangel'skiy A.N., Smirnova T.Iu. Literatura, 5 klass [Literature, Grade 5]. Chast 2. – M.: Drofa, 2017. – 120 s. [in Russian]
10. Taubaeva Sh.T., Bulatbaeva A.A. Metodologiya i metodika pedagogicheskikh issledovaniy [Methodology and methods of pedagogical research]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 214 c. [in Russian]
11. QR Bilim turaly Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on education]. – Astana: Litera, 2000. – 96 b. [in Kazakh]
12. Kelimbetov N. Turki halyqtarynyn ejelgi adebi jadigerlikteri [Ancient literary artifacts of the Turkic peoples]. – Almaty: Paritet, 2011. – 244 b. [in Kazakh]

ӘОЖ 373.013.77.026.091.3(574); МҒТАР 14.25.07

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.31>А.Д. ЖУМАГЕЛДИЕВА<sup>1</sup>, Ғ.А. АБАЕВА<sup>2</sup><sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің PhD докторанты

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: 95\_akbota@mail.ru

<sup>2</sup>педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: abaeva70@bk.ru

## ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДА ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ЗЕРТТЕУ

**Аңдатпа.** Мақалада педагогтің кәсіби даярлық мәселесі жан-жақты талданады. Білім беру саласын дамытуда көптеген өзгерістер енгізілуде. Соның бірі инклюзивті білім беруді жүзеге асыру. Мақалада шет елдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалынып, педагогтердің инклюзивті білім беруде кездесетін мәселелері нақтыланады. Қазіргі қоғам мен нарық сұранысы бойынша жалпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру ортасын құру маңыздылығы артуда. Қазіргі заманда ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға білім беруде екі түрлі пікір қалыптасқан. Біріншісі – жалпы мектептегі педагогтер арнайы педагогика, психология және балалардың патологиялық ерекшеліктерін меңгерген болу қажет деп таныса, екіншісі – ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға тек арнайы мамандар көмегі қажет деп қарастырады. Және бұл пікірлер көптеген қарама-қайшылықтарды туғызады. Инклюзивті ортасын ұйымдастыруға кәсіби даярлықтары бойынша бірнеше авторлардың көрсеткіштері мен ерекшеліктері беріледі. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс барысында педагогтерде кездесетін кедергілер нақтыланады. Авторлардың таңдаған объектісі бойынша педагогтердің инклюзивті білім беру ортасына кәсіби даярлықтарының деңгейлерін тексереді. Нәтижесінде инклюзивті білім беру ортасына педагогтің кәсіби даярлығына қажетті құзыреттіліктер анықталады. Педагогтердің кәсіби даярлықтарын қалыптастыруда құзыреттіліктерді анықтау және оның жолдарын білу үлкен нәтижеге алып келеді.

**Кілт сөздер:** кәсіби даярлық, инклюзивті білім беру, ерекше қажеттілігі бар балалар, жалпы білім беру ұйымы, инклюзивті орта.

A.D. Zhumageldiyeva<sup>1</sup>, G.A. Abaeva<sup>2</sup><sup>1</sup>PhD Doctoral Student of Abai Kazakh National Pedagogical University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: 95\_akbota@mail.ru

<sup>2</sup>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

Abai Kazakh National Pedagogical University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: abaeva70@bk.ru

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Жумагелдиева А.Д., Абаева Ғ.А. Инклюзивті білім беру ортасында педагогтердің кәсіби даярлығын зерттеу // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127). – Б. 379–391. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.31>

### \*Cite us correctly:

Jumageldiyeva A.D., Abaeva G.A. Inkluzivti bilim беру ortasynda pedagogterdin kasibi daiarlygyn zertteu [Research of Professional Readiness of Teachers in an Inclusive Educational Environment] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1 (127). – B. 379–391. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.31>

## Research of Professional Readiness of Teachers in an Inclusive Educational Environment

**Abstract.** The article analyzes in detail the problem of teacher training. There are many changes in the development of education. One of them is the implementation of inclusive education. The analysis of the research of foreign and domestic scientists will be carried out, the problems faced by teachers in inclusive education will be clarified. The importance of creating an inclusive educational environment in general education organizations is increasing at the request of modern society and the market. In the modern world, there are two different opinions in the education of people with special educational needs. The first is when teachers of a secondary school consider it necessary to master special pedagogy, psychology and psychological characteristics of children, the second is when people with special educational needs need the help of only special specialists. And these opinions cause many contradictions. The indicators and features of several authors on professional training for the organization of an inclusive environment are given. The barriers faced by teachers in the process of working with children with special educational needs are specified. Checks the level of professional training of teachers for an inclusive educational environment for the object chosen by the authors. As a result, the competencies necessary for the professional training of a teacher for an inclusive educational environment are determined. Identification of competencies and knowledge of the ways of their formation in the formation of professional training of teachers leads to great results.

**Keywords:** vocational training, inclusive education, children with special needs, general organization of education, inclusive environment.

**А.Д. Жумагелдиева<sup>1</sup>, Г.А. Абаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Казахского национального педагогического университета имени Абая  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: 95\_akbota@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат педагогических наук, доцент  
Казахский национальный педагогический университет имени Абая  
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: abaeva70@bk.ru*

## Исследование профессиональной готовности педагогов в инклюзивной образовательной среде

**Аннотация.** В статье подробно анализируется проблема профессиональной подготовки педагога. В развитие сферы образования много изменений. Одним из них является реализация инклюзивного образования. В статье проводится анализ исследований зарубежных и отечественных ученых, уточняются проблемы, с которыми сталкиваются педагоги в инклюзивном образовании. Возрастает значение создания инклюзивной образовательной среды в общеобразовательных организациях по запросам современного общества и рынка. В современном мире в образовании людей с особыми образовательными потребностями сложилось два разных мнения. Первый – когда считают, что педагогам общеобразовательной школы необходимо овладеть специальной педагогикой, психологией и патологическими особенностями детей, второй – когда люди с особыми образовательными потребностями нуждаются в помощи только специальных специалистов. И эти мнения вызывают много противоречий. Для организации инклюзивной среды даны показатели и особенности нескольких авторов по профессиональной подготовке. Конкретизируются барьеры, с которыми сталкиваются педагоги в процессе работы с детьми с особыми образовательными потребностями. Проверяется уровень профессиональной подготовки педагогов к инклюзивной образовательной среде по выбранному авторами объекту. В результате определяются компетенции, необходимые для профессиональной подготовки педагога к инклюзивной образовательной среде. Выявление компетенций и знание путей их

формирования в формировании профессиональной подготовки педагогов приводит к большим результатам.

**Ключевые слова:** профессиональная подготовка, инклюзивное образование, дети с особыми потребностями, общая организация образования, инклюзивная среда.

### Кіріспе

Қазақстанда білім беру саласы даму үстінде, білім мен ғылымға қатысты мемлекеттік негізгі құжаттарда өзгерістер мен толықтырулар орын алуда. Осы өзгерістер мен толықтырулардың қатарындағы өзекті мәселе – инклюзивті білім беруді жүзеге асыру. Бұрынғы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің 2021 жылы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында «Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беру, инклюзивті білім беру саласының маңызы өте зор... Ерекше қажеттілігі бар балаларға білім беру әдістемесі, мұндай балалармен жұмыс жүргізудегі мұғалімдердің даярлығы, бағалау жүйесі керектігін түсіндік» [1] дей келе ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға деген көзқарастардың дамып жатқанын атап өтті.

Қазіргі заманда ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға білім беруде екі түрлі пікір қалыптасқан. Біріншісі – жалпы мектептегі педагогтар арнайы педагогика, психология және балалардың педогологиялық ерекшеліктерін меңгерген болу қажет десе, екіншісі – ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға тек арнайы мамандар көмегі қажет деп қарастырады. Және бұл пікірлер көптеген қарама-қайшылықтарды туғызады.

Жалпы білім беру ұйымдарындағы педагогтар оқу процесіндегі қатысушылардың әрқайсысы маңызды және әртүрлі екенін түсіну қажет, ұжымда жұмыс жасай білу, ата-аналармен жақсы қатынаста болу, үнемі кәсіби дамуы қажет деп санаймыз. Жалпы мектептерде инклюзивті білім беру ортасын құру мектеп ұжымына тікелей қатысты, әсіресе педагогтің кәсіби даярлығы жеткілікті дәрежеде болуы шарт. Осыған орай, ғылыми мақаланың мақсаты – жалпы білім беру ұйымдарындағы педагогтердің инклюзивті білім беру ортасына кәсіби даярлықтарын түсіну бойынша зерттеу.

### Зерттеу әдістері

Аталған мәселе бойынша сапалы зерттеулер жүргізіліп келеді, бірақ қазіргі таңда педагогтардың даярлық деңгейлері және өзіндік мотивтері өзгеріске ұшырап отыр. Әрбір адам маман ретінде өзін-өзі жетілдіру, заман талаптарына сай іс-әрекеттерін өзгертуге тиісті. Ол өзгерістерді жүзеге асыру үшін жан-жақты зерттеу қажеттілігі туады.

Қойылған мақсатқа байланысты авторлар негізгі 3 міндет қояды: 1) жалпы білім беру ұйымдарында педагогтердің инклюзивті білім беру ортасына кәсіби даярлықтары бойынша шет елдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасау; 2) Жалпы білім беру ұйымдарында педагогтердің инклюзивті білім беру ортасына даярлықтарын тексеру; 3) Алынған нәтиже бойынша инклюзивті білім беру ортасына педагогтың кәсіби даярлық деңгейін анықтап, көрсеткіштерін нақтылау.

Зерттеу барысында қойылған міндеттер бойынша төмендегі әдіс-тәсілдерді қолданамыз: зерттеу тақырыбына бойынша әдебиеттерге шолу жасау, бақылау, мектептің педагогтерінен авторлар ұсынған сауалнама, сауалнама нәтижесі бойынша ұсыныстар беру.

Кәсіби даярлық мәселесі көптеген ғалымдардың (Д.Н. Унадзе, В.А. Слостенин, Ж.Б. Байсеитов, Н.Д. Хмель және т.б.) зерттеу нысаны болып келеді, соның ішінде инклюзивті білім беру ортасына кәсіби даярлығы бойынша неше түрлі ой-пікірлер қалыптасқан. Жоғарыда айтқандай, қазіргі педагог міндеттері өте көп, әрі жыл сайын өзгерістер енуде. Инклюзивті білім беру ортасына педагогтің кәсіби даярлықтың нақты көрсеткіштерін анықтап, жан-жақты зерттеу теориялық маңыздылығы болса, берілген ұсыныстарды практикада инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруда қолдана алады.

### Талдау

Қазіргі зерттеулерді шолу арқылы ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарға инклюзивті орта ұйымдастыру, қалыптастыру туралы көптеген пікірлерді көре аламыз. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ұйымдарында оқытуды жүзеге асыру бойынша зерттеулерде аз емес (С.В. Алёхина, М.Н. Алексеева, Е.Л. Агафонова, Г.Б. Жукенова, Д.М. Кожаметова). Сол зерттеулердің басты мәселесі педагогтердің кәсіби даярлықтары әлі де болса жеткілікті дәрежеде еместігі болып отыр. Кәсіби даярлықтарын жіті зерттеп, оны қалыптастыру әдіс-тәсілдерін анықтау өте маңызды екенін түсінеміз.

Ғылыми зерттеулерде «кәсіби даярлық» түсінігі жан-жақты зерттелген, барлық сала бойынша маңыздылығы өте зор. Кәсіби тұрғыдан шындалған маман ғана қоғам мен нарық саласында сұранысқа ие болады. Қазіргі заман талабы бойынша кәсіби даярлау өзектілігі артып, мемлекеттің білім беру тапсырмасы болып отыр [2].

Педагогикалық іс-әрекеттің бірқатар әлеуметтік іс-әрекеттерге жататындығы айқын, өйткені оның негізгі субъектілері жеке тұлғалар болып табылады, осыған байланысты педагогтың кәсіби даярлығы өзгермелі процесс ретінде қарастырамыз. Өзгерістерді қоғам мен еңбек нарығы орнататыны белгілі. Тұлғаның белгілі бір іс-әрекет түріне даярлығы өте күрделі ауқымды процесс.

Даярлық түсінігі Д.Н. Унадзе [3] концепциясы бойынша белгілі бір бағытта әрекет етуге дайын және қазіргі уақытта адам әсер ететін қажеттілік пен ортаның өзара әрекеттесуі негізінде пайда болады деп тұжырымдады. Автор бұл құбылыс субъектінің тұтас күйі екенін, оның негізінде белгілі бір мінез-құлық пен бағыттың қызметі пайда болатындығын ерекше атап өтті.

Қазақстандық ғалым Ж.Б. Байсеитовтың [4] пайымдауынша, даярлық бір жағынан белгілі бір субъектке деген қарым-қатынасының сипаты, екінші жағынан ол туралы білім ішкі жағдайды алу үшін арнайы жұмыстың қажеттілігін көрсетеді, өйткені ол тек тәжірибе негізінде дамиды. Ол екі жағдайда да іс-әрекетке даярлықты қалыптастыруда тәжірибенің маңызы зор.

Педагогикалық көзқарастар бойынша кәсіби даярлық теориялық білім және оны практикаға қолдана алу, әдістемелік білігінің болуы және кәсіби дағдылар болуы міндетті, ішкі мотивтері мен жеке қалаулауларын да ұмытпауымыз қажет.

В.А. Сластенин [5] «кәсіби қызметке даярлық» ұғымын қарастыра отырып, оған мұғалімнің жеке басының моральдық-психологиялық аспектілерінің қасиеттерін, оның ақыл-ой және педагогикалық қабілеттерін, әлеуметтік және психологиялық қабілеттердің кешенін, әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық білім мен кәсіби қызметте қажет бағдарламалық әдістемелік дағдыларды қамтиды. Айта кету керек, егер бұрын қарастырылған анықтамаларда дайындық тұжырымдамасына тек жеке қасиеттер кірсе, онда В.А.Сластенин берген анықтама мұғалімнің жеке және кәсіби қасиеттерін синтездеумен ерекшеленеді.

Қазақстандық педагогиканың өкілі Н.Д. Хмельдің [6] пікірінше, педагогикалық қызметке «даярлық» – бұл арнайы оқытудың және өз қызметінің тәжірибесінің ықпалымен қалыптасатын, өзінің жағдайы бойынша педагог тұлғасының кәсіби маңызды қасиеттерін, сондай-ақ белгілі бір білім мен іскерлікті қамтитын бірқатар элементтерден тұратын күрделі білім.

Соңғы жасалған сапалы зерттеу барысы бойынша педагогтің кәсіби даярлық барысында психологиялық даярлықтың маңыздылығын айқын көрсетті. Психологиялық дайындық күрделі, көп компонентті құрылым болып табылады, оның жеке компоненттерін бағалайтын өлшеуге психодиагностикалық әдістер қажет – жеке қасиеттерін, негізгі психологиялық қажеттіліктері мен қанағаттануы. Жан-жақты зерттеу мақсатында авторлар әдістерді мұқият таңдалып, математикалық әдістер арқылы нақтылы нәтижелерді көрсете білді. Авторлардың қорытындысы бойынша, психологиялық даярлық педагог үшін өте


маңызды оны анықтаудың дайын әдістемесін ұсынды. Психологиялық даярлығын зерттеу арқылы алдағы жұмыс барысын жүзеге асыруға үлкен септігін тигізеді деп тұжырымдады [7].

Авторлардың пікірінше [8], педагогтың кәсіби іс-әрекетінде «кәсіптік ұтқырлық» мәселесі өте маңызды деп түсінеді. Кәсіптік ұтқырлықты қалыптастыру маманның өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өзгертуге деген қажеттіліктері артып және қанағаттандырады, нарық сұранысына жауап бере алады деп түсіндіреді. Б.Ж. Айдаров, Ю.Н.К амалов зерттеулерінің нәтижесі бойынша, «кәсіптік ұтқырлықтың» құрылымын жасады.

Кәсіптік ұтқырлық құрылымы оның негізгі элементтері бірлігімен ұсынылған:

- адам даумының ішкі тетіктерінде түйінді, жалпы кәсіптік күзиреттіліктердің қалыптастырылуы арқылы қамтамасыз етілетін жекетұлғаның қасиеті;
- адамның мамандығында және өмірінде өзін-өзі іске асыруы нәтиже болып шығатын оқиғалармен анықталған (детерминирленген) өзгермелі ортадағы адамның әрекеті;
- адамның өзін өзі және оны қоршаған кәсіптік және өмірлік ортасында өзгерту процесі;
- адам өзі-өзін және оны қоршаған кәсіптік және өмірлік ортасында тұлғаның қайта өзгеру процесі;
- кәсіптік ұтқырлықтың түрлері: тік және көлденең;
- кәсіптік ұтқырлықтың сипаттамалары: объективтік, субъективтік және мінезтанушылық [8]

«Кәсіби даярлық» ұғымын талдай келе көптеген педагог-ғалымдардың пікірлері бір жерден шықпаса да әрқайсысының пайымдаулары зерттеліп дәлелденген. Педагогикада кәсіби даярлық бойынша ғалымдарды екі тарапқа бөліп қарастыруымызға болады, кәсіби дағдылар мен белгілі бір білім саласын жетік меңгеруі деп қарастыратындар (И.С. Архангельский, Н.Н. Хан, А.Г. Асмолов, Е.В. Бондаревская, В.В. Серикова және т.б.) мен жеке тұлға қасиеттері, психологиялық даярлықтарының маңызды екенін жақтаушылар (В.А. Слостенин, Б.А. Вяткин, Г.Б. Дикопольская, Н.Д. Хмель және т.б.) арасындағы бөліністерді (1-сурет) көре аламыз. Кәсіби даярлықта тұлғаның белгілі бір кәсіп бойынша әдіс-тәсілдерін меңгеру және жеке психологиялық даярлығы жоғары болған кезде толыққанды маман болады деген тұжырымға келді.



1-сурет – Кәсіби даярлық ұғымын түсініктері бойынша топтастыру

Бүгінгі күнгі педагогтердің мойнына жүктелген міндеттер өте көп. Педагогтер өз пәнін жақсы білуі, оқытудың заманауи әдістерін меңгеруі, оқытуда сараланған тәсілді қолдануы, әртүрлі ұлт балалары мен әртүрлі білім беру қажеттіліктері мен қабілеттері бар оқушылар оқитын сыныптарда сабақ бере білуі тиіс. Олар сондай-ақ ерекше қажеттілігі бар

балалар бар сыныптарда жұмыс істей білу, оқушылардың әлеуметтік эмоционалды құзыреттіліктерін дамыту, цифрлық технологияларды пайдалану, оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалаудың тиімді әдістерін меңгеру, әріптестерімен үнемі қарым-қатынас жасау керек [9]. Осы айтылғандардың ішінде бізге маңыздысы инклюзивті білім беру ортасына педагогтің кәсіби даярлық мәселесі.

Педагогтің мектептегі жұмысының алғашқы жылдарында ол үшін уақытылы жан-жақты кәсіби қолдау өте маңызды. Жоғары оқу орны немесе кәсіптік колледж болашақ педагогті қандай сапалы және тиімді бағдарламалар бойынша оқытса да, ол жас маманды кәсіби қызметтің барлық аспектілеріне дайындай алмайды [10]. Педагогты оқыту ешқандай жағдайда университетте немесе колледжде педагогикалық білім алумен аяқталмайды. Педагог мектепте өз міндеттерін орындай бастағанда, оның оқуы енді басталады [11]. Шынында да болашақ маман ретінде кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру оқу ордасында орын алғанымен, оны шыңдау өз тәжірибеңде өткергенде ғана орнығады. Болашақ педагог өз кәсіби іс-әрекетін бастағанан бастап, әрбір қиыншылықтары мен кедергілері алдағы кәсіби шыңдалуына жол деп түсінеміз. Әрі қоғам талаптары бір орында тұрмайды, жыл өте өзгеріске ұшырап күрделене түседі. Әр маман үшін кәсіби шыңдалу, кәсіби шебері болу өте маңызды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (әрі қарай ОЕСР) жүргізетін TALIS халықаралық зерттеуі педагогтің кәсіби дамуын «мұғалім ретінде адамның дағдыларын, білімін, тәжірибесін және басқа да сипаттамаларын дамытатын» қызмет ретінде айқындайды. Қазақстандық педагогтердің кәсіби даярлық дәрежесін анықтау мақсатында TALIS-2018 зерттеуі 6 мың қазақстандық педагогтерден сауалнама алынып, Ресейлік 4 мың педагогтермен әртүрлі компоненттері бойынша салыстырмалы анализ жүргізген.

Е.В. Чернобай, Д.Н. Ташибаева [12] TALIS-2018 халықаралық зерттеулерінің нәтижелері негізінде Қазақстан мен Ресей педагогтердің кәсіби даму жүйесіне салыстырмалы талдау жасалған. Талдау барысында әр елдің педагог даярлауда ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтады. Педагогтің кәсіби іс-әрекеті барысында кездесетін біршама кемшіліктерді анықтап, кәсіби даму дәрежелері теңдей екенін көрсетті. Педагогтердің кәсіби даму мазмұнын күшейту, әсіресе ерекше қажеттілігі бар балалармен жұмыс жүргізу дағдыларын игеру басты назарға алу қажет деп қорытындылады. Авторлардың көзқарастарымен келісе отырып, жалпы білім беру ұйымдарындағы педагогтің инклюзивті білім беру ортасында жұмыс жүргізе алу құзыреттілігі маңызды деп санаймыз.

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің жұмысқа дайындығын С.В. Алёхина, М.Н. Алексеева, Е.Л. Агафонова [13] екі негізгі көрсеткіш арқылы қарастырады: кәсіби дайындық және психологиялық дайындық. Кәсіби дайындық құрылымы келесідей:

- ақпараттық дайындық;
- педагогикалық технологияларды меңгеру;
- психология және түзету педагогикасының негіздерін білу;
- балалардың жеке ерекшеліктерін білу;
- мұғалімдердің сабақты модельдеуге және оқу процесінде өзгермелілікті қолдануға дайындығы;

- мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке ерекшеліктерін білу;
- кәсіби өзара іс-қимыл мен оқытуға дайындық.

Психологиялық дайындық құрылымы:

- дамудың әртүрлі бұзылулары бар балаларды эмоционалды қабылдау (қабылдау-қабылдамау)
- әртүрлі бұзылулары бар балаларды сабақта іс-әрекетке қосуға дайын болу (қосу-оқшаулау)
- өзінің педагогикалық қызметіне қанағаттану.



Авторлар түзету педагогикасы, арнайы және педагогикалық психология саласындағы мамандар тарапынан инклюзивті процеске қатысатын жалпы білім беру педагогтерін кешенді қолдау жүйесін дамыту мәселелеріне ерекше назар аударды.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру ұйымдарында қосып оқытудың психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық шарттар бойынша Г.Б. Жукенова, Д.М. Кожаметова [14] зерттеулері бойынша жылпы білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді енгізуге бірқатар мәселелерді анықтады, олар: барлық балалар мен ата-аналар ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды қабылдауға дайын еместігі, педагогтердің құзыреттілігі жеткілікті дәрежеде емес және материалдық-техникалық базаның әлсіздігі деп пайымдады. Сонымен қатар, қолда бар дидактикалық құралдар оқуда қиындықтарға тап болған оқушылардың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды, оларға көмекші оқу материалдары қажет, бейімделген оқулықтар, сондай-ақ оқушыға бағдарламаны меңгеруге ықпал ететін қосымша құралдардың болуы керектігін алға тартады.

Әдебиеттерге талдау жасау арқылы педагогтің кәсіби даярлығы бір орында тұрақты процесс емес, сол себепті де әр ғалымның пікірлері сантүрлі, десе де педагогті кәсіби қызметінде өзгерістерге даярлау белгілі бір әдістер мен іс-шаралар арқылы жүзеге асыра аламыз. Одан алдын педагогтердің кәсіби даярлықтарын жан-жақты зерттеп, нәтижесінде нақты кедергілерді анықтау қажет болады. Инклюзивті білім беру ортасына педагогтің кәсіби даярлығының деңгейін тексеруде сауалнама әдісі таңдалды. Сауалнаманың артықшылығы респонденттердің ой-пікірлерін аз уақытта әрі нақты көрсеткіш алады, кемшіліктері шынайылығы респонденттің пікіріне қатынасына тең.

Сауалнама мақсаты - педагогикалық қызметті инклюзивті білім беру ортасында тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау. Зерттеу нысаны ретінде Шымкент қаласындағы 2 жалпы білім беру ұйымы алынды. Респонденттердің жалпы саны – 93.

### Нәтижелер

Сауалнамаға қатысқан респонденттерден мәлімет алынып, талдау жасалынды. Нәтижесін айқындау үшін қойылған негізгі сұрақтарға жауаптарын көрсетілді. Авторлар жалпы мектептің педагогтердің кәсіби даярлықтарының деңгейін тексеру арқылы инклюзивті білім беру ортасына даярлықтарын анық көре алды.

1-сұрақ: Сіз қайда және кім болып жұмыс жасайсыз?

Бұл сұрақ арқылы респонденттердің жалпы білім беру ұйымының қай түрінде қызмет жасайтынын анықтаймыз. Жалпы білім беретін мектеп пен лицей айырмашылығы, лицейде балалардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес тереңдете оқытады (жаратылыстану-математика бағыттары), жалпы орта мектепте оқу бағдарламасын іске асыратын оқу орны [2].

Жауаптары:

А. Асқаров атындағы мектеп-лицей педагогтары – 50 (53%).

А. Назарбекова атындағы жалпы мектеп педагогтары – 43(47%).

2-сұрақ: Сіз өзіңіздің кәсіби біліктілігіңіздің деңгейіне қаншалықты қанағаттанасыз?

Осы сұрақ арқылы респонденттің өз-өзіне баға беруі және кәсіби дамуына қажеттілігін анықтай аламыз.

Жауаптары:

- толық қанағаттандырады – 39%;

- қанағаттандырады, толық емес – 43%;

- жеткілікті дәрежеде қанағаттандырмайды – 15%;

- қанағаттандырмайды – 2%.

Респонденттердің жауаптары бойынша кәсіби біліктіліктерінің орта деңгейде екенін көре аламыз. Алайда мемлекет тарапынан біліктілікті арттыру бойынша көптеген курстар

ұйымдастырылуда әрі міндеттеледі, орта деңгейде бағалау себептері уақыт жетіспеушілігі, үлкен жауапкершіліктері бар екенін алға тартты. Педагогтер кәсіби шыңдалғанда ғана мектепте сапалы білім орын алады деп тұжырымдаймыз.

3-сұрақ. Кәсіби даярлық деңгейіңізді бағалаңыз?

Бұл сұрақ бойынша кәсіби даярлыққа қойылған көрсеткіштерге баға беру арқылы толық мәлімет аламыз. Педагогтің кәсіби даярлығына авторлардың белгілеген, керек деп санаған көрсеткіштері берілген. Респонденттердің кәсіби даярлықтары әр көрсеткіш бойынша әртүрлі баға берді. Нәтижесінде (1-кесте) респонденттердің кәсіби даярлықтары жеткілікті дәрежеде еместігі байқалды. Кәсіби көрсеткіш ретінде мұғалімдердің кәсіби білімі, іскерлік дәрежесі, жалпы мәдениет деңгейі, жеке-кәсіби қабілеттерінің қалыптасуы және өзін-өзі дамытуы таңдап алынды. Осы берілген көрсеткіштер мұғалімнің кәсіби даярлықтарының нақты дәрежесін анықтауға болады деп түсінеміз.

**1-кесте – Жалпы мектеп педагогтерінің кәсіби даярлық деңгейлерінің көрсеткіштері**

№	Кәсіби даярлық көрсеткіштері	Төмен	Орта	Жоғары	Жалпы
1	Кәсіби білім	10	56	27	93
2	Кәсіби іскерліктер	5	80	5	93
3	Жалпы мәдениет деңгейі	2	50	41	93
4	Жеке-кәсіби қабілеттерінің қалыптасуы (эмпатия, талапшы, адалдық және т.б.)	15	73	5	93
5	Кәсіби өзін-өзі дамыту	20	40	33	93
	Жалпы	52 (11%)	299 (65%)	111 (24%)	462

4-сұрақ: Жалпы білім беру қажеттілігі бойынша жұмыс жасау кезінде қандай мақсаттар мен міндеттерді шешесіз? Осы сұрақ бойынша респонденттердің оқу процесін ұйымдастыруда мынадай мақсатқа көңіл бөледі:

- баланың қызығушылықтарын арттыру – 12%;
- жеке ерекшеліктерін ескеру қажеттілігі бойынша – 18%;
- бекітілген стандартқа байланысты құру – 42%;
- баланың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру – 8%;

- балалардың оқу жетістіктеріне байланысты – 20%. Осындай жауаптарды алдық. Яғни педагогтер оқу процесін ұйымдастыру кезінде белгіленген стандартқа көп көңіл бөлінеді. Баланың жеке қажеттіліктерін ескеру бойынша аз ғана респонденттердің бөлігі қолданатынын белгіледі.

5-сұрақ: «Инклюзивті білім беру» ұғымының мәнін қалай түсінесіз?

Жауаптар:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге оқыту – 32%;
- ерекше қажеттілігі бар балалардың қажеттіліктерін қанағаттандыру – 15%;
- физикалық ауытқуы бар балаларды оңалту және әлеуметтендіру – 20%;
- балаға сапалы білім беру қолжетімділігі – 9%;
- арнайы мамандардың негізгі қызметі – 24%.

6-сұрақ: Инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруда біліктеріңізді бағалаңыз?

Инклюзивті білім беру ортасына педагогтердің кәсіби даярлықтарының деңгейлерін анықтауда, нақты көрсеткіштер арқылы бағаланды, нәтижесінде педагогтердің даярлықтары төмен деңгейінде – 20%, орта – 52%, жоғары – 28% деген көрсеткішті анықтадық. 2-кестеде берілгені бойынша жалпы білім беру ұйымында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар

қабылдануда, алайда оған педагогтердің кәсіби даярлықтары толық емес және кейбір қайшылықтарды байқадық.

**2-кесте – Инклюзивті білім беру ортасын құруда педагогтердің біліктілік дәрежелері**

№	Инклюзивті білім беру ортасына кәсіби даярлық көрсеткіштері	Төмен	Орта	Жоғары	Жалпы
1	2	3	4	5	6
1	Инклюзивті білім беру бойынша білім	9	52	32	93
2	Инклюзивті мәдениет	2	51	40	93
3	Инклюзивті білім беру практикасы	25	40	28	93
4	Инклюзивті білім беру ортасына жеке-кәсіби қабілеттерінің қалыптасуы (эмпатия, талапшыл, адалдық және т.б.)	22	56	15	93
5	Ерекше қажеттілігі бар баланы бағалау	35	41	17	93
	Жалпы	93 (20%)	240 (52%)	132 (28%)	465

«Инклюзивті білім беру» ұғымын толық түсінбеудің кесірінен, ұғым туралы ақпараттардың дамымауы әсерінен педагогтердің түсінігі бойынша мүмкіндігі шектеулі балалар мен ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен теңестіріп, белгілі бір стереотиптік бейне қалыптасып қалғандығы айқын көрінеді. Сауалнама қатысқан педагогтердің кәсіби даярлықтарын зерттеу нәтижесінде, әлі де болса белгілі бір құзыреттіліктерін жетілдіруді қажет етеді деген қорытындыға келеміз.

**Қорытынды**

Кәсіби құзыреттілік маман даярлау сапасының, еңбек қызметі тиімділігі әлеуетінің сипаттамасы ретінде қарастырылады. Кәсіби даярлық белгілі бір іс-әрекеттерді жүзеге асыруға деген білімі мен іскерлігі деп түсінеміз. Педагогикада кәсіби даярлық ұғымы өте маңызды, көптеген ғалымдардың зерттеу нысаны болды. Соның ішінде инклюзивті білім беру ортасына педагогтерді кәсіби даярлау бойынша зерттеген ғалымдар да аз емес (С.В. Алёхина, М.Н. Алексеева, Е.Л. Агафонова, Е.А. Лапп, С.Г. Ярикова және т.б.).

Зерттеу нәтижесінде кездесетін негізгі қайшылықтарды айтар болсақ, біріншіден, ерекше білім беруді қажет ететін балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың деңгейімен теңесетінін байқадық. Алайда бұл қате түсінік, өйткені ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар өте ауқымды ұғым, оның бір категориясына мүмкіндігі шектеулі балалар кіреді. Түсініктерді нақтылайтын Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылы бұйрығы бекітілді [15]. Ерекше білім беруге қажеттіліктерді бағалау тәртібі ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың екі тобын айқындайтын оқу қиындықтарының себептеріне байланысты жүзеге асырылады. Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты бірінші топты әртүрлі психикалық функциялардың (ақыл-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ даму мүмкіндігі шектеулі балаларды жатқызамыз. Екінші топқа ақыл-ой және физикалық дамуы бұзылмаған балалар кіреді, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері олардың білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық және басқа факторлармен анықталады:

1) әлеуметтік осал топтағы отбасыларда тәрбиеленетін, микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған балалар;

2) жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар);

3) мүгедектігі бар балалар.

Осы бұйрық бойынша ерекше қажеттілігі бар балалар ұғымының мазмұны толық түрде сипатталды.

Екіншіден, педагогтердің кәсіби даярлықтары инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыруда қиындықтарға кездеседі. Баланың қажеттілігін анықтап, оларды жүзеге асыруда жеткілікті деңгейде іскерліктері анықталмады. Әрбір мектеп педагогінің баланың оқу процесінде қолайлы кедергісіз орта құруда құзыреттілігі болу қажет. Баланың қажеттілігін бағалап, арнайы маманның қажеттілігі деңгейін білуі керек.

Үшіншіден, білім беру қажеттіліктерін жүзеге асыратын әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген дұрыс. Педагогикалық білімдерін практикада қолдана алу басты міндеттердің бірі екенін ұмытпаған жөн.

Зерттеу нәтижесі 3-кестеде көрсетілді, талдау барысында инклюзивті білім беру ортасына педагогтің кәсіби даярлығына қажет деп танылған бірнеше құзыреттіліктерді ұсынамыз:

1. Әлеуметтік-психологиялық құзыреттілік;
2. Қоғам мен ғылымның өзгерістеріне бейімделу;
3. Инклюзивті ортаны ұйымдастыра білу;
4. Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру және оларды кәсіби қызметте қолдану;
5. Жеке қасиеттер саласындағы құзыреттілік.

### 3-кесте – Инклюзивті білім беру ортасына педагогтың кәсіби даярлығына қажетті құзыреттіліктер

№	Құзыреттіліктер Компоненттер	Әлеуметтік-психологиялық	Қоғам мен ғылымның өзгерістеріне бейімделу	Инклюзивті ортаны ұйымдастыра білу	Заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру және оларды кәсіби қызметте қолдану	Жеке қасиеттер саласындағы құзыреттілік
1	2	3	4	5	6	7
6. Toybazarova N., Nazarova G. The modernization of education in Kazakhstan: Trends. Perspective and Problems // *Bulletin of National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan*. – 2018. – №6(376). – P. 104–114. <https://doi.org/10.32014/2018.2518-1467.33>
7. Avvisati F., Echazarra A., Givord P. and Schwabe M. Kazakhstan Country note. Results from PISA 2018. OECD. Retrieved 24 May, 2021. [https://www.oecd.org/pisa/publications/PISA2018\\_CN\\_KAZ.pdf](https://www.oecd.org/pisa/publications/PISA2018_CN_KAZ.pdf) (qaralgan kuni 15.08.2022)
8. Hermanns Jolanda Perceived relevance of tasks in organic chemistry by preservice chemistry teachers // *Chemistry Teacher International*. – 2021. – Vol. 3. – №1. – P. 31–44. <https://doi.org/10.1515/cti-2020-0002>
9. Inkinen J., Klager Ch., Juuti K., Schneider B., Salmela-Aro K., Krajcik J., Lavonen J. High school students' situational engagement associated with scientific practices in designed science learning situations // *Science Educational*. – 2020. – Vol. 104. – №4. – P. 667–692. <https://doi.org/10.1002/sce.21570>

10. Cheung D. The key factors affecting students' individual interest in school science lessons // *International Journal of Science Education*. – 2018. – №40(1). – P. 1–23. <https://doi.org/10.1080/09500693.2017.1362711>
11. Inkinen J., Klager C., Schneider B., Juuti K., Krajcik J., Lavonen J., & Salmela-Aro K. Science classroom activities and student situational engagement // *International Journal of Science Education*. – 2019. – №41(3). – P. 316–329.
12. Thomas D.T. Sedumedi Practical Work Activities as a Method of Assessing Learning in Chemistry Teaching // *EURASIA Journal of Mathematics Science and Technology Education*. – 2017. – Vol. 13(6). – P. 1765–1784. DOI 10.12973/eurasia.2017.00697a
13. Broman K., Bernholt S., Christensson C. Relevant or interesting according to upper secondary students? Affective aspects of context-based chemistry problems // *Research in Science & Technological Education*. – 2020. – Vol. 8. – №10. – P. 1–21. <https://doi.org/10.1080/02635143.2020.182417>
14. Besedina L.L. Issledovatelskaia deiatelnost kak sredstvo formirovaniia kliuchevykh kompetencii [Research activity as a means of forming key competencies] // *Himiia v shkole*. – 2012. – №7. – S. 21–25. [in Russian]
15. Julkova N.V. Ispolzovanie situacionnykh zadach po himii v uchebnom processe [The use of situational tasks in chemistry in the educational process] // *Nauka i shkola*. – 2013. – №5. – S. 122–125. [in Russian]
16. Deriabina N.E. Ispolzovanie kachestvennykh zadach dlia formirovaniia uchebnoi motivacii [The use of qualitative tasks for the formation of educational motivation] // *Himiia v shkole*. – 2012. – №1. – S. 43. [in Russian]
17. Meshcheriakova L.M., Shalashova M.M., Orzhekovskii P.A. Formirovanie universalnykh uchebnykh deistvii: Sistema didakticheskikh zadaniy [Formation of universal educational actions: System of didactic tasks] // *Himiia v shkole*. – 2013. – №1. – S. 9–12. [in Russian]
18. Fishman I.S. Testy vneshnei ocenki urovnia sformirovannosti kliuchevykh kompetentnostei uchashihsia: metod. posobie [Tests of external assessment of the level of formation of key competencies of students: a methodological guide]. – Samara: Izd-vo TsPO, 2005. – 133 s. [in Russian]
19. Sladkov S.A. Formirovanie informacionnoi kompetentnosti starsheklassnikov kak faktor uspehnosti v profilnom obuchenii [Formation of information competence of high school students as a success factor in specialized training]: diss. ... kand. ped. nauk. – M., 2008. – 170 s. [in Russian]
20. Stercho I.P. Primenenie metoda analogii pri izuchenii neorganicheskoi himii v shkole [Application of the analogy method in the study of inorganic chemistry at school] // *Molodoi uchenyi*. – 2015. – №21. – 835 s. [in Russian]

## ТАРИХ

ӘОЖ 902.01; МҒТАР 03.41.91

<https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.33>**Б.С. СИЗДИКОВ<sup>1</sup>✉, М. ГУРСОЙ<sup>1</sup>, А.А. СЕРАЛИЕВ<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті м.а.  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: [bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz](mailto:bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz);  
e-mail: [muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz](mailto:muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты  
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: [ali.seraliev@mail.ru](mailto:ali.seraliev@mail.ru)

**САВРОМАТ-САРМАТ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ МЕКЕНДЕГЕН ТЕРРИТОРИЯЛАРЫ  
ЖАЙЛЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

**Аңдатпа.** Ерте темір дәуірінде Еуразия құрлығында мекендеген, ат құлағында еркін ойнайтын ержүрек әрі ат үстінде садақ тартып, атқанын мүлт жібермейтін мерген жауынгер тайпалар тарихта «Салт атты көшпелі тайпалар» деген атпен танылды. Көшпелі өмір салтын ұстанып, көшпелі мәдениетті қалыптастырған Савромат-Сармат тайпаларының Еуразия тарихында алар орны ерекше. Тарихи деректерде аталмыш тайпалардың шығыста Орал тауларының оңтүстігінен, батыста Қара теңіздің батысындағы Дунай өзеніне дейінгі аралықты қамтыған ұлан-ғайыр территорияда өмір сүргендігі баяндалады. Аталмыш тайпалар антикалық авторлардың б.з.д. IV ғасырға дейінгі жазба деректерінде «Сауроматае», ал б.з.д. IV ғасырдан кейінгі жазба деректерінде «Сарматае» деген атпен танылып, тарихи деректерде кездесе бастайды. Сонымен қатар, аталмыш тайпалар ирандықтардың көне діни кітабы Авестада «Сарима» деген атпен белгілі болады. Қазіргі таңда Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы, қоныстанған территориялары және саяси тарихы зерттеуші ғалымдардың ортасында ортақ шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылуда. Осы себептерге байланысты, аталмыш мақалада Савромат-Сармат тайпаларының қоныстанған территориялары зерттеліп, жазба деректер мен археологиялық деректер негізінде ғылыми тұжырымдар жасалынды. Сонымен қатар, мақалада аталмыш тайпалардың шығыстан келген көшпелі тайпалармен біріккендігі жайында баяндалған жазба деректер мен археологиялық деректер негізінде талдау жасалынып, саяси тарихпен байланысы анықталды.

**Кілт сөздер:** көшпелі тайпалар, Савромат, Сармат, Сақ, Еуразия, Оңтүстік Орал, оба, жерлеу дәстүрі.

**B.S. Sizdikov<sup>1</sup>, M. Gursoy<sup>1</sup>, A.A. Seraliyev<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>PhD, Acting Associate Professor of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mails: [bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz](mailto:bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz); e-mail: [muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz](mailto:muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz)

<sup>2</sup>PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Astana), e-mail: [ali.seraliev@mail.ru](mailto:ali.seraliev@mail.ru)

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Сиздиков Б.С., Гурсой М., Сералиев А.А. Савромат-Сармат тайпаларының мекендеген территориялары жайлы кейбір мәселелер // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 407–417. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.33>

**\*Cite us correctly:**

Sizdikov B.S., Gursoi M., Seraliev A.A. Savromat-Sarmat taipalarynyn mekendegen territoriialary jaily keibir maseleler [Some Questions about the Territories Inhabited by Sauromato-Sarmatian Tribes] // *Iasauii universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 407–417. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.33>

## Some Questions about the Territories Inhabited by Sauromato-Sarmatian Tribes

**Abstract.** In the early Iron Age, the brave Savromat-Sarmatian tribes, dexterous horsemen, well-aimed archers were known in history as “nomadic tribes of horsemen”. The Savromat-Sarmatian tribes, who led a nomadic lifestyle and formed a kind of nomadic culture, occupy a special place in the history of Eurasia. According to historical data, these tribes lived on a vast territory stretching in the east from the southern Ural Mountains, in the west to the Danube River west of the Black Sea. These tribes begin to occur in historical sources and are mentioned by ancient authors of the 4th century BC. as “Sauromatae”, after the IV century BC they are found under the name “Sauromatae”. In addition, these tribes are known in the Avesta, the ancient religious book of the Iranians, as “Sarima”. To date, the history of origin, the territory of settlement, the political history of the Savromat-Sarmatian tribes is one of the insufficiently developed problems among research scientists. Therefore, within the framework of this article, the issues of the habitat of the Savromat-Sarmatian tribes were considered, scientific conclusions were made on the basis of written and archaeological data. The article also analyzes the association of these tribes with nomadic tribes from the east on the basis of written and archaeological data and reveals the connection with political history.

**Keywords:** nomadic tribes, Sauromates, Sarmat, Sak, Eurasia, South Ural, kurgan, burial tradition.

**Б.С. Сиздиков<sup>1</sup>, М. Гурсой<sup>1</sup>, А.А. Сералиев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD, и.о. доцента Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави (Казахстан, г. Туркестан), e-mail: bagdaulet.sizdikov@ayu.edu.kz;  
e-mail: muzaffer.gursoy@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*PhD докторант Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан, г. Астана), e-mail: ali.seraliev@mail.ru*

## К вопросу о территории обитания савромат-сарматских племен

**Аннотация.** В раннем железном веке отважные племена савромат-сарматов, ловкие наездники, меткие лучники, вошли в историю как «кочевые племена всадников». Савроматско-сарматские племена, которые вели кочевой образ жизни и сформировали своеобразную кочевую культуру, занимают особое место в истории Евразии. Согласно историческим данным эти племена жили на обширной территории, простирающейся на востоке от южных Уральских гор, на западе до реки Дунай к западу от Черного моря. Эти племена начинают встречаться в исторических источниках и упоминаются античными авторами 4 века до н.э. как «Сауроматае», после IV века до н.э. встречаются под именем «Савроматае». Кроме того, эти племена известны в Авесте, древней религиозной книге иранцев, как «Сарима». На сегодняшний день история происхождения, территория расселения, политическая история савромат-сарматских племен является одной из недостаточно разработанных проблем среди ученых-исследователей. Поэтому в рамках данной статьи были рассмотрены вопросы ареала обитания савромат-сарматских племен, сделаны научные выводы на основе письменных и археологических данных. В статье также на основе письменных и археологических данных анализируется объединение этих племен с кочевыми племенами с востока и выявляется связь с политической историей.

**Ключевые слова:** кочевые племена, Савромат, Сармат, Сак, Евразия, Южный Урал, курган, погребальная традиция.

## Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысында басталған археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Батыс Қазақстан территориясында б.з.д. VI ғасырда Савроматтардың, ал одан



кейін осы тайпаның негізінде б.з.д. IV ғасырда пайда болған Сармат тайпаларының б.з. IV ғасырға дейін өмір сүргендігі белгілі болды [1, 3-б.; 2, 1–19-бб.; 3, 1112-б.; 4, 137–167-бб.; 5, 412–419-бб.]. Орал тауларының оңтүстігінде тарих сахнасына шығып, өз мәдениетін қалыптастырған аталмыш тайпалардың батысқа жасаған жорықтарының нәтижесінде антикалық тарихшылардың еңбектерінде аты атылып тарихта өшпес із қалдырды (1-карта).

Савромат-Сармат тайпаларының шығу тарихы әлі күнге дейін Еуразия тарихында шешімін таппаған мәселелердің бірі болып табылуда. Аталмыш тайпалар мекендеген аймақтарда жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тақырыпқа тірек болатын жазба деректердің табылмауына байланысты, Савромат-Сармат тайпалары жайындағы мәліметтерді тек антикалық жазушылардың еңбектерінен ғана оқып білудеміз. Тарихи жазбаша деректерде аталмыш тайпалардың аты б.з.д. IV ғасырға дейін «Савроматае» деп аталған болса, б.з.д. IV ғасырдың аяғындағы жазбаша деректерде бұл тайпалардың аты «Сарматае» деп атала бастағандығы белгілі [6, 57-б.]. Сондықтан, зерттеуші ғалымдардың басым бөлігі б.з.д. VI–IV ғасырлар аралығында Оңтүстік Орал аймағында Савромат тайпасының өмір сүргендігін, б.з.д. IV ғасырда шығыстан келген Дах және Массaget тайпаларының ықпалымен аталмыш аймақта Сармат тайпалық одағының құрылғандығын және олардың Савромат мәдениетін жалғастырғандығын атап көрсетеді [7, 18-б.; 6, 55-б.]. Осы себептерге байланысты, қазіргі таңдағы әдебиеттерде Оңтүстік Орал аймағының ерте темір дәуірін «Савромат кезеңі» (б.з.д. VI–IV ғасырлар), ал кейінгі кезеңі «Сармат кезеңі» (б.з.д. IV – б.з. IV ғасырлар) деп аталады [8, 100–121-бб.].



**1-карта – Оңтүстік Орал аймағы [автордікі]**

Мақалада аталмыш тайпалардың қалыптастырған мәдениеті, әдет-ғұрпы, өмір салты, тұрмыс-тіршілігі, жерлеу дәстүрі және қару-жарақтары қарастырылып, жазба деректерде баяндалған Савромат және Сармат тайпаларының түбі бір туыс тайпалар болғандығы анықталды. Бұл пікірімізді Савромат тайпаларының қорымдарынан Сармат тайпаларына тиесілі обалардың кездесуі, сонымен қатар бір оба үйіндісі астында Савромат және Сармат тайпаларына тиесілі жерлеу орындарының кездесуі, жерлеу орындарынан табылған бұйымдардың бір-біріне жақын ұқсастығы қуаттай түсуде. Себебі Сармат тайпалары өздерінен бұрын өмір сүрген Савроматтарды өздерінің туысы ретінде санап, Савроматтардың қорымына, обаларына өздерінің қаза тапқан туыстарын жерлеп отырған. Бұған Лебедевка, Тау, Карачаево, Алебастрово, Бесоба, Кум-Сай, Сынтас, Жалғыз-оба, Қос-

оба, Мамай, Шалқар, Барбастау және Қырық-оба қорымдарынан анықталған аталмыш тайпаларға тиесілі жерлеу орындарын дәлел ретінде келтіруге болады.

Жоғарыда аталған мәліметтерді негізге ала отырып, мақаламызда атауларды бір-бірімен шатастырып алмау мақсатында бұдан кейін «Савромат» атауы ерте кезең үшін, ал «Сармат» атауы кейінгі кезеңі үшін қолданылады.

### **Зерттеу әдісі**

Мақалада антикалық авторлардың тарихи жазбаша деректерімен қатар, тарих және археология салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері жинақталып, салыстырмалы түрде ғылыми талдау жасалынған.

Салт атты көшпелі тайпалар жайындағы тарихи жазбаша деректерді археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижелерімен салыстырмалы түрде талдап, Савромат тайпаларының б.з.д. IV ғасырдың басында Оңтүстік Орал аймағында шығыстан келген көшпелі тайпаларымен бірігуінің арқасында Сармат деген атпен үлкен одақтың құрылғандығы және олардың Орта Азия мен Шығыс Еуропада үлкен саяси күшке ие болғандығы анықталды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Савромат-Сармат тайпаларының мекендеген территориялары. Оңтүстік Орал аймағының ерте темір дәуіріне көз жүгіртер болсақ, аймақта Савромат-Сармат тайпаларының саяси күшке ие болғандығы анықталуда. Жазбаша дерек көздері мен археологиялық зерттеулер Солтүстік Қара теңіз аймағынан Орал тауларының оңтүстігіне дейін созылған кең байтақ территорияда Савромат-Сармат тайпаларының өмір сүргендігін айқындауда. Зерттеу жұмысымызда жазбаша деректер мен археологиялық деректерді негізге ала отырып Савромат-Сармат тайпаларының қоныстанған аймақтарын анықтауға тырыстық.

Тақырыпқа байланысты жазба деректерге көз жүгіртер болсақ, Савроматтардың қоныстанған аймақтары жайлы алғашқы деректерді Геродот пен Гиппократтың еңбектерінен кездестіреміз. Аты аталған антикалық жазушылардың еңбектерінде, б.з.д. VI–V ғасырларда Савромат тайпасы Дон өзенінің шығысында өмір сүргендігі баяндалады [6, 60-б.]. Жазба деректердегі бұл мәліметтерді археологиялық зерттеулер де қуаттай түсуде.

Археологиялық деректерге сүйенер болсақ, Савромат тайпаларының батыста Дон өзені алқабынан шығыста Орал тауларының оңтүстігіне дейінгі кең байтақ территорияда, яғни батыста Дон өзені аңғарынан шығыста Еділ, Жайық, Елек, Тобыл және Сағыз өзендерінің алқабында, ал оңтүстікте Кавказ тауларының солтүстік етегіндегі Терек өзенінен солтүстікте Бузлук аймағына дейінгі территорияда мекендегендігін аңғаруға болады [7, 18-б.].

Батыс Қазақстан аймағында 1960 жылдан бастап қазіргі таңға дейін жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқан археологиялық зерттеулердің нәтижесінде, Жайық, Елек, Тобыл және Сағыз өзендерінің бойында Савромат мәдениетінің қалыптасқандығы және аталмыш мәдениеттің аймақтағы басқа мәдениеттерден ерекшелігі нақты дәлелдермен анықталды.

Батыс Қазақстан территориясындағы ерте темір дәуіріне жататын, яғни Савромат тайпаларына тән жәдігерлер Лебедевка 6 қорымындағы №5, №27 және №46 обалардан, Лебедевка 7 қорымындағы №12 және №19 обалардан [9, 37-б.], Алебастрово 1 қорымындағы №17, №18 және №23 обалардан [10, 66-б.], Алебастрово 2 қорымындағы №6, №7 және №17 обалардан [11, 71-б.], Қособа қорымындағы №16 обадан, Шалқар 3 қорымындағы №4, №5 обалардан, Барбастау 3 қорымындағы №16 обадан табылған [10, 65-б.]. Жоғарыда аты аталған қорымдардан табылған жәдігерлерді негізге ала отырып аймақта б.з.д. VI–V ғасырларда Савромат тайпаларының өмір сүргендігін нақты айта аламыз.


Жоғарыда аталған қорымдардың барлығы Каспий теңізінің солтүстігінде орналасқан. Ал, Каспий теңізінің шығысынан Арал теңізіне дейінгі аралықты қамтып жатқан Үстүрт аймағы, археологиялық тұрғыдан аз зерттелуіне байланысты бұл аймақта б.з.д. VI–V ғасырларға жататын Савромат ескерткіштері әлі күнге дейін анықталмауда. Савроматтардың

оңтүстігіндегі көршісі Дах және Массaget тайпаларымен жақсы қарым-қатынаста болғандығын және кейбір жағдайларда бірге одақ құрғандығын негізге ала отырып [7, 18-б.], Савромат тайпаларының Арал теңізінің солтүстік батысына дейін билік жүргізгендігін айта аламыз.





Оңтүстік Орал аймағындағы Савромат обаларының жалпы биіктіктері 0,50–2 м арасында өзгеріп отырады, ал 2 м биік обалар сирек кездеседі. Оба үйінділері астындағы қабірлер шығыс-батыс бағытта орналасқан және қабір шұңқырлары тік төртбұрышты немесе бұрыштары домаланған сопақ формада жасалған. Бұлардың ішінде кең тік төртбұрышты қарапайым қабірлер ерте дәуірлерге жататындығы анықталуда. Олардың ұзындығы шамамен 3 м, ал ені 2 м арасында болып келуде. Сондай-ақ, бұл кезеңде катакомбалық қабірлер сирек кездеседі. Негізінен жерлеу орындарында мәйіттер шалқасынан жатқызылған және басы батысқа бағытталған. Бір жанымен бүгіп жерленген мәйіттердің кейбіреулерінің басы шығысқа бағытталған [10, 66-б.]. Мәйіттердің астына негізінен ағаштың қабықтары, камыс, шөп және киіз төселген, жерлеу орындарына көмір, охра, әк, бор және ақ саз балшық бөліктері шашылған. Катакомбалық және қарапайым қабірлердің үсті ағаштармен немесе ағаш бұталарымен жабылған. Кейбір жерлеу орындарында еркек пен әйелдің бірге жерленгендігі кездеседі. Жерленген адамдардың жанына арғы өмірлік азығы ретінде басы жоқ қой мен жылқы етінің бөліктері қойылған. Сондай-ақ, осы кезеңге жататын жерлеу орындарынан қола қазандар, құрбандық тастар және қару-жарақтар көптеп табылуда. Жерлеу орындарына қару-жарақ түрлерінен Сақ үлгісіндегі сабының басы грифон, саңырауқұлақ, антен немесе доға пішімді, балдағы көбелек немесе бүйрек пішімді қылыштар мен қанжарлар (1-кесте), екі қанатты ұзын ұңғылы жапырақ пішімді қола жебе ұштар көптеп кездеседі. Ал, екі немесе үш қанатты ұңғылы шегелі жебе ұштар мен екі немесе үш қанатты сапты жебе ұштары сирек кездеседі. Сонымен қатар, бұл кезеңге жататын жерлеу орындарынан темір найза ұштары да сирек кездесуде [8, 104-б.].

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, Оңтүстік Орал аймағындағы обалардан табылған жәдігерлерді негізге ала отырып, аймақта ерте темір дәуірінде Савромат тайпаларының өмір сүргендігі анықталуда. Сондай-ақ, жерлеу орындарынан табылған жәдігерлерді негізге ала отырып, Савромат тайпаларының мекендеген территориясын анықтай аламыз.





**1-кесте – Савромат-Сармат тайпалары тарапынан қолданылған қылыштар мен қанжарлар**

№	Типтер	Сипатамалары	Табылған қорымдар	Хронологиясы
1	2	3	4	5
1		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы грифон пішімді, балдағы көбелек пішімді, екі жүзді болып келеді.	Қырықоба, Бесоба.	Б.з.д. VII–V ғғ.

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы Т пішімді, балдағы көбелек немесе бүйрек пішімді, екі жүзді болып келеді.	Онайбұлақ, Мөртік, Аралтөбе, Лебедевка Аксай, Бесоба.	Б.з.д. VI–IV ғғ.
3		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы саңырауқұлақ пішімді, балдағы көбелек немесе бүйрек пішімді, екі жүзді болып келеді.	Гүрүлдек, Аралтөбе, Лебедевка, Алебастрова.	Б.з.д. VI–IV ғғ.
4		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы антен пішімді, балдағы көбелек немесе бүйрек пішімді, екі жүзді болып келеді.	Бесоба, Новопавловка.	Б.з.д. VI–IV ғғ.
5		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы тұяқ пішімді, балдағы көбелек пішімді, екі жүзді болып келеді.	Лебедевка.	Б.з.д. V–IV ғғ.

1-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
6		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы орақ пішімді, балдағы тік бұрышты, екі жүзді болып келеді.	Обловка, Солянка, Үлгүлі, Лебедевка, Жарсуат, Тайпак, Барбастау.	Б.з.д. IV-II ғғ.
7		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы шеңбер пішімді, балдағы тік бұрышты, екі жүзді болып келеді.	Володарка, Селини, Лебедевка.	Б.з.д. IV – б.з. IV ғғ.
8		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабының басы жүзік пішімді, балдағы тік бұрышты, екі жүзді болып келеді.	Алғабас, Сәбибұлақ, Барбастау, Кособа, Қарасу, Мөртік.	Б.з.д. III–II ғғ.
9		Бұл типке жататын қылыштар мен қанжарлардың сабы сақталмаған, балдағы тік бұрышты, екі жүзді болып келеді.	Обловка, Жусандыой, Достық, Ілекшар, Сырлытам, Селини, Лебедевка, Мамай, Тайпак, Кособа, Қарасу, Барбастау, Шалқар.	Б.з.д. II – б.з. IV ғғ.

Савромат-Сармат мәдениетін зерттеуші ғалымдар Оңтүстік Орал аймағында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін талдай отырып, аймақта б.з.д. IV ғасырда шығыста өмір сүрген көшпелі Дах және Массaget тайпаларының ықпалының күшейе бастағандығын алға тартады. Себебі, Савроматтардың шығысында Азиялық Сақтар, батысында Еуропалық Сақтар, ал оңтүстігінде Дах және Массaget тайпалары мекендеген. Жылдар бойы Савромат-Сармат мәдениетін зерттеген А.Х. Пшеничнюк пен К.Ф. Смирнов, б.з.д. IV ғасырда Оңтүстік Орал аймағында Арал теңізінің маңында мекендеген тайпалардың ықпалының күшейе бастағандығын айта отырып, аймақта бірнеше көшпелі тайпалардың бірігуінің нәтижесінде, Сармат тайпалық одағының құрылғандығын атап көрсетеді [12, 128–130-бб.; 13, 286-бб.]. Себебі, б.з.д. IV ғасырда Парсы патшасы Даридің Азиялық Сақ тайпаларына жасаған жорығынан жеңіліс тапқан Арал теңізінің маңында мекендеген Дах және Массaget тайпалары, Парсы патшалығына тәуелді болмау мақсатында солтүстікке қарай көше бастағандығы және Оңтүстік Орал аймағында өмір сүрген Савроматтармен қосылып одақ құрғандығы анықталуда. Бұл пікірімізге Бехистун жазбасының 5-ші тарауында, б.з.д. 519 жылы I-ші Даридің Орта Азияда мекендеген Сақ тайпаларымен соғысқандығы және сол соғыста Сақ тайпаларының бір бөлігін жеңгендігі, бір бөлігінің Орта Азиядан батысқа қарай ығыстырылғандығы жөніндегі келтірілген мағлұмат қуаттай түсуде [14, 269-б.]. Зерттеу жұмысымыздың барысында Бехистун жазба деректеріне сүйене отырып, б.з.д. IV ғасырда Дах және Массaget тайпаларының батысқа қарай ығысқандығын айта аламыз [15, 68-б.]. Осы тарихи оқиғаның нәтижесінде, б.з.д. IV ғасырдың бірінші жартысында Дон өзенінің шығысы мен Оңтүстік Орал аймағында өмір сүрген Савромат тайпасымен шығыстан келген Дах және Массaget тайпаларының бірігуінің арқасында Сармат тайпалық одағы құрылған. Бұл пікірімізді жазба деректермен қатар археологиялық деректер де қуаттай түсуде.

Сармат тайпаларының мекендеген территорияларында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған жәдігерлерді назарға алар болсақ, бастапқы кезде Сармат тайпаларының Оңтүстік Орал аймағында, Каспий теңізінің шығысы мен солтүстігінде мекендегендігі, ал одан кейінгі кезеңдерде үлкен саяси күшке ие болып батысқа қарай жылжи бастағандығы анықталуда. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Сармат тайпалары шығыста Арал теңізінің солтүстігінен батыста Дунай өзеніне дейінгі аралықта, солтүстікте Белой өзенінің төменгі ағысынан, оңтүстікте Кавказ тауларының солтүстік етегіндегі Терек, Сунжа және Манич өзендеріне дейінгі кең байтақ территорияда қоныстанғандығы анықталуда [16, 7-б.; 7, 18-б.]. Осы кең байтақ территорияда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде табылған жәдігерлер, аталмыш аймақта б.з.д. IV – б.з. IV ғасырлар аралығында Сармат тайпаларының өмір сүргендігін растауда.

Батыс Қазақстан территориясында орналасқан Лебедевка, Тау, Карашаево, Алебастрово, Бесоба, Күміссай, Сынтас, Жалғызоба, Қособа, Мамай, Новопавловка, Шалқар, Барбастау, Мокринский, Қисық Қамыс, Қарасу, Сорчогайка, Аралтөбе, Иманқара, Тастау, Маңайсор, Шадман, Жарсуат, Кушум және Вишневая Балка қорымдарында жүргізілген археологиялық зерттеулер аталмыш аймақтың Сармат тайпаларының негізгі мәдени ошағы болғандығын көрсетуде.

Қазіргі таңда Сармат тайпаларының тек батыс бағытында емес шығыс бағытында да көштер ұйымдастырғандығы анықталуда. Себебі Сармат тайпаларының жерлеу рәсіміне тән үлгілер шығыстағы кейбір қорымдарда кездесетіндігін археологиялық зерттеулер растауда. Айтар болсақ, Сарматтардың жерлеу орындарында жиі кездесетін мәйіттің жанына арғы өмірлік азығы ретінде қойылған еттің жанына темір пышақ қою дәстүрі Балхаш көлінің солтүстік шығысында орналасқан Қайрақтас, Құрбақанас және Жалғызтау қорымдарындағы обаларда кездеседі [17, 200-б.]. Сондай-ақ, Сарматтардың жерлеу орындарында жиі кездесетін мәйіттің екі аяғын ромб түрінде жатқызып жерлеу дәстүрі Хорезм аймағында

орналасқан Жаман Тоғай [18, 225-б.], Қызылтөбе, Лиавандак [19, 115–127-бб.], Тарым Кая [20, 271–292-б.], Агалықсай [21, 56–72-бб.], Ақжартөбе [19, 115–127-бб.], Телкетау [22, 60–61-бб.], Кую Мазар [23, 213–216-бб.] және Курпе Бай [24, 99–119-бб.] қорымдарындағы обаларда кездесуде. Шымкент қаласының солтүстігінде орналасқан Қайтпас қорымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары барысында да Сарматтық үлгіде жерленген жерлеу орны анықталған. Сарматтық үлгіде жасалынған қылыштар мен қанжарлардың да Оңтүстік Қазақстан және Өзбекстан территориясынан көптеп табылуы бұл пікірімізді қуаттай түсуде. Бұл зерттеу жұмысында жоғарыда келтірілген мәліметтерді негізге ала отырып, Сармат тайпаларының тек батысқа емес сонымен қатар шығысқа да таралғандығы анықталуда.

### Қорытынды

Бұл мақалада Савромат тайпаларының қола дәуірінде өмір сүрген Андронов және Сурубная мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың ұрпағы екендігін, сондай-ақ олардың Сақ тайпаларымен де жақын қарым-қатынаста болғандығын атап өткіміз келеді. Себебі, Орта Азияда ерте темір дәуірінде өмір сүрген Сақ және Савромат-Сармат тайпалары сырттан келмеген, аталмыш тайпалар осы аймақта қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың ұрпағы болып табылады. Сақ және Савромат-Сармат тайпаларының жақын туыс тайпалар екендігін, олардың діни наным-сенімдерінің, әдет-ғұрыптарының, мәдениеттерінің, жерлеу дәстүрінің және қолданған қару-жарақтарының бір-біріне өте ұқсас болуы тұжырымымызды қуаттай түсуде. Сондай-ақ, аталмыш тайпалардың генетикалық тұрғыдан бір-біріне жақын болуы, өмір сүру салтымен байланысты. Сол себепті, Сақ және Савромат-Сармат тайпалары тарихта «Салт атты көшпелі тайпалар» деп те аталған.

Жазба деректер мен археологиялық деректерге сүйене отырып, б.з.д. IV ғасырдың басында Оңтүстік Орал аймағында мекендеген Савромат тайпасымен шығыстан келген Дах және Масагет тайпаларының бірігуінің нәтижесінде Сармат тайпалық одағы құрылғандығын және олардың Еуразия даласында үлкен саяси күшке ие болғандығын айта аламыз. Осы дәуірден бастап Сармат тайпалары үлкен саяси күшке ие болып территорияларын батысқа қарай кеңейтіп, Дон өзенінің батыс жағына қоныстана бастайды. Батысқа қарай жасаған жорықтарының нәтижесінде б.з.д. II ғасырда Солтүстік Қара теңіз аймағы тұтастай Сармат тайпаларының ықпалына өтіп, аталмыш тайпалар б.з.д. II – б.з. IV ғасырлар аралығында Арал теңізінің солтүстігіне батыста Дунай өзенінен дейінгі ұлан-ғайыр территорияда билік құрғандығы анықталуда.

*Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Келес өзенінің төменгі ағысындағы обаларды археологиялық және пәнаралық ғылымдар аясында зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: AP13068455).*

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Brezezinski R., Mielczarek M. The sarmatians B.C. 600 – AD 450. / Window M. ed. – Oxford: Osprey Publishing Ltd, 2002. – 48 p.
2. Sizdikov B.S. M.Ö. 1. Binde Avrasya Boskırlarında Yaşayan Atlı Göçebe Kavimlerin Zirhları // Bilig – Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2019. – №90. – S. 1–19. <https://doi.org/10.12995/bilig.9001>
3. Sizdikov B.S., Seraliyev A.A. Swords from Sauromato–Sarmatian Burial Mounds of Western Kazakhstan Analyzed // Oriental Studies. – 2022. – №15(5). – P. 1110–1125. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-63-5-1110-1125
4. Gursoy M. Batı Kazakistan’da Sarmat Mezar Tipleri // Bilig – Turk Dunyası Sosyal Bilimler Dergisi. – 2019. – №88. – S. 137–167.

5. Gursoy M., Akylbek S., Jetibaev K. The Sarmatian «horseback-riding» burial tradition Examples from West Kazakhstan // *Documenta Praehistorica*. – 2020. – №47. – P. 412–419. <https://doi.org/10.12995/bilig.526793>
6. Durmuş İ. Sarmatlar. – İstanbul: Akçağ Yayınları, 2012. – 160 s.
7. Смирнов К.Ф. Савроматы и сарматы // *Этнокультурные связи населения Урала и Поволжья с Сибирью, Средней Азией и Казахстаном в эпоху железа*. Тез. докл. конф. – Уфа, 1976. – С. 17–19.
8. Граков Б.Н. Пережитки матриархата у сарматов // *ВДИ*. – 1947. – №3. – С. 100–121.
9. Железчиков Б.Ф., Клепиков В.М., Сергацков И.В. Древности Лебедевки (VI–II вв. до н.э.). – М.: Восточная литература, 2006. – 159 с.
10. Кушаев Г.А. Этюды древней истории степного Приуралья. – Уральск: Диалог, 1993. – 174 с.
11. Железчиков Б.Ф. Археологические памятники Уральской области. – Волгоград: Изд-во Волгогр. гос. ун-та., 1998. – 82 с.
12. Пшеничный А.Х. Культура ранних кочевников Южного Урала. – М.: Наука, 1983. – 203 с.
13. Смирнов К.Ф. Савроматы. – М.: Наука, 1964. – 381 с.
14. Дандамаев М.А. Поход Дария против скифского племени тиграхауда // *КСИНА*. – 1963. – Вып. 66. – С. 179–269.
15. Жолдасбаев С.Ж. Ежелгі және ортағасырдағы Қазақ елінің тарихы. – Алматы: Кітап, 2010. – 336 с.
16. Мошкова М.Г. Памятники Прохоровкой культуры. – М.: Изд-во АН СССР, 1963. – 56 с.
17. Қазақстан тарихы, көне заманнан бүгінге дейін. Том I / бас ред. М.К. Козыбаев. – Алматы: Атамұра, 2010. – С. 171–172.
18. Таиров А.Д. Кочевники Урало-Казахстанских степей в VII–VI вв. до н.э. – Челябинск: ЮУрГУ, 2007. – С. 225–233.
19. Обельченко О.В. Мечи и кинжалы из курганов Согда // *Советская Археология*. – 1978. – №4. – С. 115–127.
20. Яблонский Л.Т. Некрополи древнего Хорезма. – М.: Вост. лит., 1999. – 325 с.
21. Обельченко О.В. Агалыксайские курганы // *История материальной культуры Узбекистана*. – 1972. – Вып. 9. – С. 56–72.
22. Маньлов Ю.П. Курганы Кокпатаса // *История материальной культуры Узбекистана*. – 1992. – Вып. 26. – С. 59–89.
23. Обельченко О.В. Куюу-Мазарский могильник // *Труды Института истории, археологии и этнографии*. – 1956. – №2. – С. 205–227.
24. Скрипкин А.С. Сарматы и Восток. – Волгоград: Издательство ВолГУ, 2010. – 369 с.

## REFERENCES

1. Brezezinski R., Mielczarek M. The sarmatians B.C. 600 – AD 450. / Window M. ed. – Oxford: Osprey Publishing Ltd, 2002. – 48 p.
2. Sizdikov B.S. M.Ö. 1. Binde Avrasya Boskırlarında Yaşayan Atlı Göçebe Kavimlerin Zırhları [Armor of Mounted Nomadic Tribes Living in the Eurasian Boskirs Per Thousand BC] // *Bilig – Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi*. – 2019. – №90. – S. 1–19. <https://doi.org/10.12995/bilig.9001> [in Turkish]
3. Sizdikov B.S., Seraliyev A.A. Swords from Sauromato–Sarmatian Burial Mounds of Western Kazakhstan Analyzed // *Oriental Studies*. – 2022. – №15(5). – P. 1110–1125. DOI: 10.22162/2619-0990-2022-63-5-1110-1125
4. Gursoy M. Batı Kazakistan’da Sarmat Mezar Tipleri [Types of Sarmatian Tombs in Western Kazakhstan] // *Bilig – Turk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi*. – 2019. – №88. – S. 137–167. [in Turkish]
5. Gursoy M., Akylbek S., Jetibaev K. The Sarmatian «horseback-riding» burial tradition Examples from West Kazakhstan // *Documenta Praehistorica*. – 2020. – №47. – P. 412–419. <https://doi.org/10.12995/bilig.526793>
6. Durmuş İ. Sarmatlar [Sarmatians]. – İstanbul: Akçağ Yayınları, 2012. – 160 s. [in Turkish]
7. Smirnov K.F. Savromaty i sarmaty [Sauromats and Sarmatians] // *Etnokulturnye sviazi naseleniia Urala i Povoljia s Sibiriu, Srednei Aziei i Kazahstanom v epohu jeleza*. Тез. докл. конф. – Уфа, 1976. – S. 17–19. [in Russian]
8. Grakov B.N. Perejitki matriarhata u sarmatov [Remnants of the matriarchy among the Sarmatians] // *VDI*. – 1947. – №3. – S. 100–121. [in Russian]



9. Jelezchikov B.F., Klepikov V.M., Sergackov I.V. Drevnosti Lebedevki (VI–II vv. do n.e.) [The antiquities of Lebedevka (VI–II centuries BC)]. – M.: Vostochnaia literatura, 2006. – 159 s. [in Russian]
10. Kushaev G.A. Etiudy drevnei istorii stepnogo Priuralia [Sketches of the ancient history of the steppe Urals]. – Uralsk: Dialog, 1993. – 174 s. [in Russian]
11. Jelezchikov B.F. Arheologicheskie pamiatniki Uralskoi oblasti [Archaeological sites of the Ural region]. – Volgograd: Izd-vo Volgogr. gos. un-ta., 1998. – 82 s. [in Russian]
12. Pshenichniuk A.H. Kultura rannih kochevnikov Iujnogo Urala [Culture of the early nomads of the Southern Urals]. – M.: Nauka, 1983. – 203 s. [in Russian]
13. Smirnov K.F. Savromaty [Sauromats]. – M.: Nauka, 1964. – 381 s. [in Russian]
14. Dandamaev M.A. Pohod Dariia protiv skifskogo plemeni tigrahauda [The campaign of Darius against the Scythian tribe Tigrahauda] // KSINA. – 1963. – Byp. 66. – S. 179–269. [in Russian]
15. Joldasbaev S.J. Ejelgi jane ortagasyrdagy Qazaq elinin tarihy [History of the Kazakh people in ancient and medieval times]. – Almaty: Kitap, 2010. – 336 s. [In Kazah]
16. Moshkova M.G. Pamiatniki Prohorovkoi kultury [Monuments of Prokhorov culture]. – M.: Izd-vo AN SSSR, 1963. – 56 s. [in Russian]
17. Qazaqstan tarihy, kone zamannan buginge deiin [History of Kazakhstan, from ancient times to the present]. Tom I / bas red. M.K. Kozybaev. – Almaty: Atamura, 2010. – S. 171–172. [In Kazah]
18. Tairov A.D. Kochevniki Uralo-Kazahstanskih stepei v VII–VI vv. do n.e. [Nomads of the Ural-Kazakh steppes in the VII–VI centuries BC.] – Cheliabinsk: IuUrGU, 2007. – S. 225–233. [in Russian]
19. Obelchenko O.V. Mechi i kinjaly iz kurganov Sogda [Swords and daggers from the burial mounds of Sogd] // Sovetskaia Arheologiya. – 1978. – №4. – S. 115–127. [in Russian]
20. Iablonskiy L.T. Nekropoli drevnego Horezma [Necropolises of ancient Khorezm]. – M.: Vost. lit., 1999. – 325 s. [in Russian]
21. Obelchenko O.V. Agalyksaiskie kurgany [Agalyksai mounds] // Istoriia materialnoi kultury Uzbekistana. – 1972. – Vyp. 9. – S. 56–72. [in Russian]
22. Manylov Iu.P. Kurgany Kokpatasa [The mounds of Kokpatas] // Istoriia materialnoi kultury Uzbekistana. – 1992. – Vyp. 26. – S. 59–89. [in Russian]
23. Obelchenko O.V. Kuiu-Mazarskiy mogilnik [KuyUmazarsky burial ground] // Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii. – 1956. – №2. – S. 205–227. [in Russian]
24. Skripkin A.S. Sarmaty i Vostok [Sarmatians and the East]. – Volgograd: Izdatelstvo VolGU, 2010. – 369 s. [in Russian]

**Д. МҰСТАПАЕВА**

*тарих ғылымдарының кандидаты,*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz*

**ТҮРКІСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АХМЕТ ЯСАУИГЕ БАЙЛАНЫСТЫ  
ТАРИХИ ОРЫНДАР**

**Аңдатпа.** Мақалада Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қорғау аумағында орналасқан Ахмет Ясауи есімімен байланысты кесенелер, мазарлар, сол кезеңдегі кесенелер сипаты мен Орта Азиядағы мазарлардың салынуына байланысты мәселелер зерделенген. Зерттеу нысанасы болып табылған осы мәселелерді қарастыра отырып, XIX–XX ғасырлардағы зерттеулер және соңғы археологиялық зерттеулер нәтижелеріне назар аударылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанында жерленген Ахмет Ясауимен байланысты кесенелер, жерлеу орындарының ерте кезеңнен келе жатқан қазақтардың жерлеу орнындағы кесенелермен рухани сабақтастығы, жасалу сипаты бақыланды. Әзірет Сұлтан ұрпақтары мен XII ғ. Ясы қонысы аумағында өмір сүрген ел қоныстарына байланысты зерттеулер салыстырылып, ғылыми тұжырымдармен талданды. Ел арасындағы аңыздар мен XVIII–XIX–XX ғғ. жазба деректері, ғылыми мақалалардағы, Ахмет Ясауидің шығармасы «Диуани хикметтегі» Ясауи шәкірттері, ұрпағы, жерлеу орындары, өмір сүру ортасындағы заттай құндылықтардың қазақ халқының ежелден келе жатқан рухани-мәдени құндылықтарымен үйлесіп, үндесуі салыстырылып қарастырылды.

XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырдың басында, 1910–1915 жылдары Әзірет Сұлтан аумағында болған, Ахмет Ясауидің шәкірттерінің Баб Араб, Үндемес ата, Баба Мәшін мазарлары, мешіттері, көпір туралы сол кезеңдегі фотоматериалдар келтірілген. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи ұрпақтары, соның ішінде Ибрахим ұлын өлтірген Сүрилер мекендеген жердің зерттелуі туралы деректер баяндалады.

XII ғасырда ілім таластырып, Ясыға келген, ілім сайысында жеңіліп, Әзірет Сұлтанға шәкірт болған Имам Марғузидің жерленген жері, елге жасаған қызметі көрсетіледі.

**Кілт сөздер:** Қожа Ахмет Ясауи, кесене, мазар, хикмет, сүри, зиярат, күмбез, шәкірт.

**D. Mustapayeva**

*Candidate of Historical Sciences,*

*Associate Professor of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz*

**Historical Places on the Territory of Turkestan Associated with Ahmed Yasawi**

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Мұстапаева Д. Түркістан аумағындағы Ахмет Ясауиге байланысты тарихи орындар // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 418–429. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.34>

**\*Cite us correctly:**

Mustapayeva D. Turkestan aumagyndagy Ahmet Yasauige bailanysty tarihi oryndar [Historical Places on the Territory of Turkestan Associated with Ahmed Yasawi] // *Yasawi universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 418–429. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.34>

**Abstract.** The article deals with the mausoleums and burial places associated with the name of Akhmet Yasawi, located in the protected area of the mausoleum of Khoja Akhmet Yasawi in the city of Turkestan, the characteristics of the mausoleums of that period, as well as issues related to the construction of mausoleums in Central Asia. When considering these issues, the object of the study, attention was drawn to the results of researches in the 19th–20th centuries and the latest archaeological research.

The mausoleums and burial places associated with Akhmet Yasawi, located near the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi, have a spiritual continuity with the mausoleums and burial places of the Kazakhs of the early period, and the nature of their construction. The studies and scientific conclusions concerning the settlements of the descendants of Azret Sultan and the settlements of the 12th century on the territory of Yassy were compared and analyzed. A comparative analysis was carried out of information from folk legends, scientific data of the 18th–19th–20th centuries, scientific articles about the students, descendants of Yasawi in the work of Ahmed Yasawi «Divani Hikmet», material values in the environment of their residences and burials, and their relationship with ancient spiritual and cultural values of the Kazakh people.

Photo materials of the period of the second half of the 19th century and the beginning of the 20th century of the graves, mosques of Ahmed Yasawi's students: Bab Arab, Undemes Ata, Baba Mashin, as well as the bridge of 1910–1915, located near Azret Sultan, are given. At the same time, data are provided on the study of the territory in which the descendants of Khoja Akhmet Yasawi lived, as well as the land of Suri, where his son Ibrahim was killed.

Article tells about the role in serving the people and the burial place of Imam Marguzi, who in the XII century came to Yasy to compete in knowledge, but lost in the competition and became a student of Hazrat Sultan.

**Keywords:** Khoja Ahmed Yasawi, mausoleum, graves, wisdom, suri, pilgrimage, dome, student.

**Д. Мустапаева**

*кандидат исторических наук,*

*доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: dildash.mustapaeva@ayu.edu.kz*

### **Исторические места на территории Туркестана, связанные с Ахмедом Ясауи**

**Аннотация.** В статье рассматриваются мавзолеи и места захоронений, связанные с именем Ахмета Ясави, находящиеся на охраняемой территории мавзолея Ходжи Ахмета Ясави в городе Туркестан, характеристики мавзолеев того периода, а также вопросы, связанные со строительством мавзолеев в Центральной Азии. При рассмотрении этих вопросов, явившихся объектом исследования, внимание было обращено на результаты исследований XIX–XX веков и новейшие археологические изыскания.

У мавзолеев и мест захоронений, связанных с Ахметом Ясави, находящихся близ мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави, прослеживается духовная преемственность с мавзолеями и местами захоронений у казахов раннего периода, и характер их строительства. Были сопоставлены и проанализированы исследования и научные выводы, касающиеся поселений потомков Азрет Султана и поселения XII в. на территории городища Яссы. Был проведен сравнительный анализ сведений из народных преданий, научных данных XVIII–XIX–XX вв., научных статей об учениках, потомках Ясави в труде Ахмеда Ясави «Дивани хикмет», материальных ценностях в среде их проживания и захоронений, и их взаимосвязь с древними духовными и культурными ценностями казахского народа.

Приводятся фото-материалы периода второй половины XIX века и начала XX века могил, мечетей учеников Ахмеда Ясави: Баб Араб, Ундемес Ата, Баба Машин, а также моста

1910–1915 гг., находившихся близ Азрет Султан. В то же время приводятся данные об изучении территории, в которой жили потомки Ходжи Ахмета Ясави, а также земли Сури, где был убит его сын Ибрагим.

Рассказывается о роли в служении народу и месте захоронения Имама Маргузи, который в XII веке приехал в Ясы потягаться в знаниях, однако проигравшему в состязании и ставшему учеником Хазрата Султана.

**Ключевые слова:** Ходжа Ахмет Ясави, мавзолей, могилы, мудрость, сури, паломничество, купол, ученик.

### Кіріспе

XII ғ. Ясы қаласы ретінде белгілі қоныста өз ілімін таратқан Ахмет Ясауи бабаның өмір сүрген жері зерттеулерде Шауғар – Ясы – Түркістан ретінде мың жылдық көлемінде ел тарихында орын алып келеді. XVI ғ. Түркістан аталған қала құрылымы, Ахмет Ясауи кесенесі, кесенедегі құнды заттар туралы көптеген саяхатшылар, ғалымдар мен зерттеушілердің деректерінде айтылады.

Ибн Рубихан дерегінде Түркістан оазисінің көктем кезіндегі көрінісі сипатталады. Мұнда бұлақтардың көптігі, ауру-індеттің жоқтығы, гүл-бақшаның көркейген көрінісі туралы баяндалады. «Йасы қаласында – Хазрет Сұлтан мазары бар, кең, құнарлы өлке» деп жазады [1, 38-б.]. Йасы-Түркістан қаласына тауарлар және қымбат бұйымдар алып келіп, онда сауда жүргізіледі. Қалаларда, керуен сарайларда ұзақ жолға сапар шеккен керуендер жүктерін жайластырып, өзге елдерден келген саяхатшылар сапарын одан әрі жалғастыратындай етсіз жағдай жасалған орындар көп болды.

1896 жылға дейін Қожа Ахмет Ясауи кесенесі жанында болған мазарлар туралы сол кезде Түркістанға, Орта Азияға түрлі іс сапарлармен келген зерттеушілердің деректерінде жазып қалдырылған. А. Добросмысловтың деректерінде Қожа Ахмет Ясауидің қызы (бағып алған қызы) Жамал ханымның кесенесі болғаны айтылады. Кесененің құрылымын сипаттай отырып, құрылысы туралы келесі деректер айтылады. Кесене құрылысы дөңгелек мұнаралы және жасыл күмбезді болған. Құрылыс ескірген, оны бұзып, кірпіштерін қазыналық ғимараттарды салуға пайдаланған.

XIX ғ. екінші жартысындағы Түркістан қаласының құрылымы, әлеуметтік-экономикалық, этникалық сипаты, Ахмет Ясауи кесенесі туралы жазған зерттеуінде Қожа Ахмет Ясауидің қызы Жамалдың мазары туралы мәлімет береді. Сонымен бірге Ахмет Ясауидің қызы Гаухар ананың мазары аталады. Қожа Ахмет Ясауи бабаның шәкірттерінің бірі – Баба Араб мешіті болғаны баяндалады [2, 151-б.]. Қожа Ахмет Ясауидің ел аңыздарында «жеті қорғаушының бірі» деп кездесетін шәкірттерінің бірі. Мазары Әзірет Сұлтан кесенесінің маңында орналасқан. Жерленген жеріне күмбезді мазар орнатылған.


Үндемес ата және Баб Араб кесенелерінің шамамен 1870 ж. түсірілген фотосуретін (1-сурет) ұсынып отырмыз. Мұндағы суретте кесенелердің күмбездері толық сақталған.

Қожа Ахмет Ясауи кезінде елге ілімін таратып, құмар, т.б. ойындарға әуесқой болған адамдарға өз ілімін үйретеді. Алғашында ақы ала отырып үйренсе, кейіннен ілімді игеру барысында жақсы деңгейлер, білім көздері ашылып, ақысыз үйренуге бет бұрып, Ахмет Ясауи бабаның шәкірттеріне айналады. Игерген ілімдерін елге таратып, бабаның мүридтеріне айналған Жеті ата кейін қайтыс болған соң кесененің батыс тұсына қойылған екен. Қалаға кіретін көпірлердің бірі – «Бабырат» көпірі деп аталды. XX ғ. 1910–1914 ж.ж. Бабырат көпірі мен Үндемес ата мен Баб Араб кесенелері, олардың арғы бетіндегі Баб Араб мешітінің күмбезі, мешіті сақталған.

XIX ғ. 50-ші жылдарындағы Н. Северцевтің жазбасында көрген жергілікті жердің жерлеу орындарын, табиғат ерекшеліктерін, көптеген басқа да деректерді оқуға болады. Жерлеу орындары, мазарлар құрылымы туралы да деректер кездеседі. Өте көркем табиғат

аясында бір жағында топырақты жар, оның үстінде ұзын қабірлер орналасқанын айтады. Көне кезеңнен қазақтар мазарларды, жерлеу орындарын төбелерге, жоғары тұрған орындарға жерлегені белгілі. Екінші жағында құмды, бұталар өскен төбелер орналасқан. Мазарлар күмбезді, жұмбаздаған балшықтан соғылған, іші төрт бұрышты құрылыс ретінде сипаттайды. Бұл күмбездері құлап, көп мазарлардың қабырғалары қалғанын, жақсы сақталғандары барын туралы сипаттап жазады. Бұл мазарлардың үш жүз жыл, одан да көне болатынын ғалым сол жерде өскен сексеуілдің өсуіне қарап мерзімдеген [3].

Мұндай мазарлар Түркістан аумағында XIX–XX ғғ. басында кездескен. Сол кезде түсірілген фотосуреттердің сақталған нұсқаларынан көруге болады (1, 2-суреттер).



**1-сурет – Үндемес ата және Баб Араб кесенелері, шамамен 1870 ж.**  
[4]



**2-сурет – XX ғ. 1910 ж. Түркістан қ. Бабырат көпірі, Баб араб кесенесі, мешіті, Жеті ата қақпасы.** [4]

Қазақтардың тұрғын үйлерін, сәулет өнерін зерделеген Ө. Жәнібеков қазақ жерінде түрлі себептермен діни ғибадаттық сәулет ескерткіштерінің көп сақталғанын, олардың көбі күмбезді болып келгенін, ал күмбездердің тұрғын үйдің жылжымалы түрлері – киіз үйге ұқсағанын айтқан [4]. Осы ретте ғалым Баба-әже қатын күмбездіндегі шатырлы жабынды, кейіннен дарбазалы-күмбезді сәулет өнерін дамытуға кең қолданылғанын талдайды. Қазақ халқының баспанасын зерттей отырып, шатырлы жабынды, дарбазалы-күмбезді сәулеткерлікті А.Н. Бернштамның кейіннен бүкіл Орта Азия сәулет өнерінің өзегі болғанын, үш белгі – құрылыстың күмбезді қаңқасы, портал мен ойма қыштардан құрастырылатын өрнекті екенін бөліп қарап, күмбез идеясы, оны тұтас жүзеге асыру көшпелі малшы қауым мекендеген қыпшақ даласынан алмасқанын айтады [4, 29-б]. Орта Азия сәулеттік құрылыстарын зерттеген ғалымдар жерлеу құрылыстарын зерттеуде Орта Азияға тән өзіндік бір ерекшеліктерін анықтаған.

Ғалым С. Әжіғалидың діни-жерлеу ғимараттарын зерделеген зерттеуінде үлкен кеңістіктегі жерлеу орындарының зерттелуін жан-жақты талдауы, күмбезді қос бөлмелі, т.б. жерлеу сәулеттік құрылыстардың дамуын түсінуге негіз берген зерттеу [5]. Сәулет ескерткіштерінің түрге бөлінуі, құрылым ерекшеліктері, геометриялық үйлесімділік, көне құрылыс теориясы мен тәжірибесі, құрылыс материалдарының түрлерінің зерделенуі ғалымдар зерттеуінің негізі болды. Б.Н. Засыпкин, Г.А. Пугаченкова, В.А. Нильсен, А.М. Прибыткова, В. Нусов, Л.И. Ремпель, В.Л. Воронин, Н.С. Гражданкин, К.С. Крюков зерттеулері осыған негіз береді. Л.Ю. Маньковская зерттеулері де мемориалдық құрылыстарды діни сәулет түріне бөлінгеніне үлкен назар аударылған [5, 215–216-бб.].

Қазақтардың жерлеу орындарындағы сәулеттік құрылыстары туралы сыныптаулар И.А. Кастаньенің зерттеулерінде бар. Кесенелер конустық және күмбезді, қас бетті-күмбезді, қос күмбезді деп ажыратылғанына назар аударған.

Күмбезді жерлеу орындарының, мазарлардың көне заманнан келе жатқан дәстүр екенін ғалымдардың ескерткіштердің түрлерін түрлік сыныптаулары, ғылыми зерттеулері дәлелдеп отыр [5, 217–270-бб.].

Қоскүмбезді жерлеу орны Орта Азияда, Түркістан ескерткіштерінде орын алған. Жоғарыда аталған Түркістан қаласы аумағындағы кесенелердің, мазарлардың құрылымы саз балшықтан тұратындығымен, күйген кірпіштерден, күмбезді, төрт бұрышты етіп жасалуымен ерекшеленеді.

1866 жылы Түркістанда болған П.И. Пашино өзінің жолжазбасында 1864 жылы жаз айында кесене қабырғасын зеңбірек оқтарымен атудың нәтижесін, ондағы ойықтардың кесененің көркін бұзып тұрғанын жазады. Жазбасында Әзірет Сұлтан кесенесіне көпір арқылы өткенін баяндайды (2-сурет). Ол кезде Рабия Сұлтан бегімнің кесенесі қару-жарақ қоймасы ретінде қолданылып, кілттеліп қойылғаны баяндалады (3-сурет). Түркістанға орыс әскерлері келгеннен кейін 1864 жылдан соң, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі әскерилердің азық-түлік дүкеніне, Рәбия Сұлтан бегім мазары қоймаға айналған [3]. Кесененің оңтүстігінен 75 м жерде орналасқан Рәбия Сұлтан бегім мазары 1895 жылы құлаған.



**Түркістан альбомынан.  
1895 жылға дейінгі  
Рәбия Сұлтан бегім кесенесі**



**1980 ж. кейінгі қайтадан қалпына  
келтірілген Рәбия Сұлтан бегім  
кесенесі**

#### **4-сурет [6] – Рәбия Сұлтан бегім кесенесі**

Бұл жазбалардың негізіне қарай отырып, Түркістан қаласы ХІХ ғасырдың екінші жартысында су толы орлармен қоршалған, көпірлер мен қақпалар арқылы кіретін қала көрінісін бейнелейді. Өзінің жазбасында П. Пашино мұсылман елдеріндегі саяхаттары барысында Әзірет Сұлтан кесенесіне ұқсаған мешіттерді көрмегенін айтады. Кесене құрамындағы ондаған бөлмелер, екі қабатты асхана, ішіндегі құдықтың қандай қызметке арналғанын түсіне алмағанын айтады. Өзінің болжамдарына сүйене отырып, Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған, бағыттың және кесенедегі майда бөлмелер сол бағыттағы адамдардың рухани өзін танудың, ғибадат етудің орны болар деп болжайды. Әзірет Сұлтан мазарының жанында бейсенбіден жұмаға ауған күндері Жаратушыны еске алып, ғибадат жасаған [7, 179-б.]. Мұндай құрылымдағы құрылыстар туралы Дж.С. Трингэм «орталықта аула, оның айналасында орналасқан бөлмелері болған» десе [8, 141-б.], Т.Х. Стародуб зерттеуінде Орталық Азиядағы сәулет ғимараттарының түрін ескере отырып, күмбезді бөлмесі, оның айналасында жерлеу орны, Құран оқитын бөлмесі, дәуріштер, зияратшылар тұратын бөлмелері, асхана, қойма, т.б. бөлмелері бар құрылыс ретінде көрсетеді [9, 272-б.].

Дәуіріштер тұрағын *ханака, текке, завия* деп атаған. Ханаканың сәулеттік жобасының даму сипаты осындай.

### **Зерттеу әдістері**

Тақырыпты зерттеп, зерделеуде бақылау, салыстыру әдістері, ғылыми зерттеулерді саралап, тарихи сабақтастырып, талдау әдістері негізге алынды. Мұнда кесене және Түркістан аумағындағы мазарлар мен кесенелер, қоныстар, Қожа Ахмет Ясауи ілімі, өмірі мен шығармаларындағы түрлі тарихи оқиғалардың баяндалуы салыстырылды.

Көне заманнан келе жатқан қазақ халқының салт-дәстүрінде көрініс тапқан, өмірлік құндылықтарында кең орын алған белгілердің Ахмет Ясауи шығармасында, елдің аңыз-әңгімелерінде мазмұндалуы талданды.

Зерттеу барысында археологиялық, этнографиялық, тарихи зерттеулер, пәнаралық зерттеулер, тарихи деректер қарастырылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ортағасырлық қалалардың құрылымына сай Түркістан да бірнеше қақпадан тұрған, қорғанмен қоршалған қала ретінде суреттеледі. Қаланы қоршаған саз балшықты қорғандар, суы бар арықтар, қалаға кіретін көпірлер қала құрылымының көрінісін көрсетеді. Саяхатшылар, әскери адамдар өздерінің ғылыми мақалаларында осы тұрғыдан баяндап береді және көбінің айтқан деректері біріне-бірі сай келеді. Мысалы, Түркістанды қоршаған су толы арықтар, қалаға кіретін көпір туралы (2-сурет) айтылған деректер осының айғағы [10, 262–263-бб.].

XVIII ғ. П.И. Рычковтың зерттеуінде Ахмет Ясауи бабаның ұлын бақта өлтіріп, басын кесіп алып келіп, кейін кешірім сұраған ел туралы баяндалады. Ахмет Ясауи оларға ешқандай жамандық жасамаған. Қарғысқа ұшыраған бұл ел ешқашанда атқа отыра алмайтын жағдайға келген. Себебі, олардың тәнінде, артқы тұстарында ерекше белгі – дүм-сүйек, құйрық секілді сүйек шыққан екен. Осылай олар салт атқа мінуге жарамсыз және «құйрықтылар» деп аталып кеткен [11, 64–65-бб.].

Қожа Ахмет Ясауиге байланысты әпсаналарда, аңыздарда Ахмет Ясауидің баласы бір деректерде аң аулап жүргенде десе, екінші деректерде егін суарып жүргенде деп келетін аңыздарда қарасүйір руының сушысы Ибрахимнің басын шауып, легенге салып, бетіне ақ шүберек жауып, Әзірет Сұлтанға алып келеді. Сонда Әзірет Сұлтан «іспей үзіпсіңдер» деген екен. «Егінің жұлма болсын, қауының алма болсын, артыңа құйрық шықсын, тұқымың сөйтіп құрысын» деген екен. Содан кейін қарасүйір әулеті азып-тозып кеткен дейді аңыздарда [12, 35-б.]. XVIII ғ. П.И. Рычков осы деректерді тындап, сол кездегі елден әлі де Түркістан аумағында «дүм шыққан құйрықтылар» барын естігенін айтады. Олардағы ауыр қасірет елдің өмірінде, жауынгершілікте, қоғамда негізгі орында атқа отыру мәртебесінен айырылуы болған екен. Ел ішіндегі осыған байланысты қазақ халқының салт-дәстүрінде, дүниелік, рухани құндылықтарында, өмір сүру салтында орын алған жылқыны, өмір сүру құндылықтарын қастерлеу белгілерімен бірлесе өріліп, дамығанын байқауға болады.

Қожа Ахмет Ясауи баба шығармасы «Диуани хикметте» келесі жолдарда ежелден келе жатқан жылқы мәдениетінің ұштасып, өркендеуінің көрінісін байқауға болады.

«Күмәнсіз білгін, бұл дүние барша жұрттан өтер, ә,  
Сенбегін сен малыңа, бір күні қолдан кетер, ә,  
Ата-ана, туысқан қайда кетті, сен ойлан.

Төрт аяқты ағаш ат сағанда бір күн жетер, ә...» [13, 28-б.]. Табытты – ағаш ат деп атау көне заманнан келе жатқан дәстүр жалғастығының көрінісі деуге болады. «Қазақта өлікті зиратқа апаратын зембілді – атағаш, жерленген қабірін атбесік» деп атаған [14, 9-б.].

Қазақта «ат салысу», «ат қосу» деген түсініктер де бар. Ертеден көмектесу, көмек қолын ұсыну, болашақ жеңіс үшін құрбандыққа барып, көмектесу түсініктері осылай аталған.

Ахмет Ясауидің баласын өлтірген Сүрилер аты ортағасырлық арық, қоныс атауларында да кездеседі.

XII ғ. Ахмет Ясауи өмір сүрген кезеңдегі жер, сулар аты, XIV ғ. Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне арнайы берген уақыптық жер, арықтар тізіміндегі арықтар XIX ғасырда да кездеседі. Яғни, сегіз ғасыр бойы жұмыс істеп тұрған Сүйір, Ортақ арықтарының аты осының айғағы.

Сүрилер өмір сүрген мекенді анықтау мақсатында ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде бұл ел Түркістанның оңтүстік-шығыс тұсында, алты шақырым жерде өмір сүрген [15]. Қожа Ахмет Ясауидің баласын өлтірген сүрилердің қонысын анықтау мәселелері көптеген зерттеу жұмыстарында қамтылып келеді. Ғалымдар К.М. Байпақовтың [16, 81-93], М. Қожаның [17, 96–99-бб.] зерттеулерінде Сүри қонысы туралы айтылады. Сүри қонысы Хафиз Таныштың шығармаларында да айтылған. К. Байпақовтың зерттеуінде бұл қоныс Түркістаннан 15 шақырым, шығысында орналасқан деп көрсетіледі [18, 64-б.]. Соңғы ғылыми зерттеулер Сүри тайпаларының өмір сүрген орнын XII ғ. Түркістанның шығысында Шобанақ ауылының маңында болған деген пікір айтады [15]. Бұл жерде Қожа Ахмет Ясауимен ілім сайысында жеңіліп, шәкірті болып, кейін осы Түркістанның тұсына келіп, ілімін таратқан, елді көкжөтелден емдеген имам Марғузидің мазары бар [12, 63–70-бб.].

Қожа Ахмет Ясауи хикметінде, ілім сайысында жеңіліп, Әзірет Сұлтанға шәкірт болған, ілім үйренген Марғузи туралы:

«Түркістан жерінде көкке қарап қойды-иә,

Ұлы-кіші көпшілік «Көк тонды деп» ат қойды... »-деген жолдар бар [19, 70-б.].

Сексен мың шәкірт ертіп, қырық қашырға жүк артып, Түркістанға келген Марғузи екен [19, 66–68-бб.].

Сүри қонысы қазіргі кезде зерттеліп, сол заманда дамыған кәріз жүйелері, қала құрылымы анықталуда. Қожа Ахмет өмір сүрген заманда Ясыға келген Марғузи ілім сайысында жеңіліп, Әзірет Сұлтанға шәкірт болады.

Кейін осы ілімін Сүрилер қоныстанып, өмір сүрген жерге келіп таратқан деуге болады. Марғузи Қожа Ахмет Ясауиге қарсы болған сүрилердің қолдаушысы емес, «Диуани Хикмет» шығармасына [13] және елдегі аңыз әңгімелерге қарағанда, Ясауи ілімінің қолдаушы шәкірті болып, осы ілімді Сүри қонысында таратқан [12] ілімді шәкірті. Елді көкжөтелден емдеп, «Көктонды ата» деп аталып, қадірленген (5-сурет).



5-сурет – Көк тонды ата кесенесі [20]



1933–1934 жылдары Көк мешіт, Жәудір мешіті, сонымен бірге (1913 жылы туылған Н. Абдуллаевтың айтуы) Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңында Үндемес, Қорасан, Баб Араб, Жеті Ата, Құмшық ата, әл Қожа Ата (дерек берушілер жеке мешіт үйлер деп атаған) мазарлары болған. Олар түгелдей бұзылып, «осы аталған мешіттердің қыштарынан Түркістандағы мақта заводы жанындағы май заводы салынды. Май заводы жұмыс істемей, мал сойып, құдайы берген» деп ел айтады [19, 123-б.]

Қожа Ахмет Ясауидің кесене жанында жерленген, сол кезеңдегі өмір сүрген қоныстары, ұрпақтары кесенелерінің орналасу орнын зерттеген зерттеушілер қазіргі кезеңде олардың орналасу орындарын көрсетіп отыр.

Қожа Ахмет Ясауи және оның өмірімен, қызметімен, ортағасырлық діни рәсімдердің орны болған киелі орындардың зерттелуін атап өту орынды. Өткен ғасырдың 70-ші жылдары Түркістанда жүргізілген, Кіші және Үлкен Қылует, Әулие Құмшық ата, Шілдехана, көне Ясы қаласының орындарындағы археологиялық зерттеулердің маңызы ерекше болды.

1972–1973 жж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің жанындағы діни ғимараттарды зерттеу жұмыстары жүргізілген. Сол кезде зерттелген діни ғимараттар Кіші Қылует, Үлкен Қылует және Шілдехана, Әулие Құмшық ата, Ясы-Күлтөбе болды.

Ахмет Ясауи кесенесінен 60–70 метр қашықтықта солтүстік-батыс тұсында орналасқан осы ғимараттардың бірінің орнын Кіші Қылуетті зерттеді. Ғимараттың құрылымы мен құрылысына зерттеу жүргізілді. Бұл 12 м диаметрлі құрылыс. Зерттеушінің сол кездегі ғылыми зерттеуінде жер бетінен 4 м тереңдікке алып баратын жер асты құрылысы зерделенген. Кіші Қылуеттің төбесі конус сипатындағы ай қойылған шатырмен жабылған ғимарат болған. Жер бетінен 3 м баспалдақпен түсетін тереңдіктегі төрт бұрышты жер асты бөлмесі орналасқан. Қылуеттің сыртында оған жалғаса тахаратхана болған [21, 138-б.]. Бұл ғимарат 1943 ж. бұзылып кеткенін айтады. Кіші Қылует құрылымы күмбезді, жер бетінен 4 м тереңдікте, X–XII ғғ. салынған діни ғимараттар секілді ежелгі дәстүрге сай салынғанын айтады.

1972–1973 ж.ж. Т.Н. Сенигованың жүргізген археологиялық зерттеуі, 1979 ж. Е.Ә. Смағұловтың зерттеулері бұл діни құрылыс туралы, тарихына, қалыптасуына байланысты жан-жақты жүйелі тұжырымдар берді. Т.Н. Сенигова «кішігірім діни қалашық» деген. Қылуеттің орталық бөлмесі төрт бұрышты (5,90x5, 50x5, 20 бм.), батыс қабырғасының ортасында михрабы бар және үлкен ғимаратқа шығыс жағынан кірген. Михрабтың ені 96 см, тереңдігі – 50 см, биіктігі – 1,80 см [22, 138-б.].

Ғимараттың тарихы Қожа Ахмет Ясауи өмірімен, ілімімен тығыз байланысты. Ежелден елде Қылует ғимараттары көп болған. Үлкен Қылует құрылымын зерттеушілер бөлмелерін ғар, мешіт бөлмесі, жамағатхана, құжыралар, ыстық су дайындайтын бөлме, жуынатын бөлме, дәрет алатын бөлме деп бөлген.

Ясауи жолын қушылар қырық күн шілдеде жиылып, бұл кешенде діни жоралғылар өткізген. XX ғ. 40-ж. құрылыстың көп бөлігі бұзылып, күйдірілген, сапалы кірпіштері Түркістандағы май зауытын салуға қолданылады.

XX ғ. бірінші ширегіне дейін Қылуетке мындаған (жиырма мыңға дейін) зияратшылар жиналған. Зияратшылар үшін онда бөлмелер, атқора, қонақ үйлер орнатылған. Үлкен Қылует кешені бір бөлмеден баспалдақ арқылы жер асты бөлмесі «Ғарға» түседі. Қабырғаларында шырақ қоятын кішігірім ойықтар бар. Қожа Ахмет Ясауи 63 жасқа келгенде жер астына түсіп, қалған ғұмырын өткізген жер, ең көне бөлігі «Ғар» XII ғ. мерзімделген. Қабырғалары, күмбезі төрт бұрышты кірпіштермен қаланған. Күмбезі көне балх жүйесінде өрілген. Бұл жерде қырық күндік ораза ұстау рәсімі өтілген. Кезінде Қылует міндетін атқарған «Кіші Қылует», «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғұзи» мешіті құрылыстарында оңашаланатын қылуеттер болғандығы белгілі.

Әулие Құмшық ата жер асты құрылысына да 1972–1973 жж. Т.Н.Сенигова археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді. Бұл жер асты діни ғимараты Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің оңтүстік-батысында орналасқан. Жер бетінен 3,5 м тереңдікте орналасқан діни құрылыс. 1973 жылы археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде ашылып, зерттелді. [23, 51-6].

Әулие Құмшық ата жер асты құрылысын зерттеген зерттеулер нәтижесінде ғалым бұл құрылыстың дөңгелек сипатындағы бөлменің күмбезді болғанын жазады. Осы ескерткішті зерттеу барысында табылған бояулы және бояусыз керамикаларды саралап, талдау берді. Бұл құрылыста діни-рәсімдер жүргізілгенін, археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесін талдай отырып, ғалым бұл сәулет кешенінің XII ғасырдың ортасында салынған деп тұжырымдайды [23, 51-6].

XX ғ. басында Әзірет Сұлтанға зиярат еткен С. Сапабекұлының «Түркістандағы тарихи зиярат» жазбасында» ...батыстағы Баба Ғарибқа барып, жеті атаға зиярат қылып, Үшбас атадан айналып, Тақанияға жеткен адам, Жеті атаның бір ұшы Сұлтанның Ибраһимнің шахид болған жерінен шығып, күн шығысында тоқсан тоғыз мың қашырға кітап артып, сексен сегіз мың әскерімен келген Имам Марғұз-Көк тонды атаның орнына зиярат қылып, он екі шақырым жердегі Қошшы Атаға зиярат ету керек...» деп жазса [24, 123–124-бб.], XX ғ. 60-жылдары жарық көрген О. Дастановтың [25, 53–55-бб.], 2009, 2011, 2014 жж. археолог ғалымдардың зерттеген қазба жұмыстарында [26, 122–125-бб.] жан-жақты қамтылды. Қожа Ахмет Ясауидің шәкірттері болған Жеті ата мазары, қақпасы, Баб Араб кесенесі, мешіті, Үндемес ата мазары туралы деректерді талдап, зерделеді. Бұл аталған кесенелердің бәрі Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің аумағында орналасқан.

Өртүрлі кезеңдерде, 1930-шы жылдары Ахмет Ясауи кесенесінің жанында тұрғызылған көне ғимараттардың жойылып кетуіне жол берілген екен. Ахмет Ясауи кесенесімен салыстыруға болмайтын, кішкене мавзолейлер, ғибадат орындары, дәстүрлі тұрғын үйлерлерге назар аударылмай, көптеген құнды кесенелер бұзылып кеткен [27, 29-6.]

Қожа Ахмет кесенесінің жағдайы, оны күтіп-сақтау мәселелері әр кезеңде де назардан тыс қалған жоқ. Ғалымдар кесененің жағдайы туралы өз зерттеулерінде қарастырып, ғылыми ортаға салып, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отырды [28, 274–280-бб.]. Өйткені, тарихи құнды орындарды сақтау, қорғау, әсіресе олардың негізгі түп нұсқасын сақтау мәселелері өте маңызды екендігі анық.

### **Қорытынды**

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – Әлемдік құнды мұралар тізіміне енген, елдің сан ғасырлық рухани құндылығын жинақтап тұрған киелі орын.

Кесенеге жыл сайын көптеген зияратшылар, саяхатшылар, басқа да жұртшылық көптеп келіп, бүгінде жаңарып, жасарып келе жатқан көне шаһарға ат бұруды дәстүрге айналдыруда. Ясауи кесенесі және кесенеге арнайы жасалған құнды ортағасырлық жәдігерлердің білім беру, тәрбиелеу, ағартушылық, мәдени тұрғыдағы беретін әсері мен маңызы ерекше екені белгілі. Осы тұста кесенедегі құнды жәдігерлердің атқарған қызметін келушілерге дұрыс түсіндіріп, ақпарат берудің маңызы да үлкен.

Ясауи кесенесіне сан ғасырлар бойы «Әзірет Сұлтаным» деп зиярат ете келген сол кезеңдегі қоғамда оны ерекше сыйлау, қадірлеу, қасиетін құрметтеу сезімдері күшті болғанын аңыздар, ғылыми деректер растайды.

Ертеде зиярат етуші кісілер, бұрынғы ел басқарған тұлғалар кесенеге ат басын бұрғанда жарты шақырым жерден атынан түсіп, жаяу келген екен. Мұндай үрдіс Орта Азия аумағындағы барлық киелі орындарға тән нәрсе.

Қазіргі кездегі кесененің, оның айналасындағы тарихи құнды нысаналардың жағдайы ғалымдар тарапынан зерделенуде. Кесене және оның сақталуы бірнеше ғасырлар бойы әртүрлі саяси өзгерістермен байланыста дамыды. Соған сай кесене және оның айналасындағы құнды мазарлар, кесенелер бұзылып, жойылып кеткені де жасырын емес.

Кезінде Қазақ хандығының астанасы болған екі мың жылдық тарихы бар Шауғар-Ясы-Түркістан қаласында көне заманнан бері келе жатқан тарихи орындар, киелі нысандар өте көп еді. Әр кезеңнің өзінің ұстар саяси ұстанымдары мен әлеуметтік-экономикалық, т.б. жағдайлары көне нысандардың жоғалып кетуіне де себепші болған. Қазіргі кезде сол Ахмет Ясауи ілімімен, тарихи оқиғаларымен байланысы бар орындардың қайта қалпына келтіріліп, жаңғыртылып, сол өмір сүрген кезеңнің сипатына сай көрсетілу мүмкіндігі аз емес екендігі белгілі.

XIX ғасырдың 70–80-жылдарындағы жөндеу жұмыстарының, XX ғасырдың әр кезеңінде жүргізілген жұмыстарының пайдасымен қатар зияны да болғаны рас. Көптеген ғимараттардың жойылып, бұзылып кеткеніне көнекөз қариялар куә. 1896 жылы А. Добросмыслов жазып кеткеніндей, Ахмет Ясауидің қызы Жамалдың мазары, басқа да Әзірет Сұлтан өмірімен байланысты мазарлар, жерлеу орындары, қылуат, кесенелер бұзылып, сүріліп кеткен. Ал 1980 жылы Н.-Б. Нұрмұхамедов бұрынғы жүргізілген барлық жөндеу жұмыстарының нақты жоспарының болмауынан, көптеген маңызды ғимараттардың жойылып кетуіне жол берілгенін айтса, М. Қожа, С. Ахмет, Ж. Алимов сынды зерттеуші ғалымдар Ахмет Ясауи кесенесінің қазіргі жағдайы, оны күтіп сақтаудың маңызын талдап, зерделеп көрсетеді өз еңбектерінде. Қазіргі кезде Қожа Ахмет Ясауи іліміне, ұрпақтарына қатысты тұлғалар мазарлары, ғимарат орындарының сақталу деңгейі жоғары деуге келмейді.

1970 жылдары Т.Н. Сенигова, Е.Ә. Смағұлов зерттеген жер асты ғибадат орындарын, атап айтқанда, Кіші Қылуат, басқа да тарихи орындарды сол ғимараттың жұмыс істеген кезеңдеріне сай көрсету, қайта қалпына келтіріп, сол заманның мәдениетін көрсету мүмкіндігін жасау, оны жан-жақты зерттеу қажеттілігі бүгінгі ұрпаққа артылар жүк десек, артық айтқандық емес.

Өз заманында ілімін таратып, қоғамды, елді зиянды, қауіпті іс-әрекеттерден қорғаған, Ясауи ілімі арқылы тура жолға түскен шәкірттерінің мазарлары және оны сақтау, қорғау адамзаттың борышы деуге болады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. История Казахстана в персидских источниках. Извлечения из сочинений XIII–XIX веков / отв. ред. М.Х. Абусейтова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 476 с.
2. Добросмыслов А.И. Города Сыр-Дарьинской области: Казалинск, Перовск, Туркестан, Аулие-Ата и Чимкент. – Ташкент: Эл.-пар. типо-лит. О.А. Порцева, 1912. – 204 с.
3. Северцов А.А. Месяц плена у кокандцев. – СПб.: Кушелев-Безбородко, 1860. – 98 с. с карт.
4. Жәнібек Ө. Жарияланбаған жазбалар мен ол туралы естеліктер. – Алматы: Арыс, 1999. – 240 б.
5. Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 654 с.
6. Мұсабаев Қ. Баб Араб кесенесі мен мешітінде жүргізілген археологиялық зерттеу. [Электронды ресурс]. URL: <https://kozhal.ar.kz/202310778-bab-arab-kesenesi-men-meshitinde-zhurgizilgen-arheologiyalyq-zertteu> (қаралған күні 20.05.2022)
7. Пашино П.И. Туркестанский край в 1866 г. (путевые заметки). – Петербург, 1868. – 176 с.
8. Тримингэм Дж.С. Суфийские ордены в исламе. – М.: Наука, ГРВЛ, 1989. – 328 с.
9. Стародуб Т.Х. Средневековая архитектура, связанная с суфизмом: Ханака, завия, такия // Суфизм в контексте мусульманской культуры. – М.: Наука, ГРВЛ, 1989. – С. 268–279.
10. Материалы поездки поручика Пензенского гарнизонного пехотного полка Карла Миллера и геодезиста подпоручика Алексея Кушелева с торговым караваном из Оренбурга в Ташкент (29 августа 1738 г. – 5 июня 1739 г.) // Первые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII–XIX века. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – С. 262–263. (История Казахстана в русских источниках XVI–XX веков, Т. VI).
11. Рычков П.И. История оренбургская (1730–1750). Издание Оренбургского Губернского статистического комитета / Под ред. и прим. Н.М. Гутьяра. – Оренбург: Типолит. И.И. Евфимовского-Мировецкого, 1896. – 100 с.

12. Қожа Ахмет Ясауи есіміне байланысты аңыз, әпсана, хикаялар / құрастырып, алғы сөзін, түсініктерін жазған, баспаға дайындаған ф.ғ.к. Б. Қорғанбеков. – Алматы: Эффект, 2009. – 152 б.
13. Диуани хикмет. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2010. – 296 б.
14. Тоқтабай А. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті. – Астана: Ғылым, 2015. – 380 б.
15. Сералханұлы Қ. Ортағасырлық Сури қаласының орнын анықтау // 1920–1950 жылдардағы Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін атты республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Түркістан, 2022. – 320 б.
16. Байпаков К.М. О локализации средневековых городов Южного Казахстана. В кн.: Археологические исследования в Отраре. – Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 81–93.
17. Қожа М. Ахмет Ясауи есімімен байланысты тарихи орындар // «Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Түркістан, 2018. – Б. 96–99.
18. Байпаков К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 1998. – 216 с.
19. Байдәулетов С. Алтын киімді Ханзада ұранды қарт қазақтар. – Алматы: Арыс, 2000. – 291 б.
20. Көк тонды ата кесенесі. [Электронды ресурс]. URL: <http://azretsultan.kz/k-k-tondy-ata-kesenesi/> (қаралған күні 23.09.2022)
21. Сенигова Т.Н. Культовое сооружение около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясави. В кн.: Археологические исследования в Отраре. – Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 113–120.
22. Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. – Түркістан: Мирас, 1998. – 228 б.
23. Сенигова Т.Н. Уникальное культовое сооружение Аулие Кумчик-Ата в районе г. Туркестана // Прошлое Казахстана в археологических источниках. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 236 с.
24. Сапабекұлы С. Түркістандағы тарихи зйарат // Ясауи тағылымы. Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы. – Түркістан: Мұра, 1996. – 152 б.
25. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. – Алматы: Қазақстан, 1967. – 100 б.
26. Мұсабаев Қ. Жеті ата қақпасында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесі // Түркология. – 2012. – №1(57). – Б. 127–135.
27. Нұрмұхаммедов Н.-Б. Ахмед Ясауи сәулет ғимараты: Альбом. – Алматы: Өнер, 1988. – 168 б.
28. Қожа М., Ахмет С., Алимов Ж. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазіргі жағдайы және оны күтіп сақтаудың мәселелері // Қожа Ахмет Ясауи мұралары мен ілімінің зерттелу мәселелері. IV Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Түркістан, 2012. – Б. 130–137.

## REFERENCES

1. Istoriia Kazahstana v persidskih istochnikah. Izvlecheniia iz sochineniy XIII–XIX vekov [The history of Kazakhstan in Persian sources. Extracts from the writings of the XIII–XIX centuries] / otv. red. M.H. Abuseitova. – Almaty: Daik-Press, 2002. – 476 s. [in Russian]
2. Dobromyslov A.I. Goroda Syr-Dariinskoi oblasti: Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata i Chimkent [Cities of Syr-Darya region: Kazalinsk, Perovsk, Turkestan, Aulie-Ata and Shymkent]. – Tashkent: El.-par. tipo-lit. O.A. Porceva, 1912. – 204 s. [in Russian]
3. Severcov A.A. Mesiac plena u kokandcev [A month of captivity at Kokand]. – SPb.: Kushelev-Bezborodko, 1860. – 98 s. s kart. [in Russian]
4. Janibek O. Jariialanbagan jazbalar men ol turaly estelikter [Unpublished notes and memories of him]. – Almaty: Arys, 1999. – 240 b. [in Kazakh]
5. Ajigali S.E. Arhitektura kochevnikov – fenomen istorii i kultury Evrazii (pamiatniki Aralo-Kaspiskogo regiona) [Nomadic architecture is a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]. – Almaty: Nauchno-izdatelskiy centr «Gylym», 2002. – 654 s. [in Russian]
6. Musabaev Q. Bab Arab kesenesi men meshitinde jurgizilgen arheologiihq zertteu [Archaeological study of the Bab Arab mausoleum and mosque]. [Electronic resource]. URL: <https://kozhalar.kz/202310778-bab-arab-kesenesi-men-meshitinde-zhurgizilgen-arheologiyalyq-zertteu> (qaralghan kuni 20.12.2022) [in Kazakh]
7. Pashino P.I. Turkestanskiy kraj v 1866 g. (putevye zametki) [Turkestan region in 1866 (travel notes)]. – Peterburg, 1868. – 176 s. [in Russian]
8. Trimingem Dj.S. Sufiyskie ordeny v islame [Sufi Orders in Islam]. – M.: Nauka, GRVL, 1989. – 328 s. [in Russian]

9. Starodub T.H. Srednevekovaia arhitektura, sviazannaia s sufizmom: Hanaka, zaviia, takiia // Sufizm v kontekste musulmanskoï kultury [Medieval architecture associated with Sufism: Khanaka, zawiya, takiya]. – M.: Nauka, GRVL, 1989. – S. 268–279. [in Russian]
10. Materialy poezdki poruchika Penzenskogo garnizonnogo pehotnogo polka Karla Millera i geodezista podporuchika Alekseia Kusheleva s tovgovym karavanom iz Orenburga v Tashkent (29 avgusta 1738 g. – 5 iunïa 1739 g.) [Materials of the trip of Lieutenant Karl Miller of the Penza Garrison Infantry Regiment and surveyor Lieutenant Alexey Kushelev with a trade caravan from Orenburg to Tashkent (August 29, 1738 – June 5, 1739)] // Pervye dnevniki i slujebnye zapiski o poezdках po iujnym stepiam. XVIII–XIX veka. – Almaty: Daik-Press, 2007. – С. 262–263. (Istoriia Kazahstana v russkih istochnikah XVI–XX vekov, T.VI). [in Russian]
11. Rychkov P.I. Istoriia orenburgskaia (1730–1750). Izdanie Orenburgskogo Gubernskogo statisticheskogo komiteta [Orenburg history (1730-1750). Publication of the Orenburg Provincial Statistical Committee] / Pod red. i prim. N.M. Gutïara. – Orenburg: Tipolit. I.I. Evfimovskogo-Miroveckogo, 1896. – 100 s. [in Russian]
12. Qoja Ahmet Iasauï esimine bailanysty anyz, apsana, hikaialar [Legends, stories, stories related to the name of Khoja Ahmed Yasawi] / qurastyryp, algy sozin, tusinikterin jazgan, baspara daiyndagan f.g.k. B. Qorganbekov. – Almaty: Effekt, 2009. – 152 b. [in Kazakh]
13. Diuani hikmet [Diwani Hikmet]. – Almaty: Nurly Alem, 2010. – 296 b. [in Kazakh]
14. Toqtabai A. Turki halyqtarynyn jylqy madenieti [Horse culture of the Turkic peoples]. – Astana: Gylym, 2015. – 380 b. [in Kazakh]
15. Seralhanuly Q. Ortagasyrlyq Suri qalasynyn ornyn anyqtau [Determining the location of the medieval city of Suri] // 1920–1950 jylardagy Qazaqstandagy saiasi qugyn-surgin atty respublikalyq gylymi-praktikalyq konferenciia materialdarynyn jinagy. – Turkistan, 2022. – 320 b. [in Kazakh]
16. Baipakov K.M. O lokalizacii srednevekovyh gorodov Iujnogo Kazahstana [About localization of medieval cities of South Kazakhstan]. V kn.: Arheologicheskie issledovaniia v Otrare. – Alma-Ata: Nauka, 1977. – S. 81–93. [in Russian]
17. Qoja M. Ahmet Iasauï esimimen bailanysty tarihi oryndar [Historical sites associated with the name of Ahmet Yassawi] // «Qoja Ahmet Iasauï muralary men iliminin zerttelu maseleleri» Halyqaralyq gylymi konferenciia materialdary. – Turkistan, 2018. – B. 96–99. [in Kazakh]
18. Baipakov K.M. Srednevekoveye goroda Kazahstana na Velikom Shelkovom puti [Medieval cities of Kazakhstan on the Great Silk Road]. – Almaty: Gylym, 1998. – 216 s. [in Russian]
19. Baidaletov S. Altyn kiimdi Hanzada urandy qart qazaqtar [Old Kazakhs with the motto of the prince in gold]. – Almaty: Arys, 2000. – 291 b. [in Kazakh]
20. Kok tondy ata kesenesi. [Electronic resource]. URL: <http://azretsultan.kz/k-k-tondy-ata-kesenesi/> (qaralghan kuni 23.09.2022) [in Kazakh]
21. Senigova T.N. Kultovoe soorujenie okolo mavzoleia Hodji Ahmeda Iasavi [A religious building near the mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi]. V kn.: Arheologicheskie issledovaniia v Otrare. – Alma-Ata: Nauka, 1977. – S. 113–120. [in Russian]
22. Smagulov E.A., Grigoriev F.P., Itenov A.A. Srednevekovaia arheologiiia goroda Turkeстана [Medieval archeology of the city of Turkestan]. – Turkistan: Miras, 1998. – 228 b. [in Russian]
23. Senigova T.N. Unikalnoe kultovoe soorujenie Aulie Kumchik-Ata v raione g. Turkeстана [A unique religious building Aulie Kumchik-Ata in the area of Turkestan] // Proshloe Kazahstana v arheologicheskikh istochnikah. – Alma-Ata: Nauka, 1976. – 236 s. [in Russian]
24. Sapabekuly S. Turkistandagy tarihi ziiarat [Historical pilgrimage in Turkestan] // Iasauï tagylymy. Gylymi maqalalar men jana derekter jinagy. – Turkistan: Mura, 1996. – 152 b. [in Kazakh]
25. Dastanov O. Aulieli jerler turaly shyndyq [The truth about sacred places]. – Almaty: Qazaqstan, 1967. – 100 b. [in Kazakh]
26. Musabaev Q. Jeti ata qaqpasynnda jurgizilgen arheologiialyq zertteu jumystarynyn natijesi [Results of archaeological research carried out at the «Jeti Ata» gate] // Turkologiiia. – 2012. – №1(57). – B. 127–135. [in Kazakh]
27. Nurmammedov N.-B. Ahmed Iasauï saulet gimaraty: Albom [Ahmed Yasawi architectural building: album]. – Almaty: Oner, 1988. – 168 b. [in Kazakh]
28. Qoja M., Ahmet S., Alimov J. Qoja Ahmet Iasauï kesenesinin qazirgi jagdaiy jane ony kutip saqtaudyn maseleleri [The current state of the mausoleum of Khoja Akhmet Yasawi and problems of its maintenance] // Qoja Ahmet Iasauï muralary men iliminin zerttelu maseleleri. IV Halyqaralyq gylymi konferenciia materialdary. – Turkistan, 2012. – B. 130–137. [in Kazakh]

**М. ЖОЛСЕЙТОВА<sup>1</sup>, А. ТАШАҒЫЛ<sup>2</sup>, Қ. БАЙМАҒАМБЕТОВ<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>доктор, профессор

Едитепе университеті

(Түркия, Стамбул қ.), e-mail: atasagil@hotmail.com

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: kuandyk.baikn@mail.ru

### АЛАНДАРДЫҢ ТАРИХ САХНАСЫНА ШЫҒУЫ

**Андатпа.** Мақалада сармат-савромат тайпалық одағына жататын аландар тайпасының саяси тарихы қамтылады. Аландар сармат тайпаларының ішіндегі саны жағынан да, қуаты жағынан да басқа тайпалардан бір бас жоғары тұрды. Олар өз мекендерінен Еуропаға қарай жылжуы кезінде жүріп өткен жерлеріндегі көптеген саяси оқиғаларға қатысты. Олардың Солтүстік Қара теңіз аймағындағы, Римнің шығыс шекарасындағы, кейіннен Риммен болған ашық қақтығыстар, ғұндардың келуімен орын алған саяси жағдайлар, аландардың одан әрі батысқа ығыстырылуы, ғұн, вандал, остгот сынды тайпалармен бірлесе еткен саяси әрекеттері, вандалдармен бірге Франция, Испания, одан әрі Солтүстік Африкаға дейін баруы сынды көптеген тарихи оқиғалар толығымен айтылады. Айтылған территориялар мен саяси оқиғаларды көріп-ақ аландар тарихы өте ауқымды екенін байқай аламыз десе де аландар тарихы бұдан кейін тоқтап қалмайды. Өйткені біз атап көрсеткен оқиғалардан кейін де олар тарих беттерінде ұзақ уақытқа қала білді. Аландар бұдан кейінгі қағанаттар кезінде де, XIII ғасырдағы монғол дәуірі кезеңіне дейін де өз этносын сақтаған әрі сол уақытқа дейін саяси белсенділігін жоғалтпаған. Бұндай ауқымды тарихты толық қамтып біту мүмкін емес. Осы себептен де, мақаланың атауына сәйкес, аландардың тек алғашқы рет саяси аренаға шығу кездеріндегі тарихы ғана баяндалады.

**Кілт сөздер:** сармат, алан, вандал, ғұн, Еуропа, гот, Рим.

**M. Zholseytova<sup>1</sup>, A. Tashagil<sup>2</sup>, K. Baimagambetov<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>Doctor, Professor

Yeditepe University

(Turkey, Istanbul), e-mail: atasagil@hotmail.com

<sup>3</sup>Master's Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: kuandyk.baikn@mail.ru

---

#### **\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Жолсейтова М.А., Ташағыл А., Баймағамбетов Қ. Аландардың тарих сахнасына шығуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127). – Б. 430–443. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.35>

#### **\*Cite us correctly:**

Jolseytova M.A., Tashagyl A., Baimagambetov Q. Alandardyn tarih sahnasyna shyguy [The Alans' Entry into the Historical Arena] // Yasauy universitetinin habarshysy. – 2023. – №1 (127). – B. 430–443. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.35>

## The Alans' Entry into the Historical Arena

**Abstract.** The article examines the political history of the Alan tribe, which is part of the Sarmatian-Sauromatian tribal union. The Alans were the most numerous and powerful of the Sarmatian tribes, they took part in many political events while advancing to Europe. This article comprehensively covers such events as their military conflicts with Rome in the Northern Black Sea region, on the eastern border of Rome, the political situation that developed with the arrival of the Huns, the further displacement of the Alans to the west, their political activities in cooperation with such tribes as the Huns, Vandals, Ostrogoths, their movements by Vandals to France, Spain and then to North Africa.

As it can be seen that the history of the Alans is very extensive, looking at the mentioned territories and political events, the history of the Alans does not stop there. Because, even after the mentioned events, they managed to stay on the pages of history for a long time. The Alans retained their ethnic group even during the late Khaganates and before the Mongol era in the XIII century, and until then they have not lost their political activity. And since it is impossible to fully cover such an extensive history, it is for this reason that this article highlights the period of the history of the Alans, when they first entered the political arena.

**Keywords:** Sarmatian, alans, vandal, hun, Europe, goth, Rome.

**М. Жолсейтова<sup>1</sup>, А. Ташагыл<sup>2</sup>, К. Баймагамбетов<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, доцент

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: mzholseytova@ayu.edu.kz*

<sup>2</sup>доктор, профессор

*Университет Едитене*

*(Туркия, г. Стамбул), e-mail: atasagil@hotmail.com*

<sup>3</sup>магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: kuandyk.baikn@mail.ru

## Выход аланов на историческую арену

**Аннотация.** В статье рассматривается политическая история племени алан, входящего в состав сарматско-савроматского племенного союза. Аланы были самыми многочисленными и могущественными из сарматских племен, они принимали участие во многих политических событиях при продвижении в Европу. В данной статье всесторонне освещены такие события как их военные конфликты с Римом в Северном Причерноморье, на восточной границе Рима, политическая обстановка, сложившаяся с приходом гуннов, дальнейшее вытеснение аланов на запад, их политическая деятельность в сотрудничестве с такими племенами, как гунны, вандалы, остготы, их движение с вандалами во Францию, Испанию и далее в Северную Африку.

Поскольку глядя на упомянутые территории и политические события, становится ясно, что история алан очень обширна, история аланов на этом не заканчивается. Потому что даже после упомянутых событий им удалось надолго остаться на страницах истории. Аланы сохранили свой этнос даже во времена поздних каганатов и до монгольской эпохи в XIII веке, и до тех пор не утратили своей политической активности. И так как невозможно полностью охватить такую обширную историю, именно по этой причине в данной статье освещается период истории аланов, когда они впервые вышли на политическую арену.

**Ключевые слова:** сармат, алан, вандал, гунн, Европа, гот, Рим.

### **Кіріспе**

Аландар – ежелгі дәуірде өмір сүрген сармат-савромат бірлестігіндегі саны жағынан да, қуаты жағынан да басқа сармат халықтарынан бір бас жоғары тұрған тайпа. Аландардың саяси тарихы өте ауқымды болып келеді. Батысқа қарай жылжу кезінде аландар өзінің көршілерін батысқа ығыстыра отырып үлкен саяси жағдайларға ықпал етті. Солтүстік Қара теңіз, Закавказье аймақтарында жорықтар ұйымдастырып, алғаш рет антикалық авторлар назарына түсе бастаған болатын. Осыдан кейін де батыстық мемлекеттер де аландардың қуаты жөнінде ести бастады. Одан әрі қозғала түскен аландар көп ұзамай Риммен де бетпе-бет кездеседі. Рим империясы аландардың мықты қарсылас екенін мойындай білді, әсіресе олардың әскери әлеуетіне тәнті болған болатын. Шынымен де, аландардың әскери ісі мен өнері күллі Еуропаға танымал болып үлгерген еді. Рим империясы тіпті олардан қорғану үшін оларға қарсы арнайы әдіс-тәсілдер ұйымдастыруға мәжбүр болды. Шығыстан енген жаңа күш-ғұндардың келуімен аландар өзінің саяси ықпалын жоғалтады. Десе де, сол ғұндардың, сондай-ақ, гот, вандал сынды герман тайпаларымен бірге көптеген оқиғалардың ортасында болды. Уақыт ағынымен, аландар вандалдармен бірге Испанияға қарай, кейіннен, Африканың солтүстігіне қарай аяқ басады. Бұдан әрі аландар көптеген ғасырлар бойына да тарих сахнасында болады. Мәнғол шапқыншылығы кезіндегі уақытта да аландардың этностық тобы сақталған еді. Міне, осындай ауқымды тарихтың басталуы және аландардың саяси аренаға көтеріле бастауына, сонау біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Азия мен Еуропа аймағында өз билігін жүргізген басқа сармат тайпалары- аорстардың саяси ықпалын жоғалтуы себеп болған еді. Алан тайпасының саяси тарихын зерттеудегі басты мақсат – ежелгі дәуірдегі сармат халықтарының тарихтағы, соның ішінде, Еуропа тарихындағы орнын анықтау. Не себепті?! Өйткені, бұл тарихты бірі білсе, бірі білмейді. Отандық тарихта тіптен де толыққанды айтылмайтыны рас. Аландардың саяси тарихы өзіндік із қалдырған тарих беттері болып саналады.

### **Зерттеу әдістері**

Тақырыпты ашу үшін ең алдымен, аландардың тарих сахнасына шығуының алғышарттары талданады. Тайпаның батысқа қарай жылжуы кезіндегі олардың алғашқы саяси әрекеттері сараланып, аландардың одан кейінгі оқиғаларына, атап айтқанда, олардың Риммен болған саяси қақтығыстарына шолу жасалады. Қаһарлы ғұндар мен германдық тайпалардың келуімен Еуропа саяси жағдайы түбегейлі өзгеріске ұшыраған болатын. Осы өзгеріске ұшыраған Еуропа тарихына аландардың қаншалықты ықпал еткендігі, сол тарихтағы аландардың қандай рөл атқарғандығы тұжырымдалады.

### **Талдау мен нәтижелер**

Аорстардың Азия мен Еуропаның далалық белдеуіндегі үстемдігі б.з. I ғасырдың ортасында аяқталды. Кейінгі Хань династиясының қытай жылнамаларында (26–211 жж.) анцайлар (аорстар) жаңа «ал-лан-ай» (аландар) атауына ие болды, бұл олардың шығыс сарматтар арасындағы үстемдік жағдайын жоғалтып, аландардан жеңіліске ұшырағанын көрсетеді. Жазбаша дереккөздерде «аорстар» атауы аталуын тоқтатты, оның орнына біз кейбір «аланорстар», «Батыс» немесе «ақ» аландар туралы ежелгі авторлардан дәлелдер табамыз. Осы атпен олар аландар жаулап алған аорстар тармағын атаса керек [1, 126-б].

Алан тайпалық бірлестігі бірден өзін белсенді саяси күш ретінде көрсете білді. Б.з. 35–36-жылдарында ақ аландар ибериялықтар жағында иберо-парфия соғысына қатысады. Бұл туралы Тацит куәландырады: «Фарасман (Иберия патшасы – Грузия) аландарға қосылып, сарматтарды шақырады, олардың князьдері өз тайпасының әдет-ғұрпы бойынша екі жақтан сый-сияпат алып, екеуіне де көмектескен» Тацит көрсеткен сарматтар құрамында аландарды көруге толық негізіміз бар. Иосиф Флавий сол иберо-парфиялық соғысты сипаттай отырып, Иберия мен Албания патшалары «олар соғысуға келіспеді, бірақ скифтерді Артабанға (Парфия патшасы) жіберіп, оларға құрлық пен Каспий қақпасын ашу арқылы өз жерлерінен



өтуге мүмкіндік берді деп хабарлайды». Көріп отырғанымыздай, Иосиф Флавий сол аландарды сол уақыттағы архаикалық скифтердің атымен атайды. Тиісті сыйақы үшін аландықтар Закавказье арқылы «Каспий қақпасы» – Дарьял асуы арқылы өтіп, Иберияға көмек көрсетті. Тациттің «сарматтары» мен Иосиф Флавийдің «скифтері» жоғарыда аландардың этникалық негізі ретінде айтуға мүмкіндік алған аорстар мен сирактар екені анық [2, 12-б].

Шамасы, 35–36-жылдардағы Закавказье сарматтардың – аландардың шапқыншылығы замандастарына үлкен әсер қалдырды. Осы оқиғалардан кейін көп ұзамай Армения королі Тиридат I-ді император Нерон Римге шақырып, оның Закавказьеге ғана емес, сонымен қатар Кіші Азия мен Сириядағы Рим провинцияларына қауіп төндіретін аландық қауіп туралы хабарлаған болуы әбден мүмкін [3, 126-б]. Осы оқиғалардың барлығының салдары Неронның римдік әскерлердің аландарға қарсы орасан зор жорығына дайындалуы болды. Жорыққа үлкен мән берілді: Италияда бойы алты футқа жететін рекруттер алынды, олардан жаңа легион – «Ұлы Александр» фалангасы құрылды; 67 жылы шығысқа жіберу үшін Ұлыбританиядан XIV легион шақырылды. Бірақ аландарға қарсы жорық болмады: 68 жылы Нерон өз-өзіне қол жұмсады. Неронның сәтсіз жорығы кімдерге қарсы – аландарға немесе кавказ албандарына қарсы бағытталғаны туралы тарихшылар ортақ пікірге әлі келген жоқ [3, 125-б; 4, 66–67-бб.] Бұл мәселені түпкілікті шешуге тырыспай-ақ, біз ежелгі дәуірде пайда болған бұл сұрақтың нақты түсіндірмесін оқиғалардың замандасы Плиний бергенін атап өтеміз: «Бұл жерде көптеген адамдардың, тіпті жақында Корбулоның Арменияға жорықтарына қатысқандардың қатесін түзету керек: олар Ибериядағы Каспий қақпаларын, біз айтқандай, кавказдық деп атайды; бұл атау сол жерден жіберілген ситуациялық карталарда да бар. Император Неронның қауіпі Каспий қақпаларына қатысты болса, олар қалайша Иберия арқылы барар жолдың сарматтардың жеріне апаратынын білмеді...». Плинийдің бұл куәлігінен Нерон жорығы империяның шығыс қанатына үлкен қауіп төндірген аландарға қарсы ойластырылғандығы аңғарамыз. Нерон қайтыс болғаннан кейін төрт жылдан кейін жаңа апат басталды: 72 жылы аландықтар Закавказьеге қайтадан басып кірді. Шамасы, аландардың бұл шапқыншылығы жойқын болған. Армения мен солтүстік Мидия – Арменияның оңтүстік-шығысында жатқан Атропатена ең ауыр күйреуге ұшырады. Иосиф Флавий: «Аландар тайпасы Танаис пен Меотия көлінің төңірегінде тұратын скифтердің бір бөлігі екенін жоғарыда түсіндірдік. Бұл кезде Мидияны тонау мақсатымен және одан да ары қарай басып алуды жоспарлап, олар гиркандықтардың патшасымен келіссөздер жүргізді (өйткені Александр патша оны темір қақпалармен жауып тастаған өткелге ие болды). Ал ол оларға жолды ашқанда, аландар бейхабар мидиялықтарға шабуыл жасап, халқы көп және әртүрлі малға толы елді ойрандай бастады және оларға ешкім қарсы тұруға батылы бармады ...». Парфия патшасы II Пакор аландардан «тысқары жерлерге» қашып, өз меншігінен шегінді және 100 талант үшін тұтқынға алынған әйелі мен кәнізактарын өте әрең дегенде құнын төлеп қайтарып алды. «Осылайша, олар оңай және қарсылықсыз Арменияға дейін жетіп, бәрін тонап, жойып жіберді».

Тиридат I ол кезде Арменияның патшасы болды. Әскер жинап, аландарға қарсы шығып, бірақ шайқас кезінде өзі тұтқынға түсіп қала жаздады: аландар патшаның мойнына лассонды лақтырып жіберіп, тұтқынға түсіргенде, ғажайып түрде арқанды семсерімен кесіп үлгеріп, қашып шыққан болатын. Кейінірек (IV ғасырда) Медиолан епископы (Милан) Амброуз бұл аландық әскери әдіс туралы атап өткен болатын [2, 18-б].

Армян әскері жеңіліске ұшырап, «шайқас нәтижесінде одан бетер қаһарлана түскен аландықтар елді ойрандап, екі патшалықтан да көп тұтқындар мен басқа да олжалармен елге оралды». Бұл олжалардың ішінде Б.А. Раев жазғандай Новочеркасск маңындағы Хохлач қорғанынан табылған римдік металдан жасалған ыдыстар да болуы мүмкін [5, 89–90-бб.].

72 жылғы шапқыншылыққа байланысты дереккөздер аландар мен Кавказдың жергілікті тұрғындарының қарым-қатынасы туралы мәселеге назар аудартады. Иосиф Флавийдің хабарламасынан аландар мен Иберия патшасы арасында достық, мүмкін одақтастық қарым-қатынастар болғаны анық, өйткені «гиркандықтардың патшасы» аландарға жол ашуы кездейсоқ емес (Дарьял) және олар өз кезегінде Иберияға тиіспеді, тиісінше көршілеріне шапқыншылық жасады. Еске салайық, 35–36-жылдардағы соғыста аландар ибериялықтарға көмектесті. Шамасы, Крест асуы мен Дарьял шатқалының жанында жатқан Иберия солтүстік көршілерімен достық және одақтастық қарым-қатынасқа ғана мүдделі болды, қажет болса, оларды ландскнехт ретінде тартады. Оның үстіне армян тарихшысы Моисей Хоренскийдің айтуынша, ибериялықтар бұл шапқыншылықта аландардың одақтастары болған. Моисей Хоренский былай деп жазады: «Аландар таулы қыраттықтармен бірігіп, Иберияның жартысын өз жағына тартып, біздің елге орасан зор топпен тарап кетті», - деп жазады. Сонымен Иберияның жартысы аландармен бірге шығады. Моисей Хоренскийдің тағы бір айғағы да өте маңызды: оның айтуынша бұл жорықта аландар таулы қыраттықтармен біріккен. Бұл ибериялықтар емес екені анық. Сонда кім?

Модернизацияланған этнонимдер мен интерполяцияға толы, бірақ тұтастай алғанда құнды мәліметтер беретін әйгілі грузин шежіресі «Картлис Цховреба» («Грузия өмірі») шежіресіне жүгінейік. Мұнда Грузия патшалары Азорк пен Армазел Арменияға басып кіруді ұйғарып, осстар (аландар) мен лектерді (дағыстандықтар) көмекке шақырғаны айтылады. Ағайынды Базук пен Амбазук бастаған осстар пачаниктерді (печенегтер) және джиктерді (зихтер – черкестер) өздерімен ерте келді. Лектермен бірге басқа таулы тайпалар – дурдзуктер (вайнахтар) мен дидойлар келді [6, 45-б]. Бұл көп тайпалы әрі көп тілді әскер Арменияға басып кірді.

Рим, армян және грузин тарихшыларының мәліметтерін салыстыра отыра қарау 72 шапқыншылығының көрінісін толықтай көрсетеді: аландар ибериялықтармен одақтаса отырып, кейбір кавказ тайпаларын жорыққа қатысуға тартты. Жоспар аясында шығу тегі мен тілі әртүрлі тайпалардың уақытша және мықты болмаса да бір әскери ұйымға бірігуі көп нәрсені аңғартады. Ең алдымен, К. Цегледидің 72 жылғы аландықтардың шапқыншылығы аландар басқаратын жаңа ірі тайпалар одағының пайда болуын болжайды дегенімен келісу керек. Солтүстік Кавказ таулыларының шапқыншылыққа қатысуы К. Цегледидің болжамының ықтималдығын арттыра түседі. Б.з. I ғ. аландар Орталық және Солтүстік-Шығыс Кавказдың тау етегіндегі жазық бөлігінде тұрақты түрде болмаса да өмір сүрген және мұндағы жергілікті халықпен тікелей байланыста болған. Аландар мен олардың кавказдық көршілері арасындағы біршама жақындасу туралы да айтуға болады, бұл өте маңызды, өйткені ол этникалық және мәдени интеграция мен ассимиляция процестерін бастайды. Бұл процестер алдағы дәуірде дамиды.

135 жылы Аландардың Закавказьеге жаңа ірі шабуылы болды. Дион Кассий бұл туралы былай деп хабарлайды: еврей соғысы аяқталғаннан кейін «албандар жерінен массагеттер тегінен шыққан Фарасман жаңа соғыс бастады; бұл Мидияны дүр сілкіндірді, Армения мен Каппадокияны да айналып өтпеді, бірақ албандар Вологезден (Парфия королі) сый-сияпат алумен шектелгендіктен, кейіннен бұл тоқтап қалды, ал екінші жағынан албандар Кападокия билеушісі Флавий Аррианнан қорыққан». Дион Кассийдің бұл куәлігінде албандар аландармен араласып кеткені анық, өйткені албандардың массагеттермен шығу тегі ортақ болған жоқ. Бұған қоса, бізде бұл соғыс туралы жоғарыда аталған Кападокияның римдік билеушісі Флавий Аррианның беделді баяндамасы бар. Шамасы, солтүстіктен келгендермен шайқасқа дайындалу кезінде Арриан Рим әскерлері мен олардың одақтастарының тізімі келтірілген «аландарға қарсы күрес» еңбегін құрастырған болатын. Римдіктердің аландардан үйренетіні көп болды – соғыстан кейін бір жыл өткен соң, Арриан бұдан былай Рим атты әскерінің бір бөлігі «аландық және савроматтық тәртіпте шабуыл жасайды...» деп хабарлайды. Аландардың бұл шапқыншылығына II Фарасман басқарған Иберия да түрткі

болғанын баса айтамыз. Б.з. I-II ғасырлардағы көршілес екі халық арасындағы әскери одақ және қарым-қатынас анық көрінеді: барлық негізгі әскери-саяси әрекеттерде аландар Иберияны үнемі қолдайды. Сол кездегі Грузия мен Солтүстік Кавказ аландары арасындағы байланыс археологиялық ескерткіштерде де, Иберия-Грузия ономастикасында да көрініс тапты. Ежелгі Иберия астанасы Мцхета қорымында б.з. II ғасырдың екінші жартысындағы тас тақтаға қашалған эпитафия табылды, онда Зевах, Иодманган, Хсефарнуг, Фарсман есімдері бар. Бұл атаулардың барлығын, сондай-ақ басқа қабірдегі Аспарук атауын И.И. Абаев иран-осетин тілі тұрғысынан этимологияға түсірген. Иберо-грузин текті дворяндары арасында аландық атаулардың танымал болуының себептері түсінікті: Картлидің Солтүстік Кавказдық аландық бірлестігімен одақтастық қарым-қатынасы, Картли корольдік армиясының құрамында аландық әскери отрядтардың болуы, иберо-грузин дворяндары өкілдерінің Кавказ таулары мен аландардың әскери тайпалық ақсүйектерімен жиі некелік байланыс орнатуы т.б. Грузин тілі, М.К. Андроникашвилидің айтуы бойынша, алан-осетин тіліндегі 100-ден астам сөздерді меңгерген. Сондықтан да, б.з. I-II ғасырлардағы аландар мен ибериялықтардың әскери-одақтық қатынастары даусыз факт екендігін айтуға негіз бар [2, 17-6].

135 жылғы шапқыншылыққа Солтүстік Кавказ ғана емес, Закаспий аландары да қатысты деуге негіз бар. Венгр ғалымы Я. Харматта Маңғышлақ түбегіндегі Кіші өзеннің төменгі ағысынан табылған, парфиялық жазуы бар саз балшықты үйінді табылғанын жариялады. Я. Харматта бұл жазуды палеографиялық тұрғыдан б.з. II ғасырға жатқызады және оны 135 жылғы алан жорықтарының салдарымен байланыстырады. Кіші өзеннен табылған жазу «алано-парфия қарым-қатынасын айғақтайтын бірден-бір құнды тарихи ескерткіш» және «басқыншылықтарға Кавказ аймағында тұратын аландар ғана емес, сонымен бірге Кавказдан алыс жерлерге қоныстанған алан топтары да қатысқанын» айғақтайды [7, 147-6]. Осы пайымдаулардан шығатыны, Закавказье, Каспий аландары мен алан-танаиттер арасында үнемі байланыс жүргізіліп, қажет жағдайда бір-біріне көмекке келіп отырған.

Аландардың Босфорға жақындығы және олардың Босфор патшалығының Азия жағының отырықшы тұрғындарының қатарына қосылуы қазіргі әдебиетте ғылыми факт ретінде танылып отыр, Босфор патшалығының этникалық құрамында ирандық (сармат-аландық) элементтің күшеюін Я. Харматта да мойындады. Осыған байланысты ол Константин Багрянородныйдың «Мемлекетті басқару туралы» еңбегінде III ғасырдың аяғында Босфор патшасы Савроматтың Римдіктерге қарсы жорығы туралы баяндайды. «Припонтий сарматтарынан» әскер жинап, Савромат лаздар елін жаулап алды (Лазика – Батыс Грузияның бөлігі) және Кіші Азиядағы Галис өзеніне дейін көтерілді. Император Диоклетиан күш жетіспеушілігінен Херсонесстен көмек сұрады. Херсондықтар Босфорды басып алып, Савроматты Кіші Азиядан кетуге мәжбүр етті. Я. Харматта савроматтар әулетінен шыққан бұл Босфор патшасының шын есімі – Фофорс («ересек») екендігін айтады [8, 204–205-66.]. Жоғарыда аталған «припонтий сарматтарын» аландар деп санаған жөн.

Жоғарыда қарастырылған жазба деректер мен археологиялық мәліметтерге сүйене отырып, көшпелі және жартылай көшпелі Сармат-Алан тайпалары біздің дәуіріміздің алғашқы төрт ғасырында және 372 жылғы ғұндардың шабуылына дейін Дағыстанның оңтүстік аудандарынан Тамани мен Меотидаға дейінгі жазықтағы Предкавказья халқының бір бөлігін құрады деп қорытынды жасауға болады.

Б.з. II ғасырдың екінші жартысында Батысқа өз шекарасындағы аландар туралы мағлұмат беруге географтар да, ақындар да қажет болмады. Рим билігі кезінде және одан кейінгі Рим генералдары мен императорлары көшпелілерді шекарада ұстауда қиындықтарға тап болды. Алан тайпалары бұл кезде батысқа қарай жылжи берді. Адрианның мұрагері

Антоний Пий әскерлері аландардың соққыларына жиі тойтарыс беруге мәжбүр болды [9, 31-б.].

Юлий Капитолин б.з. 163–180-жылдарындағы маркомандық соғыстар кезінде осстар (аорстар) мен сарматтардың германдықтармен бірге Иллирик пен Паннонияға басып кіргенін хабарлады. Император Комодтың тұсында, Дио Кассийдің айтуынша, аландар римдіктерге 15 000 тұтқынды кері қайтарған.

Антонидің мұрагері Марк Аврелий империяның батыс бөлігін Иллириядан Галлияға дейін жаулап алған варварлар одағында аландармен қақтығысты. Аландар бұл жорықтарға қатысып, одан әрі батысқа қарай жылжуға тырысты [9, 31-б.].

Армян патшасы I Хосров (213–216) билігінің соңғы жылдарын Агатангехостың мәліметтері қамтиды: «Келесі жылдың басында Армения патшасы Хосров әскер жинап, сарбаздар алуға кірісті. Авгандар мен грузиндердің жасақтарын жинап, Алан мен Чор қақпасын ашып, ғұндарды бастап шығып, парсы еліне шабуыл жасайды». Ғұндар бұл жағдайда барлық Солтүстік Кавказ халықтарының жиынтық атауы болып табылады. Агатангехостың айтуынша, келесі жылы Хосров парсыларға қарсы тағы да жорыққа шығады: «Ал келесі жылы (Хосров) үлкен әскер жинап, жасақтарды ұйымдастырып, алдыңғы әскерді шақырып, Ассирияға қарай жылжыды». Бұл жорыққа аландықтар да қатысты. I Хосров өзінің саяси мақсаттары үшін Артаван V-ті таққа отырғызу мақсатымен V Вагаршқа қарсы соғысқа қатысты (II, 23-ші тарау). Алайда ол Рим империясының жауларының қолынан өлтірілді. Көтерілісші армяндар I Хосровтың ұлы Тиридатты патша етіп сайлайды. 316 жылы аландар Арменияға басып кіреді және III Тиридат бейбітшілік орнату үшін алан ханшайымы Ашхенге үйленеді. Аландар мен армяндар арасындағы саяси қақтығыстар II Хосров (332–338) тұсында, армян деректері бойынша аландар саналатын мазкуттар Арменияға шабуыл жасаған кезде де орын алды. Солтүстік Кавказ халықтарымен біріккен аландардың шапқыншылықтары тек Арменияға ғана емес, сонымен қатар Византия империясына және Сасанидтік Иранға да өз зиянын тигізді. Сасанидтер II Иездигерд (438–457) тұсында Кавказ өткелдерін қорғау үшін бекіністі қоныстар сала бастады (Гевонд, XII тарау). Және осы бекіністердің бойында әскери қалашықтардың негізі қаланды. Баладзори Хосров I Ануширванның сол қоныстарға саясинжы лақап атымен аталатын халық қоныстанғанын хабарлайды (Сюнии тұрғындары). Бұл елді мекендерді салған Хосров екенін VII ғасырдағы армян авторы Себеос та айтады. Дарьял маңындағы бекіністі қоныстарда армяндардың болуы аландармен тығыз саяси байланыс орнатуға қолайлы жағдай туғызды. Арабтардың үстемдігі дәуірінде бүкіл Закавказье «Арминия» деп аталатын біртұтас аймаққа айналдырылып, Солтүстік Кавказ халықтарымен, соның ішінде аландармен күрес ортақ мәселеге айналды [10].

Император III Гордианның (238–244) билігінің қысқа кезеңінде аландар туралы тек бір рет ғана айтылған. III Гордиан әскери саясатының ең үлкен жетістігі – Рим мен Парсы арасындағы жеңісті соғыс. Б.з. 242–244 жылдары бұрынғы билік кезінде жоғалған Рим провинциясы Месопотамия қайтадан басып алынды және Рим жауды толық талқандауға мүмкіндік алды. Осы мақсатта Рим әскерлері Персия астанасы Ктесифон қаласына жылжыды. Жолда преториандық префект Филипп Арабтың арамзалығынан әскер көтеріліске шығып, император III Гордиан оның құрбаны болды. Юлий Капитолин былай деп хабарлайды: «Парсыдағы Церцезий бекінісінде сарбаздар III Гордианға арналған қабірге грек, латын, парсы, иврит және мысыр тілдерінде, бәрі оқи алатындай етіп былай жазған болатын: «Парсыларды жаулап алған Ұлы Гордианға, готтарды жаулап алушы, Римдегі азаматтық қақтығыстарды тоқтатып, сарматтарды жаулап алушы, германдықтарды жаулап алушы, бірақ Филиппті жаулаушы емес». Бұл соңғы сөздер Гордианның Филипп даласында шегініп, шайқаста аландар тарапынан шайқаста жеңіліске ұшырағандықтан және сонымен бірге оны Филипп өлтіргендіктен жазылған болуы мүмкін». Гордианның аландармен қақтығысы туралы мәлімет жоқ, бірақ эпитафияда Гордиан готтар мен сарматтардың

жеңімпазы ретінде де айтылады. Егер бұл ақпаратты Юлий Капитолин мәтініндегі басқа үзіндімен салыстыратын болсақ, онда римдіктер мен аландар арасындағы «шайқастың» орны мен уақытын анықтау қиын емес. Гордианның жорығы, 242 жылы басталды, ал жазық римдіктер үшін сәтсіз аяқталған Филиппидегі жазықтары болды. Бұл шайқас Рим мен жаңа әрі күшті жау – готтар арасындағы ұзақ мерзімді соғыстың шағын эпизоды ретінде қарастырылуы керек.

Б.з. III ғасырдың басында Висланың төменгі ағысында өмір сүрген готтардың герман тайпасы. оңтүстікке қарай жылжып, Солтүстік Қара теңіз аймағында орнықты. 238 жылдан бастап готтар Рим провинцияларына, ең алдымен Балқанға жойқын шабуылдар жасай бастайды. Бұл ұзаққа созылған күресте көптеген герман және герман емес тайпалар готтармен бірге шайқасты. Олардың арасында аландардың болғаны жоғарыда қарастырылған Юлий Капитолиннің хабарынан көрінеді. Бұл аландар Танаис пен Меотида территориясынан келді ме, әлде олардың Дакияда шекарасында өмір сүрген бір бөлігі ме, нақты белгісіз, бірақ бұл ұзақ уақыт бойғы шайқаста аландық тайпалық бірлестіктердің екеуі де қатысқан болуы да әбден мүмкін [11, 25–26-бб.].

Император Аврелианның тұсында аландар қайтадан готикалық әскердің құрамында болды. Сиракузиялық Флавий Вописк 274 жылы Аврелиан салтанатты шеру жүргізгенін айтты. Тұтқындардың арасында сарматтар (языгтар), роксоландар мен аландар болды. Император II Клавдий тұсында Проб Дунай провинцияларындағы әскерлерді басқарып, аландар мен готтарға қарсы соғысты. Аландардың батысқа қарай осынша ілгері жылжуы кезінде олар аорстарды жаулап алды деп болжауға болады. Аландардың араб деректерінде Ас, армян деректерінде ашдигор деп аталған бөлігі дәл осы аорстардан шыққаны анық [12].

Аландардың бұл соғысқа қатысуының тағы бір дерегі Аврелианнан кейін және Тациттің қысқа билігінен кейін (275–276) император болып сайланған Пробтың (билік ету уақыты 276–282) есімімен байланысты. Сиракузалық Флавий Вописк Пробтың өмірбаянында келесі эпизодты келтіреді: «Бірде аландардан немесе басқа тайпалардан алынған олжалардың арасында (бұл нақтыланбаған) бір жылқы болды – өте әдемі емес және өте үлкен емес, бірақ тұтқындардың айтуынша, 8–10 күн бойы 100 мильге дейін шаба алатын. Барлығы Пробтың мұндай жануарды өзінде қалдыратынына сенімді болды, бірақ Проб бірден: «Бұл ат батыл жауынгерге қарағанда, қашуды көбірек ойлайтын жауынгерге қолайлы», - деді. Содан кейін ол сарбаздарға барлығының аты жазылған жеребе тастауды бұйырды: жылқыны жеребе түскен адам алуы керек. Әскер құрамында Проб деген тағы төрт жауынгер болды; бірінші рет тасталған жеребеде түскен адамның аты Проб деп аталды, әлгі төрт сарбаз айтысып, әрқайсысы өзінің аты екенін дәлелдей бастағандықтан, Проб екінші рет тастауды бұйырды; бірақ екінші ретте де Пробтың атымен түсті. Осылайша үшінші және төртінші рет жасалды, барлығында тағы да Проб атымен түсті. Содан кейін бүкіл әскер келісімімен бұл атты қолбасшы Пробқа берді».

Бұл сипатталған жылқы аландарға тиесілі ме, жоқ па, белгісіз, бірақ Проб әскерінің бұл халықпен кездескені және, шамасы, табыссыз болмағаны Вописк хабарының контекстінен анық көрінеді. Рас, автор бұл эпизодты оның қай уақытта орын алуы мүмкін екенін айтпай, тек қызықты оқиға ретінде баяндайды. Соған қарамастан, бұл эпизод Проб әлі император болмаған кезде орын алуы мүмкін деп қорытынды жасауға болады, мысалы, б.з. 276 ж. Бұны Сиракузский Вописктің Пробтың өмірбаянында оның кейіпкері император болғанға дейінгі жағдайды келтіргені дәлелдейді – өйткені автордың өзі оны император емес, тек әскери қолбасшы деп атайды. Проб аландармен өзінің тікелей екі ізашарлары – Аврелиан мен Тациттің тұсында да соғыса алмады. Ол алдымен Африкада шайқастарда болды, содан кейін Мысырға көшіп, пальмирліктермен мен Зенобияға қарсы күресте осы императорды қолдады. Аврелиан қайтыс болғаннан кейін, Тацит кезінде біз Пробты «бүкіл Шығыстың әскери қолбасшысы лауазымында» көреміз.

«Шығыста» (Римнің Батыс Азия провинциялары) аландар мен Пробтың жолдарының қиылысуы екі талай, өйткені ол жерде болған кезеңде римдіктер мен аландар арасындағы қақтығыстар туралы бізде хабар жоқ. Бұл кезде император Аврелиан олармен Дунайда шайқасты. Сірә, Пробтың аландармен қақтығысы дәл Дунайда болуы мүмкін, онда ол римдік легиондарды басқарып, варварлардың шабуылдарына тойтарыс берді. Вописктің айтуынша, император Валерианның тұсында (билік ету уақыты 253–259) Проб әлі жас кезінде трибуналық шендегі үш легионды басқарып, «Дунайдан өтуде көптеген ерліктерді» жасағаны белгілі. Ал Галиеннің тұсында (259–268 патшалық), шамасы, 259–260 ж. ол Иллирияда орналасқан барлық римдік әскерлерді басқарды.

Пробтың император II Клавдий тұсында қай жерлерде соғысқанын Вописк Сиракузский көрсетпейді, бірақ жоғарыда айтылғандардан Пробтың аландармен қақтығысы б.з. III-ші ғасырдың 50–60-шы жылдарының аяғында Балқанда болуы мүмкін деген болжам жасауға болады [11].

372 жылы ғұндар Еділден өтіп, аланд-танаиттарға шабуыл жасады. «Гревттундарға іргелес жатқан және әдетте танайлықтар деп аталатын аландардың жеріне басып кірген ғұндар көптеген адамдарды өлтіріп, тонап, ал қалғандарын бейбіт келісім шарты бойынша өздеріне қосып алған», - деп Марцеллин атап көрсетеді. 375 жылы көсем Баламбер басқарған ғұндар Донды кесіп өтіп, Германарих остготтарының тайпалық одағын талқандады. Германарих өлгеннен кейін остготтардың жаңа патшасы Витимир «ақшамен өз ырқына көндірген басқа ғұндардың көмегіне сүйеніп, аландарға біраз уақыт қарсылық көрсетті; бірақ көптеген жеңілістерден кейін қарудың күшімен жаншылып, шайқаста қаза тапты. Остготтар мен вестготтар Фракияға шегінді, 376 жылы ғұндар Рим империясының шығыс шекарасында пайда болды. 372 жылы ғұндар тек алан-танаиттерді ғана емес, Кубань өлкесіндегі аландарға және Солтүстік Кавказдың басқа да жазық аймақтарына шабуыл жасап, бағындырды деуге негіз бар. Ғұн ордасының бір бөлігі Азов теңізінің далалары арқылы Таман түбегіне басып кіріп, Керчь бұғазынан өтіп, Боспор патшалығының еуропалық бөлігі арқылы өтті. Ғұндардың тағы бір бөлігі IV ғасырда Солтүстік Дағыстан жерінде болып, Ғұн патшалығының негізін қалады. Ғұндар Орталық Кавказда ұзақ тұрмай, негізгі бөлігімен бірге Батысқа жылжыған болуы мүмкін.

Сонымен 376 жылы ғұндар мен олардың одақтастары аландар Рим империясының Дунай шекарасында пайда болады. Аландық қоныс аударушылардың жаңа толқыны Паннонияның ескі сармат халқы – языгтармен, роксоландармен, сармат – аргарагандармен және лимигандармен бірігіп, мұнда елеулі этникалық массив құрады. 378 жылы аландар мен ғұндар Тиса өзеніне жетті. Осы оқиғаларға байланысты американдық тарихшы Г.В. Вернадский ғұн шапқыншылығында аландардың авангард рөлін атқарғанын атап өтеді. Шамамен сол уақытта Төменгі Дунайдың сол жағалауында 5 ғасырдың басындағы тарихшы Орозияның айтуы бойынша, Алания аймағы пайда болады, оны Исидор да растайды. Ал Прут өзені «Alanus fluvius» – «Алан өзені» деп аталды. Ю.А. Кулаковский көрсеткендей, қазіргі Молдавияның осы аймағындағы Алания XIII ғасырға дейінгі карталарда сақталған.

376 жылдың күзінде ашаршылықтың басталуы мен ғұндардың қауіп-қатерінен ығыстырылған остготтар мен вестготтар Фракияға басып кіріп, жолындағының бәрін тонады. Бір жылдан кейін Маркианополь маңында вестготтардың римдіктермен шайқасы болып, вестготтар жеңіліске ұшырайды, ал олар остготтар мен аландарды көмекке шақырды. Аландар бұл жолы өздерінің жаулары болған вестготтардың жағына болады. Император Валент басқарған Рим әскері (осыдан империяның варварлардың біріккен күштерінің шапқыншылығына қаншалықты мән бергені белгілі болады) одақтастарға қарай жылжыды. 378 жылы 9 тамызда Адрианоуполь маңында шешуші шайқас болды. Римдіктер ауыр жеңіліске ұшырады, аландық және остготтық атты әскер римдіктердің жасақтарын талқандаса, ал вестготтар римдік жаяу әскерді қиратты. 40 мыңға дейінгі римдік легионерлер өліп, император Валент та қайтыс болды. Аландар мен остготтардың атты шабуылы

шайқастың нәтижесіне шешуші рөл атқарды. Шайқасты сипаттау кезінде А. Марцеллин әскери жетекшілер Алатей мен Сафрақты атап өтеді, олар кейінірек Паннонияға дейін келеді. Адрианопольдағы жеңіліс Рим империясын дүр сілкіндірді. Готтар мен аландар Константинополь қабырғаларына дейін келіп, әрең тойтарыстың арқасында кері шегініп, Иллирияға қоныстанды. Империяның жаңа императоры I Феодосий варварларды тыныштандыру саясатын жүргізеді және оларды федерат ретінде әскери қызметке кеңінен тартады, оларды Дунай провинцияларының шекараларына жасалатын шапқыншылықтардан қорғауға міндеттеді. Батыс Рим императоры Грациан (375–383) готтар мен аландардың бір бөлігін Паннонияның оңтүстігіне орналастырады, Иордан олардың көсемдерін бізге бұрыннан таныс Алафей мен Сафрак деп атайды. Г.В. Вернадский Сафрак атауын ирандық деп есептейді; Л. Варадидің тұжырымы бойынша, Алафей гот, Сафрак алан, Сафрак Паннониядағы хунно-аландық топты басқарған. Я. Харматта Л. Варади монографиясына шолу жасағанда оның IV ғасырдың аяғындағы Паннониядағы федераттар ретіндегі ғұндардың, аландар мен готтардың үлкен рөлі туралы тұжырымдамасымен келіспейтіндігін айтты, алайда бұл күдіктер асыра айтылған сияқты. Л. Варадидің айтуынша, Сафрак тобының саны жағынан вестгот тобынан кем түспеген және 20 мыңға дейін жауынгер болған. Жоғарыда аталған император Грациан аландарды Рим әскерінде қызмет етуге тартып, олардан гвардияшылар отрядын құрды. «Императордың бұл жаңа варварларға деген құмарлығы сонша, ол аландық ұлттық қару-жарақпен әскерлердің алдына шығып, солардың киімімен жорықтар жасады. Императордың оларды көп ақшамен өзіне тартуы және оларды артық санауы әскерлер арасында ыза тудырып, оның өліміне себепші болды», - деп жазады Ю.А. Кулаковский. Бірақ Грациан қайтыс болғаннан кейін де, Рим армиясының құрамындағы аландық атты әскерлер отряды одан кейін де қала берді. Бұл аландар Батыс Рим империясының императоры Стилихон (395–408) тұсында 402 және 405 жылдары герман тайпаларының шапқыншылығына тойтарыс беруге қатысқан да болуы мүмкін.

Аландар Шығыс Рим империясында да қызмет етті. Зосимнің айтуынша, император I Феодосий Истрадан келген варварларға өз әскеріне кең жол ашты; Зосим бұл варварлардың түсінігін нақты көрсетпесе де, Ю.А. Кулаковский олардың арасында аландарды көруге болады деп есептеді. 391 жылғы император Феодосийдің құрметіне Накаттың панегирикасы былай дейді: «Римнің бұрынғы жауы римдік көсемдердің қолбасшылығымен және римдік тулардың астында жүріп, бұрын өзі тұрған белгішелерге еріп, өзі сарбаз болды, олар бұрын ойран-жосығымен қиратқан Паннония қалаларын толтырды. Гот, ғұн, алан әскерлер қатарына қосылды».

Пакаттың айтуынша, варварлар қоныстанған негізгі аймақ Орта Дунайдағы Паннония болды. Алан жалдамалыларының шығу тегі туралы Рим сарайының ақыны Клавдий Клавдиан (404 ж. қайтыс болды) құнды деректер келтіреді. Клавдианның пікірінше, римдік өмір салтын («латын жарғылары») қабылдаған аландар Меотида – Азов теңізіне іргелес аудандардан шыққан, бұл Танаис-Дон жағалауында, сондай-ақ Солтүстік Кавказ далаларында тұратын А. Марцеллиннің алан-танайларының орналасқан жеріне толық сәйкес келеді.

Готтар мен ғұндармен қатар, Батыс аландарының тағдырында Иероним аландармен қатарда атаған германдық вандалдар тайпасы да ерекше рөл атқарды. 335 жылы вандалдарды император Константин Паннонияға федераттар ретінде қоныстандырды. Мұнда олар осыдан кейін пайда болған аландармен байланысқа түсті. Ю.А. Кулаковскийдің пайымдауынша, аландардың ықпалымен вандалдар «Дакия мен Паннония дала кеңістігінде вандалдар атты халыққа айналды», яғни олар атты жауынгерлерге айналды, ал бұл германдықтарға тән емес еді. Осылайша вандалдар мен аландардың жақындасуы жүреді, ал олардың ықтимал одағына кейіннен свевтер қосылады. 405–406 жылдары Рим империясының батыс бөлігінің билеушісі Стилихонның (шығу тегі бойынша вандал) басқа герман тайпаларының басшылары Атаульф

және Радагайспен күресі басталады. Стилихон Радагайсқа қарсы Сарустың басшылығындағы Рим әскерлері мен федерат отрядтарын қояды. Стилихон федераттарының негізін ғұндар құрады, бірақ Сарус есімі VI ғасырда Солтүстік Кавказда алан бірлестігін басқарған тағы бір әскери жетекші Саросийдің есіміне ұқсайды. Б. Бахрахтың айтуынша, Сарус (Саул) алан тегінен шыққан.

405 жылы Стилихоннан жеңіліске ұшырауынан және шығыстан келе жатқан ғұндардың қысымымен вандалдар, аландар мен свевтер бірігіп, батысқа қарай қозғала бастады. Л. Варади одақтастарға Паннония провинциясындағы остготтар да қосылғанын айтады. Варварлық бірлестік сөзсіз үлкен әскери әлеуетке ие болды [2, 66–67-бб.].

406 жылы 31 Желтоқсанда вандалдар, аландар және свевтер мұзды Рейннің үстінен өтіп, рипуар франктарын құлатып, Рим провинциясы Галлияға басып кіреді де, оны жаппай тонап кетеді. «Бұл оқиғадан кейін Батыс империясының ыдырауы, түпкілікті жойылуы орын алады» - деп жазады француз тарихшысы Ф. Ло.

Галлияда аландар екіге бөлінеді. Гоар бастаған олардың бір бөлігі Рим империясына қызметке ауысты және Олимпиодордың айтуынша, 411 жылы Тур қаласында Бургундия королі Гюнтермен бірге болып, Бургундияға одақтас болды. Респендиал бастаған басқа бөлігі германдықтармен бірге қалды және Григорий Турскийдің айтуынша, олар франктардан жеңілген вандалдардың түпкілікті жойылуынан құтқарды. 414 жылы вестготтар Бордоға шабуыл жасайды және Павлин отбасымен бірге Бордо маңындағы Базас қаласына қашып кетеді. Готтар Базасқа да қауіп төндіре бастағанда, Павлин алан патшасынан көмек сұрайды. Бұл алан патшасының Гоар екеніне Ю.А. Кулаковский ғана емес, Г.В. Вернадский де күмән келтірмейді. Аландар Павлинге көмекке келіп, қала қабырғаларына олардың қарулы жауынгерлері шығады. Готтар ұрысқа кіруге батылы бармай кері шегінеді. Бұдан кейін қала аландар да тастап шығады. 439 жылы вестготтармен бейбітшілік орнағаннан кейін, аландар Аэцийден Нарбондық Галлиядағы (Нарбонна мен Тулуза қалаларының арасында) Валентинуа шөлді аймағын алады және көшбасшы Самбидамен осында қоныстанады. 457 жылы Император Майориан, Сидоний Аполлинарияның көрсетуінше, Галлиядағы аландардан жасақ құрып, оларды вандалдарға қарсы Испанияға аттандырды. Аландар вандалдардан жеңіліп, көсемдері Беоргораның басқаруымен Галлиядан Солтүстік Италияға көшеді. Оларға қарай бет алған император Майориан Тортона жолында өлтіріледі, ал аландар Солтүстік Италияға басып кіреді. Бұл Батыс Рим империясына үлкен қауіп төндіреді. Шығыс империясының императоры Лев өзінің патрициі Анфемийді Римге жіберіп, оны сонда князь етіп қойды. Ол Римге келіп, сол кездегі Италиядағы жалғыз қолбасшы, күйеу баласы Рекимерді аландарға қарсы шайқасқа жібереді. Алғашқы шайқаста ол аландардың көптеген тобын және олардың патшасы Беоргты жеңіп, оларды жойды», - деп жазады Иордан. Бергамо маңындағы аталған шайқас 464 жылы болды. Жеңілген алан әскерінің бір бөлігі V ғасырдың басында Римге қызмет еткен аландармен бірігіп, Италияның солтүстігінде қалды (405–406 ж. вандалдарға қарсы күреске қатысқан аландар). Италияның солтүстігіне қоныстанған аландықтар, ескі дәстүр бойынша, империяның федераттары болды, жер бөлу және жалақы үшін әскери қызмет атқаруға міндеттелді. Аландық полк *Comites Alani* Солтүстік Италияда Равеннада орналасып, 487 жылға дейін қызметін жалғастырды.

Галлиядағы аландарға оралайық. 442 жылы Аэций Тибатонның басшылығымен аз уақытта көтеріліске шығып, жеңіліске ұшыраған Арморика бағаудтарына бақылауды күшейту үшін, Гоар аландарының бір бөлігін және Орлеан аймағын көшірді. Гоар аландарды Орлеанда және оның айналасында орналастырып, Орлеанды өзінің резиденциясына айналдырды.

V ғ. ортасына қарай аландар ғұндарға қарсы соғыстарға, Каталаун шайқасына және Ғұн империясы ыдырағаннан кейінгі соғыстарға қатысты. Осылайша, аландардың аты Балқан мен Төменгі Дунайда біздің эрамызға дейінгі VI ғасырға дейін де аталады.



Жоғарыда айтылғандай, 406 жылы Галлияға басып кірген аландар екіге бөлінген болатын. Респендиал бастаған вандалдық германдықтармен одақтас болып қалған бөліктің тағдырын біз әлі қозғаған жоқпыз. Франктермен қақтығыстан кейін 409 жылы вандалдармен және свевтермен аландардың бұл бөлігі Пиреней арқылы Испанияға көшті. Г.В. Вернадский жазғандай, «одақтастар 411 жылы бір-бірінен бөлініп кеткен бұл елді оңай жаулап алды». Аландар Лузитания мен Картагенаға ие болды, бұны Галисия епископы Идацийдің растайды. Б. Бахрахтың пікірінше, аландар мен вандалдықтардың Испанияға қоныстануы қонақжайлылық принципіне негізделсе керек – жаулап алушылар римдік помещиктердің қонағы болып, өздерінің шаруашылықтарынан түсетін табыстың едәуір бөлігін алып отырған. Бұның есесіне «қонақтар» өздерінің «қожайындарын» басқа шапқыншылықтар мен тонаулардан қорғауға міндетті болды, яғни федераттар мәртебесін еске түсіретін ұстаным. Аландар мен вандалдар Рим императоры Гонорийге бейбітшілік сұрап, олардың федеративтік мәртебесін тану және кепілге алынғандарды ұсыну туралы өтінішпен жүгінді. Алайда, империя Испанияны жаулап алушылармен одақтастық қатынасқа түспеуді жөн көріп, оларға қарсы вандалдардың ескі жаулары вестготтарды жібереді.

416 жылы вестготтар басып кіреді. Екі жыл бойы кескілескен күрес жүріп, вестготтар қарсыластарын қыспаққа ала бастайды. Вандал королі Фредбал қайтыс болады. 418 жылы вестготтар Тартесте (қазіргі Кадиз) аландарды жеңеді, ал алан патшасы Аддак шайқаста қаза табады. Аландардың аман қалғандары вандалдармен бірігіп, Пиреней түбегінен оңтүстікке қарай шегініп соғысуды жалғастырды. Вандалдардың патшалары Гунерих, Гейзерих және Гелимер бұдан былай «вандалдар мен аландардың патшалары» атағын алды. Вестготтардың қысымымен вандалдар мен аландар 429 жылы Гибралтар бұғазы арқылы Солтүстік Африкаға өтті. Ф. Лоның айтуынша, Африкаға 80 мыңға дейін адам өткен, оның 12–15 мыңы сарбаздар. Аландардың кейбір тобы, Р. Груссэнің айтуы бойынша, Испанияда қалып, вестготтармен бірігіп, Гото-Алания немесе Каталония аймағына өз атын берген [13, 118-б.].

Африканың солтүстік-батыс бөлігін (қазіргі Тунис пен Алжирдің бөлігі) басып алып, Гайзерих 435 жылы Риммен бейбіт келісім жасасады. Вандал патшалығындағы аландар салыстырмалы түрде аздығына қарамастан, Б. Бахрах назар аударған этникалық ерекшеліктерін сақтауды жалғастыра білді. Вандалдар патшалығы Солтүстік Африкада 533 жылға дейін өмір сүріп, оны византия генералы Велизар жаулап алды, ал Гелимер тұтқынға алынып, Кіші Азияға жер аударылды. Көріп отырғанымыздай, Африкада, Дакия, Галлия, Италиядағы сияқты, аландардың негізгі этникалық массивінен бөлінген қалдықтары VI ғасырда тарихи аренадан шығып, ақырында айналасындағы және одан саны көп халықтар арасында сіңісіп кетеді.

Батыстағы аландардың жазба деректерден қайта құрылған тарихы Төменгі Дунайдан Пиреней түбегіне дейінгі аумақта айтарлықтай айтарлықтай алан массасының болғандығына еш күмән келтірмейді. Жоғарыда келтірілген сандардан, олардың барлық болжамдарына қарамастан, біз әдетте, ондаған мың адамнан тұратын және жоғары әскери әлеуетке ие әртүрлі топтар туралы айтып отырмыз. Аландардың батысқа қарай қозғалысының бастапқы аумағы Еділ мен Дон және Солтүстік Кавказ арасындағы жазық кеңістіктер болғаны даусыз, мұнда аландар ғұн шапқыншылығынан көп уақыт бұрын орналасқан.

Бұл Азия Сарматиясындағы аландардың қоныстанған негізгі аумағы болды. Аландардың жекелеген топтары ғұндарға дейінгі кезеңде Солтүстік Қара теңіз аймағының далаларында, Төменгі және Орта Дунайда болды (язигтер, б.з. I ғ. роксоландар). Алан халқының бұл топтары «ұлы көші-қон» дәуіріндегі көші-қон процестеріне тартылды деп болжауға болады. Аландардың Батыстағы қоныстануы, Еуропа арқылы Африкаға жорығы, сол шалғай жерлердегі әскери-саяси қызметі – тарихтың қызықты беттерінің бірі. Рим империясының құлдырау кезеңінде аландар оның алдағы тағдырында маңызды рөл атқарды,

өйткені мұндағы аландар римдік жасақтарда ерекшеленіп қана қоймай, қазіргі итальян халқының этногенезіне де үлес қосқаны белгілі.

Аландық элементтер Франция топонимиясында дау тудырмайды; Б.Бахрахтың пікірінше, оның территориясында ұзақ уақыт болған аландықтар Батыс Еуропадағы әскери істердің дамуына, әсіресе атты әскердің ұрыс тактикасына оң әсер етті. Аландар герман тайпаларымен бірге ұзақ уақыт бойы аландардың үлкен массасы өмір сүрген Паннонияда қалыптасқан полихромдық стиль мен «гунндық сәннің» бүкіл Еуропаға таралуына белсенді қатысты. Б. Бахрах жазғандай, «Ұлы көші-қон» дәуірінде аландар Батыс Еуропада айтарлықтай ауқымды қоныстанған жалғыз германдық емес халық болды. Мұның бәрі аландардың тарихын еуропалық және дүниежүзілік тарихпен берік байланыстырады [2, 82-б.].

### Қорытынды

Тақырыпты қорытындылай келе, аландар тарихының өте үлкен маңызға ие екенін айтқымыз келеді. Мақалада көрсетілгендей, аландар тарих сахнасына шыққан уақыттан бастап, өздері болған кез келген аймақтағы ықпалды күшке ие болып, сол жердің саяси оқиғаларына қатысып отырды Еуропаға келген тұста Парфия, Рим сынды мемлекеттерге қуатты қарсылас бола білді. Өздерінің әскери әлеуетімен, әскери өнері және қару-жарақтарымен ерекше назарға ілінген аландар антикалық авторлар деректерінде де көптеп жазыла түскен болатын. Аландардың Солтүстік Қара теңіз маңайындағы, Рим шекараларындағы, вандалдар және ғұндармен біріге отырып, Еуропада болған оқиғаларда негізгі рөлде болғандығын білдік. Оған біз көрсеткен тарихи оқиғалар дәйек бола алады. Жалпы тек аландар ғана емес, сармат тайпаларының осындай саяси тарихтары үлкен зерттеуді қажет етеді. Шет елдік дереккөздердің өзінде олар туралы мәлімет аз, ал біздің Отандық тарихта тіптен олар туралы зерттедемек түгілі, аландардың кім екендігінің өзі биылдан бастап қана мектеп қабырғаларында айтылып жатыр, соның өзінде толықтай түрде емес. Міне, сондықтан да, осындай ауқымды әрі өзіндік ықпалы болған аландық тарих терең зерттеуге лайық екенін алға тартамыз.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сулимирский Т. Сарматы. Древний народ юга России. – М.: ЗАО Центрполиграф, 2008. – 191 с.
2. Кузнецов В.А. Очерки истории алан. 2-е изд. допол. – Владикавказ: Ир, 1992. – 392 с.
3. Тревер К.В. Очерки по истории и культуре кавказской Албании. – М.: Издательство академии наук СССР, 1959. – 391 с.
4. Манандян Я. Цель и направление подготовлявшегося Нероном Кавказского похода // Вопросы истории. – 1946. – №7. – С. 66–74.
5. Раев Б.А. Металлические сосуды кургана «Хохлач». В кн.: Проблемы археологии. – Л.: ЛГУ, 1978. – С. 89–93.
6. Картлис Цховреба. История Грузии / глав. ред. акад. Роин Метревели. – Тбилиси: Изд-во АРТАНУДЖИ, 2008. – 454 с.
7. Ранние аланы и Кавказ [Электронный ресурс]. URL: <https://iratta.com/gutnov/> (дата обращения 11.06.2022)
8. Харматта Я. К истории Херсонеса таврического и Боспора. В кн.: Античное общество. – М., 1967. – С. 204–208.
9. Бернад С. Бахрах. Аланы на Западе / перев. с англ. И.Б. Санакоева под ред. акад. М.И. Исаева. – М.: «АРД» Мартис, 1993. – 190 с.
10. Габриелян Р.А. История Осетии по армянским источникам V–XVIII вв. – 2004. – 292 с. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.dissercat.com/content/istoriya-osetii-po-armyanskim-istochnikam-v-xviii-vv> (дата обращения 11.06.2022)
11. Габуев Т.А. Аланы на Балканах в первые века н.э. // Дарьял. – 2001. – №4. – С. 218–231. [Электронный ресурс]. URL: [https://www.darial-online.ru/material/2001\\_4-gabuev/](https://www.darial-online.ru/material/2001_4-gabuev/) (дата обращения 11.06.2022)

12. Пилипчук Я. До Великого переселения: как римляне терпели поражения от древних кочевников. [Электронный ресурс]. URL: <https://realnoevremya.ru/articles/138023-yaroslav-pilipchuk-o-migraciyah-sarmatov-alan-yuechzhey> (дата обращения 11.06.2022)
13. Grousset R. L'Empire des Steppes. – Paris: Payot, 1948. – 637 p.

#### REFERENCES

1. Sulimirskiy T. Sarmaty. Drevniy narod iuga Rossii [Sarmatians. The ancient people of the South of Russia]. – М.: ZAO Centrpoligraf, 2008. – 191 s. [in Russian]
2. Kuznecov V.A. Oчерki istorii alan [Essays on the history of Alan]. 2-e izd. dopol. – Vladikavkaz: Ir, 1992. – 392 с. [in Russian]
3. Trever K.V. Oчерki po istorii i kulture kavkazskoi Albanii [Essays on the history and culture of Caucasian Albania]. – М.: Izdatelstvo akademii nauk SSSR, 1959. – 391 s. [in Russian]
4. Manandian Ia. Cel i napravlenie podgotovliavshegosia Neronom Kavkazskogo pohoda [The purpose and direction of the Caucasian campaign prepared by Nero] // Voprosy istorii. – 1946. – №7. – S. 66–74. [in Russian]
5. Raev B.A. Metallicheskie sosudy kurgana «Hohlach» [Metal vessels of the Khokhlach mound]. V kn.: Problemy arheologii. – L.: LGU, 1978. – S. 89–93. [in Russian]
6. Kartlis Chovreba. Istoriia Gruzii [Kartlis Tskhovreba. History of Georgia] / glav. red. akad. Roin Metreveli. – Tbilisi: Izd-vo ARTANUDJI, 2008. – 454 s. [in Russian]
7. Rannie alany i Kavkaz [Early Alans and the Caucasus]. [Electronic resource]. URL: <https://iratta.com/gutnov/> (data obrasheniia 11.06.2022) [in Russian]
8. Harmatta J. K istorii Hersonesa tavricheskogo i Bospora [On the History of Tauric Chersonesos and Bosphorus]. V kn.: Antichnoe obshestvo. – Moscow, 1967. – S. 204–208. [in Russian]
9. Bernard S. Bahrah. Alany na Zapade [Alans in the West] / perev. s angl. I.B. Sanakoeva pod red. akad. M.I. Isaeva. – М.: «ARD» Martis, 1993. – 190 s. [in Russian]
10. Gabrielian R.A. Istoriia Osetii po armianskim istochnikam V–XVIII vv. [The history of Ossetia according to Armenian sources of the V–XVIII centuries.]. – 2004. – 292 s. [Electronic resource]. URL: <https://www.dissercat.com/content/istoriya-osetii-po-armyanskim-istochnikam-v-xviii-vv> (data obrasheniia 11.06.2022) [in Russian]
11. Gabuev T.A. Alany na Balkanah v pervye veka n.e. [Alans in the Balkans in the first centuries A.D.] // Darial. – 2001. – №4. – S. 218–231. [Electronic resource]. URL: [https://www.darial-online.ru/material/2001\\_4-gabuev/](https://www.darial-online.ru/material/2001_4-gabuev/) (data obrasheniia 11.06.2022) [in Russian]
12. Pilipchuk Ia. Do Velikogo pereseleniia: kak rimliane terpeli porajeniia ot drevnih kochevnikov [Before the Great Migration: how the Romans suffered defeats from the ancient nomads]. [Electronic resource]. URL: <https://realnoevremya.ru/articles/138023-yaroslav-pilipchuk-o-migraciyah-sarmatov-alan-yuechzhey> (data obrasheniia 11.06.2022) [in Russian]
13. Grousset R. L'Empire des Steppes. – Paris: Payot, 1948. – 637 p. [in French]

Ө. ҚОЖАҚҰЛЫ<sup>1</sup>, А. АСҚАР<sup>2</sup>✉

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының докторы,

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры  
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: oteubay@bk.ru

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің магистранты  
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: abusad.askar.01@mail.ru

## ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТАШКЕНТПЕН БАЙЛАНЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАР

**Аңдатпа.** Бұл зерттеу жұмысында XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың 70-ші жылдарындағы қазақ пен Қоқан халықтарының саяси және шаруашылық қарым-қатынастарының теориялық-методологиялық негіздемесі, тарихнамасы және деректік негіздері көрсетіледі. Ұлы жүз қазақтары мен Ташкент халқы арасындағы тарихи-дәстүрлі және географиялық факторлар, олардың саяси, әлеуметтік-экономикалық байланыстары туралы мәселелер қарастырылады. Бұл аймақтың негізгі айналысатын шаруашылығы мал және егін болғандықтан, олардың осы салада сауданы қалай дамытқаны туралы да деректер кездеседі. Сонымен қатар қазақ халқының өз тәуелсіздігі үшін күресі және Қоқан хандығының ұстанымы, XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі патшалық Ресейдің қазақ-қоқан қатынастарына ықпалы, оның Сыр бойын, Жетісуды және Оңтүстік Қазақстанды жаулап алуының тарихы баяндалады. Ресей мен Қоқан хандығының саяси арақатынасы және әйгілі Саржан сұлтан көтерілісі, оған Ташкент бектерінің қатынасы және XIX ғасырдың 20–50-жылдарындағы көтерілістер, Қоқан хандығының қазақ халқымен әлеуметтік, қоғамдық-саяси қатынасындағы салық жүйесінің рөлі талданған. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының сол кездегі хандықтарға тигізген әсері мен қазақ хандары және Ташкент билеушілері арасындағы байланыстар көрсетілген. Қазақ пен қоқан арасындағы шиеленістер мен қақтығыстар анықталып, баяндалды. Қазақстанның XVIII–XIX ғасырлардағы көршілес елдермен қарым-қатынастарының тарихы талданған.

**Кілт сөздер:** Ташкент, Қоқан хандығы, қазақ, орыс, тарих, география, патша үкіметі.

**O. Kozhakuly<sup>1</sup>, A. Askar<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Doctor of Historical Sciences,

Professor of Kyzylorda University named after Korkyt Ata  
(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: oteubay@bk.ru

<sup>2</sup>Master student of Kyzylorda University named after Korkyt Ata  
(Kazakhstan, Kyzylorda), e-mail: abusad.askar.01@mail.ru

### Historical Traditional and Geographical Factors in Connection of Kazakhs with Tashkent

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қожақұлы Ө., Асқар А. Қазақтардың Ташкентпен байланысындағы тарихи дәстүрлі және географиялық факторлар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №1 (127). – Б. 444–463. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.36>

**\*Cite us correctly:**

Qojaquly O., Asqar A. Qazaqtardyn Tashkentpen bailansyndagy tarihi dasturli jane geografialyq faktorlar [Historical Traditional and Geographical Factors in Connection of Kazakhs with Tashkent] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №1 (127). – B. 444–463. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.36>

**Abstract.** This research paper presents the theoretical and methodological basis, historiographical and documentary base of political and economic relations of the Kazakh and Kokand peoples from the end of the XVII century to the 70s of the XIX century. The historical, traditional and geographical factors between the Kazakhs of the Elder Zhuz and the people of Tashkent, questions about their political, socio-economic ties are considered. Since the main occupation in this region is animal husbandry and crop production, information is also given about how they developed trade in this area. Also have talked about the struggle of the Kazakh people for their independence and the position of the Kokand Khanate, the influence of tsarist Russia on Kazakh-Kokand relations in the first quarter of the XIX century, the history of its conquest of Syrбай, Zhetysu and Southern Kazakhstan. The article analyzes the political relations between Russia and the Kokand Khanate and the famous revolt of Sultan Sarzhan, the attitude of Tashkent beggars and the uprisings of the 20–50s of the XIX century, the role of the tax system in the social, socio-political relations of the Kokand Khanate with the Kazakh people. The influence of the colonial policy of the tsarist government on the khanates of that time and the relationship of the Kazakh khans with the rulers of Tashkent is shown. Tension and conflicts between Kazakhs and Kokand people are revealed. The history of Kazakhstan's relations with neighboring countries of the XVIII–XIX centuries is analyzed.

**Keywords:** Tashkent, Kokand Khanate Kazakh, Russian, history, geography, royal government.

**О. Кожакұлы<sup>1</sup>, А. Аскар<sup>2</sup>**

*<sup>1</sup>доктор исторических наук,*

*профессор Кызылординского университета имени Коркыт Ата  
(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: oteubay@bk.ru*

*<sup>2</sup>магистрант Кызылординского университета имени Коркыт Ата  
(Казахстан, г. Кызылорда), e-mail: abusad.askar.01@mail.ru*

### **Исторические традиционные и географические факторы связи казахов с Ташкентом**

**Аннотация.** В данной исследовательской работе представлены теоретико-методологическая основа, историографическая и документальная база политических и экономических отношений казахского и кокандского народов с конца XVIII века до 70-х годов XIX века. Рассматриваются историко-традиционные и географические факторы между казахами старшего жуза и народом Ташкента, вопросы об их политических, социально-экономических связях. Поскольку основным занятием в этом регионе является животноводство и растениеводство, также приводятся сведения о том, как они развивали торговлю в этой области. Так же речь идет о борьбе казахского народа за свою независимость и позиции Кокандского ханства, влияние царской России на казахско-кокандские отношения в первой четверти XIX века, история завоевания ею Сырбая, Жетысу и Южного Казахстана. Анализируются политические взаимоотношения России с Кокандским ханством и знаменитый мятеж султана Саржана, отношение к нему ташкентских попрошайек и восстания 20–50-х годов XIX века, роль налоговой системы в социальных, общественно-политических отношениях Кокандского ханства с казахским народом. Показано влияние колониальной политики царского правительства на ханства того времени и взаимоотношения казахских ханов с правителями Ташкента. Выявлены напряженность и конфликты между казахами и кокандцами. Проанализирована история взаимоотношений Казахстана с соседними странами XVIII–XIX веков.

**Ключевые слова:** Ташкент, Кокандское ханство, казах, русский, история, география, царское правительство.

## Кіріспе

Халқымыздың сан ғасырлар бойы армандаған ізгі тілегі жүзеге асып, еліміз тәуелсіздік тізгінін өз қолына алған шақта қазақтардың оңтүстік өлкесіндегі ежелден төсекте басы, төскейде малы қосылған көршілес Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасын қайта қарап, бекіте түсті. Осы жағдайға байланысты ел алдында жаңа міндеттер мен талаптар қойылды. Соның бірі – халқымыздың ежелгі дәуірден, ғасырлар қойнауынан бастау алатын шежірелі тарихын бүгінгі биік талаптар тұрғысынан зерделеп, оны шындықты күтіп отырған барша қауымға боямасыз, бүкпесіз жеткізіп, жаңа қоғамға сай баға беру.

Тарих зердесінде Қазақстан мен Орталық Азия халықтары арасында саяси, әлеуметтік-экономикалық байланыстардың болғандығын дәлелдеп отыратын тарихи, археологиялық, этнографиялық деректер сақталған. Бүгінгі күні осы байланыстарды ашып көрсету үлкен мәселеге айналып отыр.

Кеңес үкіметі тұсында халықаралық қатынастарға баса назар аударылып, проблемалық мәселелердің көпшілігі ғылыми тұрғыда зерттелмегені белгілі.

Алайда, бұл өлкелерді мекендеген халықтардың тарихында, тұрмыс-тіршілігінде, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарында да үлкен ұқсастықтың болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Ағайынды халықтар қандай қиындықтар мен ауыр жағдайлар болса да, бір-біріне қол ұшын беріп, жақындық белгілерін танытып отырған. Бұл тұрғыда 1993 жылдың маусым айында Ордабасыда өткен Қазақстан Президенті – Н. Назарбаев, Өзбекстан Президенті – И. Каримов, Қырғызстан Президенті – А. Ақаевтың бас қосқан кездесулерінде айтылды. Онда қазақ халқының XVIII ғасырдағы қайраткерлері Төле, Қазыбек және Әйтеке билерді еске ала отырып, осыдан үш ғасырдай бұрын осындай жекелеген тарихи тұлғалардың жоңғарларға қарсы күресте, қазақтарды біріктіруде үлкен еңбек сіңіргендіктерін айта келіп, осы кезде қазақтарға достық пен ағайындықтың белгісі ретінде Орта Азияда өмір сүрген халықтар, яғни өзбектер, қырғыздар, түркімендер, тәжіктер, қарақалпақтар өздерінің көмектерін көрсеткендіктері айтылған. Осылайша аумақтық тұтастыққа қол жеткізу мен саяси тәуелсіздік жолындағы шешуші қадамдардың бірі жасалынған.

Жалпы алғанда, Қазақ-Қоқан хандықтарының зерттелініп отырған ғасырлардағы қарым-қатынастарын біржақты қарастыруға болмайды, өйткені ол байланыстар сонау заманнан бері біте қайнасып, біртұтас бөлінбейтін дүниеге айналып кеткен. Міне, осы себептен көршілес халықтардың арасындағы қарым-қатынастарды жан-жақты қарастыру керек.

Қазақ тарихында «қазақ халқының Ресейдің қол астына өтуі» елеулі орын алады. Қазақ хандығының билеуші топтары арасында ішкі түсінбеушілік жағдайлары мемлекеттіліктің әлсіреуіне әкелді. Ішкі саяси қырқыстарды Қоқан және Хиуа хандығы пайдаланып, қазақ хандығына сырттай агрессиялық саясат жүргізді.

Қоқан хандығының тарихын зерттей отырып, өзбек-қазақ халқының «Қоқан хандығының» деспотизм саясатына қарсы еңбекшілер мен бұқара халықтың жақындасып бауырласқанын көреміз. Қоқан хандығының қанаушылық саясаты өзбек және қазақ халықтарын біріктіріп, өздерінің саяси бостандықтары үшін екі халықты достастыра түсті. Сондықтан да XVIII ғасырдың 70-ші жылдары мен XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Қоқан хандығы тұсындағы қазақ халқының тарихын зерттеу заман талабы.

Жүздеген жылдар бойы қазақтар (әсіресе, оңтүстік өңірі) Қоқан хандығының қол астында өмір сүріп, өзбек ағайындарынан егіншілік және қолөнер кәсібін, ирригациялық және мелиорациялық жүйелер мен дәстүрлерді, сауда-саттық байланыстарды қабылдаған. Сондай-ақ қазақтар мен өзбектердің қалыптасуы мен дамуында ортақ мәселелер көп: олар бір этногенетикалық отбасыға кіретін көршілес елдер. Бұған қоса екі ел арасындағы шаруашылық пен әлеуметтік жағдайлар, тұрмыс пен дәстүр, салт пен мәдениеттегі өзара байланыстар төңкеріске дейінгі дәуірде-ақ белгілі бір деңгейге жеткен еді. XIX ғасырдың

екінші жартысынан бастап қазақтар мен өзбектердің әлеуметтік-экономикалық және өзара қарым-қатынасы екі халықты бұрынғыдан да гөрі етене жақындастырды.

Саяси жағынан қазақтар екі жақты: әуелі, Қоқан хандығының бектеріне және екіншіден «өздерінің» жергілікті билеушілеріне тәуелді болды. Қазақ халқының Қоқан хандығына қарсы көтерілісі, әкімшілік-басқару жүйесі, Сыр бойындағы, Оңтүстіктегі қоқандықтардың бекіністері, қазақ феодалдарының саяси сахнадағы рөлі, қазақтардың агрокешенді жағдайлары, қазақ жеріндегі өзбек және қырғыз халықтарының егіншілікпен айналысуы, қазақ қоғамының әлеуметтік жағдайлары және қазақтардың ұлт-азаттық күресі туралы мәселелер ізденістерді қажет етеді.

Еңбекте қазақ халқы басынан кешірген XVIII–XIX ғасырлардың, яғни біз қарастырып отырған кезеңдегі Қоқан хандығының үстемдігін: Қазақстанның Оңтүстігіндегі халықтардың экономикасы мен мәдениетіне, әлеуметтік-саяси өміріне кері әсер еткенін нақты дәйектермен көрсетуге ұмтылды. Сол сияқты зерттеуде Қазақ халқының өз бостандығы жолындағы ұлт-азаттық күресіне де сипаттама жасау қажет деп табылды.

Тарихи тақырыптың өзіне тән күрделілігіне сәйкес зерттеуде өзіндік қорытындылар мен тұжырымдар жасалды. Десек те бұл тақырыптың кейбір мәселелері мұрағат деректері негізінде әлі де зерттеуді қажет етеді.

Қазіргі таңда Қоқан, Хиуа, Бұхара хандықтарының қазақ аудандарын жаулап алу, басқыншылық, тонаушылық әрекеттері және оған Ресейдің көзқарасы мен Қазақ халқына ықпалы туралы ізденістер жүргізілуде. Біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін аша түсетін мәселелер қатарына: төл тарихымыздағы толық зерттеле қоймаған XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ-қоқан қарым-қатынастары және оған Ресей империясының тигізген ықпалы мен жаулаушылық әрекеттерін, сонымен қатар Қоқан хандығы жүргізген варварлық, тонаушылық әрекеттеріне қарсы қазақ халқының наразылықтардың ерекшеліктері мен маңыздылығына тоқталу, Қазақстанның қазіргі таңдағы көрші мемлекеттермен саяси байланыстарына жаңа көзқараспен баға беру, зерттеулер жүргізіп, тарихымыздың ақтаңдақ беттерін ашу болып табылады.

### **Зерттеу әдістері**

Бұл жұмыстың әдіснамалық негізін әлемдік тарих ғылымында жалпы қабылданған методологиялық және теориялық тәсілдер құрайды. Авторлар материалдық өндіріспен байланысты адамдар өмірінің әлеуметтік-экономикалық саласын талдауға қолданылатын формациялық және өркениеттік тәсілдерді кешенді пайдалануға бет бұрады. Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну өндірістік қызметті әлемдік-тарихи процестің анықтаушы факторы ретінде қарастыруға негізделген. Дегенмен, зерттелетін кезеңнің дамуындағы жалпы тенденцияларды анықтау прогрестің бірнеше векторларының болуын көрсетеді.

Солардың бірі – тарихи прогрестің мәні – адам қолымен жасалған өндіріс құралдарында, экономикалық және әлеуметтік қатынастарда жүзеге асатын рухани құндылықтардың жинақталуы.

Прогрестің екінші векторы – әртүрлі халықтардың, аймақтар мен елдердің тарихи тағдырларының ортақтығын нығайту. Бұл теориялық ой-пікірлер қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік және басқа халықтардың тарихын салыстырмалы түрде зерттеуде пайдаланылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Ресейдің шығысқа қарай жылжуының түпкі себептерін ашып көрсете келе Түркістан мен Батыс Қытайға ие болса, Азиядағы жағдайдың қалай өзгеретінін К. Маркс пен Ф. Энгельс былай деп түсіндіреді: «Егер орыстар бұл аймақтарға енді соңғы 25 жылдағыдай дәл осы қарқынмен, осы жылдамдықпен және осы ретімен жүре беретін болса, онда 10 немесе 15 жылдан кейін орыстар Үндістанның қақпасын ұрып тұратын болады. Оларға қазақ даласынан өтсе-ақ болды, оңтүстік-шығыс Түркістанның біршама өңделген және құнарлы

жеріне тап болады, олардың жаулаушылығына бірдеңе деп айту мүмкін болмай қалады. Бірнеше жылдар ішінде бұл жерде әскер 50 немесе 60 мыңға жетіп, ол әскер Үндіге қарай кез-келген бағытта жорық жасауға жеткілікті болады» [1, 619-б.].

Орыстардың отар иелену жолындағы саясаты кең көлемде болғанын К. Маркс пен Ф. Энгельспен қатар, мына дерек көзі де растайды. Онда былай делінген: «Біздің оңтүстік-шығыстағы қозғалысымыздың басты мақсаты Үндістанға ұмтылысымыз болып табылады және біздің Орта Азиядағы барлық қимылымыз бен міндетіміздің түпкі мақсаты – Үндістан» [2, 25-б.].

Бұл туралы М.К. Рожкова былай деп келтіреді: «Жаркенттен Леха мен Үндістанға баратын жеңіл жол бар, бұл жолмен түйе өте алатындықтан, әскер де өте алады, сондықтан орыстардан қауіптенген ағылшындар Қаракорым өткелін күзетуде және Қытайлық Түркістанмен байланыс орнатуда» [3, 104–114-бб.].

Ресей империясының Үндістанға басқыншылық жорық жасамақ болғанын жоғарыда келтірілген деректерден басқа, сол уақытта жарық көрген Англияның «Таймс», «Таймс оф Индия», «Таймс оф Цейлон» сияқты ресми баспасөз құралдары атап өтсе, бұл жағдайды Вамбери, Мак-Георг, Керзон және тағы басқалардың деректерімен қатар кеңес тарихшылары да растайды [4, 134-б.; 5, 88-б.].

Ресей патшалығының бұл амалына қазақ-қырғыз алданып тұзаққа түсіп, араларында күнде соғыс, күнде барымта, күнде тартыс болып, аттан ат, қазақта намыс қалмады. Осы күнге дейін үш ру араларында татулық жоқ. Хүкімет ақылды болып надан, соқыр қазақты өзінің амалына түсіріп алды. Береке-бірлігін кетіріп әлсіретті [6, 255-б.].

Патшаның жарлығын саяси құрал ретінде пайдаланған орыс шенеуніктері қазақтар жүздерін бағындыруда аянып қалмады. Алдымен Орта жүз қазақтарын жаулап алып, отарлаған патша өкіметі, оларды Ұлы жүз қазақтарына айдап салып, өз мүддесіне пайдаланады. Нәтижесінде қазақтар өзара қырылып, малдарын барымталап, бітіспес жауға айналады. Осыны шебер пайдаланған орыстар қарамағындағы қазақтарды қорғаймыз деген сылтаумен, Орта жүздің ханы Бөкейге «әскери көмек» беріп, наймандардан «ерекше» қарулы атты әскер жасақтап, Ұлы жүз руларының ауылдарын шабуға аттандырады [7, 13-б.].

«Ілгері уақытта, - деп ашына жазады жалайырлардың сұлтаны Сүйік Абылайханов Батыс-Сібір генерал-губернаторына жіберген хатында, - наймандар малдарымызды ғана барымталайтын, ал соңғы уақытта үйлерімізді тонап, ұлдарымыз бен қыздарымызды тартып әкетуде» [8, 2-б.].

Орта жүз қазақтарымен болған тең емес талас-тартыста Ұлы жүз қазақтарының рулары ауыр соққының астында қалып, тоз-тозы шығады. Бұл жағдайды өз пайдасына шешуге тырысқан патша өкіметі сәті келді деген оймен татар саудагерлерін арнайы нұсқаумен Ұлы жүз руларының ауылдарына жібереді. Патша өкіметіне көп уақыттан бері қызмет жасайтын татар саудагерлері мен молдалары қазақ даласында орыс билігін насихаттайтын құралға айналып, «Орыс, патша, Ресей» деген түсінікті қазақтардың санасына сіңіріп, орыстарға бағындыру үшін көптеген қызметтер атқарады.

Татар өкілдерінің орыс саясатының құралына айналуы II Екатеринаның патшалығынан бастау алады. Ол 1784 жылы 27 қарашада Сібір және Уфа генерал-губернаторларына жарлық шығарады. Онда «Қазақтардың әртүрлі руларына молдаларды тағайындау біздің бұрынғы жарлықтарымызды іске асыруға көмектеседі. Оларды бізге шын берілген қазан татарларынан іріктеңіздер. Қызметке жіберер кезде жақсылап нұсқау беріңіздер. Берілген нұсқауларда татарлар қазақтарды орыстарға берілген рухта тәрбиелеуді, шекараларда жиі-жиі болатын тәртіпсіздіктердің алдын алуды естен шығармауы керек. Бұл татарлардың жол шығынын төлейтін болыңыздар, ерекше көзге түскендеріне сый-құрмет көрсетіңіздер» - деп татарлардың міндеттерін белгілейді [9, 84-б.].

Татар өкілдері қазақ даласында үгіт-насихат жүргізумен қатар тыңшылық кәсіппен айналысып, қазақтар мен Қоқан хандығында және Қытай патшалығында болып жатқан саяси



жағдайларды және әскери күш-қуаты туралы мәліметтерді орыстарға уақытында жеткізіп, қызметтері үшін көптеген жеңілдіктер мен ақшалай сыйлықтар алып отырған [10, 55-б.].

Қазақтардың сеніміне кіріп, “екіжүзді” саясат ұстап, орыстардың «шашбауын» көтерген татар өкілдеріне наразылық білдірген қазақтың белгілі демократ-ағартушысы Ш.Ш. Уәлиханов орыс әкімшілігіне былай деп жазған: «қазақ даласын татарлардан тұратын Орынбор муфтилігінен бөліп, молдалыққа тек жергілікті қазақтар мен қожалардан тағайындап, Орта Азиядан шыққан ишандар мен қожаларды және татар семинаристерін қазақтардың қонысында мекендеуіне тиым салу қажет» [11, 63-б.].

Ұлы жүз қазақтарының ауылдарына орыстардан арнайы нұсқаумен келген татар саудагерлері жоғарыда баяндалған міндеттерді іске асыруға кіріседі. Қазақ ауылдарының арасында бір жыл бойы сауда-саттық жасап, Қазақ билеушілерінің сеніміне кірген татарлар сұлтандар мен оның билеріне Ресей билігін насихаттап, елге тыныштық тек қана Ресейдің қол астына өткен жағдайда ғана орнайтынын, Орта жүз қазақтары тартып әкеткен ұлдары мен қыздарын, малдары мен дүние-мүлкін орыстар ғана алып беріп, наймандардан қорғайтын әскер жібере алады деп үгіттеп, орыстар беріп жіберген заттай сыйлықтарын жалайырлардың билеушілеріне үлестіреді [12, 5–18-бб.].

Орыс әкімшілігінің дем беруімен болған Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарының арасындағы тұтанған руаралық жанжал, сұлтандарға татар саудагерлерінің ұсынысын қабыл алуына, сөйтіп орыс патшасына «өздерін Ресейдің қол астына алуы» туралы және оларды өз қандастарына қорғауы жөнінде өтініш жазып, орыс билігін мәжбүрлікпен қабылдатты. Ұлы жүз қазақтарының билеушілері бұл шешімге жеке өздері емес, ру басылары мен билерімен және қоғамдық пікірмен санаса отырып келген. Ол уақытта қазақ қоғамында демократиялық институттар мықты болғандықтан сұлтандардан бастап хандарға дейін билікті жеке-дара жүргізбей, кез-келген мәселені елдің игі жақсыларымен бірге жиындар мен мәслихаттар арқылы шешкен [13, 188-б].

Сұлтандардың Ресейдің билігін «өз еркімен» мойындауы қазақтардың басқа да руларына орыс әскерінің көмегімен билігін орнатып, хан болуды көкөсеген деген пікірді орыс деректанушылары мен империалистік «дерттен» арыла алмаған кеңес идеологтарының Ресейдың отаршылдық саясатын бүркемелеу үшін қалыптастырды. Себебі хандар мен сұлтандар қазақ мемлекетінің негізгі тірегі болғандықтан, оларды әшкерелеп, жеккөрінішті ету арқылы қазақ халқының санасынан біржола өшірсе, онда болашақта да қазақ халқы олардан теріс айналып, хан, сұлтан, билеуші деген ұғымдардан бас тартып, бір мемлекеттің аясына бірікпес деп ойлады. Сонымен қатар орыс идеологтарының тағы бір арам ойы қазақтың орысқа бағынуына патша өкіметінің еш қатысы жоқ, қазақ билеушілерінің өздері келіп жалынған деген түсінік жатты. Соның нәтижесінде Абылай мен Кенесары сияқты хандарды қазақ халқын «қанаушы», Әбілхайыр хан және тағы басқа сұлтандарды өз пайдалары үшін орыс билігін «өз еркімен» мойындап, орыс әскерлерін қазаққа өз билігін сақтап қалу мақсатында шақыртқан деген пікірге келдік.

Қазақ халқының белгілі бір бөлігінің Орта Азияның (Ташкент ауданы) егіншілік шаруашылығына қолайлы солтүстік-шығысына қоныстануы айтарлықтай кеш жүрді. Бұл XVI ғасырдың екінші жартысында Орта Азия территориясы жаппай өзбектер мекеніне айналған кез еді [14, 92–93-бб.]. XVI–XVIII ғасырлар: саяси билік бірде өзбектердің, бірде қазақтардың, ал енді бірде жоңғарлардың қолына өтіп жатқан аумалы-төкпелі кезең болды. Осыған қарамастан ауданға қоныстанушылардың этникалық құрамы да, шекарасы да еш өзгеріссіз қалды. Атап айтқанда, қазақтар мекен еткен оңтүстік бөлікте (Ангрен жазықтығы) XVI ғасырдың өзінде қоныстану тұрақты болып, қазірге дейін сақталған. Осындай тұрақтылық оңтүстік-батыста өзбектердің ғасырлар бойы егін шаруашылығымен айналысып келген Әмудария бойы Хорезмде де қалыптасады.

Еуропа мен Ресейдегі капитализмнің дамуы шығысқа әсерін тигізбей қоймады. Ресей нарығы XVIII ғасырдың алғашқы жартысынан бастау алып Орта Азиядағы қалыптасқан натуралдық рентаның ақша айналымына ауысуына кері әсерін тигізді.

Бұл кезде Орта Азия мемлекеттерімен шекаралас отырған қазақ руларының жағдайлары да айтарлықтай жақсы емес еді. XVIII ғасырдың екінші жартысында «Орта Азиядағы Бұқар, Хиуа және Қоқан хандықтарының құрылу процесі аяқталып, бұл хандықтардың өз жерлерін шалғай жатқан, көшіп-қонуға ыңғайлы жерлерді басып алу арқылы кеңейту әрекеттері байқалды» [14, 94–95-бб.].

Орта Азия хандықтары қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықтарды, өзара талас-тартысты, қырқысты, тұрақты түрдегі соғыстарды шиеленістіре түседі. XVIII ғасырдың соңынан бастап Қоқан феодалдары қазақтарды өздерінің қол астына қаратуға, олардың жерлеріне бекіністер салып, қазақ даласына әскери жасақтар жіберіп, халықтан алым-салық жинауды жүзеге асыруға барынша ұмтылыс жасайды. Қоқан билеушілерінің бұл әрекеттері тек жергілікті халықтар тарапынан ғана емес, Ресей тарапынан да қарсылықтар туғызады. Хиуа хандарының басқыншылық жорықтары қазіргі Түркіменстанның барлық аудандарын, солтүстікте Сырдарияның төменгі ағысын, осы өзеннің сол жағалауын түгелдей қамтыды. Сырдария өзенінің оң жағалауын қоныстанған қазақ руларының көпшілік бөлігі және оларға жақын жатқан шығыстағы аудандар Қоқан хандығының қол астында қалып қойды [15].

XVIII ғасырдың бірінші жартысында феодалдық бытыраңқылық салдарынан қазақтар мен өзбектер жоңғар феодалдарының шабуылына ойдағыдай тойтарыс жасай алмады. 1723 жылы жоңғарлар Сайрам, Түркістан, Ташкент қалаларын жаулап алды және жан-жағындағы қазақтарды бағындырды. Аш-жалаңаш ауру қашқындар Ташкент, Бұқара, Хиуа, т.б. өзбек қалаларына босты [16, 561-б.]. Онсыз да салық ауыртпалығынан күйзеліп отырған жергілікті халықтың мойнына қосымша жүк түсті. 1728–1729 жылдары қазақ және басқа туысқан халықтардың Орта Азиядағы біріккен күштері жоңғар шапқыншылығына тойтарыс беріп, Қазақстанның көптеген жерлерін азат етті. Алайда жоңғар феодалдарының қол астында Ұлы жүздің көптеген территориялары қалып қойды да, жоңғар елінің жаңадан басталар шабуылының мүмкіндігі сақталды [17, 71–72-бб.].

Осыған байланысты 1731–1732 жылдары Кіші жүз ханы Әбілқайырдың және бірқатар қазақ старшындарының Ресей құрамына енуіне байланысты патша үкіметі XVIII ғасырдың 30-жылдарынан бастап Орта Азиямен саяси және экономикалық байланыстың дамуына көп назар аударды. Осы мақсатпен 1734 жылы Орынбор қаласы, кейін басқа да қамалдар салынды. Олар Қазақстанды одан әрі отарлаудың және Орта Азияға енудің негізгі тірегі болды.

Орынбор-Ресейдің Орта Азия хандықтарымен байланысының негізгі қақпасына айналды. Орынбордың жергілікті әкімшілігі Орта Азияда болып жатқан оқиғаларды қатаң бақылап отырды. Орынбор экспедициясының бастығы И.И. Кириллов Орта Азиядағы жағдайлар туралы мәліметтерді жинаумен жеке өзі айналысқан. Орта Азиямен тығыз байланыс орнату әрекеті И.И. Кирилловтың және Ташкент өкілдерінің келуімен байланысты жасалды. Кіші жүз қазақтарының Ресей құрамына енуі басқа қазақ билеушілерінің де назарын аударды. 1734 жылдың өзінде Ташкентті билеген Ұлы жүз қазақтарының ханы Жолбарыс Уфаға өзінің өкілі, ташкенттік Нұрмұхаммед молда Алимовты жіберген [18, 53–55-бб.]. Нұрмұхаммед молла Алимовты И.И. Кириллов жылы қарсы алып, мынадай бұйрықты шығарды: «Император билігінің жарлығымен Ташкенттен келген сарттарға Нұрмұхаммед молда Алимов пен Бөкей Тұрсыновқа император билігінің пайдасы үшін кейбір істерге әрқайсысына 5 сомнан беру» [19]. И.И. Кирилловтың ташкенттікпен кездесуге үлкен мән бергені туралы мәліметтер аса қызығушылық тудырады. Өйткені, Нұрмұхаммед Алимовтың берген мәліметтерінде, қазақ хандары мен сұлтандары «қалалар мен уездерде тұратын адамдардан ақша-тауар түрінде, егер ол жоқ болса, салық жинаушылар халықтан астықтың бестен бір бөлігін және малдың оннан бір бөлігін, мүйізді ірі қара мен қойды

жинап алып отырды. Салық жинаушылар осы кезде өте қатыгездікпен жұмыс істеді. Көптеген адамдарды төлемегені үшін өлімші етіп сабады. Соның нәтижесінде халық пен салық жинаушылар арасында қақтығыстар болып тұрды. Ташкенттің орналасуы мен қала құрылысы туралы Н. Алимов былай мәлімдейді: «Қала төрт бұрышынан кірпіш дуалдармен қоршалған, оған кіретін 32 қақпа болды. Қала Шыршық өзені бойында орналасқан, онда 20 000 отбасы бар, қаланың үлкен бөлігі өзекте салынған. Қала дуалдарының қалыңдығы соншалық – оның үстімен 2 аттылы адам қатар жүре алады, соғыс қаупі туған жағдайда қарауылдар дуал бойымен шауып, қорғанысқа дайын болсын деп айқайлайды. Бұл қаланың ұзындығы түстен кешке дейін созылады, көлденеңінен де солай. Мешіттер мен үйлер кірпіштен салынған, әр үйдің қақпасында мұнара бар. Қаладан 114 шақырым қашықтықта 10 000 әскерге дейін сиятын бекініс орналасқан. Қалада үлкен 40 мешіт бар, орталықта Кремль орналасқан, барлық жағынан кіретін 6 қақпасы бар, бұл Кремльді ескі Ташкент деп атайды».

Сондай-ақ, Ресейдің ежелгі актілер мұрағатынан XVIII ғасырдың бірінші жартысындағы Ташкент тарихы туралы, 1741 жылы Ташкентте болған татарлық саудагер Шубай Арслановтың хабарламасында кездеседі [20].

Жоңғарлардың қолына билік көшкеннен соң, жағдай тіпті қиындап кетті. Енді салықты тек жоңғар ханына ғана емес, қазақтардың Ұлы жүз феодалдарына да төлеу керек еді. Себебі, олар жергілікті тұрғындарды үнемі қорқытып, қала билеушісіне де осыны айтатын болған. Ташкенттіктердің өмірін бейнелей отырып, Арсланов олардың көшпелілерге тәуелділігін айқын көрсетеді [21, 193-б.].

Өз тарапынан Кусек бек Ташкентті билеуді қолға алған соң жоңғарларға аманат беру арқылы олармен келісімге келеді. Сөйтіп төрт жылдың ішінде салық жинаумен қалалықтардың жағдайын әбден нашарлатады. Халықтың оған деген жеккөрініш сезімі шексіз еді. Оны тұрғындардың биліктен тайдырғысы келген іс-әрекетінің нәтижесіз аяқталғандығының Арсланов куәсі болған екен. Кусек бектің үйіне астыртын түрде кірген адамдарды біреу сатып кетіп, олар жедел түрде ұсталып қалады. Ұйымдастырушылардың саны бесеу екен, сонымен бірге олардың әкелері мен ағалары жалпы саны 25 болған. «Олардың барлығы өлім жазасына кесілді, кейбіреулерін дарға асты, әйелдер мен балаларын құлдыққа сатты» [22, 413–414-бб.]. Ташкенттен кетерден 20 күн бұрын, ол жерге жаңа билеуші келді, оны Жоңғар ханы Қалдан-Церен жіберген болатын. Жаңа билеуші қалмақ Қасым-Кузе келмей жатып сыйлықтар мен алымдар талап ете бастады. Қалдан-Цереннің мұрагері Сейітхан билеген Түркістанның жағдайы да дәл осындай еді. Қала тұрғындары жоңғарларға да, қазақ феодалдарына да салық төлеуге мәжбүр болды.

А.И. Левшиннің мәлімдеуінше, сол уақытта қазақ сұлтандары Ташкенттің ішкі саясатына араласты, қала күнделікті жан-жақты қоршауда тұрды. Олар Ташкент маңына егін егіп сол жерлерді иеленген. Әсіресе, Ташкент, Жоңғария күйрегеннен кейін (1756 ж.) Ұлы жүзден зардап шеккен [17, 87–88-бб.].

Абылай хан тұсында Ташкент және оның округтерін – қазақ жүздері бөліске түсірген. Шымкентті шымыр аталығы иеленді. Ташкент төрт бөлікке бөлінді – Ысты (Бесағалы), қоңырат және Орта жүзде (Көкше), Жаныс (Сибзар), Сіргелі, Ысты, Ошақты-Шейхантаур. Наймандар Чинас шықтым руы – Паркентті басқарды. Төле бидің баласы Ниязбек жаныс руынан Ташкент түбінде қамал тұрғызды. Сіргелі руына Байтенек және Қият руынан Қибрай қамал тұрғызды. Ташкенттің төрт округін Абылай ханның туыстары: Бабахан-төре (Шейхантаур), Раджаб-бек Аштраханидтер әулетінен (Бешагач). Мұхаммед Ибрахим-бек Шағатай әулетінен (Көкше) және Жошы ұрпақтары (Сибзар) басқарды [23], өздерінің арасында билік үшін талас-тартыс басталды.

Оңтүстіктегі қазақ жерлері туралы маңызды мәліметтер 1796 жылы барған Ресей елшілері арқылы алынған. Ресей елшілерінің құрамына сержант А.С. Безносиков, казак-

атаманы, подпоручик Д.Телятников және аудармашы Сібір казактарының бірі, капрал Я. Быков енгізіледі. Алексей Безносиков 1794 жылы Колывано-Воскресенск тау-кен зауытының обершихтмейстрі Тимофей Бурнашевпен бірге алғашқы елшілердің құрамында Орынбор және Бұхара арқылы Ташкентке бармақшы болып, алдын-ала белгіленген әрекеттері сәтсіздікке ұшыраған еді. Оның сәтсіздікке ұшырауына Сібір әкімшілігінің Орта Азиядағы саяси жағдайы туралы мәлімет ала алмағаны себеп болып, елшілер Бұхарада қолға түсіп сапарларын жалғастыруға мүмкіндік болмай, 1795 жылы сәуір айында Омбыға қайтып оралған еді.

Ресей мәмлегерлерінің жаңа сапары Ташкент билеушісі Жүніс қожа өтінішінше жауап ретінде, Ташкент билеушісі мен Ресейдің арасындағы сауда қатынастарының көлемін кеңейту және жандандыру мақсатында жүзеге асырылды.

Алғашқы елшілер әрекетінің сәтсіз аяқталуы жөнінде Ресей үкіметіне берген хабарламасында Сібір корпусының басшысы генерал-лейтенант Г.Э. Штрадман былай дейді: «Предпринимаемы уже были мною меры к отправлению их (елшілер – Ө.Қ.) другим способнейшим путем» [24, 13-б.].

Жаңа елшілерді қазақ даласы арқылы өтетін керуен жолымен тікелей Ташкентке жеткізу мақсаты қарастырылады. Сібір әкімшілігі олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ниетімен Орта жүздің Қаракесек руының сұлтаны Бөкейге көмек ретінде елшілерге жол бастаушы мен қарулы күзет беруін, айтып, өтініш жасайды [25, 168-б.]. Осы өтінішке Бөкей сұлтан жолбасшылыққа өзінің баласы Есім сұлтанды тағайындап, оның қасына екі қазақтан тұратын күзетті қосып беріп орыс елшілерін Ташкентке аман-есен жеткізіп салады.

Орыс елшілерін Ташкентте үлкен құрметпен қабылдайды. Ресейдің арнаулы тапсырмамен жіберілген өкілдері Ташкент билеушісі Жүніс қожаның иелігінде бір жылдай болып, осы өлкенің қоғамдық-саяси, шаруашылық өмірімен жете танысады. Олардың жинаған материалдарындағы хабарламаларды, қолжазбаларды, естеліктерді көптеген зерттеушілер өздерінің ғылыми жұмыстарына пайдаланған.

Орыс елшілері дайындаған материалдардың арасындағы өте құнды құжаттардың бірі – казак әскерінің атаманы, подпоручик Дмитрий Телятниковтың «Объявление» естелігі. Бұл естелікті тарихшы-ғалым Ю.А. Соколов шығыс елдерінде сақталған құжаттармен салыстыра отырып, тарих ғылымына пайдалануға болатын «күмәнсіз дұрыс» құжат деп табады [25]. Салыстыру кезінде шығыс елдерінде сақталған құжаттардағы мәліметтер Телятниковтың қолжазбаларындағы мәліметтермен толық сәйкес келген. Орыс елшілері Телятниковтың мәліметтерінде көрсетілгендей [26], Ташкентте ұзақ уақыт болып, өздерінің жасаған алғашқы бақылау, бейнелеу жұмыстарын және алған әсерлерін егжей-тегжейіне дейін анықтауына мүмкіндік алды. Д. Телятниковтың мәліметінше, Жүніс қожа 1784 жылы Ташкент билеушісі болған. Алайда, ол қаладағы сепаратистік күштермен күресті одан кейінгі жылдары да жүргізген. Ташкент өзінің саяси құрылысы жағынан Бұқар, Қоқан және Орта Азияның басқа хандықтарынан еш айырмашылығы болмады, өзара қырқысу күресі жүріп жататын қарапайым феодалдық иелік болды.

Сонымен қатар, Ташкент билігіне Ташкенттің шаруашылығы мен сыртқы саудасында көрнекті орын алатын, қаланың Шейхантаур бөлігінің жергілікті қожалары келді. Алайда Ташкентті басқаруға Ресеймен сауда жасайтын бай қолөнершілер мен көпестер де ықпал жасап отырды. Бұл саудаға Жүніс қожаның өзі де қатынасты [27, 182-б.].

Д. Телятниковтың жазбасында Жүніс қожаның құзырындағы қазақтың шанышқылы, үйсін рулары Ташкент билеушісіне алым-салық төлеп тұратындығы айтылған. Бірақ мұндағы Жүніс қожа алым-салық жинау кезінде қол астындағы рулардан түтін басынан бір қойдан [28, 158-б.] алып отырды деген мәлімет қате. Оның басты дәлелі Д. Телятниковтың естеліктерінен басқа құнды құжаттар мен хаттарда, күнделіктерде Жүніс қожа көшпелі қазақтардан салық жинағанда түтін басынан бір қой емес, әр жүз қойдан бір қой алатындығы айтылады.

Телятниковтың хабарламаларындағы тағы бір ерекше назар аударатын нәрсе – керуен жолдарындағы әскери-саяси жағдайлар, Ертіс өзенінен Ташкентке қарай жүрер жолдағы қазақ руларының орналасуы және оларға басшылық етіп отырған қазақ сұлтандары мен билерінің есімдері жөніндегі мәліметтер. Бұл мәліметтер атақты Қоқан тарихшысы Мұхаммед Салих Ташкендидің осы мәселелер жөніндегі мәліметтерімен үндес.

Жүніс қожа билікті өз қолында ұстап, бес бірдей ұлына: Мұхаммед-қожа, Хан-қожа, Хашим-қожа, Сұлтан-қожа және Хамид-қожаларға Ташкент маңындағы қамалдарды басқартып отырған.

Жүніс қожаның Орта Азияның бірқатар аудандары мен Ұлы жүз аудандарын бағындыру үшін жүргізген күресі тұрғындарды аяусыз қырумен жүрді. Ол өз билігінің қарамағына түскен Ұлы жүз қазақтарына салық салумен қатар, оларды әскери күш ретінде пайдаланды.

Жүніс қожа Ұлы жүздегі хандық билікті жойды. Енді Ферғана мен Зеравшан жазығынан қазақ даласына, одан әрі Ресейге баратын жолдарға бақылау жасау Ташкенттің қолында болды. Мұндай жағдай Ташкенттің Орта Азиялық хандықтармен, әсіресе Қоқан хандығымен қарым-қатынасының шиеленісуіне әкелді.

Жоғарыда атап көрсеткендей Д. Телятников Жүніс қожаның көршілермен қарым-қатынасын былай сипаттайды: «Билеуші барлық көршілермен қырқыста тек қожалық көршісімен тату» [29, 8-б.] бейбітшілік жағдайда болды. Ташкенттің Қоқанмен қатынасының шиеленісуі олардың арасында әскери қақтығысқа әкелді.

1794 жылы Қоқан билеушісі Нарбота би үлкен әскермен Шыршық өзенінен өтіп, Ташкент маңындағы елді мекендерді және осында көшіп-қонып жүрген Ұлы жүздің шанышқылы руын тонай бастады. Жүніс қожа әскері шанышқылармен біріге отырып, күшті қарсылық көрсеткені соншалық Нарбота би шегінуге мәжбүр болды [30, 187-б.].

XVIII ғасырдың соңында Ташкент жеке иелік етудің орталығы болды және XIX ғасырдың алғашқы он жылдығының соңына дейін өмір сүріп, 12 жыл бойы Жүніс қожа басқарды. Поспеловтың дерегі бойынша Жүніс қожа қазақ сұлтандарына қарсы өз әскери жорығын 1799 жылы аяқтаған. Бұл кезде Ташкент билігіне Түркістан мен Қаракөл деген атпен белгілі көлге дейінгі территория бағындырылды [31, 16-б.]. Бірақ қазақтар Ташкент билеушісіне түбірімен тәуелді болмады, өздерінің тонаушылық әрекетімен қала тұрғындарына қысым жасап, ұзақ уақыт бойы олар үшін қауіпті болды. Көптеген ауылдар тұрғындарымен солардың билігінде болды [32]. Сол кезеңде қазақтардың саны ташкенттіктерден асып түспеді. Далалы жердегі тұрмыс тіршілігіндегі ерекшелік әр болыста би немесе старшындар бар, яғни олар басты билеушіге келіп, болыстағы тыныштыққа жауап береді. Содан соң бағыныштылар жыл сайын алым-салық төлеп отырды: жүз қойдан бір қой, ал жылқыдан, ірі қарадан алынбады. Егер бір болыста ұрлық немесе өзара келіспеушілік болса, билеушілер оны шеше алмады, яғни басты билеушіге келеді. Ол мұндай істерді жәбірленушінің пайдасына шешеді, ал кінәліні жазалап, кейбір малын тартып алу есебі арқылы айыппұл салды. Маңызды қылмыс үшін өмірінен айыратын. Қасында жаза мен қайырымдылығы бар жаңа биліктің тұсындағы қазақтар өздерін көрсеткендей болуға қорқады, өйткені басты билеушіге жеткен барлық қылмыстар жауапсыз қалмады.

Ташкент бегінің қазақтардан алым-салық жинағаны туралы, сол кезде өмір сүрген Қоқан феодалдарына қарсы күрескен, әрі айлакерлігімен көзге түскен Бошан Абылайұлы жөнінде мынадай әңгіме бар [33]. Ол кезде Бошанның шын болмысы ашылып, аты елге белгілі бола бастайды. Шойбек датхамен (Төле шөбересі) бірге ел ішіндегі даулы істерге араласып та жүреді. Бір жолы Келестің жоғарғы жағын жайлап отырған жайдақ руының 14 жасар қызын Шыршық бойындағы құрамалар алып қашып кетеді. Екі-үш адам болып артынан қуып барған жайдақтарға құрамалардың жігіттері қызды көрсетіп, қалың мал төлемек түгілі, өздерін сабап-сабап, біреуінің көзін шығарып, біреуінің басын жарып, кері

қайтарып жібереді. Бұған ашуланған жайдақтар датхасы, Арал бидің баласы Марқабай қасына он шақты кісі ертіп, Ташкенттің билеушісі Рәжіпханға келеді. Сөйтсе, әлгі қыз алып қашып, күш көрсетіп жүрген жігіттер Рәжіпханның оң қолы, құрама жұртының датқасы Сақымның туыстары екен. Рәжіпханды арқа тұтқан Сақым бұларға жеңістік бермей, қайта өздеріне жала жауып, Марқабайды қаматып қояды. Бұл оқиға Ташкенттегі бекке алым-салым жөнінде есеп беруге барайын деп дайындалып жүрген Шойбекке жетеді. Шойбек: Ал, сенің Қоқан бегінің алдына барып, өз туыстарының арын арашалап алатын кезін, өзіңнің шын батырлығың мен шешендігіңді көрсететін мезгілің келді. Бек алдында сөз тауып айта алмасаң, қатынның киімін кигізіп, өзіңді маскара қылады, - деп Бошанды қайрап-қайрап жанына ертіп алады. Бұлар Ташкентке келсе, алым-салықтарын алып келген қазақ датхалары сарайға жиналып қалыпты. Сарай іші у-ду. Алым-салықтарды түгел әкелмеген кейбір датхаларға бек қатындардың ұзын көйлегін кигізіп, мойындарына арқан салып, оны жоғарыға кере байлап, артынан ұзын таяқпен шұқып: Осы тұрған тұрысың саған жараса ма, жараспай ма? - деп мазақтап жатыр екен. Үрейі ұшқан сорлы датхалар:

- Ия, тақсыр, жарасады, жарасады, - деп шулап жатыр. Шойбек пен Бошан бектің сарайында осындай келемеж көрініс үстіне тап болады. Бұлар кірген бойда бекке иіліп сәлем береді. Бірақ бек олардың сәлемін алмай бірден:

- Әй, Шойбек, мына тұрыс мыналарға жараса ма? Айтшы? - дейді Шойбек не деп жауап берерін білмей сасып, Бошанға жалтақ-жалтақ қарай беріпті. Сонда Бошан:

- Ия, тақсыр! Бұлай қорлану басынан бағы тайғандарға ғана жарасады, - деп жауап береді. Оған ала көзімен ата қараған бек:

- Ал, қатынның киімін киген еркек кімге лайық? – дейді. Бошан тағы да тайсалмай:

- Басынан бағы тайып тұрған бектің сарайына лайық, - дейді.

Сөзден жеңілген бек Шойбекке бұрылып: - Мына қап-қара сайрап тұрған кімің – деп сұрайды. Шойбек күмілжіп ештеңе айта алмайды. Оның орнына Бошанның өзі суырып алғандай:

- Тақсыр, аң патшасы арыстан да, алғыры қасқыр емес пе? Еркектің керілген көрімдей қатын сияқты аппағы сартта болмаса, қазақта жоқ дейді тақылдап. Әбден ұтылып, әрі қарай сөз таластыруды жөн көрмеген бек байлаудағы датхаларды босатады.

Бошанның батырлығы мен шешендігіне риза болған бек оған Ташкентте қалып оқуды, сондай-ақ сарайда қызмет етуді ұсынады.

Қожа ханның өзі тұтқынға түсіп, 70 сарбазымен азапталып өлтіріледі. Бұл соғыстың Қоқан хандығы үшін сәтсіздікпен аяқталғандығын М. Пospelов былайша баяндайды: «При робости хотя и превосходного числом кокандского войска...ташкенцами одержана победа, она еще и тем увеличена, что кокандский владелец со многими чиновниками и другими людьми попал в плен» [34, 42-б.]. Қоқандықтар Ходжентті жоғалтқаннан кейін, Солтүстік Ферғанада Әлім ханға қарсы Шуста қаласының әмірі Бұзуруқ қожа бүлік шығарды. 1800 жылы Жүніс қожа Ходжентке келіп, қала билеушісімен одақтастық құрды. Қоқан әскерлері, Сырдария өзенінен өтіп, Әлім хан тек үшіншішабуылдан кейін, Шуста қамалын алып Бұзуруқ қожаны өлтіреді [35].

Ташкент билеушісі Жүніс қожа иелігіндегі қазақтар туралы толық мәліметтер орыс елшілерінің құрамында болған сержант Безносиковтың «Журнал похода подпоручика и атамана Д.Телятникова в Ташкент» деген жазбаша хабарламасында кездеседі. Осы хабарламамен өз уақытында Ш. Уәлиханов жеткілікті түрде танысып, өзінің жеке мұрағатында сақтаған [36]. Д. Телятников пен А.С. Безносиковтың хабарламалары мен күнделіктері XVIII ғасырдың соңындағы Қазақ - Орта Азия, Қазақ-Орыс қатынастарының тарихы жөніндегі құнды деректердің бірі болып табылады. Д. Телятниковтың жазбаша мәліметтерінде орыс елшілерінің Ертіс өзеніне жақын таулы аймақтардағы атақты Барақ ханның немересі, Бөкей сұлтанның баласы Тоғым сұлтанның қоныстарында болғандығы, Ресей және Ташкент керуендерін шығарып салудағы қазақтардың Орта және Ұлы жүздері

өкілдерінің ара ағайындығы туралы маңызды хабарлар, сонымен қатар Сібір мен Орта Азия мемлекеттерін байланыстыратын сауда жолдарына бақылау жасау мәселесі бойынша жекелеген рулардың арасындағы өзара қырқысулар, қақтығыстар жөніндегі мәліметтер егжей-тегжейлі баяндалады [37, 242–244, 246-бб.].

Д. Телятников пен А. Безносиков өздерінің хабарламалары мен күнделіктерінде Ташкент иелігіне сипаттама бере отырып, Жүніс қожаның Ташкентті билеу ісіндегі қазақтардың атқаратын рөлі және Жүніс қожаның оңтүстік қазақтарына қатысты іс-әрекеттеріне айрықша назар аударады. Орыс елшілері осы кезеңдегі (XVIII ғасырдың аяғына қарай) Түркістан қаласындағы биліктің қазақ хандары Есім мен Болат ұрпақтарының қолдарында болғандығын, олардың «өзара келісімге келе алмауына» байланысты Бұхара билеушісі Шахмұрат бекке [37, 242–244-бб.] тәуелді (протектораты) болып қалғанын айтады. Осы мәліметтер мен хабарламалардың дұрыстығын бұхарлық [38, 12–14-бб.] құнды құжаттар, жазбаша деректер толығымен растайды.

А. Безносиковтың жоғарыда аталған деректі хабарламасында Жүніс қожаның құзырындағы адамдары мен көршілес қазақ руларына байланысты саясаты, қазақ-бұхар қатынастары, Сырдария маңындағы қалалар төңірегіндегі саяси күрес туралы қызықты мәліметтер беріледі. Осының бәрі XVIII–XIX ғасырлардағы Қазақстанның оңтүстігіндегі саяси-әлеуметтік жағдайлардың барынша шиелініске түскенін, соның салдарынан қазақтардың Ташкент билеушісі Жүніс қожаның билігіне көп ұзамай Қоқан хандарының бағыныштылығына душар болғанын дәлелдейді.

Жоғарыда атап өткендей, 1796 жылы Ташкентке Д. Телятников, А.С. Безносиковтың елшіліктері қонақжайлылықпен қарсы алынып, қала өмірімен жақынырақ танысып, Ресей мен Ташкент арасындағы сауданың жандануына қатысты келіссөздерді жүргізуге мүмкіндік алды. Бір жылдай болып, олар Ташкенттен қайтып кетті. Орыс елшілерімен бірге Жүніс қожа құрамында Мулладжан Максум мен мыңбасы Ашур Али Бахадүр бар жауапты елшіліктерін қосып жібереді. Олар Д. Телятников пен Безносиковтың шығарып салуымен 1797 жылы қарашаның басында Петербургке келеді. Орыс үкіметі ташкенттік елшілерге үлкен жауапкершілікпен қарады. Оларды Павел I мен мемлекеттік канцлер А.А. Безбородко қабылдады.

Мулладжан Максум және Ашур Али Бахадүр орыс үкіметіне Жүніс қожаның грамотасын, өздерінің атынан канцлерге хат тапсырды. Жүніс қожа грамотасында орыс елшілерінің Ташкентке келгендігін растап, өлкенің табиғи байлықтарын игеруге көмектесу үшін тау-кен өндірісінің екі инженерін жіберуді сұрады. Мулладжан Максум және Ашур Али Бахадүр өздерінің хатында Ташкент пен Ресей арасындағы өзара тиімді сауданы дамытуды, сонымен бірге Ташкентке Қытай мемлекеті шабуыл жасаған жағдайда әскери қорғауды сұрады [39, 2-б.].

1796 жылы наурыз айында ташкенттік елшілер Петербургтен қайтып, маусым айында Омбыға жетті, ал ол жақтан Ташкентке аман-есен оралды. Олар Жүніс қожаға Павел I грамотасын, А. Безбородко мен Сібір желісінің бастығы, генерал-майор Горчаковтың хаттарын әкелді. Ташкент елшілері қойған сұрақтарға жауап соңғы екі хатта берілді. А. Безбородко Ташкент көпестеріне барлық жағдайларды жасайтынын хабарлаған [39, 11–12-б.].

Сонымен бірге Жүніс қожадан орыс көпестеріне еркін сауданың дәл сондай құқықтары мен қауіпсіздік кепілдігін беруді сұрады. Орыс үкіметінің Ташкентке оның табиғи байлықтарын зерттеуге тау-кен инженерлерін жіберетінін айтты. Әскери көмекке келетін болсақ, А. Безбородко қажет болған жағдайда Ресей Ташкентке көмек көрсетеді. Бірақ орыс үкіметі Қытайдың Ташкентке шабуыл жасайтыны туралы ойдан аулақ, сондықтан ол да Горчаковта Жүніс қожаға Қытаймен қарым-қатынасты шиеліністірмеуге шақырды [39, 9–14-б.].

Д. Телятников пен Мулладжан Максумның елшілігі Ташкенттің Ресеймен қарым-қатынасы тарихында көрнекті орын алады. Осы елшіліктің арқасында екі жақтың өз арасындағы болашақ экономикалық және саяси байланыстардың дамуы туралы көзқарастары ашық айтылды. Мулладжан Максум және Ашур Алидің орыс үкіметімен жүргізген келіссөздердің нәтижесінде, 1800 жылы Сібір әкімшілігі ұйымдастырған келесі Ресей елшілерінің сапарымен тығыз байланысты. Бұл жолы мәмлегерлік сапарға тау-кен ведомствосының инженері Михайл Поспелов пен Колывано-Воскресеньек тау-кен зауытының обершхтмейстрі Т. Бурнашев шығады. Олар Ташкент билеушісі Жүніс қожаның өтініші бойынша тыңайтқыш (селитра) өндіру тәсілдері мен Ташкент маңында кен орындарын ашу үшін барлау жұмыстарын жүргізу мақсатында барады [40, 112-б.].

Орыс елшілері Ташкенттің кен орындарын тиянақты зерттеп, орыс үкіметіне ол туралы мәліметтер беріп отырды. Тау инженерлерін жібере отырып, орыс үкіметі инструкциядан белгілі болғандай өлкенің табиғи байлықтары туралы барлауды мақсат етті. Бурнашев пен Поспеловтың Сібір желісі әскерінің командирі генерал-майор Лавровқа берген рапортынан біз Жүніс қожаның орыс инженерлері кен балқыту ісін дұрыс орналастыруға көмектескенін қалағанын білеміз. Бірақ орыс үкіметінің нақты бұйрықтары болмағандықтан, олар бұл өтінішті орындай алмаған.

Сібір әкімшілігінің орыс елшілерінің рапортына зерттелген кен өндіру аймағының үлгілері мен сол зерттелген ауданның сызбасы қосылды [41, 4-б.].

М. Поспелов пен Т. Бурнашев сапарларынан қайтып оралысымен «Об особенностях дороги через киргиз-кайсацкую степь» деген жолжазба жариялайды. Бұл еңбектегі мәліметтер белгілі шығыстанушы Н.А. Халфиннің сөзімен айтқанда «Империяның жоғары қызметтегі адамдарының арасындағы зәру мүдделерге қозғау салды» [42, 52-б.]. М. Поспеловтың жолжазбасы XVIII–XIX ғасырлар арасындағы қазақтар үшке бөлінеді: Үлкен, Орта, Кіші Ордаға. Біріншісі Шу өзенінен Сырдарияға дейін мекендеген, көп бөлігі Ташкент билеушісінің тәуелділігінде, Орта жүз Ертістің ұзындығымен Бетпақдала аймағына дейін, Кіші Орда Бұхараға дейін жетіп, Орынбор желісінің маңын қоныстанды.

Әсіресе, Орта мен Кіші Орда Ресейдің қол астында, яғни барлық алым-салықтан босатылған. Ал Ташкент иелігіне жататындар соғыс кезінде әскерге пайдаланылды, кейде оларды бағынуға міндеттеген алым-салықтар салды, сондай-ақ Ұлы жүздің саяси өміріндегі көптеген фактілерімен, қазақ-қоқан қатынастары және Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі Қоқан хандығының әскери-саяси экспансиясы туралы мағлұматтарымен құнды [43, 95–103-бб.].

1802 жылдың аяғында Омбыға Ташкенттен ұлы уәзір титулын алған, яғни премьер-министр М. Максум бастаған 7 адамнан тұратын елшілік келді. 1803 жылдың басында елшілік Петербургке жетті.

Елшілер орыс үкіметіне Жүніс қожаның грамотасын және елшіліктің негізгі міндеті жазылған М. Максумның хатын тапсырды. Орта Азияның Ресеймен қарым-қатынасы тарихында тұңғыш рет Ташкент үкіметі мыс балқыту мен жарылғыш заттарды құю үшін Ташкентке 5 жыл мерзімге орыс шеберлерін, сонымен бірге 1000 пұт мыс пен 500 винтовка жіберуді сұрады. Аталған өтініштер Ташкентке Қытай тарапынан болуы мүмкін шабуылдан қорғану мақсатында деп көрсетіледі. Орыс үкіметі елшілік өтініштеріне зор ықыласпен қарап, мыстың аталған мөлшері мен шеберлерді жіберуге келісім берді. Ал қаруға келетін болсақ, Ресей Қытаймен достық қарым-қатынаста болғандықтан, қаруды бере алмайтынын айтты. Бұдан басқа, М. Максум өз атынан сауда министрі Н.А. Румянцевқа хат жіберді, «онда Орта Орда сұлтандары тонаған ташкенттік және ходженттік көпестердің тауарларын қайтаруды сұрады» [44, 40–43-бб.]. XVIII–XIX ғасырлардағы Ташкент иелігіндегі саудада бай көпестердің маңызының артқандығын көрсетеді [45, 50–51, 54–57, 58-бб.].

1800 жылғы Ферғана жорығының сәтсіздігі мен бұдан кейінгі Жүніс қожаның балалары мен мұрагерлерінің әлсіздігінің нәтижесінде және қазақтардың көмегінен айырылған



Ташкент, Қоқан әскерлеріне қарсы соққы бере алмады. Ферғаналық тарихшылардың айтуынша, Ташкент Қоқан хандығының жартылай тәуелді облысына айналды [14, 112-б.]. Төңіректегі қазақтардың көмегінсіз Хамид Қожа әлсіз болды. Омар бектің Ниязбекке қалдырған аз ғана қоқандық гарнизоны бекіністі сақтаумен бірге тұрғындары құрғақшылықтан зардап шеккен Ташкент қаласына шабуыл да жасады. Мұндай жағдай Аваз Мұхамедтің сөзі бойынша 7 жылға дейін созылады. Ташкентті Әлім хан біржолата жаулап ала алмады және қалаға су жіберілмеді [46].

Қоқан әскерлерінің Құрамаға және әрі қарай Ташкентке аттануынан оларға қарсы тұра алмайтынын сезген Хамид қожа Бұхараға қашады [47].

Нияз Мұхаммедтің мәлімдеуінше, [48, 65–66-бб.] Қоқан әскерлерінің жақындағанын естіген ташкенттіктер шабуыл кезінде өздерінің мүліктері мен құнды заттарынан айырылмай үшін жерге көміп тастайды. Қаланың ақсақалдары, ағалықтары, арбабтары [49] жаңылыса бастады, халықты бекініс қабырғасына дейін ығыстырды. Қалада бассыздық басталды, барлығы қорқыныштан, ақылдан айырылды. Азық-түлік қоры қалада болмады, қақпаның жабылуына байланысты төңіректен азық-түлік әкелуге тиым салынды. Аш балалар көшеде нан сұраумен қаңғып жүрді. Көптеген қала тұрғындарының көңіл-күйінің мәз еместігін білген Әлім хан, Шыршық өзенінің бойындағы Қойлық қаласынан өзінің артиллериясына келеді.

Барлық қазақтар және төңіректегі отырықшы тұрғындар хан әскерлері жағынан тоналды.

Көптеген Орта Азиялық қалалардың ішінен Ташкент қаласы қарастырылып отырған уақытта балшық қабырғамен қоршалды. Поспеловтың айтуынша, [34, 27-б.] биіктігі 26 фут, төменнен қалыңдығы 6, жоғарыдан 3 футқа жетті, ал қабырға шеңбері 18 верстқа, қабырғада 16 қақпа болды. Өзінің биіктігіне, қабырғасының қалыңдығына және көптеген тұрғындарының болуына қарамастан бекініс қоқандықтарға төтеп бере алмады. Салара жағалауына келгеннен кейін Әлім хан өзінің артиллеристеріне бекіністің оңтүстік жағында орналасқан екі қақпаны атқылауға бұйрық берді. Қалған әскерлер қаланы барлық жағынан қоршап алды. Артиллериялық атқылау екі күнге созылды.

Автордың сөзіне қарағанда қоқан әскерлері артиллериялық дайындықпен қатар жер қазу ісімен де айналысты. Күректің, балтаның көмегімен қоқандықтар қала қабырғаларын бұзып-жарып, оларды мұнаймен, оқ-дәрімен толтырды [50, 52–53-бб.]. Барлық дайындық жұмыстары біткеннен кейін бұйрық бойынша бір уақытта салынған зарядтардың жарылуы және барлық қару-жарақтардың дүркін-дүркін атылуы болды. Тарихшының айтуынша, қаланың жері, топырағы аспанға ұшты, оқ-дәрінің түгіні бұлтпен араласып кетті. Атыс пен жарылыстың дыбысы естілгеннен кейін Қоқан әскерлері, қалаға баса көктеп кіреді. Қала тұрғындарының ішінен атақты және ықпалдыларды тұтқынға алып, оларды өзінің астанасы Қоқанға жібергеннен кейін, Әлім хан қазақ аудандарының төңірегіндегі қалаға тәртіп орнатуға кірісті. Осы мақсат үшін ол барлық қазақ билерін шақырып алып, олардан салықты өндіріп алғаннан кейін қайтадан оларды бұрынғы әдет-ғұрып бойынша бөлек-бөлек қазақ тұтқындарының арасына би қып тағайындап, өз жерлеріне жібереді.

70 жылдардың ортасынан – XVIII ғасырдың аяғына дейін Қоқан хандығын Әбдулкәрім бидің немересі Нарбота би биледі. Оның таққа отыру қарсаңы аласапыран кісі өлтіру мен билікке таласу заманы болды. Нарбота би біраз уақыт хандық тақтан бас тартқан. Ферғанада тақта отыру өте қауіпті деп санаған. Қоқан қаласының атақты азаматтары салтанатты түрде Нарбота биге адал қызмет етуге ант берген, толық қолдайтынына уәде еткен [51, 660-б.]. Тек осыдан соң Нарбота би тақта отырған сынайлы. Замандасы Ахмет Шайхтың айтуына қарағанда [52, 13-б], «Нарбота хан заманында біз бала едік, сонда да аталарымыздың сөзі құлағымызда. Нарботаны адамдар хан демейтін «бек», яки «улеми» деуші еді. Хан деген «хун» сөзінен алынған «зұлым иесі» деген мағына береді, сонан хан деуге қызықпай «бек»

атап, Нарботаның пакизаттығы да болғандықтан «улеми» деп атаушы еді» дейді. Абдурахман бидің баласы Нарбота хан он төрт жасында таққа отырып, 36 жыл билік құрып, 1796 жылы қаза болған. Ферғана хандары арасында ең көп, ұзақ хандық еткен осы кісі Нарбота бидің басқаруы тұсында Ферғананың Бұхар хандығына шын мәнісіндегі тәуелділігі жойылды. Осыған қатысты географиялық жағдайы да маңызды роль атқарды.

Ферғана даласы ыңғайлы қатынас жолдарының торабында орналасқандықтан, жақсы жағдайларды иемденді. Бұл негізінен маңызды керуен жолдарына байланысты болды, солардың бірі – Ошқа баратын жол, содан Терек-Диван арқылы Қашқарияға, екіншісі Ходжент пен Ұратөбе арқылы Самарханд пен Бұхарға, үшінші жол Ақсу кентінен Кендір-Диван арқылы Ташкентке, ақырғы жол Памирге бағытталды.

Негізінен Қоқан хандығы XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Тәуелсіз Түркістанның бүкіл шығыс бөлігін алып жатты. Ол солтүстігінде құнарсыз дала арқылы бөлініп тұрған Сібірдің шеткі округтерімен, батысында Хиуа және Бұқарамен, Оңтүстігінде Қаратегін, Дарваз және Кулябпен, Шығысында Қашқариямен (Шығыс Түркістан) шектесті. Қоқан хандығының құрамына Сырдария өзенінің оң жақ жағалауы мен Алатауға дейінгі жерлерді алып жатқан Наманган аймақтары және Ташкент пен Ходжент қалалары арасындағы Ұра Төбе аймағы кірді. М.И. Венюковтың айтуынша, Қаратаудың Солтүстік беткейіндегі Сүйіндік, Қара-чыр, Сауысқандық өткелдеріне қарама-қарсы Созақ және Шолаққорған атты екі кішкене елді мекен болды. Олар Қоқан хандығының солтүстігіндегі ең шеткі тұрғын пункті. Талас өзенінің шығысы мен Арыстың батысында Арысланды, Қарабах, Батен сияқты ұсақ салалары болды. Талас бойындағы таулы мекендердің бәрінде, қырғыздардың көшпелі тайпалары мекендеген, тек өзеннің таудан шығар тұсында Әулие-Ата қалашығы тұрды. Ол қала елдің сол ауданындағы басқарушы орталық және бүкіл солтүстік шекарасындағы негізгі стратегиялық пункт болып табылады. Арыс және басқа да өзендердің жағасында халық көп қоныстанды. Олардың қатарында Манкент, Сайрам, Шымкент және Түркістан сияқты Сырдария аймағының белгілі қалалары болған. Бірақ Қоқан хандығының шығыс бөлігіндегі нағыз орталық 50–60 мың тұрғыны бар Ташкент қаласы болатын. Ташкенттің оңтүстігінде Кендіртаудың арғы бетінде Ферғана жазығы жатыр, ол – хандықтағы халықтың ең тығыз орналасқан және гүлденген бөлігі [53, 2–4-бб.].

Халық санағының жүрмеуі, есеп-қисап мәліметінің болмауы себебінен Қоқан хандығының нақтылы халық саны анық айту мүмкін емес. Кейбір деректерге қарағанда халық саны 1,5 миллион, ал аумағы 5000 шаршы шақырым болған [54, 52-б.].

Әлім хан Бұқара, Ташкент халқынан жиналған қолмен көптеген қалаларды алып, Ахлап, Рүстембек сияқты әскер басшыларынан бастап, көптеген жазықсыз адамдарды өлтірген.

Әлім ханның толассыз әскери жорықтары халық бұқарасының жағдайына ауыр әсер етті. Бұл халық арасында қатты наразылық туғызды. Наливкин былай деп жазды: «Әлім ханның есіл-дерті соғысу, ал қалғандарына соғыстың еш қызығы жоқ еді, олардың көз алдында ханның жаулаушылыққа әуестігі оның жеке басының ермегі сияқты көрінді, мұның халық үшін титтей де пайдасы болмағаны өз алдына, ол қыруар уақытты текке кетіру, қаржыны босқа жұмсау, жиі-жиі адамдарды қазаға ұшырату еді» [55, 91-б.].

Енді ол Ташкенттен Солтүстікке көшіп қонған Ұлы жүз қазақтарын басып алуды армандады. Сырдарияның орта ағысымен Түркістан аудандарын, Қызылқұм аудандарын мекендеген қазақтардың бір бөлігі Бұхар әмірлігінде вассалдық тәуелдікте болды. Жұмабай Қайтақ мен Ырысқұл бидің басқаруындағы ірі әскери күш Әлім ханның нұсқауымен қазақ жерлерін басып алуға жіберілді. Бұл отрядтар жақын жердегі қазақ ауылдарына шабуыл жасап, оларды тонады. Көптеген жергілікті тұрғындар тұтқынға алынды. Қалған қазақ ауылдарының тұрғындары шапқыншылық туралы естіп, елдің ішкі жағына көшеді.

Ауылдың соңғы шүберегіне дейін тонап, көп олжа мен тұтқындар алып отырады. Жұмабай Қайтақи отрядтары қыстың суық кезінде жарысты одан әрі жалғастыра алмай, кері жолмен еліне қайтады.

«Тарихи-Шахрохидің» авторы оның өліміне бір шумақ өлең арнаған, онда халықтың Әлім ханға деген ашу-ызасы мен жек көрушілігі айтылған.

Қылышына сенсе егер де хан әлі,

Бір күні ол өз басын да шабады.

Қылыштасқан- өледі адам шүбәсіз,

Тиме ешкімге, қанын төкпе кінәсіз [56, 165–166-бб.].

Омархан Әлім ханнан бұрын да өлтірілмей-ақ таққа отырған, Әлім хан өлген соң екінші рет таққа иеленеді.

### Қорытынды

Қазақ елі егемендігін алып, көк байрағын желбіреткен 1991 жылдан бергі уақыт ішінде халық көші ілгері жылжып, ел жаңа қоғамдық даму жолына түсті. Сана-сезім, ой-өріс, дүниетаным өзгерді, өмірдің болмыс-бітіміне жаңаша қарай бастады. Өмір сүру салты, құндылықтар өзгерді, Кеңес дәуірінде жойылып кете жаздаған ұлттық салт-дәстүр қайта оралды, өткенге жаңа көзқараспен қарау, сын тұрғысынан талдау, жаңаша көзқараспен ойлау, Кеңестік дәуірде берілген баға, пікір, тұжырымдарға уақыт пен заман билігінен әділ де, нақты ой тую қалыптасты. Бұл үрдіс тарихты, қазақ тарихын да айналып өткен жоқ.

Сонымен XIX ғасырдың 20-шы жылдары Қоқан хандығы өте үлкен аумақты-батысында Арал теңізі, шығысында Іле мен Шу өзендері арасында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің жерлеріне ие болды. Өзінің территориясын, негізінен қазақ даласының жерімен кеңейткен Қоқан хандығы үлкен хандық болып есептелді. Мұрағат деректерінің мәліметінше, XIX ғасырдың 20-шы жылдарында, Қоқан хандығының қарамағына 150 мың қазақ отбасы кірді [57, 54–55-бб.].

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Энгельс Ф. Прогноз России в Средней Азии. Соч. Т.12. – С. 614–619.
2. Снесарев А.Е. Индия как главный фактор в Средне-Азиатском вопросе. – СПб., 1906. – 173 с.
3. Рожкова М.К. Экономические связи России со Средней Азией в 40–60-х годах XIX в. – М.: Наука, 1963. – 328 с.
4. Колониализм вчера и сегодня. – М.: Наука, 1964. – 316 с.
5. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии (XIV – середина XIX века). – М., 1958. – 247 с.; Иванов П.П. Казахи и кокандское ханства (к истории их взаимоотношения в начале XIX века) // Записки ин-та востоковедения. – 1939. – Т. 7. – С. 92–128.
6. Айқап / Құраст. Субханбердина Ү., Дәуітов С. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 367 б.
7. КРОММ. 374-қ., 1-т., 1679-іс.
8. КРОММ. 338-қ., 1-т., 445-іс.
9. Сегизбаев О. Исследователь, мыслитель. – Алматы: Казахстан, 1974. – 129 б.
10. КРОММ. 91-қ., 1-т., 14-іс.
11. Бейсембиев К. Из истории общественной мысли Казахстана второй половины XIX века. – Алматы: изд. АН КазССР, 1957. – 212 с.
12. РФ ООММ. 3-қ., 1 т., 419-іс.
13. Қазақстан тарихы. Очерктер. – Алматы: Дәуір, 1994. – 446 б.
14. Иванов П.П. Казахи и кокандское ханства // Записки института востоковедения АН СССР. Т.7. – М.-Л., 1939. – С. 92–128.
15. Иванов П.П. Очерки из истории Средней Азии (XVI–сер. XIX вв.). – М., 1958. – С. 148–177; Шалекенов У. Из истории казахов низовьев Аму-Дарьи. – Алма-Ата, 1978. – С. 3–24; Көкеев Ә. Оңтүстік қазақтары хақында қосымша мәліметтер // Қазақ тарихы. – 1995. – №4. – Б. 50–55.
16. История Узбекской ССР. Т. 1. – Ташкент: Фан, 1967. – 772 с.

17. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 2. – СПб, 1832. – 257 с.
18. Зияев Х.З. Ценные материалы по истории Ташкента // Общественные науки в Узбекистане. – 1971. – №4.
19. РФ ОрОММ 1-қор, 1-тізбе, 2-іс, 68-п; Назаров Ф. Записки о некоторых народах и землях средней части Азии. – М., 1968. – С. 59–60.
20. Зияев Х. Интересный источник по истории Ташкента XVIII века // Общественные науки в Узбекистане. – 1971. – №7. – С. 51–52; Голикова Н.Б. Ташкент и его округа в 40-е годы XVIII в по свидетельству очевидца // Вестник Московского университета, серия 8 история. – 1990. – №6. – С. 14–23.
21. Ресейдің мемлекеттік ежелгі актілер мұрағаты (РМЕАМ), 24-қор, сенат кітабы 136, 3-тізбе.
22. Путешествие русских купцов в Ташкенте в 1741–1742 годах. Русский архив издаваемый Петром Бартечевым. Книга 2. – М., 1888. – 413 с.
23. Чехович О.Д. Сказание о Ташкенте // Памятники письменности Востока. Историко-филологические исследования 1968. – М., 1970. – С. 175–188; Бисембаев Т.К. «Тарих-и Шахрухи» как исторический источник. – Алма-Ата, 1987. – С. 67, 95; Анджум-ат-таварих. – 94 с.
24. Труды Пермской губернской ученой архивной комиссии. Вып.12. – Пермь, 1915. – 152 с.
25. Соколов Ю.А. Первое русское посольство в Ташкенте // Вопросы истории. – 1959. – №3.
26. Ходжиев Э.Х. Политическая экономическая жизнь Ташкента на рубеже XVIII–XIX вв. В кн: Познефеодальный город Средней Азии. – Ташкент, 1990. – С. 46–52.
27. РФ ООММ 1-қор, 1-тізбе, 270-іс.
28. Чехович О. Городские управление в Ташкенте XVIII в. (История и культура народов Средней Азии древность и средние века) // под ред. Б.Г. Гафурова и Б.А. Литовского. – М.: Наука, 1976. – 206 с.
29. РИССМ, Санкт-Петербург, Ташкент істері қоры 111/1-тізбе, 1-іс.
30. РФ ООММ, 1-қор, 1-тізбе, 270-іс.
31. РМТМ, С-Петербург, 1374-қор, 3-тізбе, 230-іс.
32. РИССМ, 161-қор, -СПб., БМ-ІІ-33, 74-тізбе, 8-іс, 1802, XIII бөлім. «Қырғыз-қайсақ үлкен ордасы».
33. Кәдеев П., Аманкелдиев М. Бошан Абылайұлы (Қоқан хандығына қарсы қазақ күресі қолбасшыларының бірі) // Оңтүстік Қазақстан. – 1996, 6 қараша.
34. Поездка М. Поспелова и Т. Бурнашева в Ташкент в 1800 году / с примеч. Я.В. Ханькова // Вестник РГО. – 1851. – Ч. 1. – С. 1–43.
35. Мулла «Аваз Мұхаммад Аттар» Хуканди. Тухфат ат-таварих-и хани. Рук. –С. 440. СПб., ФИВ РАН л 91а-92Б; Поездка М. Поспелова и Т. Бурнашева в Ташкент в 1800 году // Вестник русского императорского географического общества. – Т.1. Ч.1. отд IV. –СПб., 1851, – С. 23; Зимин Л. Первые шаги Алим-хана на государственном поприще // ПТКЛА. Год XVIII. 1913. – 105 с.
36. Ресей Федерациясы ғылым академиясының мұрағаты, 23-қор, 9, 21-тізбе.
37. Валиханов Ч.Ч. Абылай. Соб. соч: в 5-т. Т. 4. 2 издание. – Алма-ата: Қазақ Совет Энциклопедиясы, 1985. – С. 111–116.
38. Жаппасбаева Ж.М. Персоязычные источники по истории взаимоотношений казахов с соседними народами в XVIII - первой половине XIX вв. (по бухарским материалам): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. – Ташкент, 1991. – С. 12–14.
39. РИССМ, С-Петербург. Ташкент істері қоры. 132/1-тізбе, 6-іс.
40. Путешествие от Сибирской линии и обратно в 1800 г. Из записок М. Поспелова и Т. Бурнашева // Сибирский вестник. – 1818. – Т. 4. – 94 с.
41. РМТМ, С-Петербург. 1374-қор, 3-тізбе, 2306-іс.
42. Халфин Н.А. Россия и ханства Средней Азии. – М., 1974. – 406 с.
43. Жолдасов С. Шejірелі Оңтүстік көне заманнан бүгінге дейін. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2002. – 234 б.
44. РИССМ, СПб., БМ.1 – 8-қор 1-іс.
45. Аллаберген Қ. Қазақтар қалай күн көрді // Жас Алаш. – 1992, 10 қыркүйек.
46. Тухфат – ат-таварих и хани. Рук. – С. 440. л. 112.
47. Мунтахаб–ат-таварих. Рук. института востоковедения АН СССР. шифр - С.470. Л.385а-б, ркп. Д.90.л 281б–282а.

48. Тарих–и-Шахрохи, соч. Моллы Нияз Мухаммед бек Ашур Мухаммед, коқандца изданная Н.Н. Пантусовым. – Казань, 1885.
49. Гейнс А.К. Управление Ташкентом при Кокандском владычестве (Собрание литературных трудов). – СПб., 1898. – Т. 2. – 743 с.
50. Иванов П.П. К истории развития горного промысла в Средней Азии. – Л., 1932. – 140 с.
51. История Узбекской ССР. Т. 14. – Ташкент, 1969. – 760 с.
52. Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса (бес тарих). – Алматы, 1992. – 304 б.
53. Ресей мемлекеттік кітапханасы (Мәскеу). Қолжазба бөлімі, 363-қор, 14-іс.
54. Халфин Н.А. Присоединение Средней Азии к России. – М., 1965. – 468 с.
55. Наливкин В.П. Краткая история Кокандского ханства. – Казань, 1886. – 216 с.
56. Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40-жылдарында. – Алматы, 1994. – 414 б.
57. ӨРОММ и 336-қор, 1-тізбе, 1-іс.

### REFERENCES

1. Engels F. Prodvijenie Rossii v Srednei Azii. Soch. [Promotion of Russia in Central Asia. Essays] T.12. – S. 614–619. [in Russian]
2. Snesev A.E. Indiiia kak glavnyi faktor v Sredne-Aziatskom voprose [India as the main factor in the Central Asian issue]. – SPb., 1906. – 173 s. [in Russian]
3. Rojkova M.K. Ekonomicheskie sviazi Rossii so Srednei Aziei v 40–60-h godah XIX v [Economic relations of Russia with Central Asia in the 40–60s of the XX century]. – M.: Nauka, 1963. – 328 s. [in Russian]
4. Kolonializm vchera i segodnia [Colonialism yesterday and today]. – M.: Nauka, 1964. – 316 s. [in Russian]
5. Ivanov P.P. Oчерki po istorii Srednei Azii (XIV – seredina XIX veka) [Essays on the history of Central Asia (XIV – mid-XIX century)]. – M., 1958. – 247 s.; Ivanov P.P. Kazahi i kokandskoe hanstva (k istorii ih vzaimootnosheniia v nachale XIX veka) [Kazakhs and the Kokand Khanate (to the history of their relationship at the beginning of the XIX century)] // Zapiski in-ta vostokovedeniia. – 1939. – T. 7. – S. 92–128. [in Russian]
6. Aiqap [Aiqap] / Qurast. Subhanberdina U., Dautov S. – Almaty: Qazaq enciklopediiasy, 1995. – 367 b.
7. QROMM. 374-q., 1-t., 1679-is.
8. QROMM. 338-q., 1-t., 445-is.
9. Segizbaev O. Issledovatel, myslitel [Researcher, thinker]. – Almaty: Kazakhstan, 1974. – 129 b. [in Russian]
10. QROMM. 91-q., 1-t., 14-is.
11. Beisembiev K. Iz istorii obshestvennoi mysli Kazahstana vtoroo poloviny XIX veka [From the history of public thought of Kazakhstan in the second half of the XIX century]. – Almaty: izd. AN KazSSR, 1957. – 212 s. [in Russian]
12. RF OOMM. 3-q., 1 t., 419-is.
13. Qazaqstan tarihy. Oчерkter [History of Kazakhstan. Essays]. – Almaty: Daur, 1994. – 446 b. [in Kazakh]
14. Ivanov P.P. Kazahi i kokandskoe hanstva [Kazakhs and the Kokand Khanate] // Zapiski instituta vostokovedeniia AN SSSR. T.7. – M.-L., 1939. – S. 92–128. [in Russian]
15. Ivanov P.P. Oчерki iz istorii Srednei Azii (XVI–ser. XIX vv.) [Essays from the History of Central Asia (XVI–ser. XIX centuries.)]. – M., 1958. – S. 148–177; Shalekenov U. Iz istorii kazahov nizoviev Amu-Darii. – Alma-Ata, 1978. – S. 3–24; Kokeyev A. Ontustik qazaqtary haqynda qosymsha malimetter // Qazaq tarihy. – 1995. – №4. – B. 50–55. [in Russian]
16. Istoriia Uzbekskoi SSR [16. History of the Uzbek SSR]. T. 1. – Tashkent: Fan, 1967. – 772 s.
17. Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kaisackih ord i stepei [Description of the Kirghiz-Kaysak hordes and steppes]. Ch. 2. – SPb, 1832. – 257 s. [in Russian]
18. Ziiaev H.Z. Cennye materialy po istorii Tashkenta [Valuable materials on the history of Tashkent] // Obshestvennye nauki v Uzbekistane. – 1971. – №4. [in Russian]
19. RF OrOMM 1-qor, 1-tizbe, 2-is, 68-p; Nazarov F. Zapiski o nekotoryh narodah i zemliah srednei chasti Azii [Notes on some peoples and lands of Central Asia]. – M., 1968. – S. 59–60. [in Russian]

20. Ziaev H. Interesnyi istochnik po istorii Tashkenta XVIII veka [An interesting source on the history of Tashkent of the XVIII century] // *Obshestvennyye nauki v Uzbekistane*. – 1971. – №7. – S. 51–52; Golikova N.B. Tashkent i ego okruga v 40-e gody XVIII v po svidetelstvu ochevidca [Tashkent and its districts in the 40s of the XVIII century according to an eyewitness] // *Vestnik Moskovskogo universiteta, seriia 8 istoriia*. – 1990. – №6. – S. 14–23. [in Russian]
21. Reseidin memlekettik ejelgi aktiler muragaty (RMEAM), 24-qor, senat kitaby 136, 3-tizbe.
22. Puteshestvie russkikh kupcov v Tashkente v 1741–1742 godah [The journey of Russian merchants in Tashkent in 1741-1742]. *Russkiy arhiv izdavaemyi Petrom Bartenevym. Kniga 2*. – M., 1888. – 413 s. [in Russian]
23. Chehovich O.D. Skazanie o Tashkente [The Legend of Tashkent] // *Pamiatniki pismennosti Vostoka. Istoriko-filologicheskie issledovania 1968*. – M., 1970. – S. 175–188; Bisembaev T.K. «Tarih-i Shahruhi» kak istoricheskiy istochnik [«Tarikh-i Shahrukhi» as a historical source]. – Alma-Ata, 1987. – S. 67, 95; *Andjum-at-tavarih*. – 94 s. [in Russian]
24. *Trudy Permskoy gubernskoi uchenoi arhivnoi komissii* [Proceedings of the Perm Provincial Scientific Archival Commission]. Vyp.12. – Perm, 1915. – 152 s. [in Russian]
25. Sokolov Iu.A. Pervoe russkoe posolstvo v Tashkente [The first Russian Embassy in Tashkent] // *Voprosy istorii*. – 1959. – №3. [in Russian]
26. Hodjiev E.H. Politicheskaya ekonomicheskaya jizn Tashkenta na rubeje XVIII–XIX vv [Political and economic life of Tashkent at the turn of the XVIII–XIX centuries.]. V kn: *Poznefeodalnyi gorod Srednei Azii*. – Tashkent, 1990. – S. 46–52. [in Russian]
27. RF OOMM 1-qor, 1-tizbe, 270-is.
28. Chehovich O. Gorodskie upravlenie v Tashkente XVIII v. (Istoriia i kultura narodov Srednei Azii drevnost i srednie veka) [City administration in Tashkent of the XVIII century. (History and culture of the peoples of Central Asia antiquity and the Middle Ages)] // pod red. B.G. Gafurova i B.A. Litovskogo. – M.: Nauka, 1976. – 206 s. [in Russian]
29. RISSM, Sankt-Peterburg, Tashkent isteri qory 111/1-tizbe, 1-is.
30. RF OOMM, 1-qor, 1-tizbe, 270-is.
31. RMTM, S-Peterburg, 1374-qor, 3-tizbe, 230-is.
32. RISSM, 161-qor, SPb., BM–II-33, 74-tizbe, 8-is, 1802, XIII bolim. «Qyrgyz-qaisaq ulken ordasy».
33. Kadeev P., Amankeldiev M. Boshan Abylaiuly (Qoqan handygyna qarsy qazaq kuresi qolbasshylarynyn biri) [Boshan Abylayevich (one of the commanders of the Kazakh kures against the Kokand Khanate)] // *Ontystik Qazaqstan*. – 1996, 6 qarasha. [in Kazakh]
34. Poezdka M. Pospelova i T. Burnasheva v Tashkent v 1800 godu [The trip of M. Pospelov and T. Burnashev to Tashkent in 1800] / s primech. Ia.V. Hanykova // *Vestnik RGO*. – 1851. – Ch. 1. – S. 1–43. [in Russian]
35. Mulla «Avaz Muhammad Attar» Hukandi. Tuhfat at-tavarih-i hani. Ruk. –S. 440. SPb., FIV RAN 191a-92B; Poezdka M. Pospelova i T. Burnasheva v Tashkent v 1800 godu [The trip of M. Pospelov and T. Burnashev to Tashkent in 1800]// *Vestnik russkogo imperatorskogo geograficheskogo obshestva*. – T.1. Ch.1. otd IV. –SPb., 1851, – S. 23; Zimin L. Pervye shagi Alim-hana na gosudarstvennom poprishe [The first steps of Alim Khan in the state field] // *PTKLA. God XVIII. 1913*. – 105 s. [in Russian]
36. Resei Federaciiasy gylym akademiiasynyn muragaty, 23-qor, 9, 21-tizbe.
37. Valihanov Ch.Ch. Abylai [Abylai]. Sob. soch: v 5-t. T. 4. 2 izdanie. – Alma-ata: Qazaq Sovet Enciklopediiasy, 1985. – S. 111–116. [in Russian]
38. Jappasbaeva J.M. Persoiazychnye istochniki po istorii vzaimootnosheniy kazahov s sosednimi narodami v XVIII – pervoi polovine XIX vv. (po buharskim materialam) [Persian- language sources on the history of relations between Kazakhs and neighboring peoples in the XVIII - first half of the XIX centuries. (based on Bukhara materials)]: avtoref. diss. ... kand. ist. nauk. – Tashkent, 1991. – S. 12–14. [in Russian]
39. RISSM, S-Peterburg. Tashkent isteri qory. 132/1-tizbe, 6-is.
40. Puteshestvie ot Sibirskoi liniy i obratno v 1800 g. [Journey from the Siberian line and back in 1800] Iz zapisok M. Pospelova i T. Burnasheva // *Sibirskiy vestnik*. – 1818. – T. 4. – 94 s. [in Russian]
41. RMTM, S-Peterburg. 1374-qor, 3-tizbe, 2306-is.
42. Halfin N.A. Rossiya i hanstva Srednei Azii [Russia and the Khanates of Central Asia]. – M., 1974. – 406 s. [in Russian]

43. Joldasov S. Shejireli Ontustik kone zamannan buginge deiin [The chronicled South from ancient times to the present]. – Almaty: QAZAqparat, 2002. – 234 b. [in Kazakh]
44. RISSM, SPb., BM.1 – 8-qor 1-is.
45. Allabergen Q. Qazaqtar qalai kun kordi [How Kazakhs made a living] // Jas Alash. – 1992, 10 qyrkuiek. [in Kazakh]
46. Tuhfat – at-tavarih i hani. Ruk. – S. 440. l. 112.
47. Muntahab–at-tavarih. Ruk. instituta vostokovedeniia AN SSSR. shifr - S.470. L.385a-b, rkp. D.90.l 281b–282a.
48. Tarih–i-Shahrohi, soch. Molly Nijaz Muhammed bek Ashur Muhammed, kokandca izdannaia N.N. Pantusovym. – Kazan, 1885. [in Russian]
49. Geins A.K. Upravlenie Tashkentom pri Kokandskom vladychestve (Sobranie literaturnyh trudov) [Administration of Tashkent under the Kokand rule (Collection of literary works)]. – SPb., 1898. – T. 2. – 743 s. [in Russian]
50. Ivanov P.P. K istorii razvitiia gornogo promysla v Srednei Azii [On the history of the development of mining in Central Asia]. – L., 1932. – 140 s. [in Russian]
51. Istoriia Uzbekskoi SSR [History of the Uzbek SSR]. T. 14. – Tashkent, 1969. – 760 s. [in Russian]
52. Qurbangali Halid. Tauarih Hamsa (bes tarih). – Almaty, 1992. – 304 b. [in Kazakh]
53. Resei memlekettik kitaphanasy (Maskeu). Qoljazba bolimi, 363-qor, 14-is.
54. Halfin N.A. Prisoedinenie Srednei Azii k Rossii [Annexation of Central Asia to Russia]. – M., 1965. – 468 s. [in Russian]
55. Nalivkin V.P. Kratkaia istoriia Kokandskogo hanstva [A brief history of the Kokand Khanate]. – Kazan, 1886. – 216 s. [in Russian]
56. Bekmahanov E. Qazaqstan XIX gasyrdyn 20–40-jyldarynda [Kazakhstan in the 20-40s of the XIX century]. – Almaty, 1994. – 414 b. [in Kazakh]
57. OROMM i 336-qor, 1-tizbe, 1-is.

**О. НҰСҚАБАЕВ**

*социология ғылымдарының докторы, профессор*  
*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті*  
*(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz*

**МАҢ ЖҰРТЫ**

**(тарихи-этносоциологиялық сараптама)**

**Аңдатпа.** ДНК–генеалогиялық сараптаулар түпкі түрік текті халықтардың этногенездік түзілімінің тым тереңде жатқандығын дәйекті дәлелдермен негіздеп берді. Сол түпкі түрік текті түзілімдердің қатарында Маң жұрты да аталады.

Маңдар әу бастан-ақ жаугершілікке бейім, сотқар, аяушылығы аз, қатыгез әрі соғысқұмар жауынгер жұрт ретінде көрінген. Олар жаулап алған өңірлерінде ондаған мемлекеттердің құрылуына ұйытқылық жасаған. Талай-талай жаңа этностық құрылымдардың пайда болып, аяқтануына себепші болған.

Ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған соны деректер негізінде мақалада маңдардың жаулап алуынан ерте дүниеде Таяу Шығыс пен одан арғы өңірлерде бірнеше мемлекеттердің қалай аяқтанғандығы деректеледі. Маң билеушілерінің үйлесімді ұйыстыруы мен ұйымдастыруы нәтижесінде ол мемлекеттердің қалай гүлденіп, өркендегені тың фактілік мәліметтер аясында нақтыланады.

Маңдардың солтүстік-батысқа қарайғы жаугершілік жорықтарының нәтижесінде скиф ұғым-түсінігінің Еуропа халықтарының тілінде қалай тұрақтанғандығы түсіндіріліп, «German» этнонимінің пайда болуы себебі негізделеді.

Көне қытайлық мағлұматтар аясында ерте дүниелік Маң мемлекетінің құрылуы, сол мемлекеттің құрамында болған маньжурлердің маң этнониміне -ғыт жалғамасын жалғап алып, оларды «маңғыт», әскерін өз тілдеріндегі «қолы» ұғым-түсінігімен алмастырып «маң қолы» деп атауы нақтылы жазбалық деректер негізінде талданады. Кейіндеу келе «маң қолы» ұғым-түсінігінің нендей себептермен «маңқол» этнониміне айналу тарихы сараланады.

**Кілт сөздер:** Маң этнонимі, жанартаулардың атқылауы, көші-қондық үдерістер, Мидия мемлекеті, «скиф» этнонимі, «german» этнонимі, этнонимдердің пайда болуы, «нохой» (ноғай) этнонимі, «маңғыт» этнонимі, «маң қолы» ұғым-түсінігі, «маңқол» этнонимі.

**O. Nuskabaev**

*Doctor of Sociological Sciences, Professor*  
*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*  
*(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz*

**“Mang” People**

**(Historical and Ethnosociological Analysis)**

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Нұсқабаев О. Маң жұрты (тарихи-этносоциологиялық сараптама) // *Ясауи университетінің хабаршысы.* – 2023. – №1 (127). – Б. 464–478. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.37>

**\*Cite us correctly:**

Nuskabaev O. Man jurty (tarihi-etnosociologiialyq saraptama) [“Mang” People (Historical and Ethnosociological Analysis)] // *Iasauı universitetinin habarshysy.* – 2023. – №1(127). – B. 464–478. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.37>



**Abstract.** DNA-genealogical analyzes proved with consistent evidence that the ethnogenesis formation of peoples of original Turkic origin is very deep. Among the peoples of Turkic origin there is also the Man people.

From the very beginning, the Mangs were seen as merciless, cruel and warlike people. They instigated the creation of dozens of states in the regions which they conquered. It was the reason for the emergence and termination of many new ethnic structures.

Based on the data, which is introduced into the scientific circulation for the first time, the article describes how several states in the Middle East and other regions of the world ended before the conquest of the territories. As a result of the harmonious organization and organization of the rulers of Mang, how those states flourished and prospered is clarified in the framework of fresh factual information.

It is explained how the concept of «Scythian» stabilized in the language of the European peoples as a result of the warlike campaigns of the Mongols to the north-west, and the reason for the emergence of the ethnonym «German» is justified.

In the context of ancient Chinese information, the establishment of the early world state of Nogai, the Manchurians who were part of that state, adding the suffix -gyt to the ethnonym of the Manchurians, and replacing them with the concept of «mangyt» and their army with the concept of «hand» in their own language, is analyzed on the basis of specific written data. Later, the history of the concept of «mang kol» – the reason why it became the ethnonym «mangkol» will be differentiated.

**Keywords:** Mang ethnonym, eruption of volcanoes, migration-settlement processes, Median state, «Scythian» ethnonym, «german» ethnonym, origin of ethnonyms, «Nokhoi» (Nogai) ethnonym, «Mangit» ethnonym, concept of «Mang hand» – concept, ethnonym of «mangkol».

### **О. Нускабаев**

*доктор социологических наук, профессор*

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркистан), e-mail: orazbek.nuskabayev@ayu.edu.kz*

### **Народ «Маң»**

**(историко-этносоциологический анализ)**

**Аннотация.** ДНК-генеалогическое исследование обоснованно доказывает, что формирование этногенеза тюркских народов имеет глубокие корни. В числе народов тюркского происхождения есть и народ маң.

Маң изначально считались воинственными, безжалостными, жестокими и склонными к воинственным подвигам народом. Они заложили основу для создания десятков государств в завоеванных регионах. Многие из них стали причиной появления и окончания новых этнических структур.

На основе данных, впервые введенных в научный оборот, в статье описывается о том, как народ Маң завоевал Ближний Восток. Как они в завоеванных местах обосновали новые государства. В свете новых фактических данных уточняется как процветали эти государства в результате гармоничной консолидации местных народов правителями Маң.

В статье объясняется, как в результате ожесточенных походов Маң на северо-запад сформировалось и укрепилось понятие «скиф» на языке народов Европы, обосновывается причина возникновения этнонима «German».

В рамках древнекитайских сведений на основе фактических письменных источников анализируется создание государства Маң в древнем мире. Присоединение маньжурами к этнониму «маң» аффикса -гыт образовался новый этноним «маңгыт». А название армии маң

маньжурами «маң қолы» (по маньжурскому понятию «қолы» обозначает эскер/армия), позднее переименоваемый в этноним «Маңқол».

**Ключевые слова:** этноним Маң, извержения вулканов, миграционные процессы, государство Мидия, этноним «скиф», этноним «german», происхождение этнонима «нохой» (ноғай), этнонима «Маңғыт», понятие – «Маң қолы», этноним «Маңқол».

### Кіріспе

Генетикалық генеалогия түпкі шығу тектері бір әрі өзара туыстықтары бар адамдарды немесе адамдар топтарын үш түрлі жолмен анықтап, таразылайды.

1. Клеткалар цитоплазмасында болатын Митохондриялы ДНҚ (мт ДНҚ) молекуласы арқылы. Бұл молекула тек анадан балаларына қарай, келесі буында қыздарынан жиендерге қарай көшіріліп жатады.

2. Полиморфизмдік (бір тектес түрдің бірнеше формада болуы) әдісі көмегімен тек ер адамдардың бойында ғана болатын Y-хромосомының тұқым қуалаушылығын анықтау арқылы тұқым қуалаушылықтың тек әкесінен ұлына, келесі ұрпақтарына еш өзгеріссіз тікелей ауысып отыратындығын анықтап, дәлелдеу негізінде.

3. Аутосомы, яғни барлық хромосоманы жинақтап, жалпыгенетикалық портреттеме түзу арқылы анықтау. Аутосомы нақты адамға өзінің шығу тегін білдіріп қана қоймайды, сонымен бірге оған өзі мүшесі болып табылатын этностың түбі бір өзара туыстықтары бар, ділі мен тілі ортақ жұрттар екендігін білдіреді.

Жоғарыда аталғандардың барлығы ДНҚ-ны (дезоксирибонуклеин қышқылын) зерделеумен анықталады. Демек ДНҚ-генеалогиялық зерттеу – тірі клетка ядросында болатын дезоксирибонуклеин қышқылы молекуласы құрамындағы тұқым тектік ақпарат қорын сараптайтын генетикалық дәйек тәсілі болып табылады.

Бұл нуклеин қышқылы қандай да болмасын тірі организм ұрпағының түзелімі, дамуы және жеке белгілері туралы биологиялық ақпаратты сақтап, оларды жаңадан пайда болған клеткаларға (келесі зәуатқа) бұлжытпай көшіріп отырады. Соның арқасында тұқым қуу қасиеттері ұрпақтан ұрпаққа өтеді. Тұқымдық ақпарат негізінен ДНҚ-да сақталатын ядролық құрылым хромосомаларында жинақталады. Оның Y-хромосома түрі тек ер жыныстыларда ғана болып, ол әкесінен ұлына тікелей ауысады. Яки, әкеден тура тарайтын тұқымның бәрінде Y-хромосоманың бірдей элементтері сақталады.

Ер адамдардың Y-хромосома гаплотобын, әдетте, әліпбилік тәртіп бойынша А әрпінен Т әрпіне дейін белгілеп жіктеу жүйеленген [1, 15–16-бб.].

ДНҚ-генеалогия осы әріптік жүйені негізге ала отырып, Африкалық алғашқы есті үйірлік топты А әрпімен белгілейді. Ал осы А тобына кіндіктесе өрбіген гаплотоптарды В әрпінен Т әрпі аралығындағы әріптермен таңбалайды.

Африка құрылығынан Азия құрылығына өткен делінетін үйірлік топтар В гаплотобынан тараған С және F гаплотоптары болған делінеді. Шығу тектері бір делінетін осы екеуінің бірі С және содан бұтақтанған С3 гаплотоптары бұдан 60 мыңдай жыл бұрын Тәңірі тауының шығысын ала Теріскей Азияға өтіп Тұнық мұхиттан Алтай-Саян таулары мен Тарғабатай таулары баурайларына дейін жайыла қоныс тебеді. Ал F гаплотобы ұрпақтарынан өрбіген NOP құрама тобы бұдан 45 мыңдай жыл бұрын Гималай, Памир және Копетдаг тауларынан асып Теріскей Азияға аяқ басады. Олар Каспий теңізінен Алтай-Саян және Тарғабатай таулары баурайларына дейін қоныстанды. Олар, – дейді американдық ғалым А. Клесов, – бұл аймақтарда Орталық Азияның мамонтты өрістерінде Тәңір тауының шығысын ала жеткен С және С3 зәуатты жұрттармен қатар жайлады.

Р гаплотобынан бұдан 40-35 мыңдай жыл бұрын бір-біріне кіндіктесе Q және R бұтақтары тармақталады. Q гаплотобының біраз бөлігі кейіннен Аляска асып, болашақ

америкалық үндістерге айналады. Бүгінгі америкалық үндістердің 90 пайыздан астамы осы аталық Q зәузатына жатады.

Q зәузатының сыңары R зәузаты бұдан 27 мыңдай жыл бұрын M123 снип-мутациясын қабылдап R1 зәузатының негізін қалайды. R1 зәузатынан бұдан 23 мыңдай жыл бұрын оның кезекті SR10831.2 және M123 снип-мутацияларын қабылдау нәтижесінде R1a және R1d зәузаттары түзіледі. Бұл гаплоготтар түпкітүрік тілінде сөйлеген жұрттардың ілкі ата-бабалары ретінде пайымдалады. Осыдан-ақ қайсыбір тарихшылар жазып жүргендей R1a және R1d гаплоготтары бір-бірінен бөлек-бөлек аяқтанған жұрттар емес, керісінше бір тұқымнан өрбіген бауырлас жұрттар екендігі ап-айқын болып білініп тұрады [2].

Сондай-ақ крианиометриялық зерттеулер қорытындылары бойынша, Q, R1a, R1b және C, C3 гаплоготтары бойларында да анау айтқандай айырмашылықтар жоқ. Себебі бұл гаплоготтардың бәрінің де түпкі шығу тектері бір. Африкадан Азияға өткен делінетін B гаплоготынан бұтақтанған C және F зәузатынан өмірленгендердің ұрпақтары. Олардың бәрінің түрлерінде байқалатын аз-маз айырмашылықтар тек бертін келе өмір сүру аймақтарындағы табиғи-климаттық өзгешіліктерге қарай пайда болған. Оның үстіне, қазіргі орыс тіл білімі, теріскейазиялық топтарды бөліп-жарып жатпай, әу баста олар бір тілді, яғни тек қана алтай тілді топ болған деп қарастырады. Әрі, қазіргі орыс тіл білімі, арғы алтай тілді біртұтас топты бертіндеу келе ғана арғы түрік, арғы моңғол, арғы тунгус-мәнжүр, арғы корей, арғы жапон тілді қауымдарға бөлшектеніп кеткен деп есептейді [3, 1416–1602-бб.].

Демек үнемі өсіп-өніп, көбейіп отыру теріскейазиялық гаплоготтардағы (рулық қауымдардағы) адамдар санын арттырып, олардың әрқайсысының этникалық қауымдарға ұйысуларына ықпал етті.

Мысалы, қазіргі ғылыми антропологияның дәлелдемелері бойынша, түпкі түрік текті жұрттардан 200-ге жуық этникалық қауымдар өсіп, өрбіген.

Солардың бірі «Хунгур» деп этнонимделген жұрт. Этникалық осы жұрттан өсіп-өнген халықтар, қазіргі генетика ғылымының дәлелдеуі бойынша, күллі еуразиялық халықтардың шығу тегінде тұрған аталық жұрт. Бергісін айтпағанның өзінде, арғы скиф, хунну, хяньюнь, фин-угор, болгар, татар, түрк, сібірлік жұрттар, т.б. өздерінің шығу тектерін хунгурлардан бастап тарқатады.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеудің әдістемелік өзегін генетикалық, антропологиялық, этносоциологиялық, этнографиялық, этимологиялық тәсілдер құрады. Сонымен қатар зерттеуде тарихи-генетикалық, тарихи-салыстырмалық, тарих зерттеулердің қолданбалық әдістері, реконструкциялық тәсіл, диахроникалық талдау, хронологиялық тәсіл, лингвистикалық талдау, т.б. пайдаланылды.

### **Талдау мен нәтижелер**

Өзге халықтар өз тілдерінің дыбысталу ерекшеліктеріне қарай «хунгур» этнонимін әртүрлі атамалайды.

Айталық, хунгурлармен ж.с.д. VI мыңжылдықтың соңына таман Янцзы өзенінен арғы өңірлерден көшіп келіп, осы өзеннің маңына қоныстанған тайлар (қытайлардың арғы ата-бабалары) жергілікті абориген халық – хунгурларды өз тілдеріне жақындатып «хуньюй» деп атамалаған. Өйткені олардың тілдерінде «-р» дыбысы дыбысталмайды. Хунгур, демек «хуньюй» (құян).

Моңғол жазбасында, атап айтқанда, «Моңғолдың құпия шежіресі. XIV–XV ғғ.» тарихнамасында «хунгур» этнонимі Qonyirat > Onyirat > Қоңғырат > Оңғырат (хонгирад) сұлбасында таңбаланған. Мұның себебі хунгурлар түрік-моңғол текті өзге де халықтар қатарында қазіргі жыл санауымыздың 907–1125 жылдар аралығында Ұлы Ляо (Қидан) мемлекетіне тәуелділікте болған. Міне, осы тұста хунгурларды қидандар өз тілдерінде

көптікті білдіретін «-ат», «-ет», «-т» жалғауын жалғап «хунгур-ат» деп атамалап кеткен. Міне, сонан бері орталықазиялық түрік-моңғол текті халықтар хунгурларды «хунгур-ад», немесе «қоңыр-ат» деп атамалауды әдетке айналдырып алған.

Парсы тілінде, мысалы, Рашид ад-Диннің (1243–1318 жж.) «Жамиа ат-Тауарих» атты еңбегінде хунгурлар «Кунгурат» деп жазбаланған.

Орыс тілінде «хунгур» этнонимі «хунгирад» деп жазбаланып жүр.

Қазақ тілінде «Қоңырат» деп ұлықталады.

Сібірлік халықтар тілдерінде:

1. Хунгур, хунугур, кунгур, қоңыр, конгурей, хунгурай, қоңырат.

Әлем халықтары тілдерінде, – дейді татардың лингвист ғалымы М. Закиев, – әр халықтың дыбыстық ерекшеліктеріне қарай «хунгур» этнонимі төмендегіше атамаланып, жазбалады (автордың пікірін ақсатып алмас үшін түсіндірмелеріне жазылған тілінде сілтеме жасалды).

2. Һунугур, хоногур, онногур, оногур, огур, угр, угор, утргур (утыр огур).

Этноним угор образован по тюркский модели на основе бесспорно тюркского первичного этнонима ар (люди, мужчины), который конкретизировался первичным этнонимом ок (племя, род). Окар>окур>огур в целом означает «окские люди». Венгерский тюрколог Геза Куун еще в 20 в. пришел к уверенному выводу о первоначальной тюркоязычности угров/угоров.

Греческие историк Симокатта сообщают, что угоры в древности именовались... хуньи (хуньей, хунгур). Поэтому не удивительно наличие этнонимов хоногур/онногур/оногур, образованных из первичных этнонимов хунгур, ок, ар/ур. А, этноним утргур (утыр огур) называл, по видимому, огуrow особых земледельцев.

3. Хунгур, хуногур, хунгар, унгар (венгр).

Финно-угорские ученые пришли к выводу, что названия мадьяр, венгр сами представляют слова тюркского происхождения; эти термины венгры получили от тех тюркоязычных племен, которые придали им тюркский антропологический оттенок. Венгр происходит от варианта унгар (более древняя его форма хунгар<һунугор<хунгур). Мадьяр казахская племя, живущее в Костанайской области Казахстана.

4. Хунгур, хунугур, хуногур, оногур, болгар.

(Хунгур>хунугуры>хуногур>оногуры считаются непосредственными предками болгар. Сведения об этом сохранились в древнегреческих источниках.

«Хунгурлар бұлғарлардың арғы ата-бабалары болып танылады» [4, 53, 183, 190-бб./.

«Бұлғарлар өздерінің хунгурлардан өсіп-өнгендігін мақтаныш тұтады» [5, 14–23-бб.].

5. Утигуры/утургуры, кутригуры/кутургуры, һунугуры/һоногуры.

В Причерноморье еще в 3 тысячелетии до н.э. жили тюрки, в том числе ранние болгары – оногуры, т.е. хуногуры или просто огры, которые были предками и болгар. Они носили еще этнонимы: утигуры/утургуры, кутригуры/кутургуры, һунугуры/һоногуры и т.д. [4, 194-б.].

Жалпы орталықазиялық этникалық қауымдардан 200-ге жуық әртүрлі халықтар бұтақтанған. Солардың бірқатарын ұлтаралық араздықты қоздырушы орыстың шовинист ғаламдары «үндіеуропалық тілді халықтар-мыс» деп атамалап, жазбалап жүр. Себебі олар бұл ұғым-түсінікті танымдық тұрғыда мазмұндаудан гөрі, мағынасына саяси астар беріп, бір жағынан орыстардың орталықазиялық ру-тайпалардан тұқымданған таза орталықазиялық жұрт екендігін жасырғысы, сөйтіп орыстарды еуропалық жұрт етіп көрсеткісі келеді. Екінші жағынан, орыс шовинист тарихшылары орыстарды әлемнің басқа халықтарынан артық жұрт етіп көрсетуге ықылас танытып тұрады.

Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Сталин нұсқауымен өрістеген бұл саясат орыс тарихнамасына ешқандай да абырой әпермеді. Керісінше күлкіге қалдырды. Әлемнің прогресшіл тарихшылары орыстардың кімдерден ұрықтанғанын және де тек XX ғ. екінші жартысының ортасына таман пайда болған жұрт екендігін ап-айқын етіп дәлелдеп берді.

Әсіресе украин тарихшылары орыс шовинист тарихшылары айтып та, жазып та жүргендей Украина жерінде ешқандай Киев русі деген орта ғасырлық мемлекет болмағандығын, өздерінің орыспыз деп жүргендермен еш қандайда туыспайтындықтарын, түп тектерінің сонау есте жоқ ескі замандарда Қара теңіздің солтүстік өңірлерінде өмірленген хунгурлардан бұтақтанған скифтердің, хазарлардың, қыпшақтардың және басқа да ондаған түпкі түрік текті халықтардың ұрпақтары екендігін дәлелдеп берді. Киев қаласын алғаш рет салып, зор шаһарға айналдырған түрік текті халықтар болғандығын әлем халықтарына паш етті. Сөйтіп өздерін украиндармен бір текті халықпыз, түп тегіміз славяндардан деген жалған ойға бой алдырған орыстардан аулақ қашты.

Хунгурлардың пайда болып, өсіп-өнген өңірлері туралы әртүрлі пікірлер білдіріледі.

Дей тұрғанмен қытай ғалымдарының соңғы жылдардағы полигенетикалық зерттеу нәтижелері анықтап бергендей, хунгурлардың пайда болып, өсіп-өнген өңірі деп қазіргі ҚХР-ның Шаньси, Хебэй, Шэньси провинциялары, Ордос үстірті, Ішкі Монғолия аймақтары аталады.

Оны қытай генетиктері Ордос үстіртін айнала қоршап жатқан таулардың шығыс бетіндегі «Шаньдиндун (Шың басындағы үңгір) үңгірінен табылған адам сүйектеріндегі ДНК-лық зәуазаттарды бүгінгі таңда өздерін хунгурлардан бұтақтанған жұрттармыз деп жүрген ондаған ұлттың ДНК-лық молекулаларымен салыстыра отырып, дәлелдеген. Атап айтқанда, олар «Шаньдиндун» үңгірінен табылған сүйектердегі Q, R1a, R1b, C және C3 зәуазаттары бүгінгі таңда ҚХР-ның солтүстігі мен солтүстік-батысында тұратын, бірақ қытайланып кеткен хунгур ұрпақтарының, бурят пен моңғол хунгурдарының, Сібір татарларының, хакастардың, тыбалықтардың, фин-угорлардың және т.с.с. өзге де халықтардың бойында бар екендігін анықтаған [6]. Өйткені хунгурлардың да біршамасы Теріскей Азияда жиі-жиі орын алып отыратын табиғи-климаттық өзгерістерге, катаклизмді апатты жағдайларға, жанартаулардың жиі атқылауына, қуаңшылықтарға және басқа да жағдайларға байланысты өздерімен бауырлас өзге де этникалық қауымдастықтармен араласа-құраласа өмірлене жүріп, түкпір-түкпірге жер ауып отырған. Олар жаңадан барып жерсінген өңірлеріндегі жергілікті жұрттармен мидай араласып кеткен. Оларға қыз ұзатып, олардан келін түсіріп дегендей құда-жекзат болған.

Айталық, әлі күнге дейін хунгур (хунгурай) ұрпақтары өздерімен араласа-құраласа өмірленіп келе жатқан кете (хеттер) мен маң (қазір «маңғұл» деп атамаланып жүргендердің) ұрпақтарын жиен деп еркелетіп атамалайды [7, 41–45–66.].

Сілтемеде мысалданған екі этникалық қауымдастықтың бірі – кетелер (хеттер) орталықазиялық көне халықтардың бірі. Міне, осы халық орыс тарихнамасында «Еуропада «баулықталған керамика» мәдениетін түзуші үндіеуропалық халықтардың батыс бұтағы» ретінде жазбаланып, аталады [8].

Дей тұрғанмен осы түсіндірменің ақиқаттылығын, сондай-ақ ж.с.д. VI ғасырда Рим қаласын жаулап алған кельттердің кімдер екендігін анықтау мақсатында еуропалық ғалымдар арнайы жүргізген зерттеу орыс тарихшыларының «үндіеуропалықтар» деп атап жүрген халықтың кімдер екендігін анықтауға септігін тигізіпті. «Үндіеуропалық» деп аталып келген бұл жұрт орталықазиялық халық болып шыққан. Өсіп-өнген өңірлері ретінде Кузнецк Алатауы баурайлары аталады. Кетелердің біршамасы сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ Орталық Азиядан көше-көше келіп, Кіші Азияны жерсінген. Кіші Азияда кетелер (хеттер) Египетпен иық тірестірген өте мықты әрі барынша гүлденіп-көркейген өз мемлекетін орнықтырған. Оған хет патшаларының фарон Аменхотеп III және оның ұлы Эхнатон биліктері тұсында Египетпен әскери, сауда-саттық және дипломатиялық байланыста болғандығын растайтын құжаттардың Египет архивтерінен табылуы куәлік етіпті. Ал археологиялық қазбалар барысында табылған шумер-аккад-хет сөздігі 15 мыңнан астам қыш таңбаларда жазылыпты. Хет патшаларының жарлықтары, сауда-саттық есептері, мәдени,

саяси, тарихи және әдеби тексттер археологтарды тіптен таң қалдырған. Мұның бәрі Хет мемлекетінің өз заманында өте озық әрі гүлденіп-көркейген ел болғандығын білдірген. Ең қызығы осы хеттердің шығу тегін іздестірулер, еуропалық тарихшыларға, олардың қазіргі қазақ халқын құрылымдап отырған ұлыстардың бірі – кетелермен түбі бір жұрт екендігін анықтауға септесіпті. Ал хунгурлар жиен деп мақтан тұтқан екінші жұрт – Маң халқы болған.

*Хунгурлар жиен деп мақтан тұтқан Маң жұрты*

Маңдардың пайда болып, түлеп ұшқан атажұрты – Алтай-Саян тауларының қалың орманды шың-құздарының баурайларындағы жынысты тоғайлы, көк шалғынды алаптар. Олар бұл маңды нағашы жұрты – хунгур/ат/тардың біршама ру-тайпаларымен және өзге де бауырлас этникалық топтармен араласа-құраласа мекендеген.

Ел билеушісі Маңғытай деп ұлықталған.

Тар мағынасында «Маңғытай» аталымы аң-құсты, немесе атыс-шабыста жау әскерін «торылдаушы адам» деген ұғым-түсінікті білдірген. Кең мағынасында ел басшысы, яғни халық қараушысы деген мағынада қолданылған.

Пікіріміздің дәлелдемесіне түрік тілінің диалектік ерекшеліктерін талдаған В.В. Радловтың «Очерк словаря тюркских наречий» атты жинағынан мысал келтіруге болады. «Мангутай» – маңдардың жұрнақтары саналатын моңғол, сағай /шағай/ және телеут тілдерінде «торуылдаушы» деген мағынада қолданылады [9, 2015–2016-бб.].

Түрік текті халықтардың тілдік диалектік ерекшеліктерін бақайшығына дейін талдаған Ұлы ғалым айтса айтқандай, Маң қауымдастығының жетекшісінің Маңғытай аталуы заңды. Себебі халықтық аталым Маң-ға жалғанған «-ғы» қосымшасы көптікті (көп халық) білдірсе, «-тай» жалғамасы алтайлық халықтар тілдеріндегі -ай, -тай, -дай, -дей түрлерінде кездесетін өнімді аффикс болса керек. Бұл бір жағынан.

Екінші жағынан, сөз басындағы дәлелдемеде нақтыланғандай, Маң халқы әу баста тек аңшылықпен айналысқан жұрттардан құрылымдалған этнос болған. Өйткені «торуылдау» ұғымы көбіне-көп аңшылар арасында айтылатын түсінік. Осыған қарап маңдармен көршілесе қоныстанған өзге ел-жұрт маңдарды кейде «аң-құсты торуылдап ұстайтын аңшының халқы, яғни Маңғытай жұрты» деп атамалап кеткен сыңайлы. Келе-келе бұл ұғым-түсінік Маң этнонимін демеуші қосымша ұғым-түсінікке айналып кеткен. Осыдан Маң халқын былайғы ел-жұрт кейде Маңғытай елі деп те атамалауды әдетке айналдырып алған.

Қазіргі жыл санауымызға дейінгі мыңжылдықтарда Теріскей Азияда жиі-жиі табиғи-климаттық өзгерістер, адам айтса нанғысыз бет қаратпас аязды, мұздақты, қара суықты, не аймаққа жауын-шашын тамбай жалаң қуаңшылықты, не кейбір өңірлерінде жанартаулар атқылаған катаклизмді апатты жағдайлар орын алып отырған.

Міне осындай апатты жағдайлардың бірі, атап айтқанда, жанартаулардың атқылауы ж.с.д. 14–13 мыңжылдықтарда Шығыс Саян тауларындағы Қиой (қазіргі аталымы Хи-гол), Жамбалық (Жомболок) және Аха (Ока) өзендері алаптарында орын алған. Жанартау ағымының ұзындығы 74 км. жерге дейін созылған. Қалыңдығы кем дегенде 5–7 м. болатын жанартау шөгінділерінің ені ондаған гектар жерді алып жатқан [10, 34–49-бб.].

Міне, осы жанартау атқылауынан шошынған жергілікті халық (олардың ішінде маңдар да бар) жер ауа көшкен. Олардың бірқатары шығысқа, біршамасы батысқа қарай жөңкілген. Атажұртта қалғандары жанартау атқылаған жерден сәл аулақтау маңдарға барып қоныстанған. Алысқа ұзап, көшіп кетуге туып-өскен өңірлерін қимаған.

Алыс аймақтарға көші-қон түзгендердің ішінен батысқа қарай жөңкілгендері жолай кезіккен өзге қауымдарды өздеріне қосып ала жүріп, Каспий теңізінің шығыс жағалаулары мен Еділ өзенінің орта ағысына дейінгі аралыққа жайыла қоныстанған. Ел билігі Маң көсемдерінің қолында шоғарланғандықтан былайғы жұрт ел халқын көбіне көп Маң халқы деп этнонимдеген. Оған осы өңірлердегі жер-су атаулары куәлік ете алады. Мысалы Маңғыстау, Отаман тауы, Маната қыраты, Маңбұлақ, Маңсу, Маңсай, Маңдардан шыққан

362 әулиелер мекені, Жайық пен Еділ өзендері аймағындағы Сарыман, Ақаман, Еліман тұрақтары, т.т.

Өңірдің ел билеушілері «Ағаман» деп ұлықталған. Жергілікті халық әлі күнге елге сыйлы кісілерді көтермелеп «Пәленше Аха» деп құрметпен атамалайды.

Осы аймақта өсіп-өніп көбейе келіп, олар бертін келе өздерінің мемлекетін тіктеткен. Мемлекеттің құрылуында жетекші этнос – маңдардардың көсемдері шешуші рөл атқарған. Ел халқы әртүрлі, бірақ түпкі шығу тектері бір – түріктекті жұрттардан құрылымдалғандықтан мемлекет аталымы Ішғұз деп ұлықталған.

«Ішғұз» аталымы көне түріктік ұғым-түсінік. Толық мағынасында «ішкі ордалық жұрт» дегенді білдіреді. Ішғұздың скиф атануын, қазіргі лингвистика ғылымы, көне грек тілінде «ішғұз» ұғымының «скуз» болып естілуімен, осыған орай бұл ұғымды еуропалықтар өз тілдеріне жақындатып «скиф» деп атап кеткендігімен түсіндіреді. Ал «ғұз» ұғымы көне түрік тілінде «өгіз» деген мағынада қолданылған. Өйткені арғы түріктекті халықтар өгізді тотем тұтқан. Өздерін өгіз сияқты күші асып-тасыған жұрт санаған. Ал сырт жұрт ішғұздарды «сақ» деп этнонимдеген. Өйткені олардың байқаулары бойынша, ішғұздар өте сақ халық болған. Кез-келген мәселені жан-жақты екшелеп, көпшілік болып қана барып, шешім қабылдаған. Сол көпшілік болып қабылдаған шешім негізінде әрекет жасаған. Бір сөзбен қайырғанда, ұйымшылдығы мен қабілеттілігі жоғары заңғар халық болған.

*Маңдардың Таяу Шығыс пен одан арғы жерлердегі халықтарды жаулап алуы*

Жоғарыда анықтап алғанымыздай, Ішғұз мемлекетінің билігі Маң көсемдерінің қолында шоғарланды. Олардың мемлекетті басқару қаблеттерінің жоғарылығына, шешім қабылдау шеберліктерінің алғырлығына және батыл да қайсар, айтқандарын орындататын қырсық мінездеріне қарап, былайғы жұрт оларды – нағыз патшалар деп құрметтеп, ұлықтады. Айталық, бұл ұғым-түсінікті ежелгі қытайлар өз тілдерінде «сай уань» - сақ патшалары, еуропалықтар – «царские скифы» деп асқақтата мадақтап жүрді.

Ішғұздар түріктекті кілең айбынды жауынгер жұрттардан құрылымдалған халық болды. Олар қазіргі жыл санауымызға дейінгі мыңжылдықтарда-ақ Қос өзен (Месопотамия) және одан арғы өңірлердегі халықтарды жаулап алды. Сөйтіп Таяу Шығыс пен одан арғы өңірлерде ондаған түріктекті жаңа мемлекеттердің құрылуына ұйтқылық жасады.

Айталық, сондай мемлекеттердің бірі ретінде, әлемдік тарихнамада, Мидия мемлекеті аталады. Бұл мемлекеттің құрылуында ішғұздардың билігіндегі Маң жұрты көсемдері шешуші рөл ойнады. Сондықтан Маң аталымына көне түрік тілінде көптікті білдіретін -най жалғамасы жалғанып, мемлекет аталымы көпшілік шешімімен Маңнай (еуропалық халықтар тілдерінде – Мидия) деген аталымға ие болды [11, 4-б.].

Жалпылама айтқанда, ішғұздардың жаугершілік жорықтары Таяу Шығыс пен одан арғы өңірлерде өркениеттің қалыптасуына ықпал етті. Жоғары деңгейде сауда-саттық дамыды, жазу-сызу пайда болды. Есеп пен мәдениет, қол өнері мен зергерлік, ауыс-түйіс, айырбас дамыды. Рухани құндылықтар мен діни сенімдер аяқтанды. Келе-келе Таяу Шығыс пен одан арғы өңірлерді жаулап алып, онда ондаған түріктекті өз мемлекеттерін тіктеткен маңдар бастаған арғы түріктекті жұрттар өз қарауларындағы жергілікті халықтарға сіңісіп кетті.

Ал жаугершілік жорықтармен Таяу Шығыс пен одан арғы өңірлерге асқандарға ілеспей атажұртта қалған маңдар басқарған арғы түріктекті жұрттар туып-өскен өңірлерінде бұрынғыша өмірленіп жатты. Келе-келе олардың да біршамасы ж.с.д. 10-шы мыңжылдықта Орталық Азияны түгелге жуық қамтыған қуаңшылықта жан-жаққа – оңтүстікке, оңтүстік-батысқа және солтүстік-батысқа қарай босты. Бұл көші-қонның тарихы О. Нұсқабаевтың «Байырғы қоңыраттар» ата монографиясында [12, 128–163-бб.], жан-жақты талданғандықтан қайталап жатпаймыз, тек айтарымыз Маң жұртына қатысты мына төмендегі тың дерек.

*Маңдардың біршамасының «German» атануы*

«Генеалогия ДНК-сы деректері мен тілдік айғақтарға сүйенген бірқатар зерттеушілер германдықтарды осы Маң жұртының ұрпақтары болып қалуы мүмкін делініп осы күнге дейін айтылып келген жорамалды пікірді растамалай бастады.

«Байырғы көне дерек көздерінде «герман» аталымының «ерман», «эрман», «ирман» деген нұсқалары көріністеніп қалатын. Мысалы IX ғасырда өмір сүрген араб географы Мұхаммед ибн әл-Хваризми Германияны: «Ирманья, а она – земля ассакалиба» [13, 48-б.], деген дерек берген. Мұндағы ассакалибаның Геродот жазатын «сколоттар» екенін, ал оның түрікше «асколыты» деп аталатынын тілші ғалымдар әлдеқашан делелдеп қойған болатын» [14, 152-б.].

Маңдар болмысына қатысты арғы-бергі ғалымдар тарапынан деректелген жоғарыдағы мағлұматтар әрі лингвист, әрі тарихшы қазақ ғалымы К. Салғараұлы тарапынан қуаттала түседі.

Каспий теңізінің шығыс жағалауларын мекендеген маңдардың, - дейді ол, - «Тунгр» (тұң-ар) тайпасы жұрты Батысқа жылжыған. Олар көше-көше келіп, Рейн өзенінен әрі қарай өткен. Сүйткен тунгрлер осы өңірлерді мекендеп отырған галлдарды талқандап, оларға иелік еткен. Бағынышты халықтарға өсіп-өнген өңірлерінде аталғандай өздерін «ер+ман» дегіздіртіп ататқан. Осы «Ерман» аталымының алғашқы бөлігіндегі «ер» (эр, ир) түсінігі байырғы түрктің «батыр», «нағыз» деген ұғымын білдіреді. Ал, екінші жартылығындағы «Маңы» этнонимдік аталым. Сонда «ерман» аталымы «батыр маң», «нағыз маң» болып шыға келеді. Ежелгі «ерман» (эрман, ирман) аталымы бертін келе тіл өзгерістеріне қарай «German» деп аталымдалып кеткен. Ежелгі заман тарихшыларының германдықтарды ірі денелі, өжет, аяушылығы аз, қатыгез жауынгер жұрт ретінде сипаттаулары да пікірімізді тұздықтата түседі. Римдік тарихшы Тацит (58–117 жж.) «напротив, слово Германия новое, недавно вошедшее в обиход, ибо те, кто первыми переправились через Рейн и прогнали галлов, ныне известные под именем Тунгров, тогда прозывались германцами. Таким образом, наименование нового народа постепенно возобладало и распространилось на весь народ; вначале все из страха обозначали его по имени победителей, а затем, после того, как это название укоренилось, он и сам стал называть себя германцами [15, 354-б.]. Демек, германдықтардың түп тегі маңдардан бастау алатындығының анық-қанығы негізделген ақиқатты шындық [16, 95–102-бб.].

Орыс шовинист тарихшылары ойдан шығарып алып, дәріптеп жүрген «үндіеуропалық халық» деген термин қалай пайда болды, енді соның мән-мағынасын талдап көрелік.

А. Гитлер билікті иеленісімен немістердің рухын, саяси және еңбек белсенділігін көтеру үшін біршама идеологиялық шараларды жүзеге асырды. Сондай шаралардың бірегейі ретінде немістердің арий текті таза қанды норд тұлғалы халық екендігін дәлелдеуге күш салды.

Арий текті таза қанды норд тұлғалы неміс халқының шығу тегі мен пайда болған өңірлерін іздестіріп Кавказға, Тибетке, Үндістанға, Иранға экспедициялар аттандырды. Бірақ әлі күнге дейін арий текті халықтың нақты қай аймақта және кімдерден пайда болғандығы белгісіз. Осыған қарамастан «арий» текті халықтың болғандығы туралы біржақты, көбіне-көп ойдан «құрастырылған» ұғым-түсінікті теориялар Еуропаны кезіп кетті. Том-том түсіндірмелер жазылды.

Сталин көзі тірісінде орыс тарихнамасына «арий текті жұрт» терминін «үндігерман тілді халық» дегіздіртіп, ендіртті. Түріктекті «Маң» халқынан бұтақтанған сақтарды «үнді-иран» текті жұрт дегіздіртіп, жаздыртты. Орыс тарихнамасы осы «жалған» сталиндік түсіндірмелерден әлі күнге арыла алмай, жазбаларының ғылымилығын жоғалтып алып жүр. Басқашалап айтқанда, батыс ғалымы тарапынан күлкіге қалып жүр.

Сталин о дүниелік болып кеткеннен соң «фашистерде іштей кегі бар» орыс тілді яхуди текті ғалымдар «үндігерман тілді жұрт» терминін өзгерттіртіп, «үндіеуропалық тілді халық» дегіздіртіп жазбалатып алды. Міне, осылайша XX ғ. елуінші жылдарынан бермен



қарай орыс тарихамасында «үндіеуропалық халық» деген жалған термин мен теория пайда болды.

Мұның да өзіндік себептері болды. Оны ДНК-генеалогия зерттеу тәсілін негіздеушілердің бірі американдық ғалым М. Клесов өзінің 2021 жылдың 19 июнь күнгі «You Tube»-дегі дәрісінде төмендегіше түсіндіреді.

Соғыс алдында литван текті археолог Мария Гимбутас ханым Каспий теңізінің шығысы мен Еділ өзенінің төменгі ағысы маңында археологиялық қазбалар жүргізеді... Бірақ фашистерге ілескен бұл ханым алдымен Германияға, әрі АҚШ-қа жер ауады. АҚШ-та жүріп ХХ ғасырдың 50-ші жылдары Ресейде жүргізген археологиялық қазбаларының нәтижелерін жариялайды.

Орыс тілді археологтар «көнешұңқыр» мәдениеті де атап жүрген мәдениет ошақтарын «Қорған мәдениеті» деген терминмен алмастырып алып, «үндігермандық жұрттар» ең алғашында Каспий теңізі маңы мен Еділ өзенінің төменгі ағысында өмір сүрді. Олар осы өңірлерден Еуропаға қарай кеткен деп елді дүрліктіреді.

Ал, бұған қарсылық білдірген орыс тілді тарихшылар Каспий теңізі маңында үндіиран тілді (Сталиннің анықтамасы) сақтар өмірленген. Міне, осылар күллі еуропалық халықтардың пайда болуының қайнарында тұрған деп даурықты... Осылайша, тарих ғылымында «үндіирандық тілді жұрттар» ұғым-түсінігі қалыптастырыла бастады.

Шынында да, М. Гимбутас ханым археологиялық қазбалар жүргізген өңірлерде түпкі тектері орталықазиялық гаплоготтардан (ру-тайпалардан) бұтақтанған түрік текті «Маң» жұртының өмірленгені рас, дау тудырмайтын факт. Маңдардың германдықтардың ел болып қалыптасуына тигізген еңбектері де зор.

Ал, қазіргі, яғни бүгінгі таңда, - дейді ойын одан әрі қарай сабақтаған А. Клесов, - Каспий теңізі маңында сонау есте жоқ ескі замандарда өмірленген жұрттарды: 1. М. Гимбутас ханымның «үндігермандық»; 2. Сталиннің «үндіирандық» халықтар деп атамалауының бір жақтылығы білініп қалды.

Өйткені жоғарыда анықтап алғанымыздай, орталықазиялық түпкі гаплоготтардан (ру-тайпалардан) 200-ге жуық әртүрлі этностар өсіп-өнген. Солардың бірі – R1bJ1b топты жұрт. Міне, осы топты жұрт және R1bC2a топты жұрт Каспий теңізін айналып, Кавказды басып өтіп, Анадолы арқылы Балкан түбегіне барған. Онда өсіп, өніп көбейе түскен олардың бірқатары Таяу Шығысқа, біршамасы Еуропаға, қалғандары кері көшіп Каспий теңізінің теріскейін ала бұрынғы ата-баба жұртына қоныстанған. Міне, осы жұрт бұдан 23 000 жылдай бұрын Алтай-Саян таулары мен одан арғы өңірлерде аяқтанған жұрттардың ұрпақтары-тұғын. Бұл ғылыми тұрғыда дәлелденген ақиқатты шындық. Көші-қон түзіп барып күллі Таяу Шығыс пен Еуропаның тең жартысына қоныстанған, араға бірнеше мың жыл салып қайтадан ата-баба қонысына көшіп-қонған жұрт баяғы түрік текті халықтардың ұрпақтары болатын. Демек «үндіеуропалықтар» деп аталып жүргендердің түрік текті халықтар екендігін терістеудің өзі де ұятты [17].

Осыны аңғарған прогресшіл орыс ғалымдарының өздері орыс шовинист тарихшылары тарапынан көрер көзге бұрмаланып, жазбаланып келген еуропалық халықтардың болмыстық тарихын қайта таразылап, жалған түсіндірмелерден тазарта бастады. Айталық Ресей медицина академиясының адам генетикасының популяциясы лабораториясы ғалымдары жүргізген зерттеу нәтижелері орыстардың және солармен түп тектері бір – туыстас делініп келген жұрттардың шығу тектері кімдерден екендігін анықтап берді.

Бұл зерттеудің бірқатар мәліметтерін «Власть» журналы өз оқырмандарына ұсынған.

Мәліметтерге қарағанда, орыстар ешқандай да «шығыстық славяндар емес», финдер болып шықты.

Генетикалық негізі бойынша белорустар «шығыстық славян емес», керісінше «батыстық», яғни поляктармен түбі бір туыс халық болып шықты. Сонымен қатар

«белорустардың орыстардан тым алшақ екендігі, чехтар және словактармен жақындығы барлығы анықталды».

Белорустарға қарағанда Финляндия финдері орыстарға генетикалық негізде ең жақын халық болып шықты. Y-хромосомы бойынша, орыстар мен Финляндия финдерінің ара қашықтығы бар-жоғы 30 бірліктік шаманы көрсеткен (бұл өте жақын туыстықты көрсетеді). Ал орыс пен фин-угор халықтары (марийлер, вепсалар, мордовалар және басқалары) арасындағы алшақтық бар-жоғы 2–3 бірлікті шамада екендігі білінген. Басқашалап айтқанда, орыстардың да, фин-угорлардың да бір-біріне өте жақын, өзара бауырлас халықтар екендігі байқалған.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, зерттеулер нәтижелері бойынша, орыстардың татарлармен (орыстар барлық түрк-моңғол текті халықтарды «бұлар татарлар» деп атамалайды) ара қашықтығы Финляндия финдерімен бірдей, яғни 30 бірлікті шамада көріністенген. Демек, орыстардың тең жартысының Финляндия финдерімен сияқты, татарлармен де шығу тектері бір туыстықтары бары білінген.

Украиндықтардың шығу тектері туралы жинақталған мәліметтер де зерттеушілерді қатты таң қалдырған.

Мысалы, шығыс украиндықтардың шығу тектерінің орыстардың, комилердің, мордовалардың, марийлердің шығу тектерімен бірдейлігі анықталған.

Ал, батыс украиналықтардың генетикалық тектері, тіпті, күтпеген нәтижеде көрінген. Олардың генетикалық қалыптары тура татарлардікімен бірдей қалыпта білінген. Ешқандай да айырмашылық болмаған.

Осылайша, патшалық Ресей және Кеңес тарихшылары негіздеп берген, бірақ осы уақыттарға дейін «шынайы» екендігіне шаң жұқтырылмай жүрген «Шығыс славяндары» атты теорияның, яғни орыстардың, белорустардың, украиндардың түпкі шығу тектері бір өзара бауырлас халықтар екендігінің жалғандығы ашылып қалды [18].

Қорыта айтқанда, еуропалық және орыстық прогресшіл ғылыми басылымдарда жарияланған ғылыми негізділігі жоғары еңбектерде растамаланғандай, түп негіздегі арғы түрктенді халықтар еуразиялық кеңістікте орнықтырған мәдениеттер мен тұрмыс қалыптары адамзаттық өркениетті барынша іргелендіре түскен.

Түп негіздегі арғы түрктенді халықтар ең алғашқылар болып дүниеге бірегей көзқарас пен діни сенімді (Тәңірге табынушылықты) орнықтырды. Нақ солар ең алғашқылар болып жер бетінде ірі мемлекеттер құрды. Қоғамдық өмірді құқықтық негіздерде реттеуді қалыптастырды. Ең алғашқы болып кен өндіріді, металл қорытты, еңбек және соғыс құралдарын темірден жасап пайдаланды. Сөйте жүріп, түп негіздегі арғы түрктенді халықтар ең алғашқы болып адамзат өркениетінің қарыштап дамуына ықпал етуші болып есептелетін технологиялық революцияның жандануына себепші болды.

Осындай, сондай-ақ адамзат қоғамының өркениетті дамуына қосқан өзге де жетістікті үлестері түпкі түрктенді халықтардың болмыстық тарихын жалған ойлардан құрастырылған шөп-шалам мен қоқыстардан тазартып, жаңаша бағамдауларға жол ашуда.

*Атажұртта қалған Маң жауынгерлерінің Маң қолы атануы*

Жоғарыдағы талдаулар барысында анықтап алғанмыздай, ж.с.д. 14–13-ші мыңжылдықтарда Шығыс Саян тауларында орын алған жанартаулардың атқылауынан, сондай-ақ ж.с.д. 10-шы мыңжылдықта Орталық Азияны түгелге жуық қамтыған қуаңшылықтан жан-жаққа үдере көші-қон түзген аталастарына ілеспей қалған түпкі түрктенді жұрттар бұынғыша атажұрттарында өмірленіп жатты. Солардың бірі Маң жұрты болатын. Маңдар мекендеген өңір Мұзтауды ортасына ала Алтай аймағын Саян таулары баурайларымен жалғастырып жатқан шөбі шүйгін, суы мол құйқалы бір атырап болатын. Өңірде айналасын күркіретіп Енесейге барып құятын Абақан, Үлкен Кем, Кіші Кем, Обь өзенін өз суларымен толықтыратын Катунь, Би және Шуй сарқырамалары ағып жататын. Міне осы өңірді жерсінген Маңдар өсіп-өніп, көбейе түсті. Қияндармен (хяньюндермен)

одақтасып Нгуий (Ngui-go, go-сы қытай тілінде «мемлекет» деген ұғым-түсінікті білдіреді) мемлекетін орнықтырды. Сөйтіп, шығысы – Тұнық мұхиты, теріскейі – тайганың оңтүстігі, батысы – Оңтүстік Сібір, түстігі – Тибет тауларынан Янцзы өзені жағалаулары аралығын сонау есте жоқ замандардан бермен қарай мекендеп келе жатқан әскери күш-қуаты мықты мемлекетті Хунгурлармен иық тірестірді.

Бұрынарақтағы тарихи әдебиеттерде өзектелмеген бұл мәліметті ғылыми айналымға қосқан ескілікті иероглифтерді оқып, мән-мағыналарын түсіндірудің хас шебері қытай оқымыстысы Ван Говей болды. Ол ескілікті тарихи жазылым «Цзячувэньдегі» көне тексттерді аудармалап, ж.с.д. 3-ші мыңжылдықта қазіргі қытайдың батысында түздік Нгуий (Ngui-go) атты мемлекет болғандығын анықтап берді. Сол замандарда, - дейді ол, - барлық арғы түздіктер Нүкіз (нохой, ноғай) атанды. Бірақ барша түздіктер осылай аталғанымен, түп төркінде олардың бәрі хуньюйлерден (хунгурлардан) бұтақтанған жұрттар деп танылатын [19, 34–35-бб.].

Қытай оқымыстысы Ван Говей анықтап берген бұл мағлұмат өзге ғалымдардың еңбектеріндегі мазмұндаулармен де толыға түседі.

Мысалы, - дейді қазақ тарихшысы Ж. Байжумин, - ж.с.д. 3-ші мыңжылдықта қазіргі Қытайдың теріскей-батысында маңдар құрған Нгуий мемлекеті (Ngui-go) мәнжүр тілді орман тайпаларын өздеріне бағындырды. Нгуий (Ngui-go) мемлекеті билігіне өткен мәнжүр тілді орман халықтары маңдардың әскерлерін «маң қолы» деп атамалап кетті. Олардың «Маң қолы» дегендері «Маң әскері» дегендері көрінеді. Себебі көне мәнжүр тілінде «Қол» түсінігі «Әскер» деген ұғымды білдірген. Ерте және орта ғасырлар тарихнамасында далалық халықтар арасында «Моңғол» этнонимді жұрт болғандығы мүлдем аталмайды. Бұл этноним Шығыс хан ордасында оған император лауазымын ұлықтаған құрылтайда ойда-жоқтан туындаған. Ордада тіркелген қытай елшісі генерал Мэн Хунның айтуынша осы құрылтайға дейін «моңғол» деген атауды ешкім білмеген. Құрылтайда Шыңғыс ханды, оның арғы ата-бабаларын көпірте мақтаған ақылгөйлердің бірі «арғы ататек тарихындағы ержүрек мәнвулерді (маңдарды)» еске түсірген. Бұл мақтаудың Шыңғыс ханға ұнағандығы соншалық, ол бірден қарауындағы барша халықты «Маң қол» деп атамалауға бұйрық берген. Келе-келе «маң қол» аталымы тіл өзгерістеріне қарай «Моңғолға» айналған [20, 59–60-бб.].

Бұл баяндама қытай тарихшысы Е Лунь-ли еңбегіне сілтемеленген төмендегі деректік мағлұматпен үйлесе жымдасады.

«Кидандардан ары, теріскейге қарайғы өңірлерде «Маң-го» (Маң мемлекеті) орналасқан. Халқы шөбі шүйгін, суы тұнық жайылымды жерлерді қуалап көшіп-қонып жүреді. Тұрақты мекен-жайлары жоқ. Күмбез тәрізді киіз үйлерде тұрады. Киімдерінің алдыңғы өңірлерін солдан оңға қарай ашады. Ет жеп, қымыз ішеді. Киімді теріден тігіп, жүннен тоқиды. Оларда мүйіз нақышты садақ, ысқырма жебе, сауыт, қылыш, қанжар, семсер, найза, шоқпар, балта, шақан және басқа да ұрыс қарулары мол. Адамдары атқа мықты, садақ тартуға шебер, шоқпар, балта, шақан сілтеуге ұста, жаратылыстарынан жауыз болады. Үнемі ұрыс-керіс іздеп жүреді. Ел тонайды. Барымтаға үйір.

Дегенмен кидандармен соғысуға батпайды. Олармен ауыс-түйіс жасап жылқы, өгіз, қой, ешкі, жүннен тоқылған бұйымдармен сауда-саттық жасайды. Олардың тұрғылықты жерлерінен Ляо мемлекетінің жоғары астанасына дейін 4000 ли (2000 км) болып қалады [21, 304–306-бб.].

Сүй шуда (Суң әулетінің тарихы) былай деп жазылған.

«Солтүстікте өте биік таулар бар. Сол таулардың арғы жағында өз бастауын Цзюйлунь көлінен алып, шығысқа қарай Шицзяньхэ өзені ағады. Осы өзеннің оңтүстігін ала «Мэн-ву» (маңбы) жұрты мекендейді». Осыған қарап Е.И. Кычанов Маң жұртының мекенін былай анықтайды. «Цзюйлунь көлі бұл қазіргі Хулуньчи (Хулунь-нор, Далай-нор) көлі. Бұл көлге Керулен өзені құяды. Ал Ванцзяньхэ өзені бұл Аргунь өзені. Өйткені жазылымға қарағанда

бұл өзен де Цзюйлуңь көлінен ағып шығады. Ал Шизянь дегендері Шилка өзені. Себебі Шилка мен Аргунь өзендері қосылып барып, Хыйшуйге (Амурға) құяды [22, 173–176-бб.].

Маңдар барынша күшейіп тұрған замандарында Аргунь өзені бастау алатын аймақтан шығысқа қарайғы барлық өңірлерге, атап айтқанда, Хыйшуйдің (Амурдың) екі қапталын ала осы өзеннің мұхитқа құяр сағасындағы Бохай мемлекетінің жеріне дейін иеленген. Олар құрған мемлекет аталымы әлі осы уақыттарға дейін әлемдік тарихнамада «Су бойғы маң, кейде моңғол мемлекеті» (Mǎn-bu go) деп жазбаланып келеді. Бірақ бодандығындағы түркі текті халықтардан осы ақиқатты деректі жасырған Ресей өкіметі тарихшыларына бұл мемлекет туралы айтуға тыйым салған. Тек бұрмалап айтып, жазбалауға рұқсат берген.

Сол замандарда маң жауынгерлерін мәнжүрлер өз тілдерінде «маң қолы» /әскері/ деп атамағандары сияқты, маңдардың өздерін де өз тілдерінде көптікті білдіретін –ғыт жұрнағын жалғау арқылы «Маңғыт» деп атамай бастаған. Келе-келе «маңғыт» халықтық аталымға ие болып, этнонимге айналған. Осыдан болар кейіндеу, атап айтқанда, 945-ші жылы жазылған «Цзю Тан шуда» (Көне Таң әулетінің тарихында) Маң жұрты «мәнву» (маңбы), «мәнү ши-вэй» (отыз татардың маңы), кейде «маңғыт» деп хаттамаланған.

Ал 1045–1060 жылдары аралығында жазылған «Син Тан шуда» (Жаңа Таң мемлекетінің тарихы) маңдар «мән-ву» (маңбы жұрты), ал олардың мемлекеті – «Мән-ву – го» (Су бойғы Маң мемлекеті) деп хатталған [23, 89–90-бб.].

### Қорытынды

Сілтемелерден байқалып тұрғандай, Маңдар жаратылыстарынан асқан айбатты, жаугершілік іс-қимылға бейім, өжет, қайтпас мінезді, қайратты, барыстай айбаттанып жауын талқандағанда оларға аяушылық танытпайтын қатыгез жауынгер халық болған. Олар үшін ат үстінен атойлап қылыш сілтеу, шоқпармен не балтамен ұру, немесе найза лақтыру, әсіресе садақ ату үйреншікті әдет-ті. Олар жаулап алған аймақтарда ондаған мемлекеттердің құрылуына ұйытқы болған. Бірқатар жаңа этностық құрылымдардың пайда болып, аяқтануына себепші болған. Яғни ерте дүниеде Таяу Шығыс пен одан арғы өңірлерде бірнеше мемлекеттер аяқтанған. Маң билеушілерінің үйлесімді ұйыстыруы мен ұйымдастыруы нәтижесінде ол мемлекеттер гүлденіп, өркендегені тың фактілік мәліметтер аясында нақтыланды. Көне қытайлық мағлұматтар аясында ерте дүниелік Маң мемлекетінің құрылуы, сол мемлекеттің құрамында болған маньжурлердің маң этнониміне –ғыт жалғамасын жалғап алып, оларды «маңғыт», әскерін өз тілдеріндегі «қолы» ұғым-түсінігімен алмастырып «маң қолы» деп атауы нақтылы жазбалық деректер негізінде талданды. Кейіндеу келе «маң қолы» ұғым-түсінігінің «маңқол» этнониміне айналу тарихы сараланды.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Бейсенбайұлы Ж. Орталық Азиядағы арғы түрк сипатты мәдениеттер: этнотектік аспектілер. – Астана: Ғылым, 2015. – 468 б.
2. Клесов А. Все лекции о ДНК-генеалогии // You Tube. 15 авг. 2021 г.
3. Рыжков В.А. Солнечный шэйпинг черепа как расообразующий фактор и маркер миграции древнего человека // Вестник Российской Академии ДНК-генеалогии. Т.3. –2010. – №9. –С. 1416–1602.
4. Закиев М.З. Глубокие этнические корни тюркских народов. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 400 с.
5. Лайпанов К.Т., Мизиев И.М. О происхождении тюркских народов. – Черкасск: Изд. ПАО «ПУЛ», 1993. – 138 с.
6. Нұсқабаев О. Еуразиялық кеңістіктегі түріктегі этникалық түзілімдер // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2021. – №4 (122). – Б. 156–170.
7. Бутанаев В.Я., Худяков Ю.С. История енисейских кыргызов. – Абакан: Изд-во Хакасского гос. университета им. Н.Ф. Катанова, 2000. – 272 с.

8. Кузьмин А.Г. Из предьистории народов Европы. [Электронды ресурс]. URL: <https://portal-slovo.ru/history/40415.php> (қаралған күні 23.06.2022)
9. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: в 4-х томах (в 8 книгах). 2-е изд. – М.: Изд-во восточной литературы, 1963–64. – 2016 с.
10. Аржанников С.Г., Аржанникова А.В., Иванов А.В., Демонтерова Е.И. Легендарный Эргунэ-Кун: исторический этап активизации вулканизма на Жомболокском лавовом поле как причина исхода протомонгольских племен из Восточного Саяна // Известия лаборатории древних технологий. – 2022. – №1. – С. 34–49.
11. Ельницкий Л.А. Скифия евразийских степей. – Новосибирск, 1977. – 278 с.
12. Нұсқабаев О. Байырғы қоңыраттар: Монография. – Түркістан: Тұран, 2022. – 235 б.
13. Калинина Т.М. Сведения ранних ученых Арабского халифата. – М.: Наука, 1998. – 24 с.
14. Дроздов Ю.А. Тюркоязычный период европейской истории. – Ярославль: ООО ИПК «Литер», 2011. – 600 с.
15. Корнелей Тацит. О происхождении германцев и местоположении Германии. Сочинения в двух томах. Т.1. – С.-Петербург: Наука, 1993. – 744 с.
16. Салғараұлы Қ. Күн тегі мен Айдың бауырлары // Түркология. – 2017. – №5. – Б. 95–102.
17. Клесов А. ДНК-генеалогия. Вопросы и ответы // You Tube. День ТВ. 19 июнь 2021 г.
18. Историк отверг связь современных украинцев с Киевской Русью. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gumilev-center.ru/istorik-otverg-svyaz-sovremennykh-ukraincev-s-kievskojj-rusyu/> (қаралған күні 24.06.2022)
19. Худжаев А. Из истории древних тюрков (Сведения древнекитайских источников). – Ташкент: Изд-во «Tafakkur», 2010. – 220 с.
20. Байжумин Ж. Тұран. Адамзат қоғамының тарихына көзқарас. – Алматы: Арыс, 2013. – 264 б.
21. Е Лун-ли. История государства киданей (Цидань го чжи) / Пер., введ. и ком. В.С. Таскина. – М.: Наука, 1979. – 237 с.
22. Кычанов Е.И. Монголы в первой половине XII в. // Дальний Восток и соседние территории в средние века. История и культура востока Азии. – Новосибирск: Наука. Сибирское отделение, 1980. – С. 136–148.
23. Мэн-да бэй лу (Полное описание монголо-татар) Факсимиле ксилографа / Пер. с кит., введение, коммент. и прилож. Н.Ц. Мункуева / Памятники Востока. Т. XXVI. – М., 1975. – 378 с.

#### REFERENCES

1. Beisenbaiuly J. Ortalyq Aziyadagy argy turk sipatty madenietter: etnotektik aspektiler [Ancient Turkic cultures in Central Asia: ethno-ethnic aspects]. – Astana: Gylym, 2015. – 468 b. [in Kazakh]
2. Klesov A. Vse lekciï o DNK-genealogii [All lectures about DNA genealogy] // You Tube. 15 avg. 2021 g. [in Russian]
3. Ryjkov V.A. Solnechnyi sheiping cherepa kak rasoobrazuiushiy faktor i marker migracii drevnego cheloveka [Solar shaping of the skull as a race-forming factor and a marker of migration of ancient man] // Vestnik Rossiyskoi Akademii DNK-genealogii. T.3. – 2010. – №9. – S. 1416–1602. [in Russian]
4. Zakiev M.Z. Glubokie etnicheskie korni tiurkskih narodov [Deep ethnic roots of the Turkic peoples]. – Astana: Kantana Press, 2011. – 400 s. [in Russian]
5. Laipanov K.T., Miziev I.M. O proishojdenii tiurkskih narodov [About the origin of the Turkic peoples]. – Cherkassk: Izd. PAO «PUL», 1993. – 138 s. [in Russian]
6. Nusqabaev O. Euraziialyq kenistiktegi turikteki etnikalyq tuzilimder [Turkic ethnic formations in the Eurasian space] // Iasauï universitetinin habarshysy. – 2021. – №4 (122). – B. 156–170. [in Kazakh]
7. Butanaev V.Ia., Hudiakov Iu.S. Istoriia eniseiskih kyrgyzov [History of the Yenisei Kyrgyz]. – Abakan: Izd-vo Hakasskogo gos. universiteta im. N.F. Katanova, 2000. – 272 s. [in Russian]
8. Kuzmin A.G. Iz predystorii narodov Evropy [From the prehistory of the peoples of Europe]. [Electronic resource]. URL: <https://portal-slovo.ru/history/40415.php> (qaralghan kuni 23.06.2022) [in Russian]
9. Radlov V.V. Opyt slovaria tiurkskih narechii: v 4-h tomah (v 8 knigah) [The experience of the dictionary of Turkic dialects: in 4 volumes (in 8 books)]. 2-e izd. – M.: Izd-vo vostochnoi literatury, 1963–64. – 2016 s. [in Russian]

10. Arjannikov S.G., Arjannikova A.V., Ivanov A.V., Demonterova E.I. Legendarnyi Ergunie-Kun: istoricheskiy etap aktivizatsii vulkanizma na Jombolokskom lavovom pole kak prichina ishoda protomongolskikh plemen iz Vostochnogo Saiana [The legendary Ergune-Kun: the historical stage of the activation of volcanism on the Zhombolok lava field as the reason for the exodus of Proto-Mongol tribes from the Eastern Sayan] // *Izvestiia laboratorii drevnih tehnologiy*. – 2022. – №1. – S. 34–49. [in Russian]
11. Elnickii L.A. Skifiia evraziiskikh steppei [Scythia of the Eurasian Steppes]. – Novosibirsk, 1977. – 278 s. [in Russian]
12. Nusqabaev O. Baiyrgy qonyrattar: Monografiia [Indigenous Kungirats: Monograph]. – Turkistan: Turan, 2022. – 235 b. [in Kazakh]
13. Kalinina T.M. Svedeniia rannih uchenykh Arabskogo halifata [Information from early scholars of the Arab Caliphate]. – M.: Nauka, 1998. – 24 s. [in Russian]
14. Drozdov Ju.A. Tiurkoiazychnyi period evropeiskoi istorii [The Turkic-speaking period of European history]. – Iaroslavl: OOO IPK «Liter», 2011. – 600 s. [in Russian]
15. Korneliy Tacit. O proishojdenii germancev i mestopolojenii Germanii. Sochineniia v dvuh tomah. T.1. [About the origin of the Germans and the location of Germany. Essays in two volumes. Vol. 1]. – S.-Peterburg: Nauka, 1993. – 744 s. [in Russian]
16. Salgarauly Q. Kun tegi men Aidyn bauyrlary [The Origin of the Sun and the brothers of the Moon] // *Turkologiya*. – 2017. – №5. – B. 95–102. [in Kazakh]
17. Klesov A. DNK-genealogiia. Voprosy i otvety [DNA genealogy. Questions and answers] // You Tube. Den' TV. 19 ijun' 2021 g. [in Russian]
18. Istorik otverg sviaz sovremennykh ukraincev s Kievskoi Rusiu [The historian rejected the connection of modern Ukrainians with Kievan Rus]. [Electronic resource]. URL: <https://www.gumilev-center.ru/istorik-otverg-svyaz-sovremennykh-ukraincev-s-kievskoj-rusyu/> (qaralgan kuni 24.06.2022) [in Russian]
19. Hudjaev A. Iz istorii drevnih tiurkov (Svedeniia drevnekitaiskikh istochnikov) [From the history of the ancient Turks (Information from ancient Chinese sources)]. – Tashkent: Izd-vo «Tafakkur», 2010. – 220 s. [in Russian]
20. Baijumin J. Turan. Adamzat qogamynyn tarihynda kozqaras [Turan. A look at the history of human society]. – Almaty: Arys, 2013. – 264 b. [in Kazakh]
21. E Lun-li. Istoriia gosudarstva kidanei (Cidan go chzhi) [Ye Lung-li. History of the Khitan State (Qidan Guo zhi)] / Per., vved. i kom. V.S. Taskina. – M.: Nauka, 1979. – 237 s. [in Russian]
22. Kychanov E.I. Mongoly v pervoi polovine XII v. [Mongols in the first half of the XII century.] // *Dalniy Vostok i sosednie territorii v srednie veka. Istoriia i kultura vostoka Azii*. – Novosibirsk: Nauka. Sibirskoe otdelenie, 1980. – S. 136–148. [in Russian]
23. Mien-da bie lu (Polnoe opisanie mongolo-tatar) Faksimile ksilografa [Meng-da bei lu (Full description of the Mongol-Tatars) Facsimile of a woodcut] / Per. s kit., vvedenie, komment. i prilozh. N.C. Munkueva / Pamiatniki Vostoka. T. XXVI. – M., 1975. – 378 s. [in Russian]

Л.С. ДИНАШЕВА<sup>1</sup>□, Н.К. КАТТАБЕКОВА<sup>2</sup>, Ю. ЖАХАНГИР<sup>3</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: lazat.dinashева@ayu.edu.kz

<sup>2</sup>тарих ғылымдарының кандидаты

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz

<sup>3</sup>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторанты  
(Түркия, Стамбул қ.), e-mail: yusuf.05@mail.ru

## ХІХ Ғ. СОҢЫ – ХХ Ғ. БАСЫНДА ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН РЕСЕЙ ТҮРКІЛЕРІНДЕГІ ДІНИ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ РЕФОРМАЛАРЫ

**Аңдатпа.** Мақалада ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың бас кезінде Осман империясы мен патшалық билік тұсындағы Түркістан өлкесі білім беру жүйесіндегі реформаторлық бағыттары зерттеліп, салыстырмалы талдау жасалған. Сонымен қатар аталған кезеңде Түркия мен Ресей түркілерінің білім саласындағы реформалары мен жаңашылдық бағыттары қарастырылған.

Осман империясы мен Ресей түркілеріндегі діни білімнің дамуына және олардың арасындағы ұқсастық пен бірегейліктің қалыптасуында Панисламизм идеологиясының рөлі өте жоғары болды. Діни білім халықтар арасындағы мәдени көпір болып қана саналып қоймастан, сондай-ақ түркі тілдес бауырлас халықтарды біріктіретін күш болды. Алғашқыда панисламизм діни сана мен саясатқа басымдық берген, барлық мұсылман қауымының бірлігі концепциясы мен ислам елдерін бір мемлекетке біріктіруді мақсат етеккен діни-саяси идеология болса, уақыт өте оның мазұны өзгереді де, ендігі жерде діни білім беруді дәріптейтін танымдық сипатқа ие болады. Ғасырлар тоғысында оқу-ағартуға негізделген бұл қозғалыс түркі халықтарының арасында кең етек алды. Осман империясы мен Ресей түркілеріндегі діни білімнің айырмашылығы аса үлкен емес еді. Барлығы бір дін мен діни бағытты ұстанып, соның негізінде білім алды. Осман империясының Орта Азия түркілеріне діни білімді насихаттауы мен сіндіруі және ресейлік түркілердің Осман империясының діни мектептерінде білімін шыңдауы жаңа бір реформаторлық қимылдардың бірі болды.

**Кілт сөздер:** Осман империясы, Ресей түркілері, панисламизм, реформа, мұсылмандық мектеп, зайырлы мектеп.

---

### \*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Динашева Л.С., Каттабекова Н.К., Жахангир Ю. ХІХ ғ. соңы – ХХ ғ. басында Осман империясы мен Ресей түркілеріндегі діни және зайырлы білім реформалары // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 479–493. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.43>

### \*Cite us correctly:

Dinashева L.S., Kattabekova N.K., Jahangir Yu. XIX g. sonı – XX g. basında Osman imperiasy men Resei turkilerindegi dini jane zaiyrly bilim reformalary [Reforms of Religious and Secular Education among the Turks of the Osman Empire and Russia in the late XIX – early XX centuries] // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 479–493. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.43>

**L.S. Dinashева<sup>1</sup>, N.K. Kattabekova<sup>2</sup>, Y. Zhakhangir<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*Candidate of Historical Sciences,  
Associate Professor of Khoja Akhmet Yassawi Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: lazat.dinashева@ayu.edu.kz*

<sup>2</sup>*Candidate of Historical Sciences  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*PhD Doctoral Student of Khoja Akhmet Yassawi International  
(Turkey, Istanbul), e-mail: yusuf.05@mail.ru*

### **Reforms of Religious and Secular Education among the Turks of the Osman Empire and Russia in the late XIX – early XX centuries**

**Abstract.** The article examines the reformist tendencies in the education system of the Ottoman Empire and the Turkestan region during the period of royal power in the late 19th – early 20th centuries and conducts a comparative analysis. The scientific work studies the reforms and innovative directions of the Turkish and Russian Turks in the field of education in the specified period.

The role of the ideology of pan-Islamism was very high in the development of religious education in the Ottoman Empire and the Russian Turks, in the formation of similarities and originality between them. Religious education is considered not only a cultural bridge between peoples, but also a unifying force of the Turkic peoples. At first, pan-Islamism was a concept based on religious culture and politics, where the unification of views and positions between states was allowed, then its content changed, and it acquired an educational character, promoting religious knowledge. At first, pan-Islamism was a concept based on religious culture and politics, where the unification of views and positions between states was allowed, then its content changed, and it acquired an educational character, promoting religious knowledge. Although pan-Islamism arose from the policy of unification of Muslim peoples, it was distinguished by a high level of relations between the Turkic peoples based on religious culture and education. The difference in religious education between the Ottoman Empire and the Russian Turks was small. All followed the same religion and religious direction and received education based on it. The promotion and instillation of religious knowledge by the Ottoman Empire to the Turks of Central Asia and the strengthening of the education of Russian Turks in the religious schools of the Ottoman Empire was one of the new reform movements.

**Keywords:** Ottoman Empire, Russian Turks, pan-Islamism, reform, Muslim school, secular school.

**Л.С. Динашева<sup>1</sup>, Н.К. Каттабекова<sup>2</sup>, Ю. Жахангир<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*кандидат исторических наук,  
доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: lazat.dinashева@ayu.edu.kz*

<sup>2</sup>*кандидат исторических наук  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: nazygul.kattabekova@ayu.edu.kz*

<sup>3</sup>*PhD докторант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Турция, г. Стамбул), e-mail: yusuf.05@mail.ru*

### **Реформы религиозного и светского образования у тюрков Османской империи и России в конце XIX – начале XX вв.**

**Аннотация.** В статье рассматриваются реформаторские тенденции в системе образования Османской империи и Туркестанского края в период царской власти в конце



XIX – начале XX века и проводится сравнительный анализ. В научной работе изучаются реформы и новаторские направления турецких и российских тюрок в сфере образования в указанный период.

Роль идеологии панисламизма была очень высока в развитии религиозного образования в Османской империи и русских тюрок, в формировании сходства и своеобразия между ними. Религиозное образование считается не только культурным мостом между народами, но и объединяющей силой тюркских народов. Сначала панисламизм был концепцией, основанной на религиозной культуре и политике, где допускалась унификация взглядов и позиций между государствами, затем его содержание изменилось, и он приобрел воспитательный характер, пропагандируя религиозные знания. Сначала панисламизм был концепцией, основанной на религиозной культуре и политике, где допускалась унификация взглядов и позиций между государствами, затем его содержание изменилось, и он приобрел воспитательный характер, пропагандируя религиозные знания. Хотя панисламизм возник из политики объединения мусульманских народов, он отличался высоким уровнем взаимоотношений между тюркскими народами на основе религиозной культуры и образования. Разница в религиозном воспитании между Османской империей и русскими тюрками была невелика. Все следовали одной и той же религии и религиозному направлению и получали образование на его основе. Продвижение и привитие Османской империей религиозных знаний тюркам Средней Азии и укрепление образования русских тюрок в религиозных школах Османской империи было одним из новых реформаторских движений.

**Ключевые слова:** Османская империя, Российские тюрки, панисламизм, реформа, мусульманская школа, светская школа.

### **Кіріспе**

Түркі халықтары өзінің тарихи дамуы жолында ғасырлар бойына созылған сан қилы саяси, этникалық, мәдени және этномәдени процестерді бастан кешірді. Олар Еуразия кеңістігінде, оның ішінде Орталық Азия немесе Түркістан, Анадолы, Батыс Сібір мен Орал таулары және онымен іргелес аймақтарда өмір сүріп, әлемдік саяси-тарихи процестің үлкен бөлігін құрап отыр. Атап отырғанымыздай, түркі халықтарының сан ғасырлық бай тарихы қалыптасып, ол уақыт өте сананың дамуына, ұлттық мемлекеттік модельдің пайда болуына, сондай-ақ рухани мәдениет пен салт-дәстүрдің мұрасын дамытуға ықпал етті. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы түркі халықтарының саяси, әлеуметтік және мәдени салаларда даму, сондай-ақ бір-бірімен жақындасу кезеңі болып саналды. Қазіргі кезде тарих ғылымының заманауи әдіснамалық принциптері мен ғылыми әдістері негізінде түркі халықтарының мәдени сабақтастық тарихын зерттеу ғылымның талабы болып отыр. Оның ішінде білім саласындағы өзара ұқсастық пен сабақтастықты зерттеу өз алдына жеке тақырыпты құрайды. Дәлірек айтқанда, Осман империясының құлдырау дәуірінде Ресей империясындағы түркі-мұсылман халықтарымен оқу-білім саласындағы даму тарихын зерделеу мазмұны жағынан үлкен басымдыққа ие. Демек, Отандық ғылымда түркі халықтарының білім мен мәдениет саласындағы интеграция тарихын зерттеу өзекті болып отырғаны даусыз.

### **Зерттеу әдістері**

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін айқындауда біріншіден қазіргі кезде елімізде тарих ғылымында болып жатқан әдіснамалық принциптерге бағытталған заманауи ұстанымдар негізге алынды. Келесі кезекте, объективті түрде тәуелсіз тұжырым жасап, оны қазіргі кездегі ғылымдағы негізгі бағыт ретінде қабылдау қажеттігі туды. Қазіргі кезде тарих ғылымының әдіснамасына сүйеніп жасаған ғылыми нәтижелер көрсетілді. Зерттеу жұмысын

жүргізуде тарих ғылымының тарихи-салыстырмалылық, тарихи жүйелеу және тарихи-типологиялық әдістері қолданылды.

### **Талдау және нәтижелер**

Ғасырлар тоғысында Осман империясы мен Ресей түркілерінің арасында білім саласында салыстырмалы түрде талдап көрсететін факторлардың бірі – екі мемлекеттегі діни және зайырлы білімнің деңгейіне, олардың қалыптасуы мен дамуына және маңыздылығына талдау жасау болып табылады. Алдымен діни білімге тоқталсақ, Осман империясы мен ресейлік түркі халықтарында бір-біріне ұқсас болған және ықпал еткен жағдайлар көп болды. Олардың ең негізгісі Ислам дініне байланысты болып, діни білім басты оқу жолдарының бірі саналды. Мұнда Осман империясы ресейлік түркі халықтарында Исламға негізделген діни сауат ашудың үлгісін қалыптастырды. Оның өзіндік саяси, халықаралық, мәдени, танымдық себептері болды.

Біз мұнда төмендегідей факторларға қысқаша тоқталсақ, XIII ғасыр соңында құрылып, XV–XVII ғасырларда алып империя ретінде дамып, өзінің шарықтау шегіне жеткен Османлы мемлекеті XVIII ғасырдың соңынан бастап халықаралық аренадағы әлемдік держава ретіндегі беделі төмендей түсті. Дәуірлеп тұрған шағында үш құрлықтың басын біріктірген алып түрік мемлекетінің құлдырауына бірнеше факторлар әсер етті: мемлекеттің өз ішінде өзара қырқысулардың етек алуы, сепаратизмнің күшейюі, елде ғылым мен білімнің артта қалуы, әлеуметтік және экономикалық салалардың тоқырауға ұшырауы, дер кезінде тиісті қайта құру реформаларының жасалмауы, сыртқы саясатта үздіксіз соғыстардың жүргізілуі, дипломатиялық қарым-қатынастардағы сәтсіздіктер. Осы аталған факторлар империяның «Еуропаның науқас адамы» атауына ие болуына алып келді және елдің дамуына кері әсерін тигізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында әлемдік қуатынан айырыла бастаған Осман империясы мәдениеті мен салт-дәстүрі, діни мен тілі бір түркі халықтарымен жақындасуда жаңа қадамдар жасай бастады. Ендігі жерде, туыс елдермен қарым-қатынасты жақсартуда Ислам діні алға шықты. Түркі халықтарының басым бөлігі орналасқан Орталық Азия мемлекеттерімен байланыс саяси, елшілік дәрежесіндегі қатынастан дін, оқу, білім, мәдени қарым-қатынастық сипатқа ие бола бастады. Тарихы бір туыс халықтар арасын Ислам діни жақындастыра түсті және бұл жағдай түрікшілдік, ұлтшылдық және Панисламизм ұстанымдарының астасып кетуіне алып келді.

Жалпы, Панисламизм XIX ғасырдың соңында пайда болған, біртұтас ислам мемлекетін құруды ұсынған мұсылман реформаторы, ауғандық саяси қайраткер Джемал ат-Дина Әл-Афганидің (1839–1897 жж.) есімімен тікелей байланысты діни идеология, саяси маңызға ие қозғалыс. Ауғанстан мен Үндістанда білім алып, біршама уақыт Мысырда қызмет еткен Әл-Афгани аталған елдермен бірге Иран, Ирак, Осман мемлекеті сияқты мұсылман елдерін зерттейді. Ол бұл елдерде әлеуметтік-экономикалық, мәдени дамуларында артта қалушылық, рухани дағдарыс, шетелдік империалистердің үстемдігі сияқты ортақ проблемалардың бар екендігін анықтап, отаршылдықпен күрес үшін Ислам діни қағидаттарын, мұсылмандардың «діни және саяси одағын» құру идеясының концепциясын жасап, ұсынады [1]. Әл-Афгани мұсылмандық бірлік қай кезде және қай жерде болмасын кез келген ағымға қарсы тұра алатын қабілетке ие деп санады.

Әл-Афгани Батыс державаларының отаршылық өзара тартысына түскен Ислам мемлекеттерінің XIX ғасыр соңындағы жағдайын апат алданда тұрған кемеге теңейді. Дәл осы жағдайда кемедегі жолаушы-мұсылман өзін ғана емес, Ислам кемесін бірге құтқаруы қажет деп түсіндіреді. Мысыр елінде жарық көрген мақалаларында отаршылдық саясатты өткір сынап отырып, оған қарсы күресте мұсылман елдерінің басын біріктіру жолында Исламға балама жоқ делінді. Әл-Афгани мұсылман халықтарының отаршылдыққа қарсы қозғалысына белсене қатысты. Бұл қозғалыстың идеологиялық негізін Ислам деп білді, алайда, дәстүрлі дін мұсылман халықтарының прогресивті дамуында шешуші тарихи рөл

атқара алмайды, сондықтан Ислам ілімі мен философиясының ережелерін сол тұстағы өмір шындығына біртіндеп трансформациялау қажет деп санады. Бұл ретте білім мен мәдениетке, ағартылушылық қызметке ерекше көңіл бөлу қажеттігін айтты. Ол мұсылмандардың мектептерде тек діни пәндерді ғана емес, басқа ғылымдарды да оқып, сол кездегі техникалық жетістіктерімен танысып, мұны исламды реформалаудың басты сатысы деп санауға тырысты. Әл-Афгани ғылыми білім Құранның өзінде бекітілген деп есептеді. Құранның аяттары ғылымның барлық жетістіктерін, егер оларға рационализм тұрғысынан қарайтын болса, растайды деп тұжырымдады.

Панисламизмнің идеологы саналған Әл-Афгани мұсылмандар одағының маңызды бөлігі халықтың санасын ояту және көзін ашу болуы керек деп есептеді. Өз идеяларын жүзеге асыру мақсатында Әл-Афгани бірқатар мұсылман елдері билеушілеріне жүгінді, алайда Ислам әлеміндегі ең күшті мемлекет Осман империясы деп санады, оның айналасына барлық мұсылмандарды бірігуге шақырды. Ол ағартушылыққа ден қойып, білім мен ғылым дамыса, мұсылмандар мақсатына бейбіт жолмен де, қарулы жолмен де қол жеткізе алады деді. Әл-Афганидің осы тұжырымы XIX-XX ғасырлар тоғысында Осман империясы мен Орталық Азиядағы түркі елдері арасында діни білімнің дамуына себепші болды.

1876 жылы ағасы сұлтан V Мұраттың орнына Осман империясы тағына отырған II Әбділхамит Ислам дүниесі бірлігінің ұйымдастырушысы ретінде дін мәдениеті бірлігінің саяси астарын жақсы түсінді. Осман сұлтаны ең алдымен исламдағы парыз бен сүннетті қорғай отырып, Алланың әмірін орындау, ғалымдарды құрметтеу қажеттігін алға тартты. II Әбділхамит елде діни білім беруді дамыту бағытында медреселер санын арттыруды қолға алды. [2]. Бір сөзбен айтқанда, жоғарыда аталғандай, Осман империясы бұл кезде зайырлы білімді кеңінен қолдап, еуропалық үлгіде мектептер ашып жатқанда, екінші жағынан діни мектептерді өз деңгейінде ұстады. Бұл кезде біріншіден, Ислам діни Осман империясындағы мұсылман халықтардың ауызбірлігін нығайтты, екіншіден басқа да түркі мұсылман халықтарымен жақындастырды. Осының салдарынан Осман империясында діни мектептерді қысқарту туралы үкіметтің ұсыныстарынан медреселер біраз азайғанымен, олар мемлекеттің білім саласында өз орнын жоғалтпады.

Осы тұста, Ресей империясының қол астында болған түркістандық түріктер Осман мемлекеті падишахын ислам әлемінің көшбасшысы, халифы ретінде қабылдағандығын айта кеткен жөн. Түркістан өлкесі мұсылмандары үшін түрік сұлтаны еуропалық құндылықтарды тарқатушы емес, халифат дәстүрін жалғастырушы болды.

Панисламизмнің идеологы Әл-Афганидің Түркістан өлкесіндегі тұрғындарының отарлық кезеңде өз дінін сақтап қалып, Осман мемлекетімен бірігу жолындағы қызметі ерекше болды. Патшалық Ресейдің қол астындағы Түркістан, Сайрам, Самарқан, Хиуа, Ташкент, Бұхара мұсылмандары санасына діни идеологияны сіңіруде көп еңбектенді [3, 18–19-бб.].

Осман билігі өзінің Түркістан өлкесіндегі тілі, діні мен мәдениеті бір туыс халықтарды бауырына тартып, өзара байланыстарды дамытуға айрықша көңіл бөлді. Әл-Афганидің идеясын басшылыққа ала отырып, сыртқы күштерге қарсы күресу үшін Ислам діни аясында бірігу жолындағы әрекеттері айтарлықтай нәтижесін көрсетті де. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Түркістандық және Анадолы түріктерін мәдени және діни тұрғыдан бір тудың астына бірікті деуге болады [4]. Осы кезде Панисламизммен басталған бірігу процесі Пантюркизмге ұласты. Түркі бірлігі мен ынтымақтастығын дәріптеген жаңа идеология, жаңа бірлестіктер құрыла бастады. Пантюркизмнің етек алуында татар ұлтының өкілі, ағартушы Исмаил Гаспиринскийдің (1851–1914 жж.) еңбегін айрықша атап өткен жөн.

XX ғасыр басында ислам және түркі бірлігін дәріптеген идеялар айрықша күшке ие болды. Түркістанға келген шетелдік түрікшілер жер-жерлерде шағын жиналыстар өткізіп, діни-саяси әдебиеттерді тарқатып, үгіт-насихат жұмыстарын атқарды. Осы уақытта Анадолы

мен Түркістанда барлық түркі халықтарын «Бірлік және прогресс» партиясы төңірегінде бірігуге үндеген 40-тан астам баспасөз құралдары («Таза-Гаят», «Иукахамат», «Иршад», «Межилис», «Тараки», «Нузоффар», «Молла Насреддин», «Хикмет», «Сабах», «Икодам», «Тердиюнан және Накикат», «Аллива», «Серветтифунаун») пайда болы. Осы тұста ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасыр басында Осман империясы мен Ресей түркілеріндегі діни білімнің деңгейін салыстырмалы талдауда Осман империясының алға кеткені көрініп тұрды. Әрине, оның басты себептері Осман империясы империялық деңгейде болып, бүкіл мұсылман әлемінің көшбасшысы саналды. Орта Азиядағы барлық діни білім орталықтары Осман империясынан келетін діни материалдарға сүйенді. Осман империясы ресейлік түркі-мұсылмандарды тек оқу материалдары ғана емес, моральдық, әлеуметтік жағынан барынша қолдады. Мұның бәрі жоғарыда атап өткеніміздей, Осман империясының саяси ұстанымдарынан туындап, ол өз кезегінде ресейлік түркілердің, оның ішінде Орта Азияда діни білімнің дамуына ықпал етті. Ал, бұл жағдай Ресейдің өлкедегі рухани отарлау саясатына кедергі келтірді.

Сондықтан қалыптасқан жағдайдың салдарын жақсы түсінген патшалық Ресей билігі түрлі амалдарды қолдануға көшті. Отарлық үкімет мұсылман тұрғындары бірлігімен күресдің бір жолы - бұратана халықтар арасында орыс тілінің позициясын нығайту деп білді. Ресейдің мұсылман аймақтарында исламдық бірліктің болуын сепаратистік қозғалыс деп таныған шығыстанушы ғалым Н.И. Остроумов еді [5].

Ресейде және одан тыс жерлерде жұмыс істейтін мұсылман қайырымдылық қоғамдары туралы ақпараттар үнемі жинақталып отырды. ХІХ ғасырдың басында Осман империясын бас қаласы Стамбул қаласында Бұхара мен Түркістан жастарын Анадолыға шақыруды мақсат еткен «Бұхараға білім тарқату» атты қайырымдылық қоғам құрылады. Ұйымның жарғысында көрсетілмесе де бұл қоғам өз білім алушыларына панисламизм рухында білім берді және оның әрбір шәкірті ислам дінінің орталығы ретінде Осман мемлекетін таныды және сонда баруға талпынды.

Өлкені зерттеген ресейлік билік мұндағы діни білім берудің қарқын алып, дамуын елемей, аймақтағы тұрғындардың басым бөлігі сауатсыз, панисламизм және пантюркизм идеяларын қабылдауға олардың деңгейі жетпейді деген қорытындыға келеді.

Салыстырмалы түрде алғанда Осман империясындағы білім саласындағы діннің рөлі мен діни білімнің әлі де болса жоғары деңгейде болуы оның Ресеймен салыстырғанда дұрыс шешім жасамағанын айғақтайды. Сонымен қатар, ресейлік түркі халықтарының түріктермен салыстырғанда артта қалғандығын көрсетеді. Оның басты мысалы ретінде айтсақ, діни білімді Осман империясы халықаралық саяси мақсаттарына бола пайдаланғысы келді және соның арқасында ресейлік түркілерді өз жобаларына тартты. Ал, Ресейдегі, нақтырақ айтқанда Түркістандағы түркі-мұсылмандарда діни фанатизм жоғары болып, олар ескі үлгіде қалып қойды. Мұнда сөз жоқ, ресейлік түркілер, біріншіден, өз дініне берік болып, екінші жағынан орыстандыру саясатына қарсы сипатта әрекет еткісі келді. Дегенмен, олар біржақты діни білім алудың арқасында күнделікті тұрмысқа қажетті болған зайырлы немесе дүнияуи білімнен шет қалды. Ал, бұл жағдай олардың дамуын тежеді. Ресей мұнда орыс тілін оқытып, халыққа орысша білім бергенімен, олардың саясаты орыстандыру сипатында болса да реформаторлық бағытта еді. Дегенмен, Ресейде, әсіресе Түркістандағы түркі-мұсылман халықтарын дінінен айырып, орыстандыру өте қиын, тіпті мүмкін де емес еді.

Келесі кезекте, діни білімнің таралуы мен терең сақталуында Османдық және ресейлік түркі-мұсылман халықтарының сопылық бағытты ұстануында еді. Оның ішінде Ясауилік, Нақшбандилік тариқат пен хазіреті Мәулананың ілімін ұстанды. Нақшбандилік тариқаттағыларға Осман мемлекетінде рухани қолдаумен бірге материалдықта көмек берілді және тез тарады. Оған себеп Ислам қағидаларын тығыз ұстануымен бірге басшылыққа бағыну, оны қолдау, адамзатқа қызмет ету сияқты ұстанымдарының болуы еді [6]. Біртіндеп

бұл ілімді дәріптеушілер тұрғындардың білім алуы мен ғылымға жол көрсететін, сопылықты дәріптеуде көшбасшыларға айналды [7].

Орта Азиядағы түркі халықтары арасындағы діни білім мен оған Осман империясы тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуі Ресей билігін ішкі-сыртқы жағдайда әбігерге салды. Билік бұрынғы кезден тиісті шешім қабылдап, енді оны барынша күшейтуге тырысты. Түркістандағы мұсылман оқу орындарын басқару туралы Ереженің ұсынылған жобасы бір жағынан білім министрлігі, екінші жағынан әскери министрлік және оған бағынатын Түркістан генерал-губернаторы арасында билік өкілеттіктерін қайта бөлуді қарастырды. Жоба негізінде аймақта 1874 жылғы заңның күшін жою және мұсылмандық білім беру мекемелерін әскери министрліктің қарамағына «педагогикалық бақылауды сыртқы полицияның қадағалауымен алмастыру» үшін беру ұсынылды. Мұсылман мектебін Халық ағарту министрлігі құзыретінен шығаруға оның бақылау функцияларын орындай алмайтындығы туралы тезис негіз болды [8, 762-б.].

Халық ағарту министрлігінде Түркістандағы мұсылман оқу орындарын басқару туралы жобаланған ереже сын толқынын тудырды. Оның басшылығы мұсылмандардың жинақы тұратын аймақтарындағы мұсылман мектебінің дамуына сараптама жүргізуді ұсынды және Қазан, Одесса, Орынбор және Кавказ оқу округтерінің қамқоршыларынан тиісті ақпаратты талап етті. Оның негізінде, 1901 жылдың қазан айында Халық ағарту министрлігінен Ішкі істер министрі Д.С. Сипягинге хат ұсынылды, онда ол мұсылман мектебіне қатысты мәселелерді шешіп, оны ПМ-не өткізу керектігі айтылды.

Халық ағарту министрлігі Түркістанның «мұсылман институттары мен мұсылман мектептерін елемеу» бағытын одан әрі жалғастыруды талап етті. Халық ағарту министрлігі бірқатар себептерге байланысты оның дамуы мүмкін емес деп санады. Біріншіден, өзіне берілген мұсылман оқу орындары (оқыту моделі мен оқыту әдістемесін реттеместен) әлі де «мұсылман ғылымының тәртібі мен тоқырауына» ұшырайды, бұл мұсылман халқын ағартуға толық жетелей алмайды деп сендірді. Екіншіден, мемлекет саясатын ұстанған, халық ағарту министрлігінің пікірінше, діни саясаттың либералды бағыттағы кез-келген өзгерісі, ондаған жылдар бойы өзге халықтардағы сияқты мұсылман халқының наразылығының өсуіне себеп болуы мүмкін.

Д.С. Сипягин 1901 жылы наурызда Әскери министрі А.Н. Куропаткиннің атына жазылған үзіндіде Үкіметтің Түркістанның байырғы тұрғындарының ресейлік зайырлы білім беру жүйесіне «мүмкіндігі жоқ» екенін мойындады. Сондықтан ол дәстүрлі мұсылман мектебін «белгілі бір нормаларда, мемлекеттік мектептен тыс және одан төмен» жағдайда сақтауға мүмкіндік берді». Д.С. Сипягиннің Түркістан мұсылман мектебінің ведомстволық тиістілігі туралы мәселе жөніндегі нақты ұсыныстары Ішкі істер министрлігінің 1901 жылғы «Түркістан өлкесі мұсылмандарының рухани істерін басқару туралы» жорамалдар жинағында көрініс тапты. ПМ-нің пікірінше, өңірдегі барлық мұсылман оқу орындары – бастауыш діни мектептер мен медреселер – уездік басшылар мен әкімшілік билікке бағынуға тиіс. ПМ-нің пікірінше, оқу процесін ұйымдастыруға уездік бастықтың жазбаша рұқсатын алғаннан кейін және жыл сайын салықта «жергілікті мемлекеттік орыс мектептердің пайдасына арнайы алым» төленгеннен кейін ғана жол берілген [8, 763-б.].

Мұнда Ресей билігінің мұсылман мектептеріне ұстанған саясатына талдау жасайтын болсақ, ол түрлі бағытта және өзі ішінде әр түрлі сипатта болды. Бірінші кезекте, Осман империясымен байланысты үзу қажеттігін алға тартып, яғни түріктерді Ресейге, ортаазиялық түркілерді Осман империясына жібермеу жұмыстарын қолға алайын десе, дипломатиялық байланыстар үзіліп, ол халықаралық мәселе тудыруы мүмкін еді. Екіншіден, бұл жолдан бас тартқан Ресей билігінің Түркістандағы түркі-мұсылман мектептеріне қатысты реформаларды күшпен жүргізу жұмыстары да өз нәтижесін бере қойған жоқ. 1898 жылғы Әндіжан, одан ілешала Қоқан мен Бұхарадағы наразылықтар мен көтерілістер мұның дәлелі болды. Ендігі

кезекте, жоғарыда аталғандай, діни білімге қатысты реформалау жұмыстарына келгенде билік олармен санасуға тура келді. Осылайша, билік Түркістан мен Орта Азиядағы түгел діни мектептерді бірден толықтай жаба алмайтынына көзі жетті. Ендігі кезекте, оларға тек қана заңды жолмен талаптар қойды. Медреселер мен мектептердегі оқытуға «олардың тәртібі, санитарлық нормалардың сақталуы, мемлекеттік білім алушылардың адалдығы үшін үлкендерге және билікке құрмет, егемендік пен Отанға деген сүйіспеншілікті» ұсыну туралы жауапкершілік жүктеді. Осы шарттарды бұзғандар облыс әскери губернаторының бұйрығымен оқушыларды одан әрі оқыту және ұстау құқығынан айырды, маңызды тәртіпсіздіктер анықталған жағдайда мектеп немесе медресе Түркістан облысы генерал-губернаторының бұйрығымен уақытша немесе толығымен жабылуы мүмкін болды.

1902 жылдың көктемінде Д.С. Сипягиннің орнына Ішкі істер министрі В.К. Плеве мұсылман мектебінің ведомстваралық мүшелігі мәселесінде курстың сабақтастығы туралы мәлімдеді. 1903 жылдың басында ведомстволық тиістілік мәселесі бойынша үкіметтік пікірталас жалғасты. Халық ағарту министрлігі ПМ-нің сендіруге және оның мәселеге деген көзқарастарының дұрыс еместігін дәлелдеуге тырысты. 1903 жылдың наурыз айының соңында халық ағарту министрінің жолдасы С.М. Лукьянов ішкі істер министрі В.К. Плевенің атына ұзақ хат жолдады, онда ол осы мәселе бойынша Халық ағарту министрлігінің жаңа дәлелдерін ұсынды. Біріншіден, С.М. Лукьянов ХХ ғасырдың басында қоғамдық-саяси жағдай өзгеріп, империяның мұсылман халқының нақты интеграциялық процестері белгіленгенін атап өтті. Бұл бірқатар факторлардан көрінді: мешіттер санының өсуі, татар тілінде баспа қызметінің дамуы, Қазан, Уфа, Орынбор губерниялары мен Түркістанда жаңа мектептердің пайда болуы. Ислам мен мектепте білім беруді ырықтандыруды жақтайтын орыс мұсылман зиялыларының қалыптасу фактісі де атап өтілді.

Осы фактілерге сүйене отырып, С.М. Лукьянов мұсылман мектебі «Үкіметтің белсенді, құзыретті және беделді бақылауын» талап ететін «күрделі құбылыс» деп тұжырымдады. Бұл мектепті Білім министрлігінің қарамағынан алып тастау және жалпы әкімшіліктің қарамағына беру туралы ұсыныс «мектептегі белсенді қадағалауды жалған, мектепке өзін-өзі қамтамасыз етуге тең келетін, ...жеткілікті белсенді де, құзыретті де, беделді де болмайтын қадағалаумен алмастыруға» әкеледі. Халық ағарту Министрлігінің Түркістан әкімшілігі шенеуніктерінің мектепке қажетті бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті кәсіби дағдылары жоқ екеніне сенімді болды. С.М. Лукьянов мұсылман мектебін қадағалау функцияларын Халық ағарту Министрлігінде сақтап, оларды қалдыру туралы тағы бір маңызды дәлел келтірді. Ол мұсылман мектебіне қатаң бақылау орнату әрекеттері ХІХ ғасырдың 70–80-ші жылдары жасалғанын, бірақ империя мұсылмандарының наразылығын әрдайым қарсы алғанын атап өтті. Сондықтан ол жобаланған ереже «нұсқау ережелерінде мұсылман дінін шектеуге бағытталған шараларды қарастыратын мұсылмандар арасында наразылық тудыруы мүмкін» деп сенді.

Діни мектепті Халық Ағарту Министрлігінің бақылауына беру туралы мұсылман халқы мен молдаларды «осы мектептердің бақыланбайтыны және олардың оқу бөліміне бағыныштылығы туралы ойлануды» үйретті. Молдалар қазірдің өзінде халық мектептерінің инспекторларының алдында тікелей бастықтарын көруге дағдыланған. Түркістан өлкесінде халық училищелерінің бұрынғы инспекторы Н.П. Остроумовтың куәлігі бойынша медреселер инспекторлық қадағалауға бағынады және әлі күнге дейін аса қатал наразылықтар жарияламаған. Келтірілген дәлелдерге сүйене отырып, С.М. Лукьянов өзінің көзқарасы бойынша «мұсылман мектебі саласындағы Орыс мемлекеттік бастамасының өкілі болып табылатын Халық Ағарту Министрлігі халық мектептерінің мектеп инспекциясы мұсылман халқына қандай-да бір жүйелі қарсылықпен кездесіп қана қоймай, белгілі бір дәрежеде мұсылман қоғамының жақсы бөлігінің жанашырлығын тарта алды» деп атап өтті [9, 55–60-бб.].

Айта кетерлігі, Түркістан өлкесінде діни білімді реформалауда билік өте сақтықпен және орынды қимылдауға көшті. Олар зайырлы білімнің маңыздылығын айта отырып, педагогиканың реформаторлық бағытын жүргізді. Әрине, бұл оңайға түскен жоқ. Бұған жоғарыда айтып отырған фактілер дәлел бола алады. Ресейдің Ішкі Істер және Халық Ағарту министрліктері арасында айтарлықтай дау туып, ол Орта Азиядағы түркі-мұсылман халықтарында діни білімді реформалауды барынша жоғары деңгейде жүргізді. Дегенмен, Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарында діни білімді шектеп, зайырлы пәндерді және орыс тілін енгізу үшін арнайы жүргізілген реформалық жұмыстар жүргізуге қол жеткізді. Оның үстіне, сан түрлі әдістер мен қудалаудың нәтижесінде және уақыт өте аймақта Осман империясының діни үгіт-насихат жұмыстарының азаю салдарынан өлкеде діни біліммен қатар зайырлы білімнің енгізілуіне біртіндеп жол ашылды.

Түркістан өлкесіндегі мұсылман мектебінің ведомстволық бағыныштылығы туралы үкіметтік пікірталас Халық Ағарту министрлігінің жеңісімен аяқталды. 1906 жылы наурызда Ресейдің шығыс және оңтүстік-шығысында тұратын бұратаналарға арналған Бастауыш мектептер туралы ережелер бекітілді, олардың 32-бабында «жеке бұратаналар мектептерін (мұсылман, ламаист және т.б.) жалпылама бақылау» қолға алынды. Бұратаналар мектептері инспекторларға тікелей жүктелді. Бұратаналар мен діни мектептерде орыс тілі сыныбы ашылып, ол үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етіледі деп көрсетілді. Діни училищелерде қолдануға, Ереженің 35-бабына сәйкес, Ресейде жарияланған Оқу құралдары мен нұсқаулықтары ғана рұқсат етілді, «басқалары, әр жағдайда, халық мектептері инспекторының ерекше рұқсатымен ғана» қабылданды.

Осы тұста мәселеге талдау жасайтын болсақ, Халық Ағарту Министрлігінің Түркістандағы мұсылман мектебінің ведомстволық бағыныштылығы туралы ұзақ мерзімді пікірталастағы жеңісін әскери министрлік пен аймақтық әкімшілік шенеуніктерінің дәлелдерінің әлсіздігімен түсіндіруге болмайды. «Мұсылман мәселесін» түбегейлі шешу – мемлекет тарапынан бақылауды күшейту – елдегі революциялық қоғамдық-саяси жағдай аясында өте қажет екені анық. Бірақ тиісті шаралар қабылданған жағдайда мұсылман фанатизмінің өсуі билікті осы мәселеде сақтық пен дәйектілік танытуға және шешуші әрекеттерден бас тартуға мәжбүр етті [10].

